2) жиіліктер бойынша спектрде энергияны бөлінуі аналогтық сигналдардың спектріне ұқсас болуы тиіс.

Статикалық сипаттамалардың есебін жүргізу қажет – энтропия, корреляциялық функция және Лоренц жүйесінің Херст көрсеткіші, сондай-ақ оның спектрінің параметрлері маңызды. Аналогтық сигналдардың спектрлері, Ханна терезесін пайдалана отырып, дискретті түрлендірудің Фурье көмегімен алынады, ал хаотикалық және кездейсоқ сигналдардың энтропиясы белгілі формулалар бойынша есептеледі [9]. Херст көрсеткішінің

сандық мәні ең аз квадрат әдісімен анықталады. Кездейсоқ сигнал Херст көрсеткішінің мәні 0.51-ге тең болатын арнайы функцияның көмегімен генерацияланады, ал Херст көрсеткішінің мәні [0.47, 0.62] интервалында болады. Сонымен қатар, есептеу бойынша тепе-теңдік сигналының энтропиясына нормаланған энтропия мәні кездейсоқ сигнал үшін 0.95 тең, ал хаотикалық сигналдар үшін [0.87, 0.92] интервалында болады. Кездейсоқ сигналдар мен генерацияланған хаотикалық сигналдардың статикалық сипаттамалары өте жақын мәнге ие.

Қорытынды

Лоренц жүйесі параметрлерінің мәнін өзгерте отырып, нақты аналогтық сигналдар сияқты нақты спектрлік қасиеттерге ие әртүрлі хаотикалық сигналдарды генерациялауға болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Лоренц жүйесімен жасалған хаотикалық сигналдар аналогтық сигналдардың спектральды қасиеттерімен нақты түрде ие болады деген қорытынды жасауға болады. Демек, динамикалық хаос аналогтық сигналдарды түрлендіру тапсырмасын орындау үшін барлық қажетті талаптарға толық сәйкес келеді. Ол үшін динамикалық жүйенің түрін және оның параметрлерінің мәнін білу жеткілікті. Ал бұл, өз кезегінде, қажет болған жағдайда қорғалған аналогтық сигналды ажыратуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Рабинер, Л. Р. Цифровая обработка аналоговых сигналов: пер. с англ. / Л. Р. Рабинер, Р. В. Шафер; под ред. М. В. Назарова и Ю. Н. Прохорова. М.: Радио и связь, 1981, 496 с.
2. Молдовян А.А., Молдовян Н.А., Гуц Н.Д., Изотов Б.В. Криптография: скоростные шифры. СПб.: БХВ-Петербург, 2002, 496 с.
3. Птицын Н. Приложение детерминированного хаоса в криптографии. М.: МГТУ им. Баумана, 2002, 121 с.
4. Дмитриев А.С. Динамический хаос и информация // Нелинейные волны, 2002, Нижний Новгород, ИПФ РАН, 2003, 53 с.
5. Кузнецов С.П. Динамический хаос. М.: Физматлит, 2001, 258 с.
6. Кудряшов Н.А. Аналитическая теория нелинейных дифференциальных уравнений. Москва-Ижевск: Институт Компьютерных исследований, 2004, 294 с.
7. Шеннон К. Математическая теория связи. В кн.: Работы по теории информации и кибернетике. М.: ИИЛ, 1963, С. 242-332.
8. Lorenz E.N. Deterministic non periodic flow. J. Atmos. Scien., 1963, V. 20, no. 2, pp. 121-135.
9. Болатқазықызы М.Э. Лоренцтің дифференциалдық теңдеулер жүйесін сандық әдістемемен шешу. // В сб. Материалы международной научно-практической конференции “Новые перспективы подготовки конкурентно способных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны” посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина, Астана, 2014, Б. 157-159
10. Болатқазықызы М., Хаосты математикалық моделдеудің кейбір мәселелері. // В сб. Материалы международной научно-практической конференции “Новые перспективы подготовки конкурентно способных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны” посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина,- Астана, 2014, Б. 154-157

Аннотация

Рассмотрены вопросы преобразования аналоговых сигналов с помощью динамического хаоса в защитных целях на примере системы Лоренца. Отмечено, что в случае аналоговых сигналов требуются иные методы защиты информации, одним из которых является метод преобразования (маскировки). Суть данного метода заключается в том, что необходимо найти определенный

источник сигнала, который обладает такими же спектральными свойствами как защищаемый информационный сигнал. Соответственно, если смешивать такой сигнал с информационным сигналом, то результирующий сигнал оказывается неинформативным, и как результат информационный сигнал оказывается защищенным. В связи с этим, в данной работе рассмотрены вопросы, связанные с возможностью преобразования аналоговых сигналов с помощью генератора динамического хаоса. Для этой цели исследуются динамические системы, способные генерировать шумоподобные, но в то же время по своим спектральным характеристикам похожие на электромагнитные сигналы. В качестве примера источника динамического хаоса рассмотрена система Лоренца. Исследованы статистические и спектральные свойства сигналов, генерируемые динамическими системами. Разработана модель аналогового генератора сигналов динамического хаоса, имеющая близкие к электромагнитным сигналам спектральные свойства.

Abstract

The problems of converting analog signals using dynamic chaos in the protective purpose on the example of Lorenz system have been considered. It is noted that in the case of analog signals the various methods of information security are required, one of the method is conversion (masking). The essence of this method is that it is necessary to find a particular source, which has the same spectral properties as protected information signal. Accordingly, if we link such signal with the information signal, the resulting signal will be uninformative, and as a result an information signal is changed into protected signal. This article discusses the issues related to the possibility of converting analog signals using a generator of dynamic chaos. For this purpose, the dynamic system capable of generated noise-type is studied, but at the same time its spectral characteristics similar to the electromagnetic signals. As an example a source of dynamic chaos the Lorenz system is considered. The statistical and spectral properties of the signals generated by dynamic systems have been studied. A model of the analog signal generator of dynamic chaos, which has close signals to the electromagnetic spectral properties has been considered.

ӘОЖ 004.4 (075)

Б.Н. Алымова, А.Ш. Джакибаев, А.А. Мирзакельдиев, Е.М. Утебаев, Р.Е. Турумбетова

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ЖЕЛІДЕН ӨТЕТІН ДЫБЫСТЫ ЖӘНЕ БЕЙНЕНІ ШИФРЛАУ

Түйін

Байланыс желісі арқылы беру үшін дыбысты шифрлаудың жалпы мәселелері қарастырылған. Дыбысты шифрлау DirectX бағдарламасы бойынша жүзеге асады. Спектрді алу үшін Фурьенің уақыт бойынша бөліктейтін дискреттік түрлендіруі қолданылады. Кілттерді алмасу үшін белгілі Диффи-Хеллман алгоритмін қолданған. Дыбыстық сигналдардың негіздері келтірілген. Дыбысты шифрлау ерекшеліктері ескерілген. Есептің қойылуы берілген. Шешімге қойылатын талаптар аталған және шешу жолдары көрсетілген. Есепті шешу барысында әртүрлі байланыс желілірі және әртүрлі шифрлау әдістері қолданылған. Аналогтық ақпарат ағынына бөлек әдістеме қолданылған. Желіден өтетін бейнені шифрлау барысында, визуалды шифрлау-визуалды ақпаратты (бейне, сурет, мәтін және т. б.) кодтауға мүмкіндік беретін криптографиялық әдістер қарастырылған. Визуалды криптографияның негізгі принциптері берілген. Мақалада желімен дыбысты беру мен қабылдаудың құпиялығын мейлінше сақтап, шифрлау және желі арқылы дыбысты берудің жылдамдығын кешіктірмей талап етілген шапшаңдықты қамтамасыз ету қарастырылған. Сеанстық кілттерді алмасу үшін Диффи-Хеллман алгоритмін қолданады және желі жеткілікті қорғалған.

Кілттік сөздер: аналогтық сигналдар, DirectX бағдарламалық қамтамасыз ету, Фурье уақытша бөлумен дискретті түрлендіру, визуалды криптография принциптері, сигналдарды түрлендіру.

Кіріспе

Мақаланың мақсаты байланыс желісі арқылы беру үшін дыбысты шифрлаудың жалпы мәселелерін қарастыру. Соңғы кезде дауысты компьютерлік желі арқылы беру және қабылдауды қамтамасыз ететін бағдарламалар көбейді. Бірақ, олардың ішінде желідегі дыбысты шифрлау ескерілгені өте аз. Бұл кез-келген бағдарламаны қолдану аясын тарылтады, себебі, олар заңсыз немесе құпиялықты сақтау қарастырылмаған.

Қазіргі кезде, дыбысты беру (нүктені нүктеге) деген қағидамен жүзеге асады, яғни, компьютерден компьютерге тораптар бойынша бір бағытта байланыс арқылы. Дауыспен хабарласуды құпиялығын мейлінше сақтап, шифрлау және желі арқылы дыбысты берудің жылдамдығын кешіктірмей талап етілген шашаңдықты қамтамасыз ету қойылған мақсаттың негізгі критериі болып табылады.

Желінің бір ұшында бағдарлама-клиент орнатылып, ол дыбысты ұстауға және оны шифрлауға жауап береді, ал екінші ұшында бағдарлама-сервер, ол өз кезегінде, дыбыс ағынын кері шифрлап, оны дауыстау қондырғысына шығарады. Шифрлау үшін дыбысты ұстау бірінші клиенттің дауысты микрофон арқылы ендіру барысында DirectX [1] бағдарламасы бойынша жүзеге асады. Айта кететін жағдай, осы интерфейс дыбыс картасының қондырғысымен икемді жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

Шифрлау блогының негізіне уақыттық және спектрлік скремблердің комбинациясы жатады. Спектрді алу үшін Фурьенің уақыт бойынша бөліктейтін дискреттік түрлендіруі қолданылады. Негізінде дыбыс – мейлінше тегіс функция, әйтпесе, сигналдардың кішкене бөліктерінің алмастырулары қарсылардың шабуылына (ортадан шабуыл) беріктілік жасай алмай қалуы мүмкін. Байланыс желісіне еніп алған қарсылас әртүрлі уақытта амплитуданың мәндерін талдап, ауқымды ауытқулардың статистикасын жүргізіп, оны өзінің құйтұрқы мақсатына пайдалануы мүмкін. Сондықтан, жеткілікті крипто қорғауды әрі уақыт және жиілік ауқымын түрлендіруді төпей қолдану іске асырады.Оның алгоритмі тек аз уақыт арасында дыбыс ақпаратын құпия беруге қолданылады. Шифр кілтін желімен берудің мағынасы жоқ, сондықтан оны генерациялау үшін, алдыңғы берілген дыбыстар ағыны мен сеанстық кілттерді саралау әдістемесімен жүзеге асады. Және ол кілттерді алмасу үшін белгілі Диффи-Хеллман алгоритмін қолданған тиімді. Ескеретін жағдай, оны қолдану үшін желі модификациялаудан жеткілікті қорғалған болуы қажет.

Қойылған есепті ары қарай шешу жолдары байланыс желісінің толық дуплексті болып дыбыс ақпаратын қысу әдістемесіне байланысты болады [2]. Сонымен қатар, сеанстық кілттердің алмасуын мейліше қорғалған әдістемелерін ендіру арқылы жүзеге асады [3].

Дыбыстық сигналдардың негіздері.

Мысалы сандық мәліметтер арқылы дыбысты алу үшін, төмендегі тактілік жиіліктері белгіленеді:

A – гравитациялық жиіліктің эталоны (10^{18}Гц);

B – атмосфералық тактілік жиілік (10^{16}Гц);

C – негізгі атмосфералық тактілік жиілік(10^{15}Гц);

D – адам миының тактілік жиілігі (10^{12}Гц);

– негізгі адам миының тактілік жиілігі (7.2 – 22110 Гц). Мұнда тек E-диапазоны ғана кодталады, бірақ, кез-келген дыбыстық ақпарат C –диапазонында сақталады.Егерде, D – диапазонында дыбысты шамалы өзгертсек, онда,негізгі адам миының тактілік жиілігі өзгеріп, құлақтың естуі толығымен жоғалады немесе өзге дыбыстар шуы естіледі. Дыбысты желі арқылы берілгенде бұзылып өзгергесе, оны техникалық құрылғы арқылы қалпына келтіруге болады және ол тек, E-диапазонына қатысты.C–диапазонындағы дыбыстар

шифрлауға келмейді. Дыбысты шифрлау үшін алдымен оның қалай қалыптасуының негізін білу керек. Яғни спектр мен сигналды кодтау және спектрлік талдауға көңіл аудару қажет. Мәселен, кез-келген спектрді алу үшін эталондық (базалық) жиілік болуы қажет. Эталондық (базалық) жиілік диапазоны 10^{16}гц. Бұл диапазонда екі базалық диапазондық жиілік бар [3].

Дыбысты шифрлау ерекшеліктері.

Дыбысты шифрлаған мен кез-келген ақпаратты шифрлау арасында аса үлкен айырмашылық жоқ, тек, келесі жағдайлар болмаса:

1. Байланыс желісінде кедергі болса, яғни бұзылған жерден ары қарай барлық тізбекке кері әсер етсе. Онда, қатені түзетуге немесе бұзылған блоктан арылтатын арнайы протокол ендіру. Мәселен, шифраторды (10-100 мс) уақыт аралығында қалпына келтіру.

2. Қабылдаушы және беруші екі желісі бар және уақыт бойынша қатал талап қойылған. Мәселен, шифратор 4096 биттік кодері болса дешифратор дер кезінде кері шифрлауға үлгермейді.

Есептің қойылуы.

Байланыс желісінің екі шетінде сөйлесіп отырған және байланыс арнасы арқылы ақпараттың бейнелік түрін алмасып отырған абоненттер бар. Байланыс желісін абоненттер бақылай алмайды және осы қиындықты ескере отырып, кодтау арқылы ақпараттың құпиялығын сақтау.

Шешімге қойылатын талаптар:

1. Байланысты орнату жәнебайланысты құпиялық күйге келтіру ешқандай арнайы қиындықсыз болуы.
2. Шифрлау алгоритмі жіберілетін қателіктерге орнықты болуы қажет.
3. Шифрлау оны қолданытындарға қосымша шектеулер қоймауы керек.

Шешу жолдары.

Есепті шешу барысында әртүрлі байланыс желілірі қолданылуы мүмкін (аналогтық және цифрлы-анологтық) .

Ақпараттар ағынының түріне қарай әртүрлі шифрлау әдістері қолданылады (мысалы, цифрлы ағындық ақпаратқа кез-келген шифрлау әдісін қолдануға болады, атап айтсақ Цезар шифры).

Аналогтық ақпарат ағынын шифрлау жолдары.

Аналогтық ақпарат ағынына тіптен бөлек әдістеме қолданылады, атап айтсақ:

1. Дыбысқа қорғайтын шум қабаттастыру;
2. Уақыт арқылы түрлендіру (кесінді аралықты аралыстыру және уақытша инверсия жасау);
3. Жиілік арқылы түрлендіру (спектр инверсиясы және спектр жолақтарын алмастыру).

Аналогтық ақпарат ағынын шифрлау ерекшеліктері. Дыбысты құпиялап шифрлағанда шуды қолдану. Қолданылатын шу кездейсоқ болуы қажет (негізінде, шуды туындататын мүмкіндіктер псевдо-кездейсоқ шулар арқылы іске асады және олар жеңіл түпнұсқадан бөлектенеді). Басқа әдістемелерді қолданғанда, дыбыстың қалдық бөлігінің қасиеті арқылы өте қуатты есептеу кешенінің көмегімен түпнұсқадағы дыбысты қалпына келтіруге болады. Өкінішке орай, шифрлауға шудың ағын қолдансақта, оны қабылдаушыға жіберуге тура келеді ол оны шудан тазалай алады, мұны зиянкесте жасай алады, яғни бұл әдістеменің әлсіз тұсы [4].

Жиілік арқылы түрлендірудің мәні дыбыс спектрін белгілі бір заңдылық бойынша өзара бір мәнді түрлендіру. Мәселен, вертикальды түзуге салыстырғанда симметриялы бейнелеу. Ескеретін жағдай, ақпаратты бұлай бейнелегенде, шифрланған мәтін адам құлағын тікелей

қабылданады, ешқандай қосымша құрылғыларсыз. Бұл түрдегі қорғаныстықолданғанда екі шаманың маңыздылығы бар: қорғаныстың беріктілігі және түпнұсқадағы дыбыстың қалпына келуі. Өкінішке орай, қорғаныс күшті болған сайын, дыбысты түпнұсқаға келтіру қиындау болады [5].

Уақыт арқылы түрлендіру (скремблирлеу) Бұл әдістемені қолданғанда дыбыстың кейбір бөлігін сақтайтын блок (онда, кесінділер араластырылады) . Осыдан туындайтыны, дыбысты беру мен қабылдау уақыты кешігу мүмкін. Ескеретін жағдай, дыбыстауды шифрлауға қолданылатын уақыт бөліктерінің мейлінше кішкентай болуы, криптоқорғаныстың сенімдлігін күшейтеді. Шифрлау барысында блоктардың араласуы болғандықтан, сол түпнұсқадағы блоктарды кері қалпына келтіру барысында, бұзылу үдерісі орын алады. Егер, бөліктер мейлінше кішкентай болса, қорытынды, алынған ақпарат ағыны түсініксіз болып шығады. Жалпы қорғаныстыұтымды күшейту үшін, аталған екі әдістемені біріктіре қолданған дұрыс.Әлбетте, жақсы нәтиженің өтемі дыбысты шифрлау құны қымбаттайды [6].

Цифрлық желіде дыбысты шифрлау жолдары.

Айта кететін тағы бір әдістеме, аналогтық сигналды цифрлы сигналға түрлендіре отырып, соңында шифрлау жүзеге асырылады. Аналогтық ақпарат ағынын цифрлы сигналға түрлендірген соң, кез-келген шифрлық дістемелерді қолдануға болады. Шифрлау барысында есептеу құралдарының қуаты нақты уақыт күйінде толық жетуі қажет және жасалған шифр мейлінше берік болғаны дұрыс. Дыбысты мұндай шифрлауға американдық шифрлау стандартын (DES және AES) қолдануға болады. Сонымен қатар, ГОСТ 28147-89 қолдануға болады, ол 1989 жылы жасалсада әлі күнге жеткілікті беріктілікті бар [7].

Желіден өтетін бейнені шифрлау

Визуалды шифрлеу-визуалды ақпаратты (бейне, сурет, мәтін және т. б.) кодтауға мүмкіндік беретін криптографиялық әдістердің бірі. Растрлық бейнелерді шифрлаймыз. Растрлық бейнелер планетада ең көп таралған. Біз күн сайын олармен бетпе-бет келеміз. Растрлық бейнелер, бұл түрлі-түсті пиксель торы. Біздің елордамызда орналасқан Конгрес-холл ғимаратының маңдайшасын елестетіңіз. Түрлі-түсті оттармен жанатын көптеген шамдар бар, осылайша бірыңғай бейнені құрайды. Мәселен, растрлық бейнелермен бірдей, тек әлдеқайда аз. Нүктелер бір-біріне жақын орналасқан, бұл көз үшін тұтас түс болып көрінеді [8]. Бейнелерді шифрлау әдістерінің көпшілігі пикселдермен жұмыс істеуге негізделген.

Визуалды криптографияның негізгі принциптері, төмендегідей жіктеледі:

1. Құпия бөлу және визуалды сұлба;
2. (k, N) - визуалды сұлба;
3. (2, N) –жағдай;
4. Визуалды криптография сұлбасында алдау (2, N);
5. Қарапайым алгоритм.

Олардың әрқайсысының әрекеттерін қысқа қарастырайық. 1964 жылы Мони Наор және Ади Шамир әзірлеген бірінші әдіс, бейне бірнеше бөлікке бөлінеді және бірнеше адамдар арасында бөлінеді. Мәні - бұл бейненің бір бөлігіне ие, басқа ойы бар адам осы бейнеде біз беретін ешқандай ақпарат ала алмайды. Сондықтан, жолдаудың мәнін білу үшін бізге бұрын бөлінген барлық бөліктер қажет болады [9].

Екінші әдіс ғалымдардың біріншісі ретінде жасалған, оның мәні сурет n-бөлікке бөлінген. Ал оны тек k-бөлігі бар адам ғана шеше алады, ал k-1 бөлігі бар адамдар мұны істей алмады.

Үшінші әдіс екінші әдісті жетілдіру болып табылады. Бұл жағдайда k фрагменті емес, кем дегенде 2 адам қажет. Бұл әдіс криптографияны сәл әрі қарай жылжытуға және оны сәл құпия етуге мүмкіндік берді.

Төртінші әдіс жеке әдіс болды. Мәні түсті кодтау кезінде түсті схеманың матрицалары пайда болды. Және құпия осы матрицаның схемасын сәл өзгерту еді. Оны бастапқы қалыпқа қайтаруға болатын жағдайда. Бұл криптографиялық суреттерді жаңа қадам жасады. Енді қажетті k-бөлігіне ие бола отырып, матрицаны кодтау тәсілін білмей шифрлеу мүмкін емес еді [8].

Және соңғы бесінші әдіс қарапайым деп аталады. Ол ақ-қара суреттер үшін қолданылған. Ол бір бастапқы 2 суретті жасады. Бірінші сурет кездейсоқ пиксельден жасалған, ал екінші жерде сурет шифрлануы қажет сурет сияқты, бірақ қажетті пиксель бірінші түстегі оған сәйкес келеді. Және бір-біріне салғанда біз бастапқы суретті ала аламыз.

Әлем бір орында тұрмайтынына байланысты бізге технологияларды жетілдіру қажет. Және визуалды криптография бұл ережеден шеттетілмейді. Біз суреттерді шифрлаудың жаңа революциялық әдісін әзірлеу қажет. Түсіну оңай болады, бірақ сол уақытта шифрлеу.

Сонымен, біз бұрын ұсынылмаған суретті шифрлауымыз керек. Бұл әдісті жасау кезінде пиксельді ескеру керек, бұл RGB палитрасынан үш түстің қоспасы. Біз осы түстердің әрқайсысымен жеке жұмыс істейтін боламыз. Біз оны үш құрамдас бөлікке бөлшектейміз. Пиксельдердің әрқайсысына оңай болатын әріпті береміз, оларға R, G, B әрпін қалдырамыз. Егер суретті тастаса, пиксельдің түсі бірдей болды. Біздің бастапқы суреттің бірінші пикселін аламыз, және субпиксель R оған сәйкес 3 кілттің бірі ретінде таңдалған 1-ші суретін субпиксельмен ауыстырамыз. Содан кейін біз субпиксельді G аламыз және онымен бірдей істейміз, тек оны біз бірінші бейнеге емес, екінші бейнеге жазамыз. Ал, B субпикселімен бірдей созамыз және оның мәнін оған сәйкес үшінші суреттің субпикселіне жазамыз [9].

Осы әдісті қолданғанда, біз таңдаған негізгі суреттер өзгертілмейді, бірақ бастапқы сурет болады. Және оны алу үшін, тек кері тәртіппен ғана істеу керек. Шығыста шифрланған суретті аламыз. Бұл әдіс Boralend компаниясынан C++ тілінде дамиды. Cimg кітапханасы бізге шифрлау үшін қажетті барлық функцияларға ие.

Бірақ бұл әдісті жүзеге асыру кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Бірінші және ең басты мәселе, егер негізгі суреттер болса, орын ауыстыра аламыз (яғни, шифрлау кезінде пайдаланылғандықтан), онда біз бастапқы суретті ала алмаймыз. Бұл мәселені біздің алгоритм, таңдау алгоритмі, барлық ықтимал вариацияларды қосу арқылы шешуге болады.

Қорытынды

Мақалада желімен дыбысты беру мен қабылдаудың құпиялығын мейлінше сақтап, шифрлау және желі арқылы дыбысты берудің жылдамдығын кешіктірмей талап етілген шашаңдықты қамтамасыз ету қарастырылған. Шифрлау үшін желіге клиенттің дауысының микрофон арқылы ендіру барысында DirectX бағдарламасын қолданған дұрыс. Дыбысты желіден беру барысында шифрлау негізінен уақыттық және спектрлік скремблердің комбинациясы арқылы іске асады. Шифрлауға қолданылатын спектрді алу Фурьенің дискреттік түрлендіруімен іске асады. Крипто қорғаудың нәтижелігі әрі уақыт және жиілік ауқымын түрлендіруді төпей (каскадты) әдістемені қолдануға байланысты. Сеанстық кілттерді алмасу үшін Диффи-Хеллман алгоритмін қолданады және желі жеткілікті қорғалған ескереміз. Көтерілген тақырыптың ары қарай зерттелу бағытының бірі ретінде, байланыс желісінің толық дуплексті болып дыбыс ақпаратын қысу әдістемесіне байланысты болатынын ескертеміз.

Бейнені қалай шифрлаған болса, сіз немқұрайлы бола аласыз және сіздің құпияңызды білмейді. Қорытындыда бұл жаңа әдіс визуалды криптографияға балғындық әкеледі деп айтқым келеді. Сондай-ақ, өткен әдістермен салыстырғанда, біздің әдіс нарықта өте сұранысқа ие болады.

Әдебиеттер тізімі

1. M. Naor and A. Shamir Charm: Visual cryptography. In EUROCRYPT’ 94. Springer-Verlag Berlin, 1995, pp. 11-16

2. D. Jin, W.Q. Yan, and M.S. Kankanhalli Charm: Progressive color visual cryptography. In Journal Of Electronic Imaging, 2005, Vol. 14, Issue 3, pp. 52-56
3. Тюрин Ю.Н., Макаров А.А. Статистический анализ данных на компьютере. Под ред. В.Э. Фигурнова. М.: ИНФРА-М, 1998, 210 с.
4. Б. Шнайер. Прикладная криптография. Протоколы, алгоритмы, исходные тексты на языке Си. М.: ТРИУМФ, 2002, 276 с.
5. M. Luby. Pseudo randomness and cryptographic applications. Princeton University Press, Princeton, New Jersey, 1996. 316 p.
6. O. Goldreich. Foundations of cryptography. Volume 1 (Basic tools). Cambridge: Cambridge University Press, 2001. 98 p.
7. Секунов Н.Ю. Обработка звука на PC. СПб.: БХВ-Петербург, 2001, 211 с.
8. International Telecommunication Union, “List of the ITU-T Recommendations related to the Multimedia Framework Study Areas of the Mediacom 2004 Project”. Geneva, 12-15 March 2002, Available at: http://www.itu.int/ITU-T/worksem/ipcablecom/tlist-mediacom.html (Accessed 20.02.2020).
9. Ивонин М. В. Криптографические протоколы распределения ключей для групп с динамическим составом участников. Доступно на: http: //Kiev-security.org.ua/b/194.shtml (от 3.01.2020)

Аннотация

Общие проблемы шифрования голоса предоставляются для связи через сеть. Шифрование звука выполняется программным обеспечением DirectX. Для спектра используется дискретное преобразование с временным разделением Фурье. Использован алгоритм Диффи-Хеллмана, известный благодаря обмену ключами. Приведены основы акустических сигналов и учтены особенности кодирования звука. Приведён перечень требований и перечислены способы их решения. Для решения проблемы могут использоваться различные линии связи (аналоговые и цифроаналоговые). В зависимости от типа потока информации используются различные методы шифрования. Аналоговый информационный поток используется отдельно. Использованы, трансформация (скремблирование) со временем и показаны приемы кодирования звука в цифровой сети. Шифрование выполняется путем преобразования аналогового сигнала в цифровой сигнал. Для кодирования видео через визуальное шифрование используется криптографические методы кодирования, позволяющие кодировать визуальную информацию (видео, изображения, текст и т. д.). Приведены основные принципы визуальной криптографии. В статье рассматривается секретность передачи и приема голоса по сети, обеспечено необходимой скорости шифрования и скорости передачи голоса по сети. Для обмена ключами сеанса использует алгоритм Диффи-Хеллмана, и сеть достаточно защищена.

Abstract

Common voice encryption issues are provided for communication over a network. Sound encryption is performed by DirectX software. For the spectrum, a discrete time-division Fourier transform is used. The Diffie-Hellman algorithm, known for its key exchange, is used. The basics of acoustic signals are given, and the features of sound coding are taken into account. A list of requirements is given and ways to solve them are listed. To solve the problem, different communication lines (analog and digital-analog) can be used. Depending on the type of information stream, various encryption methods are used (for example, any encryption method can be used for digital streaming information, namely, Caesar's cipher). The analog information stream was used separately. Used, transformation (scrambling) over time, and shows how to encode sound in a digital network. Encryption at the end is done by converting the analog signal to a digital signal. When encoding video through visual encryption, it provides cryptographic methods that allow you to encode visual information (video, images, text, etc.). The basic principles of visual cryptography are given. The article discusses the secrecy of voice transmission and reception over the network, provides the necessary encryption speed and voice transmission speed over the network. It uses the Diffie-Hellman algorithm to exchange session keys, and the network is quite secure.

ӘОЖ 378.147

С.Б. Аканова
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУДІ ИНФОРМАТИЗАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕРБЕС ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Болон процесі мақсаттарының адамның өмір бойы білім алуын қамтамасыз етуге бағытталуы – ақпараттық қоғамның әлеуметтік сұранысын сипаттайды. Қоғамның әрбір өкілінің өзбетінше, дербес білімін жетілдіруі, сол арқылы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде қоғамның белсенді мүшесіне айналуы – маңызды мәселе. Мақалада «Дербес оқу қызметі» ұғымына кеңінен түсінік беріліп, білім беруді информатизациялау дәуірінде дербес оқыту қызметін тиімді жүзеге асыру жолдары баяндалған. Қазіргі заманда интеллектуалдық еңбекке деген қажеттіліктің артуына байланысты қоғамның әрбір мүшесіне ақпараттық-коммуникативтік технологияларды игеру міндеттеледі. Бұдан әрбір адамның ақпаратты ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы өңдеуі үшін ақпараттық мәдениет негіздерін игеруі тиістігі шығады. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларға қатысты үрдістер мен құбылыстар қоғамның жаңа әрі сапалы «ақпараттық қоғамға» көшу процесінің бейнесін құрайды. Қоғамдық процестерді информатизациялау түрлі елдердің экономикасын, мәдениетін және техникасын етене араластыруға ықпал ететін ақпараттық қоғамды жаһандандырумен тығыз байланысты.

Кілттік сөздер: дербес оқу қызметі, білім беруді информатизациялау, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, ақпараттық қоғам, АКТ құралдары.

Оқыту қызметінің мақсаты – білім алушының субъект ретінде қалыптасуында, олардың мақсат қойып, соған сай білімдеріне негізделген тиімді шешімдерді қабылдай білуінде, қол жеткізген нәтижелерінің қойылған мақсатқа сәйкестігін анықтап, оқу қызметін өз беттерінше жүзеге асыруында [1].

Педагогика ғылымында мектептегі оқу кезеңіндегі баланың дербес оқу қызметінде (ДОҚ) қалыптасқан дағды мен біліктілікті, оқу қызметінің мақсаты болғанына қарамастан, нәтижелі деп есептемеу туралы көзқарас бар. Оқушылардың көпшілігі ДОҚ дағдыларын игермегендіктен, студент кездерінде жаңа жағдайларға бірден үйреніп кете алмайды. Сондықтан, жоғары оқу орындары (ЖОО) оқытушылары алдында білім алушылардың бойында ДОҚ дағдылары мен біліктіліктерін дамыту мәселесі тұрады.

Қазіргі кезеңде жоспарлануына, қойылған мақсатына қарай ДОҚ-тың келесі түрлері ерекшеленеді:

1) білім алушы қызметінің мақсаты мен жоспары оқытушы көмегімен дайындалады;

2) оқу қызметінің мақсаты оқытушымен бірге анықталады, ал оқу барысын білім алушы өзі жоспарлайды;

3) оқу қызметінің мақсаты мен жоспарын білім алушы қойылған тапсырмаға сай өзі анықтайды;

4) оқу қызметі білім алушының бастамасымен жүзеге асырылады. Мұнда оқу қызметінің мақсаты, мазмұны және жоспары білім алушы тарапынан дайындалып, жүзеге асырылады [2].

ДОҚ-қа қатысты ҚР және РФ педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары еңбектерінде дербестікке, мотивациялылыққа басты назар аударылады. Қазіргі кезде қоғамның, оның ішінде білім жүйесінің информатизациялану үрдісі ДОҚ құрылымының өзгерісіне өз әсерін тигізгенін Л.В. Городня, Б.Ю. Лыскова, Е.А. Рактитина, Н.Ю. Пахомова, Р.И. Баженов, А.П. Ершов, В.А. Каймин, Е.К. Хеннер, И.Г. Семакин, А.Г. Гейн, Н.В. Макарова, О.А. Охлопкова, А.П. Гришаева, Е.Н. Зайцева және т.б. атап көрсеткен.

«Дербес оқу қызметі» ұғымы түрлі авторлардың еңбектерінде түрліше сипатқа ие.

Бұлайша болуы «дербес» сөзіне меншіктелген мазмұнның астарында жатыр. И.Э. Унттың пікірінше бұл ұғым үш түрлі мәнге ие:

1) білім алушы тапсырманы оқытушының қатысуынсыз өзі орындайды;
2) білім алушыдан жеке ойлау әрекеттері, оқу материалын дербес игеруі талап етіледі;
3) білім алушыға тапсырманы орындаудың мазмұны мен тәсілдерін еркін түрде таңдауға рұқсат етіледі [3].

ХХ ғасырдың 50 жылдарындағы кеңестік педагогикада ДОҚ ұғымы алғашқы мәні бойынша қолданылды. Бұған – М.П. Кашиннің, Б.П. Есиповтың, И.Т. Огородниковтың және П.И. Плотниковтың зерттеулері дәлел.

«Дербес» ұғымына меншіктелген екінші мазмұнды қолдаушылар білім алушының оқу қызметін жеке саналы түрде жүзеге асыруын маңызды деп есептейді.

«Дербес» ұғымын үшінші мазмұнда Р.Г. Лемберг қолданған. Ол білім алушының оқу қызметінің оқытушының басшылығымен жүзеге асыратын – орындаушылық және өз бетімен орындайтын – дербес атты түрлерін нақтылап көрсеткен [4].

ДОҚ ұйымдастыру және интеллектуалды аспектілерін қамтитын толық анықтамасын И.Э. Унт негіздеген [3]. Зерттеуші «өзіндік жұмыс» терминін қолданған. Мұнда білім алушыға оқу тапсырмалары мен оларды орындау ережелері ұсынылып, тапсырма мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ оның басшылығымен жүзеге асырылады. Сондықтан тапсырманы орындау барысында білім алушының ойлануына мән беріледі. И.Э.Унт өзіндік жұмыстың сабақ, сынақ, семинар, практикалық дәріс түрінде оқу орнында орындайтын және одан тыс жерде білім алушының өзбетінше орындайтын екі түрін анықтаған.

Білім алушының қалыптасу үрдісі барысында дербестіктің репродуктивтік-сезінгіштік, іздеушілік-орындаушылық және шығармашылық үш түрлі сатысынан өтетіндігі ерекшеленеді. Дербестіктің аталған сатыларына қатысты өзіндік жұмыстың белгілі тәсілді нақты жағдайға қолдануды қамтитын – үлгі бойынша, белгілі тәсіл мен оның модификацияларын жаңа жағдайға қолдануды талап ететін – реконструктивтік-вариативтік, бірнеше белгілі тәсіл мен олардың комбинацияларын жаңа жағдай қолдануды қамтамасыз ететін – ішінара іздеушілік және проблемалық жағдайды шешудің жаңа тәсілін жасауды қамтитын шығармашылық атты түрлері анықталады.

ДОҚ білім алушыларды барлық білім алушыларды қамтитын өзінің ұйымдастырушылық жақтарымен және тапсырмаларының мазмұнымен белсенділендіре түседі. Неғұрлым көбірек тапсырма берілсен сайын, соғұрлымм білім алушылардың ойлау қабілеті белсенділік сипатқа ие болады.

П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.К. Маркова, Д.Б. Эльконин, Г.А. Цукерман зерттеулерінде білім алушы орындайтын іс-әрекеттің жекелеген элементтерінің оған өз бетінше орындауға берілуімен оқыту қызметінің қалыптасатындығы атап көрсетіледі. Оқыту қызметі құрылымы:

- оқытылатын пәннің нақты бір саласында білім алушының жалпыланған әдіс-тәсілдерді игеруін қамтитын оқу-танымдық мотивтен;
- оқу тапсырмасынан;
- оқыту қызметінен;
- бақылау, өзін-өзі бақылау әрекеттерінен;
- субъектінің игерген білім қорын бағалаудан тұруы мүмкін.

Сонымен, ДОҚ құрылымын анықтайтын кезеңдерді төмендегіше ұсынуға болады:

- *оқыту қызметінің мақсатын айқындау* (оқу тапсырмасының мақсаты білім алушының осыған дейін игерген біліміне негізделіп немесе жаңадан қойылуы тиіс);
- *оқыту қызметін жоспарлау* (қол жеткізілуі тиіс нәтиже негізге алына отырылып, алдымен аралық мақсаттардың орындалу реті анықталуы тиіс);
- *оқыту қызметін жүзеге асыру* (жоспар бойынша орындалуы тиіс);
- *оқыту қызметіне бақылау жасау* (нәтиже эталондық нәтижемен салыстырылуы

тиіс);

- *оқыту қызметіне түзету жүргізу* (болжанған нәтиже эталондық нәтижеден ауытқыған жағдайда жоспарға түзетулер енгізілуі тиіс);
- *оқыту қызметін бағалау* (білім алушы осыған дейін игерген және алдағы уақытта игеруі тиіс білім деңгейлері мен оның сапасын ұғына білуі тиіс).

Интеллектуалдық еңбекке деген қажеттіліктің артуына және қазіргі қоғамның барлық дерлік салаларына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың (АКТ) енгізілуіне сай, АКТ негіздерін игерген, өзінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отыратын мамандарға деген сұраныс күн өткен сайын артуда.

Ғылыми және өндірістік технологиялардың, бизнес, өнер және білім беру технологияларының АКТ-ға тәуелділігі аталған сала мамандарынан интербелсенді режимде және шұғыл түрде қажетті білім дағыларын игеруді талап етеді [5].

АКТ ретінде ақпаратты енгізу/шығару, жинақтау, сақтау, өңдеу және пайдаланушыға жеткізу, құжаттарды дайындау, түрлі құрылымды ақпараттық ресурстарды интеграциялау, ақпаратты қорғау, программалау, жобалау, модельдеу, оқыту, болжам жасау, объектілерді, үрдістерді және жүйелерді басқару түсініледі.

Бұл үрдістер мен құбылыстар қоғамның жаңа әрі сапалы «ақпараттық қоғамға» көшу процесінің бейнесін құрайды. «Ақпараттық қоғам» ретінде жаңа ғаламдық әлеуметтік революция нәтижесінде АКТ жетістіктерін негізге ала отырып, құрылған қоғам түсініледі. Мұндай қоғамда әрбір адам ақпаратты уақытқа, кеңістікке және саясатқа тәуелсіз кедергісіз алып, өзінің кәсіби қызметін шыңдау барысында пайдалана алуына қол жеткізіледі.

Қоғамдық процестерді информатизациялау түрлі елдердің экономикасын, мәдениетін және техникасын етене араластыруға ықпал ететін ақпараттық қоғамды жаһандандырумен тығыз байланысты.

Ақпараттық қоғамда жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы информатизацияланған қоғам жағдайында адамды әлеуметтендіру мәселесіне тіреледі. Бұл жағдайда адам ақпаратты АКТ арқылы өңдеу дағдыларын игеруді қажет ететін *ақпараттық мәдениет* негіздерін игеруі тиіс. Адамның өмір бойы білім алуы оның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына әсер ететіндігін М.А. Галагузова, Б.М. Игошев, А.А. Кузнецов, В.М. Монахов, Е.И. Машбиц және т.б. зерттеп-зерделеген.

АКТ-құзырлылық – қазіргі қоғамдағы адамның АКТ арқылы ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және пайдалана білу дағдыларын қамтамасыз ететін, рыноктың экономика мен ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүруінің сапалық көрсеткіші.

АКТ-құзырлылық ақпараттық және коммуникацциялық технологиялар саласында игерілген білімді, дағдылар мен біліктілікті практикалық қызметке қолдануға дайындықты қамтамасыз ете отырып, білім алушы үшін де, оқытушы үшін де кәсіби шеберліктері қалыптасуының критерийлерін құрайды. АКТ негіздерін игеруі білім алушының болашақта жұмыспен қамтылуына негіз болса, оқытушылардың қоғамның интеллектуалдық құндылықтарын тасымалдаушы ретіндегі рөлін арттыра түседі.

Жоғары оқу орны студентінің АКТ-құзырлылығы мектеп түлегі АКТ-құзырлылығы бойынша қалыптасады.

Қазіргі қоғамды информатизациялауға қатысты туындайтын процестер ҚР ұлттық білім беру жүйесіндегі білім мазмұнының сапасын арттыруға, АКТ-ны енгізіп, дамытуға арналған білім беруді информатизациялаудың белсенді дамуына ықпал етті.

Білім беруді информатизациялау білім беруді дамытудың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік, нормативтік-технологиялық және техникалық негіздеріне, білім алушының жеке басын қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында дамытуға ықпал ететін оқу мен тәрбиенің формаларын ұйымдастыруға қатысты кешенді мәселелерін шешуге бағытталған АКТ мүмкіндіктерін біртіндеп жүзеге асыруды қамтиды. Информатизациялау мен коммуникация құралдары қолданылатын педагогикалық технологияларды дамытуға, білім берудің электрондық құралдарын дайындауға, Интернет жүйесі ақпараттық ресурстарын білім беру

мақсатында қолдануға, білім алушылардың білім деңгейлерін бағалау мен тексерудің тәсілдерін құруға, коммуникациялық жүйелер мен берілгендер қоры негізінде білім беру жүйесінің басқару тетіктерін, сондай-ақ білім беру мекемесін басқарудың ақпараттық процестерін жетілдіруге игі ықпал етеді.

Білім беруді информатизациялау мәселесі К.З.Халықова, И.Н. Антипов, Я.Л. Ваграменко, А.П. Ершов, А.А. Кузнецов, Э.И. Кузнецов, М.П. Лапчик, Н.И. Пак, И.В. Роберт, В.В. Рубцов, Е.К. Хеннер, А.Ю. Уваров, С.Р. Удалов, В.Ф. Шолохович және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Зерттеулер, негізінен, АКТ-ны қолдана отырып, оқытудың жаңа дидактикалық приципті мен әдістерін дайындау мен енгізу мәселелеріне арналған. Х.З.Халықова «Қоғамды информатикаландыру дегеніміз – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті процесс. Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді» деп атап көрсеткен болатын [6].

Басты назар ақпараттың компьютер арқылы бейнеленуіне, үлкен көлемді ақпараттарды беруге, ақпараттық ресурстардың қолжетімділігіне, есептеу процестері мен оқыту қызметін басқаруды автоматтандыруға, білімді игеру нәтижелерін бақылауға бағытталған АКТ мүмкіндіктеріне аударылады.

Қазіргі кезде білім беруді информатизациялау АКТ мүмкіндіктерін қолдана отырып, педагогикалық білім берудің психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, физиологиялық-гигиеналық, техникалық зерттеу ғылыми бағыттарын интеграциялайтын жаңа саласы ретінде қарастырылады.

АКТ-ны қолдану жағдайындағы білім беру ерекшеліктеріне оқыту қызметі режимін таңдаудағы демократиялылық, оқытудың қашықтан білім беру технологияларына негізделген ашықтығы мен үздіксіздігі, электрондық білім беру порталдарын қолданудың белсенділігі, білім алушының танымдық қызметіндегі дербестік пен шығармашылыққа бағдарланушылық кіреді.

Үздіксіз білім беру ретінде жеке тұлғаның қалыптасып, дамуына қызмет ететін білім беру қызметінің үрдісі түсініледі. Үздіксіз білім беру жүйесі – бұл адамның өзінің жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне, еңбек рыногының сұранысына, өндіріс пен қоғамның даму перспективасына қарай оқу траекториясын таңдауын қамтамасыз ететін бүкіл саналы ғұмырындағы білім алу жүйесі. Бұл білім беру жүйесінің негізін ақпараттандыру принципі құрайды, ал оның мазмұны білім алушылардың білімге деген қажеттілігіне қарай анықталады. Бұл принциптің жүзеге асырылуына білім беру үрдісінде АКТ-ның қолданылуының мәні зор.

Білім беру жүйесі мен білім беру процесінің ашықтылығы – қазіргі білім беру саласында көрініс беріп жүрген маңызды заңдылық. Ашықтылық ескі мен жаңаның қақтығысуында, қарама-қайшылықтың туындауында, қоршаған ортамен ақпарат алмасуда айқындалады. Ашықтылық қасиетке ие емес жүйелерде деградация (тозу) процесі орын алады.

Қазіргі заманға адамнан ұтқырлықты, әрқашан түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге даярлықты, жаңа жағдайға бейімделе білу дағдысын, өзінің кәсіби дәрежесін үнемі көтеріп отыруды талап ететін өзгерістер тән. Сондықтан, кәсіби білім берудің мақсаттарының бірі белсенді, шығармашыл, кәсіби даярлықты жеке тұлғаны қалыптастыруды қамтиды. Бұдан төмендегі тенденциялар ерекшеленеді:

а) қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайлар адамдардан білімін ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді;

ә) ақпараттық қоғам жағдайында аудиториялық жүктемені қысқарту, білім алушылардың енжар тыңдауынан тұратын дәрістік сабақтардың біраз бөлігін өзіндік жұмыспен алмастыру, жеке тұлғаның дамуын белсенділендіретін педагогикалық

технологияларды қолдану арқылы білім беру үрдісін түбегейлі өзгерту талап етіледі;

б) оқытудың мақсаты сабақ беруден білім алушының өзіндік жұмыс атқаруына бағытталады.

Болон процесі мақсаттары адамның өмір бойы білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ал бұл – ақпараттық қоғамның әлеуметтік сұранысын сипаттайды.

Білім берудің еуропалық жүйесі Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесінде білім алушының көбірек дербес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Білім алушының танымдық қызметінің үлкен бөлігі өзіндік жұмыс арқылы орындалатындықтан, АКТ құралдарын қолданудың маңызы арта түседі.

Білім беруді ақпараттандыру мәселесі ақпараттандыру және коммуникациялық технологияларда кеңінен қолданылатын төмендегі бірқатар ұғымдар мен терминологияларды қолдануды көздейді:

АКТ құралдары деп – микропроцессорлы есептеу техникасына негізделген программалық-аппараттық және техникалық құралдарды, сондай-ақ ақпаратты тасымалдауды, жинақтауды, өңдеуді, сақтауды, компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи құрылғылар мен жүйелерді айтады [7].

Ақпараттандыру құралдарының классификациясы ЮНЕСКО тарапынан қабылданған. Олар:

- *техникалық* – компьютерлер, жүйелер, станциялар, мультимедиалық жүйелер, ақпаратты ендіру/шығару құрылғылары;
- *программалық* деген екі бөліктен тұрады.

Программалық бөлік:

- *информатизациялаудың жүйелік программалық құралдары:* операциялық жүйелер, программалау тілдері, сервистік қабықшалар, есептеу және ақпараттық орталар;
- *технологияларды жүзеге асырудың әмбебап программалық орталары:* мәтіндік редакторлар, электрондық кестелер, берілгендер қорын басқару жүйелері, модельдеу құралдары, сөздіктер, классификаторлар, тезаурустар, ақпаратты қорғау құралдары;
- *технологияларды жүзеге асырудың кәсіби-бағдарланған программалық орталары:* баспа жүйелері, берілгендерді өңдеуді автоматтандыру технологияларын жүзеге асыру жүйелері, жасанды интеллект жүйелері сияқты топтарға жіктеледі.

Білім берудің ақпараттық және коммуникациялық құралдарын оқу-әдістемелік, нормативтік-техникалық материалдармен бірге қолданылатын *оқытудың ақпараттық және коммуникациялық технологиялары* деп атау қабылданған [7].

АКТ құралдарын білім саласында қолдану келесі педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыруға ықпал етеді:

1) білім алушының жеке басын дамыту: ойлауды, ақпаратмен жұмыс істеуді, модельдеу дағдысын, коммуникативтік қабілетті арттыру, білім беру жүйесін қалыптастыру;

2) қазіргі қоғамды жаппай коммуникациялау, жаһандандыру, ақпараттандыру жағдайында әлеуметтік сұранысты жүзеге асыру;

3) үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысында білім беру үрдісін күшейту: ашық оқыту идеясын жүзеге асыру, пәнаралық байланысты тереңдету, оқуға деген ынталылықты арттыру.

Білім беруді информатизациялау процесінің қалыптасуы мен дамуының салдардары [5]:

1) білім алушы мен оқытушы арасындағы ақпараттық оқу қарым-қатынасы құрылымының өзгеруі: оқу процесінде АКТ-ға негізделген оқытудың интербелсенді серіктесі қолданылатындықтан, оқытушы тәлімгердің рөлін атқаруға көшсе, білім алушы оқыту үрдісінің белсенді субъектісіне айналады;

2) білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру мен оқу материалы құрылымының өзгеруі: АКТ-ға негізделген оқыту құралдарының белсенділендірілуі кері байланыс орнатуға, ақпаратты автоматты түрде өңдеуге ықпал етеді;

3) оқыту құралдарының өзгеруі: білім беру процесіне қатысушылардың арасындағы өзара қарым-қатынастың өзгеруі білім алушыға оң педагогикалық ықпал етуге жағдай жасайды.

Сонымен, АКТ мүмкіндіктерін қолдана отырып, білім беру жүйесінде өзіндік жұмыстың үлесінің арттырылуы оқытудың сапасын арттыруға игі ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Первезенцева Э.А. Изменения характера самостоятельной учебной деятельности студентов вузов в условиях применения электронных образовательных ресурсов. // Вестник Санкт-Петербургского университета, 2010, Вып. 4, С. 51-55.
2. Гришаева А.П. Самостоятельная познавательная деятельность учащихся в процессе обучения информатике. Дис. канд. пед. наук. М.: РГБ, 2003, 255 с.
3. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. М.: Педагогика, 1990, 192 с.
4. Лемберг Р.Г. О самостоятельной работе учащихся // Советская педагогика, 1962, №2, С. 15-27.
5. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). М.: ИИО РАО, 2007, 234 с.
6. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы: Білім, 2000, 196 б.
7. Толковый словарь терминов понятийного аппарата информатизации образования. М: ИИО РАО, 2009, 96 с.

Аннотация

Направление целей Болонского процесса о человеческом обучении на протяжении всей жизни описывает социальную потребность информационного общества. Важна индивидуальная подготовка каждого члена общества и становление его активным членом в контексте глобального экономического кризиса. В статье дается определение понятию «индивидуальная образовательная деятельность» и рассматриваются оптимальные пути реализации индивидуальной образовательной деятельности в информационный век.

С проявлением спроса на интеллектуальный труд каждый член общества должен овладеть информационно-коммуникационными технологиями. Для обработки информации с использованием информационно-коммуникационных технологий каждый должен овладеть основами информационной культуры. Процессы и явления, связанные с информационно-коммуникационными технологиями, формируют образ процесса перехода общества в «информационное общество». Информатизация социальных процессов взаимосвязана с глобализацией общества, что способствует смешению экономики, культуры и технологий разных стран.

Abstract

The direction of the goals of the Bologna process about human learning throughout life describes the social demand of the information society. The individual training of each member of society and its becoming an active member of society in the context of the global economic crisis is important. The article gives a definition to the concept of “individual educational activity” and considers the optimal ways of implementing individual educational activity in the information age.

With the manifestation of the demand for intellectual work, each member of the society must master the information and communication technology. To process information using information and communication technology, everyone must master the basics of information culture. The processes and phenomena related to the information and communication technology forms the image of the transition process of society to «the information society». The informatization of social processes is interconnected with the globalization of society, which contributes to the mixing of the economy, culture and technology of different countries.

ӘӨЖ 004.896

Н.Ж. Дуйсенов, Б.А. Маликова
т.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

КӘСІПОРЫНДЫ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУДАҒЫ MES (MANUFACTURING EXECUTION SYSTEM) ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Түйін

Мақалада өндірістік кәсіпорынды басқару құрылымында жедел басқарудың маңызы толығымен қарастырылған. Ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері және олардың кәсіп үшін маңызы, MES жүйесінің өндірісті іске асырудағы ұйымдастыру факторларының үлесі, сондай-ақ осы жүйені қолданудың негізгі тұжырымдамалары мен салалары ұсынылған. Өндіріс процесін жүзеге асыру кезінде пайда болатын және оның құрылымын анықтайтын объективті қарым-қатынастар, жедел басқару өндірістік үдерістің күнделікті басшылығын қамтамасыз етумен қатар кәсіпорынның өндірістік қорларын тиімді пайдаланудың мәселелері қарастырылады. Жедел басқарудың мәні өндірістік үдерісті басқару ретінде кәсіпорынның өндірістік қорларын оңтайлы пайдаланудың мәселелері ұсынылған. Аталған мақалада ақпараттық технологиялар кәсіпорынды оңтайлы басқарудың тиімділігін жоғарылататын жүйелер әдісі ретінде қарастырылған. Мақалада MES жүйелерінің ерекшелігін және кәсіпорынды жедел басқаруда оларды пайдаланудың мүмкіндіктері мазмұндалған.

Кілттік сөздер: жедел басқару, операциялық қызмет, өндіріс, MES, өндірісті орындау жүйесі, бағдарламалық қамтамасыздық, ақпараттық технологиялар.

Кіріспе

Кәсіпорын өнім өндіріп, тиісті жұмыстарын орындаумен қалыпты және төтенше қызметін ұйымдастыруына сәйкес қызметтер көрсетеді. Қалыпты қызметіне операциялық (жедел), қаржылық және инвестициялық қызметтері кіреді. Жедел қызметке жұмыстар орындау, қызметтерін көрсету, өнімін өндіру және өткізу нәтижесін қамтитын негізгі қызметі және тиісті табыс әкелуге бағытталған басқа да қызмет түрлері жатады.

Г.И. Капиностың «Операциялық менеджмент» атты еңбегінде жедел қызмет ұғымына келесідей анықтама берілген: «жедел қызмет дегеніміз – операциялық жүйе аясында кірісінің қалыптасуына негізделген табыстың (қордың барлық түрлері) кез-келген түрін түсіру мақсатындағы шығысы (дайын өнім және қызметтері түрінде) жүзеге асырылатын іс-әрекеті» [1].

А.Ф. Надыров жедел қызмет ұғымымен түрлі шикізаттарды өндіру және қайта өңдеуді құрайтын, құрылыс көтеру, түрлі қызметтер көрсетуді қамтитын қорлардың дайын өнімге айналуына қажетті еңбек құралдарын пайдаланумен қызметкерлер әрекетттерінің жиынтығы деп түсіндіреді [2].

У.А. Аманбаев кәсіпорнынның жедел қызметіне шаруашылық операциялардан тұратын өндіріске тікелей қатысты қамтамасыздық-әзірлік, қаржылық-өткізу және ұйымдастырушылық қызметті өндірістік үдерістерді жатқызған [3].

Осылайша, жедел қызмет дегеніміз – өнім өндіру немесе қызметтер көрсету бойынша бизнестің негізгі іс-әрекеті деген заманауи авторлардың көпшілігінің пікірлері бағыттас болып келеді.

Кәсіпорынның жедел қызметінің сипаты ең әуелі өзінің қатыстылығы бойынша экономика саласының ерекшелігімен анықталады. Көптеген кәсіпорындардың операциялық қызметінің негізін өндірістік-коммерциялық немесе өздерімен жүзеге асырылып жатқан инвестициялық және қаржылық қызметімен толықтырылатын сауда қызметі құрайды [4].

Кәсіпорынды жедел басқарудың деңгейлері


Кәсіпорынның жедел қызметін ұйымдастыру жедел басқару арқылы жүзеге асырылады.

Өндіріс процесін жүзеге асыру кезінде пайда болатын және оның құрылымын анықтайтын объективті қарым-қатынастар жедел басқарудың негізі болып табылады.

Жедел басқару өндірістік үдерістің күнделікті басшылығын қамтамасыз етумен қатар кәсіпорынның өндірістік қорларын тиімді пайдаланудың мәселелерін шешеді.

Заманауи жедел басқару жүйелерінде өндірісті әзірлеу, материалдық қамтамасыздыққа техникалық қызмет көрсету және өндірісте еңбек нысаны қозғалысын ұйымдастыру үдерісі өзара біріккен дербес жүйеде тығыз байланыста болады [5].

Жедел басқару дәрежесі басқарудың бастапқы дәрежесі мен тактикалық басқару арасында кәсіпорынды басқару пирамидасында біріктіріледі (1-сурет).



1-сурет. Кәсіпорынды басқару пирамидасы

Басқарудың әрбір деңгейінде белгіленген мәселелер шешіліп отырады. Стратегиялық деңгейде бизнес үдерістерін, ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру мәселелері шешіледі, бизнес тиімділігінің көрсеткіштері әзірленеді және іріктеледі.

Тактикалық басқару деңгейінде өндіріс және логистика саласына қатысты мәселелер шешіледі, бизнес процесі қалыптасып, нұсқаулықтар әзірленеді. Аталған деңгейдің маңызды функциялары ретінде жоспарлау және бюджеттендіру қарастырылады [6].

Жедел басқару деңгейінің пайдаланушылары болып әуелі өндіріс менеджерлері (өндіріс пен цехтардың басшылығы, технологтар және басқалар) болып табылады. Бұл деңгейде өндірістік процесті басқару және жабдықтаумен жүктеу, тапсырыстарды орындауды бақылау, шикізаттар мен материалдар қозғалысын басқару, сонымен бірге кәсіпорынның негізгі қорларын басқару жүзеге асырылады.

Бастапқы төменгі деңгей – дегеніміз цехтық жабдықтың мәліметтері жинақталатын, өңделетін және жалпыланатын технологиялық деңгейді атаймыз. Бұл өндірістік тапсырыстардың нақты орындалуы және олар бойынша жекелеген операциялар туралы ақпарат алу тұрғысынан бастапқы деңгейлі базалық дәреже. Бұл кезеңде базалық процесті – өндіріс технологиясын басқару орын алады [6].

Кәсіпорынның жедел-өндірістік қызметін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін өндірісті жедел басқару жүйесі келесідей талаптарға жауап бере алуы қажет:

- өндірістік процесті жедел басқару жүйесі өндірістің жоспарланған барысынан ауытқушылықтарына тиісті шұғыл әрекет жасауы қажет;

- жедел басқару жүйесі икемді болуы тиіс;

- аталған жүйе аясында қалыптасушы жедел жоспарлар ғылыми негізделуі тиіс, техника-экономикалық есептеу негіздері ретінде өндірістік ресурстарды жұмсаудың белгіленген нормалары болуы қажет;

- жедел-өндірістік қызметті тиімді ұйымдастыру қамтамасыздығы негізіне әзірленетін күнтізбелік жоспарлардың толық сабақтастық қағидасының қолданылуы тиіс;

- қабылданатын шешімдер жеделдігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Басқару пирамидасы деңгейлерінің функциялары белгіленген қандай да бір ақпараттық технологияларымен жүзеге асырылады.

Басқарудың жоғарғы деңгейі (стратегиялық) бүкіл кәсіпорын көлемінде бағдарламалық құралдар және өзара байланысты көрсеткіштер жүйесімен жұмыс жасауға болатын технологияларды, сапаны басқаруды стандарттауды және бизнес процесін оңтайландыруды қамтамасыз етеді. Тактикалық басқарудың ақпараттық қамтамасыздығы клиенттер және өнім жеткізушілердің қарым-қатынастарына тиісті мәселелерді, логистикаға, қаржыға қатысты сұрақтарды шешетін, өндірісті ауқымды күнтізбелік жоспарлауын, қорларды басқару және т.б. реттейтін ERP (Enterprise Resource Planning) – жүйесі класымен ұсынылады. ERP – жүйесі функциялары жиынтығы аса қуатты және осы деңгейде шешілетін мәселелерді толығымен қамти алады.

Кәсіпорынды жедел басқарудағы MES (Manufacturing Execution Systems) жүйесінің маңызы

Кәсіпорынды жедел басқарудың мәселелерін шешетін ақпараттық технологиялар кәсіпорын туралы барлық тиянақты мәліметтерді іріктеуші мәліметтер базасынан ақпараттар пайдаланады. Жедел басқарудың ақпараттық қамтамасыздық мәселелері түрлі бағдарламалық өнімдермен шешіле алады, алайда жедел басқару мәселелерінің ауқымды шешілуі MES тобы сияқты бағдарламалық өнім болып табылады.

MES жүйесі тактикалық және төменгі бастапқы деңгей арасындағы ақпараттық лекті және қарым-қатынасын анықтайды.



2-сурет. MES жүйесінің кәсіпорынды басқарудың басқа да деңгейлерімен өзара әрекеттестігі.

Осылайша, MES жүйелері кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйелері функцияларынан ерекшеленетін бағдарламалық функциялар жиынтығы ретінде, автоматтандырылған жобалау және бағдарламалау және технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйелері (ТПАБЖ) ретінде анықталады.

Жедел басқару жүйесі функцияларының қамтамасыздығы үшін MES жүйесі нақты уақыт тәртібінде тапсырысты қалыптастырудан бастап дайын өнімге дейінгі өндірістік процестерге қатысты келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

- жоспарлайды,
- оңтайландырады,
- бақылайды,
- құжаттандырады.

Өндірістік кәсіпорындар (MES шешімдер) үшін жүйелі интеграторларды, әзірлеушілерді, сарапшылар мен шешімдерді пайдаланушыларды біріктіретін MESA International (Manufacturing Enterprise Solutions Association) халықаралық ұйымы қызмет етеді.

MES басқарушылық құжаттар және құрамында өндірісті басқаруды жақсартуға бағытталған жаңа әдістер және бағдарлары бар, MES әзірлеу қызметін жеңілдететін, ендіру және пайдалану бойынша ұйғарымдардың әзірлеушісі болып табылады.

MES жүйесінің MESA ассоциациясымен белгіленген сегіз негізгі функциялары бар деп пайымдап санауға болады (1-кесте).

1-кесте. MESA ассоциациясымен белгіленген MES жүйесінің негізгі функциялар [7].

1.	Жай-күйді бақылау және ресурстарды бөлу (Resource Allocationand Status)	Өндірістік ресурстарды (техника, жабдық, машиналар, құралдар, жұмыс технологиялары, шикізат және материалдар) және басқа да нысандарды басқаруды қамтамасыз етеді, мысалы, нормативтік және ұйымдастырушылық құжаттаманы басқаруды қамтамасыз етеді. Аталған функция шегінде ресурстардың егжей-тегжейлі тарихы суреттеліп, өндірістік процесте жабдықтың дұрыс бапталуына кепіл береді, әрі шынайы уақыт шегінде жабдықтың жай- күйізерделенеді.
2.	Жедел және егжей-тегжейлі жоспарлау (Operations Detail Scheduling)	Бұйымның формасы, түсі, операциялардың реттілігі және т.б. ерекшелігіне байланысты кезектілікке, атрибуттарға, сипаттамаларға және рецептілерге негізделген өндірістік тапсырмаларды ретке келтіруді қамтамасыз етуші өндіріс технологиясы.
3.	Өндірісті диспетчерлеу (Dispatching Production Units)	Диспетчерлеу және өндірістік операциялар ағымын, операциялардың орындалуын, жабдық және персоналдың жұмыспен қамтылуы, өндірістік тапсырыстардың орындалуын қамтамасыз етеді. Жоспарға сәйкес нақты уақыт аясында орындалуын бақылау. Нақты мерзім ішінде барлық болып жатқан өзгерістер және ендірілген түзетулерді бақылау.
4.	Құжаттарды басқару (Document Control)	Нұсқауларды және жұмыс нормативтерін, орындау тәсілдерін, сызбаларды, стандартты операциялар рәсімдерін, бөлшектерді өңдеу бағдарламаларын, өнім партияларын жазуды, техникалық өзгерістер туралы хабарламаларды, ауысымнан ауысуға ақпаратты беруді қоса алғанда, шығарылатын бұйымға ілесіп жүруге тиіс құжаттардың мазмұны мен өтуін бақылайды, сондай-ақ жоспарлы және есептік цех құжаттамасын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5.	Мәліметтерді жинақтау мен сақтау (Data Collection Acquisition)	Кәсіпорынның түрлі ішкі жүйелердің ақпараттық өзара қытыстылығын мәліметтерді алу, жинақтау және беру, өндірістік ортада айналымдағы мәліметтер. Өндіріс барысы туралы мәліметтер қолмен және автоматты түрде ендіріледі. Төменгі деңгей ақпараттық жүйелері мерзімділігімен
6.	Персоналды басқару (Labor Management)	Тапсырылған межелікте, жұмыс орнында табылуын қамтитын мәліметтер, сертификатқа сәйкестікті бақылау, персонал туралы ақпараттарды, сондай-ақ, персоналдың негізгі, қосымша және кіріктірілген міндеттерін бақылау және мүмкіндіктерін ескерумен, даярлық операциялары, жұмыстың кеңейтілген аясы туралы мәліметтер ұсынады.
7.	Өнім сапасын басқару (Quality Management)	Өнім сапасы туралы өлшемдер мәліметін ұсынады, оның ішінде нақты мерзім аясында, өндірістік деңгейден жинақталған, тиісті сапа бақылауын қамтамасыз етеді жәнесыни тұстарға назар аударады. Аталған тұста жағдаятты түзеу бойынша корреляциялық/үйлесу тәуелділігі және себеп-салдарлы байланыстардың бақылаудағы оқиғалары талдауы негізінде әрекеттерді ұсына алады.
8.	Өндірістік процесстерді басқару (Process Management)	Берілген өндірістік процесті зерделейді, сонымен қатар автоматты түрде түзетулер ендіріп немесе операторға түзету және ағымдағы жұмыстардың сапасын көтеру үшін тиісті шешімді ұсынады.
9.	Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді басқару (Maintenance Management)	Жабдықтар мен құрал-саймандарға қызмет көрсетуді қадағалайды және басқарады. Олардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Мерзімді, алдын ала және жай-күйі бойынша жөндеуді жоспарлауды қамтамасыз етеді.
10.	Өнім тарихын зерделеу (Product Tracking and Genealogy)	Аталған өніммен қайда және қандай тәртіпте жұмыс жасалғандығы туралы ақпарат ұсынылады. Жай-күй туралы ақпаратқа: осы өнім түрімен жұмыс жасаушы персонал туралы есеп, өнім компоненттері, өнім жеткізушінің материалдары, партиясы, сериялық номері, өндірістің ағымдағы жағдайлары, белгіленген нормаларға сәйкессіздігі, бұйымның жеке технологиялық паспорты кіруі мүмкін. Жай-күйі туралы ақпарат:персонал туралы мәліметті, осы өнім түрімен жұмыс жасаушы персонал туралы есеп, өнім компоненттері, өнім жеткізушінің материалдары туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.
11.	Өнімділік талдауы (Performance Analysis)	Өндірістік опреациялардың нақты нәтижелері туралы есептіліктер ұсынады, сонымен қатар алдыңғы өнім және күтілетін нәтижелерга салыстыру түзеді. Ұсынылған есептіліктер құрамына ресурстарды пайдалану, қолдағы бар-жоқ ресурстар,өндірістік кезең циклінің уақыты, жоспраға және стандарттарға сәйкестік сияқты өлшемдер және т.б. кіреді.

MES жедел басқару жүйесінің ақпараттық қамтамасыздығы және автоматтандыру функциясынан басқа MES жүйесі іргелес автоматтандыру жүйелерімен өзара әрекеттестік жасауға мүмкіндік береді.

ERP кәсіпорынды басқарудың тактикалық жүйелерімен және өндірістік жоспар мәліметтерін шоғырланған мәліметтерді импорттау және есептілікті экспорттау жолымен ортақ форматта түрлендірілген MES жүйелері өзара әрекеттеседі. Есептіліктер жұмсалған материалды-техникалық ресурстар, өнімді сыртқа жөнелту, өндірістік қуаттарды жүктеу, өнім сапасы туралы мәліметтерден құралады. Аталған мәліметтерді пайдалану ресурстарды басқарудың тиімділігін көтеруге мүмкіндік жасайды. Қажет болған жағдайда кәсіпорында әрекет етуші (шешім қабылдауды қолдау, клиенттермен қарым-қатынастарды реттеп басқару және т.б.) кез келген автоматтандырылған жүйелермен интерфейстер әзірлеу жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйелері ТПАБЖ-мен өзара әрекеттесік жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған басқару жүйелері нарығында MES жүйелерін таңдаудың үлкен және кең мүмкіндігі бар. Қандай да бір жүйені қолдану әуеліден нақты өндірістік жағдайларға, өндірістің ұйымдастырушылық түріне, өндіріс мән-жайларының сипаттамаларына, өндірістік цикл ұзақтығына және өндірістің нысандары қозғалысының басқа да нормативтеріне байланысты болып келеді.

Қорытынды

MES жүйелері шоғырлануы және тұтас цикл құрамына кіретін бөліністер тобы деңгейі аясында кәсіпорынды жедел басқарудың көп аспектілі мәселелерінің барлығын автоматтандыруға мүмкіндік жасайды.

MES жүйесін ендіру кәсіпорын қуатын жүктеуді оңтайландыру есебінен әрекетсіз тұруды кеміту, қойма қорларын басқаруды оңтайландыру, еңбек өнімділігін жоғарылату, іргелес жүйелер тиімділігіне едәуір экономикалық әсерін қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, жүйені ендіру кәсіпорында жалпы тәртіптің нығаюына және шығын көздерін анықтауға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Капинос Г.И. «Операционный менеджмент» учебное пособие. Киев: Центр учебной литературы, 2013, 352с.
2. Надыров А.Ф. «Анализ хозяйственной деятельности предприятий» учебное пособие. Караганда: КарГТУ, 2009, 142с.
3. Аманбаев У.А. «Экономика предприятия» учебное пособие. Алматы: Бастау, 2012, 432 с.
4. Потапова-Синько Н.Е. «Экономика предприятия» учебное пособие для подготовки студентов направлений «Экономика предприятия», «Менеджмент» (для иностранных студентов) / Н.Е. Потапова- Синько, Г.А. Отливанская. Одесса: ОНАС им. А.С.Попова 2013, 100 с.
5. Тирон Г.Г. Оперативное управление производством. «Ключевые аспекты функционирования региональной экономики: теория и практика»: Сборник научных трудов. г.Пермь, 2006, №13, С. 48-52.
6. Демидов В. Решение задач оперативного управления производством на различных уровнях информационной структуры предприятия, Системная интеграция. Пищевая промышленность, 2006, №1, С.14-15.
7. MES құжаттамасында пайдаланылған терминдер анықтамалығы. Мына сілтемеде: https://commons.wikimedia.org/wiki/File:MES_Glossary(MESA).pdf (15.10.2019).

Аннотация

В статье рассмотрено место оперативного управления в структуре управления производственным предприятием. Представлены теоретические основы информационных технологий и их значение для профессии, доля организационных факторов системы MES в реализации производства, а также основные концепции и области применения данной системы. Объективные отношения, возникающие при осуществлении производственного процесса и определяющие его структуру, оперативное управление наряду с обеспечением ежедневного

руководства производственным процессом, рассматриваются вопросы эффективного использования производственных фондов предприятия. Сущность оперативного управления раскрывается как управление производственным процессом и задачами оптимального использования производственных ресурсов предприятия. В данной статье рассмотрен подход к информационным технологиям, как к системам, повышающим эффективность оперативного управления предприятием. Статья раскрывает специфику систем MES и возможность их применения в оперативном управлении предприятием.

Abstract

This paper considers the place of operational management in the management structure of the industrial enterprise. The theoretical foundations of information technologies and their significance for the profession, the share of organizational factors of the MES system in the implementation of production, as well as the main concepts and areas of application of this system are presented. Objective relations that arise during the implementation of the production process and determine its structure, operational management, along with ensuring daily management of the production process, the issues of effective use of the enterprise's production assets are considered. The essence of operational management revealed as process control and optimal use of production resources of the enterprise. This article discusses an approach to information technology as a system that improves the efficiency of operational management. The article reveals the specifics of MES systems and the possibility of their use in the operational management of the enterprise.

УДК 618.005

М. Ерекешева

ф.-м.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

ПРОГРАММАЛАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРУ

Түйін

Заманауи студенттердің көпшілігі оқу үрдісіне мобильді технологияларды қолдануға дайын және мобильді құрылғылар мен технологиялардың әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажеттілігін түсінеді. Бұл міндетті шешуде жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне мобильдік оқыту стратегиясын, нысандары мен әдістерін енгізуді талап етеді. Қазіргі уақытта мобильді қосымшаларды әзірлеу – ақпараттық технологиялар саласындағы ең танымал міндеттердің бірі болып табылады. Енді қосымшалар бірнеше көздерден алынған ақпаратқа талдау жасай алады және қолданушыға шешім қабылдауға, процестерді бақылауға және басқа да маңызды міндеттерді шешуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде бизнес-процестерді оңтайландыруға, қабылданатын шешімдердің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Қосымшалардың барлық талаптары функцияларға бөлінеді - функциональды және функционалды емес. Функционалдық талаптар қолданушылар өз міндеттерін орындай алуы үшін әзірлеушілер жасауы тиіс жүйенің функционалдығын анықтайды. Функционалды емес талаптар жүйемен жұмыс істеу кезінде пайдаланушы үшін маңызды қосымшаның сипаттамасын білдіреді. Мақалада программалауға үйретуші мобильді қосымшаны жобалау және құру процесі, программалық жабдықтары, қосымшаның мазмұны, функционалдық мүмкіндіктері сипатталған.

Кілттік сөздер: Программалау, мультимедиялық оқу құралдары, видеодәрістер, оқу порталы, Web- қосымша, электронды оқыту жүйесі, қолданушы интерфейсі, мобильді қосымша, операциялық жүйе

Ақпараттық ресурстар, жүйелер және технологиялар – адамның қазіргі өмір сүруінің ажырамас, қарқынды дамып келе жатқан элементтері. Н.М.Куляшова, И.А.Карпюк және С.А.Дроздовтың еңбектерінде мобильді қосымшаларды құруда сапалы серпіліс үлкен сенсорлық экрандары бар мобильді құрылғылардың өндірісінен бастау алғандығын, бұл

жаңа деңгейдегі мобильді қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретінін көрсеткен. Көптеген программалаушылар кәсіби қызметтің жаңа бағыттарын игеріп, нарықтық үрдістерге бейімделе бастады [1].

Қазіргі уақытта мобильді қосымшаларды әзірлеу – ақпараттық технологиялар саласындағы ең танымал міндеттердің бірі болып табылады. Енді қосымшалар бірнеше көздерден алынған ақпаратқа талдау жасай алады және қолданушыға шешім қабылдауға, процестерді бақылауға және басқа да маңызды міндеттерді шешуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде бизнес-процестерді оңтайландыруға, қабылданатын шешімдердің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Оқытудың қазіргі әдістемелерін сапалы жаңғырту және жаңарту оқушыларды оқытудың қазіргі заманғы білім беру процесіне қажет. Мобильді программалық жабдықты пайдалану – оқытушылардың ғана емес, студенттердің де уәждемесін арттырудың тиімді және қолжетімді тәсілдерінің бірі. Мобильді оқыту – дәстүрлі оқытуды алмастырмайды, бірақ ол жоғары мектептегі оқыту процесіне қосымша ретінде және аралас оқыту компоненті ретінде пайдаланылуы мүмкін деп айтуға болады. Мобильді оқытуды белсенді қолдану компьютерлерді портативті гаджеттерге ауыстыруды мақсат етпейді, қайта білім беру үдерісін қызықты әрі өзекті әдістермен кеңейтеді және толықтырады.

Мобильді құрылғыларға арналған, арнайы бейімделген оқу материалдары бойынша, бұл әдіс – арнайы түрде қалыптастырылған электрондық оқулықтарды және оқыту файлдарын пайдалануды білдіреді, оқу материалдары мобильді платформаларға арналып арнайы жобаланады. Мобильді құрылғыларды оқыту құралы ретінде қолданудың осы тәсілі – оқушылардың мобильдік құрылғыларында оқу тапсырмаларын қарау және орындау үшін бейімделген және қалыптасқан мамандандырылған оқыту материалдарын қолдану болып табылады. Студенттерге мобильді құрылғыға арнайы программалар орнатуға және бақылау үшін қажетті тақырыптар бойынша оқу материалдарын жүктеуге мүмкіндік беріледі, мысалы – тестілер, сондай-ақ бақылау кезеңдерінен сәтті өту үшін қажетті барлық қосымша оқу материалдары да болады. Оқу материалдарын әзірлеудің заманауи құралдары осындай бағдарламалық кешендер мен оқу материалдарын жобалауға мүмкіндік береді, ал оқу материалдарында әртүрлі сызбаларды, кестелерді, формулаларды және мультимедиа материалдарын орналастыру мүмкіндігі кез келген оқылатын пәнге қолданылатын және әмбебап оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

Мобильді құрылғыларға арналған жобаларды техникалық іске асырудың екі бағыты бар: мобильді web-сайт және мобильді қосымша.

1. Мобильді web-сайт деп мобильді құрылғыда көру және жұмыс істеу үшін бейімделген WEB сайт саналады. Сайт JavaScript, HTML5 және API браузерлерді пайдалана отырып, интерактивті компоненттерді қамтуы мүмкін. Бұл жағдайда мұндай сайт web-қосымша деп аталады [2].

2. Мобильді қосымшалар – мобильді құрылғыларға орнатылатын нақты мобильді платформа (iOS, Android, Windows Phone) бойынша арнайы әзірленген бағдарлама [3].

Ең алдымен, "мобильді қосымша" ұғымын анықтау қажет. "Мобильді қосымша" – бұл нақты мобильді платформа (iOS, Android, Windows Phone) үшін арнайы әзірленген қосымша. Көптеген мобильді қосымшалар алдын-ала орнатылған болады немесе App Store, Google Play Market, Windows Phone Store, Яндекс. Store сияқты қосымшалардың онлайн дүкендерінен тегін немесе ақылы жүктелуі мүмкін. Мобильді қосымшалар мобильді құрылғыларды пайдаланушылардың өмірін жеңілдетуге, сондай-ақ оны оңтайландыруға бағытталған .

Мобильді қосымша веб-сайттың ұялы нұсқасымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие:

- ыңғайлы және түсінікті интерфейс;
- онлайн бағдарламалары;
- пайдаланушымен тұрақты байланыс;

- геолокация;
- қолданушы туралы деректерді дәл жинақтау.

Білім беруші мобильді қосымша қолданушыларға:

- дидактикалық материалды барынша ыңғайлы және көрнекі етіп беру;
- оқуға деген қызығушылық және білімдегі олқылықтарды жоюға;
- оқу материалына шолу жасау және талдау жасау;
- жауаптарды таңдау арқылы тестілеуден өту;
- кез келген ыңғайлы уақытта білім берумен айналысу;
- біліктілігі деңгейін арттыру;
- оқытушылардан жедел кері байланыс алу;
- оқыту материалдарына қол жеткізу және т.б. мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы технологиялар біздің өмірімізге терең енуде және қазір смартфонсыз немесе басқа да көпфункционалды гаджетсіз адамды табу қиынға соғады. Олардың жұмыс істеуі операциялық жүйесіз мүмкін емес және қазіргі уақытта Android операциялық жүйесі (ОЖ) ең танымал болып табылады. Ақпараттық технологиялар нарығын талдауға маманданған американдық Gartner компаниясының деректері бойынша Android үлесі 2017 жылдың 4 тоқсанында 85,9% құрады. Әлем бойынша осы операциялық жүйенің басқаруындағы 1,32 млрд. құрылғы сатылды [4]. Android салыстырмалы түрде жаңа операциялық жүйе болып табылады, бірақ қысқа уақыт ішінде ол мобильді құрылғылар нарығында өте танымал болды. Android платформасының негізгі артықшылықтарының бірі – оның ашықтығы. Android операциялық жүйесі ашық бастапқы код негізінде құрылған және еркін таралған. Бұл әзірлеушілерге бастапқы кодқа қол жеткізуге және қолданбалардың қасиеттері мен функцияларының қалай жүзеге асырылғанын түсінуге мүмкіндік береді. Кез келген пайдаланушы осы операциялық жүйені жетілдіруге қатыса алады. Программалық жабдықтар ішінен Android платформасы таңдалды [5].

Ал программалауды үйретуге арналған мобильді қосымшаның мақсатты аудиториясын анықтау үшін, осы «Программалау» пәнін кім оқиды?»,-деген сұрақтың жауабын анықтадық, олар:

- Мектеп жасындағы оқушылар;
- ЖОО-да білім алып жүрген студенттер;
- «Информатика» пәнінің мұғалімдері;
- Өз бетімен программалауды үйренгісі келетін қолданушылар (IT саласында қызмет жасаушылар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, т.б.)

Сайып келгенде, қосымшаны пайдалануда қолданушыларға қатысты шектеулер жоқ. Ақпараттың ой-өрісін кеңейтетін білім беруге еркін қол жеткізу – салауатты қоғамның негізгі шарттарының бірі.

Қосымшалардың барлық талаптары функцияларға бөлінеді - функциональды және функционалды емес. Функционалдық талаптар қолданушылар өз міндеттерін орындай алуы үшін әзірлеушілер жасауы тиіс жүйенің функционалдығын анықтайды. Функционалды емес талаптар жүйемен жұмыс істеу кезінде пайдаланушы үшін маңызды қосымшаның сипаттамасын білдіреді.

«B2A Learning» мобильді қосымшасының функционалдық мүмкіндіктерін мына ретпен сипаттауға болады:

1) Қолданушы тіркеледі;
2) Оқитын пәнді таңдайды;
3) Таңдалған пәнге сәйкес бейне сабақтарды қарайды
4) Қажет болған жағдайда бейне сабақтың мәтіндік нұсқасын қарайды (3.2-сурет);
5) Сәйкес тақырып бойынша практикалық тапсырмаларды орындайды;
6) Онлайн Compiler көмегімен құрған программаларын орындауға жібереді, тексереді;

Әр тақырып соңында, бекіту мақсатында сұрақтарға жауап береді. Мобильді қосымшаның графикалық интерфейсінің дизайнын жобалау кезеңінде басты мақсат анықталды - пайдаланушыға жақсы байланыс жасау тәсілін қамтамасыз ету.

Осы аталған талаптарға сәйкес жасалған «B2A Learning» мобильді қосымшасының интерфейсі 1-суретте көрсетілген.

1-сурет. «B2A Learning» мобильді қосымшасының интерфейсі

Қосымшаларды әзірлеуден бастамас бұрын, оның қандай түрі мен көлемін сақтау керек екенін анықтау қажет. Android операциялық жүйесінде деректерді сақтаудың бірнеше жолы бар [6]:

1. Shared Preferences.
2. SQLite деректер қоры.
3. Ішкі немесе сыртқы жадты пайдалану арқылы қарапайым файлдар.

Аталған тәсілдердің әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар, бұл олардың арналуымен байланысты. Қарастырылған тәсілдердің бірі - Shared Preferences (Жалпы параметрлер). Бұл әдіс қарапайым деректерді сақтау болып табылады. Shared-prefs "жеке" бағдарлама қалтасындағы XML файлындағы "кілт-мән" түрінде. Shared Preferences boolean, string, float, long, int негізгі түрлерін қолдайды және әдепкі мәндерді, теңшелетін теңшеулерді, кластың айнымалы экземплярын, пайдаланушы интерфейсінің ағымдағы күйін жылдам сақтау үшін қолданылады. Көбінесе пайдаланушы сессиялары арасында деректердің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады және көптеген бір типті құрылымдалған деректерді сақтау үшін жарамсыз.

Екінші әдіс үлкен көлемді деректерді оқу және жазу үшін басынан аяғына дейін рұқсат етілмеген. Бұл әдіс деректер, медиа және желі арқылы берілетін басқа да файлдар үшін қолайлы.

Үшінші әдіс шартты түрде екіге бөлуге және оларды дұрыс қарастыруға болады. Файлдарды ішкі жадыда сақтау пайдаланушы да, басқа да қолданбалар да өңделетін қосымшалардың файлдарына дейін болмауы тиіс болған кезде жұмыс істеу үшін қолайлы. Ішкі жады әрқашан қол жетімді. Android қолданбасын жойғанда, ішкі жадтан оның барлық файлдарын жояды.

Мобильді қосымша екі негізгі бөліктен тұрады: деректер қоры және программалық компоненттер.

Деректер қоры үш кестеден тұрады: Collections, Words және Users. Collections кестесінде пайдаланушы коллекцияларының тізімі және ол туралы ақпарат сақталады. Word кестесінде сөздер тізімі сақталады, ал Meanings кестесінде осы сөздердің мәндерінің тізімі сақталады. 1-қосымшада кестелер деректерінің толық сипаттамасы берілген.

Мобильді қосымшаның компоненттері

Қосымша архитектурасы Model-View-Presenter жобалау паттернін қолданады. Осы паттерннің негізгі идеясы қосымшаның деректер моделін, пайдаланушы интерфейсін және пайдаланушымен өзара әрекеттесуді компоненттердің біреуінің модификациясы қалғандарына ең аз әсер ететіндей үш жеке компонентке бөлу үшін кілттеледі. Бұл паттерн кластардың 3 негізгі түрінің болуын болжайды:

1) Model – бағдарлама деректерін сақтауға жауап беретін класстар, сондай-ақ осы деректермен жұмыс істеу әдістері;

2) View – қосымшаның интерфейсі үшін жауап беретін класстар. Олар Presenter қабатының кластарымен берілетін деректерді өңдейді, сондай-ақ Presenter қабатының класына басқаруды бере отырып, қолданушының іс-әрекетіне жауап қайтарады (мысалы, түймені басу);

3) Presenter – Model мен View арасындағы байланысты қамтамасыз ететін класстар. Model өзгерістеріне жауап береді, сондай-ақ View қабатының кластарын берген қолданушының іс-әрекетін өңдейді.

Программалық жабдықты тестілеу белгілі бір түрде таңдалған тесттердің соңғы жиынтығында жүзеге асырылатын бағдарламаның нақты және күтілетін мінез-құлқы арасындағы сәйкестікті тексеру [7]. Қосымшаны тестілеу үшін келесі әдістер қолданылды:

- тақырып модульдік тестілеу;
- автоматтандырылған UI-тестілеу;
- функционалдық тестілеу.

Модульдік тестілеу – бұл бағдарламаның жекелеген компоненттерінің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін тестілеу түр

Автоматтандырылған UI тестілеу – жүйенің жұмысын нақты қолданушылардың жұмысын эмулирлеу көмегімен техникалық тапсырмаға сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізілетін тестілеу түрі. Тестілеудің осы түрін жүзеге асыру үшін Espresso және JUnit кітапханалары пайдаланылды, олар нақты Android құрылғыларында да, эмуляторларда да тесттер өткізуге мүмкіндік береді.

Функционалдық тестілеу – бұл функционалдық талаптардың іске асырылуын тексеру мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу, яғни бағдарламалық қамтамасыз етудің белгілі бір жағдайларда қолданушыларға қажетті міндеттерді шешу қабілеті. Функционалдық талаптар бағдарламалық қамтамасыз етуді не істеп жатқанын, ол қандай міндеттерді шешетінін анықтайды. Құрылған қосымша сәйкес тестілеуден өтті.

Жоғарыда сипатталған алгоритм негізінде «B2A Learning» мобильді қосымшасы әзірленді, онда программалау бойынша сабақтар әзірленді, мультимедиалық оқу материалдары, қолданушы білімін тексеруге арналған тест ұсынылды.Мобильді қосымша оқу материалдарын сақтауға және таратуға, оқушылардың білімін бақылау туралы мәліметтерді тіркеуге, мониторинг пен бақылаудың негізгі функцияларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Куляшова Н. М., Карпюк И. А., Дроздов С. А. Основные принципы построения и классификации информационно-поисковых систем // Материалы XVI науч. конф. молодых ученых, аспирантов и студентов Мордов. гос. ун-та.им. Н. П. Огарёва: в 6 ч. - Ч. 3. Естественные науки. Саранск, 2013, С. 66-68

2. Мобильный web сайт или мобильное приложение? Доступно на: http://habrahabr.ru/post/168843 (от 29.08.2013).
3. Разработка приложений для мобильных устройств. Доступно на: http://ru.wikipedia.org (от 29.08.2013).
4. SQLitevsMySQLvsPostgreSQL: Сравнение систем управления базами данных. Доступно на: http://devacademy.ru/posts/sqlite-vs-mysql-vs-postgresql/ (от 12.04.2017).
5. Дейтел П., Дейтел Х., Дейтел Э., Моргано М. Android для программистов: создаем приложения. СПб: Питер, 2013, 560.
6. Официальный сайт разработчиков приложений для Android. Режим доступа: https://developer.android.com/index.html. (от 20.05.2017 г.).
7. Введение в веб-модель MVC Spring. Доступно на: https://netbeans.org/kb/docs/web/quickstart-webapps-spring_ru.html (от 23.04.2019).

Аннотация

Большинство современных студентов готовы использовать мобильные технологии в учебном процессе и осознают необходимость рассмотрения новых возможностей для наилучшего использования потенциала мобильных устройств и технологий. Решение этой задачи требует внедрения мобильных образовательных стратегий, форм и методов в учебный процесс вузов. В настоящее время разработка мобильных приложений является одной из самых популярных задач в области информационных технологий. Теперь приложения могут проанализировать информацию, полученную из нескольких источников, и помочь пользователю принимать решения, контролировать процессы и решать другие важные задачи. Это, в свою очередь, способствует оптимизации бизнес-процессов, повышению производительности и эффективности принимаемых решений. Все требования приложений подразделяются на функции - функциональность и функциональность. Функциональные требования определяют функциональность системы, которая должна быть разработана разработчиками для того, чтобы пользователи могли выполнять свои обязанности. Функциональные требования представляют собой описание приложения, важного для пользователя при работе с системой.В статье описан процесс проектирования и создания мобильного приложения для обучения программированию, программное обеспечение, контент и функцианольные возможности приложения

Abstract

Most modern students are ready to use mobile technologies in their educational process and are aware of the need to consider new opportunities to make the best use of the potential of mobile devices and technologies. The solution of this problem requires the introduction of mobile educational strategies, forms and methods in the educational process of universities. Currently, the development of mobile applications is one of the most popular tasks in the field of information technology. Applications can now analyze information from multiple sources and help the user make decisions, control processes, and solve other important tasks. This, in turn, helps to optimize business processes, increase productivity and efficiency of decisions. All application requirements are divided into functions-functionality and functionality. Functional requirements define the functionality of the system that must be developed by developers in order for users to fulfill their responsibilities. Functional requirements are a description of an application that is important to the user when working with the system.The article describes the process of designing and creating a mobile application for learning programming, software, content, and functionality of the application

УДК 004.942

С.К. Тимурбекова, Л.М. Мусабекова, А.М. Бренер
магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
д.т.н., доцент**,** Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
д.т.н., профессор**,** Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

КОМПЬЮТЕРНАЯ РЕШЕТОЧНАЯ МОДЕЛЬ ПРОЦЕССОВ АГРЕГАЦИИ В ДИСПЕРСНЫХ СИСТЕМАХ

Аннотация

В работе показаны результаты численного эксперимента, проведенного для изучения кинетики процесса агрегации, происходящей в диспергированной системе, протекающей через трубчатый реактор. Модель основана на парадигме моделирования дискретных событий. Основным результатом данной работы является разработка модели агрегации решетки, применимой к проточному реактору. Этот подход позволяет устранить проблему, связанную с учетом влияния многочастичных столкновений, и в результате дает возможность описать как ограниченную диффузией агрегацию, так и конкуренцию различных кинетических механизмов, происходящих на разных характерных временах. На основе разработанного алгоритма была разработана схема расчета для случая трехмерной стохастической решетки. Было показано, что количество кластеров порядков выше пяти существенно меньше, чем кластеров с наименьшими порядками в объеме реактора.

Ключевые слова: Компьютерная решеточная модель, кинетика процесса агрегации, дисперсные системы, трубчатый реактор, смешанная кинетика, порядок кластера, проточный реактор

Введение

Агрегационные процессы играют важную роль в нанотехнологиях, химической и фармацевтической промышленности, металлургии и т. д. [1]. Однако, несмотря на давний интерес исследователей и существование многих интересных работ, теоретический анализ многих вопросов остается слабо развитым. Первая очевидная проблема заключается в том, что известная модель учета многочастичных столкновений [2] пока мало эффективна в практических расчетах, и в большинстве моделей рассматриваются только двоичные столкновения [3]. Однако было теоретически показано, что столкновения с несколькими частицами могут внести существенный вклад в кинетику агрегации, особенно при высокой концентрации дисперсной фазы и высокой интенсивности случайного дрейфа мелких частиц [4].

В настоящей работе представлен алгоритм, позволяющий учитывать влияние свежего потока с дисперсной фазой, поступающей в реактор потока на процесс агрегации в рабочем объеме.

Подробная информация об алгоритме и коде

Используемый подход основан на алгоритме, представленном в работе [5]. Краткое изложение этого алгоритма будет дано заново, но с адаптацией к случаю проточного реактора.

В соответствии с МДС область, в которой происходят процессы диффузии и агрегации, покрывается фиксированной пространственной решеткой. Описано изменение локального распределения дробного состава [6] в клетках решетки, вызванное дрейфами частиц и процессами агрегации. Таким образом, кинетически конкурирующие процессы диффузии, агрегации и седиментации во внешнем силовом поле, если таковые существуют, могут быть описаны из единого представления [5].

Концепция

В случае агрегации с ограничением диффузией (АОД) агрегация кластеров происходит сразу в момент их столкновения [7]. В терминах решетчатой модели это явление интерпретируется как попадание кластеров в общую ячейку. Поэтому в этом случае характерное время агрегации определяется характерным временем диффузии частиц, т. е. временем дрейфа частиц из одной ячейки в другую. Это время может быть принято как характерная единица времени.

В случае смешанной кинетики [8] единица временного темпа принималась равной характеристическому времени коагуляции кластеров, попадающих в одну ячейку. Это означает, что частицы, которые достигают общей ячейки, могут не иметь необходимого времени для образования одного кластера, но могут продолжать дрейф отдельно [5]. Кроме того, гипотетически предполагается, что частицы склеены друг с другом, т.е. если, как только они попадут в общую ячейку, они снова мигрируют в общую ячейку в следующем блоке времени. В этом случае агрегация считается завершенной. Таким образом, моделируется конкуренция временных интервалов диффузии и характерного времени агрегации. Такой подход, вероятно, не единственный возможный. Однако это было принято для создания представленной модели.

Схема расчета для случая АОД

Во время расчета формируются четыре матрицы. Первая матрица A* имитирует всю решетку с кластерами разных порядков, полученными в процессе перемещений и агрегации в каждую единицу времени.

Вторая матрица U имитирует аналогичную решетку с кластерами, которые попадают в реактор со свежим потоком, который втекает в реактор с заданной средней горизонтальной скоростью.

Третья матрица A, которая имитирует ситуацию в конце единицы времени расчета и генерирует начальную ситуацию для следующего блока, формируется как сумма двух предыдущих матриц: A = A* + U.

Четвертая матрица S указывает количество столкновений частиц в каждой ячейке в каждую единицу времени.

Схема расчета и основной код для случая смешанной кинетики

Во время расчета формируются пять матриц. Первая, вторая и третья матрицы A *, U и A имеют то же значение, что и в предыдущем разделе. Четвертая матрица S указывает также количество столкновений частиц в каждой ячейке в каждой единице времени.

Наряду с этим формируется пятая матрица B [5]. Этот трехмерный массив B (I, J, M) служит для идентификации предыдущей ячейки, из которой данный кластер вступил в новую ячейку. Для этого в дополнение к двум индексам ячеек (I, J), в которые кластер падает на заданный интервал времени, третий индекс M указывает метку ячейки ((I-1) * N + J), в которой кластер был до начала дрейфа. Таким образом, можно идентифицировать кластеры с одинаковыми метками, которые, согласно предлагаемой модели, должны быть агрегированы. Матрицу B можно обозначить как матрицу агрегирования-свидетеля.

Для демонстрационной цели основной код, используемый для выполнения численного эксперимента, приведен ниже (рис. 1). Созданный алгоритм и код обеспечивают достаточно высокую скорость вычисления.

```
procedure Tform1.calc3d;
var k,l,u,t,t1,ii,uu:Integer;// description of variables
begin
 for i:=1 to n2+1 do // n2- number of columns in the table
  for j:=1 to n1 do// n1- number of rows in the table
    begin ss[i,j]:=0; // initial data for the collision matrix
    for u:=1 to coln1 do
      begin
        c[i,j,u]:=0;  U0_3d[i,j,u]:=0; // initial data for intermediate variables
      end;
    end;
  for i:=1 to n2 do
    for j:=1 to n1 do
      for u:=1 to coln1 do // coln1- the number of internal cells of each table cell
          begin
           if (a[i,j,u]<>0) then // if the cell is not empty
             begin
               if (i+vg3w[i,j,u]<1) or (i+vg3w[i,j,u]>n2) then begin k:=n2+1; end
               else k:=i+vg3w[i,j,u]; // check the boundary conditions of the table
               if j+vv3[i,j,u]<1 then  l:=1;
               if j+vv3[i,j,u]>n1 then  l:=n1;
               if (j+vv3[i,j,u]>=1) and (j+vv3[i,j,u]<=n1) then l:=j+vv3[i,j,u];
               t1:=0; // calculation of labels
               for t:=1  to coln1 do if b[k,l,t]=((i-1)*n1+j) then t1:=t;
               if t1<>0 then c[k,l,t1]:=c[k,l,t1]+a[i,j,u];
               if t1=0 then begin t:=1; while (c[k,l,t]<>0) and (k<>n2+1) do t:=t+1; end;
               c[k,l,t]:=c[k,l,t]+a[i,j,u];  // calculation of particle moving
               b[k,l,t]:=(i-1)*n1+j; // b- label matrix
               ss[k,l]:=ss[k,l]+1;  calculation of collision matrix
             end;
           if (i+vg3[i,j,u]<1) or (i+vg3[i,j,u]>n2) then begin k:=n2+1; end
           else k:=i+vg3[i,j,u]; //there is a U flow calculation
           if j+vv3[i,j,u]<1 then l:=1; // account for boundary conditions
           if j+vv3[i,j,u]>n1 then l:=n1;
           if (j+vv3[i,j,u]>=1) and (j+vv3[i,j,u]<=n1) then l:=j+vv3[i,j,u];
           U0_3d[k,l,u]:=U0_3d[k,l,u]+U_3d[i,j,u];
          end;
  i:=n2+1; // coordinate of the right boundary
  for j:=1 to n1 do
  c[i,j,1]:=c[i,j,1]+a[i,j,1]; // calculation of particles at the right boundary
end;
```

Рис. 1. Основной код, используемый для проведения численного эксперимента

Результаты моделирования

На рисунках 2, 3 показаны некоторые численные результаты для матриц, где каждая точка усредняется по десяти сериям вычислений. В качестве условной единицы времени в процессе моделирования используется шаг вычисления. Кластеры, превышающие порядок 5, практически не наблюдались, поэтому они не изображены на графиках.

Результаты численных экспериментов показали, что резкое изменение распределения кластеров в порядках происходит в течение нескольких начальных единиц времени после начала процесса, а затем состав фракции остается практически стабильным. Это наблюдение является правильным как для АОД, так и для случаев смешанной кинетики. Однако падение концентрации кластеров 1-го порядка в начальный период является более резким для случая АОД, и это легко объяснить, конечно. В то же время в случае смешанной кинетики устанавливается более однородная фракционная композиция. Однородность также улучшалась с увеличением средней скорости потока.

Однако средний порядок кластеров устанавливается на более низком уровне, особенно в случае кинетики смешивания. Следовательно, можно сделать вывод, что средний поток через реактор может служить контрольным параметром не только для достижения

определенной производительности, но и для стабилизации требуемого фракционного состава.




Рис. 2. Временная история количества кластеров от различных порядков для w = 2, таблица 4X40. Эксперимент для случая АОД. Порядки кластеров:
1-й, 2-й, 3-й, 4-й




Рис. 3. Временная история количества кластеров от различных порядков для w =8, таблица 4X40. Эксперимент для случая АОД. Порядки кластеров:
1-й, 2-й, 3-й, 4-й

Как и в случае с периодической реакторной моделью [5], численные эксперименты для проточного реактора подтвердили, что общее количество столкновений с множественностью больше двух не может считаться ничтожно малым по сравнению с числом двоичных столкновений. Это особенно верно на начальном этапе процесса.

На основе разработанного алгоритма была разработана схема расчета для случая трехмерной стохастической решетки. На рисунке 4 изображена схема расчетного объема. Из рисунка видно, что количество кластеров порядков выше 5 существенно меньше, чем кластеров с наименьшими порядками в объеме реактора.




Рис. 4. Схема расчетного объема (5X5X10)

Выводы

Общий вывод из результатов исследования состоит в том, что алгоритмический подход, основанный на парадигме МДС, может быть использован достаточно эффективно для расчета кинетики агрегации в гетерогенных системах, как для периодических, так и для проточных реакторов. Созданный математический инструмент позволяет численно решать проблему, связанную с учетом влияния многочастичных столкновений, и дает возможность описать как ограниченную диффузией кинетику агрегации, так и конкуренцию различных кинетических механизмов, происходящих на разных характерных диффузионных, кинетических и текущих временах.

Список литературы

1. Chen H., Lin L., Li H., Li J., Lin J.M. Aggregation-induced structure transition of protein-stabilized zinc/copper nanoclusters for amplified chemiluminescence. ACS Nano, 2015, V. 9, no. 2, pp. 2173-2183.
2. Krapivsky P.L. Aggregation processes with n-particle elementary reactions. Journal of Physics A: Mathematical and General, 1991, V. 24, pp. 4697-4703.
3. Wattis J.A. An introduction to mathematical models of coagulation–fragmentation processes: a discrete deterministic mean-field approach. Physica D: Nonlinear Phenomena, 2006, V. 222, no. 1, pp. 1-20.
4. Brener A.M. Model of many-particle aggregation in dense particle systems. Chemical Engineering Transactions, 2014, V. 38, pp. 145-150.
5. Brener A.M., Musabekova L.M., Jamankarayeva M.A. Stochastic Lattice Model of Aggregation in Heterogeneous Disperse Media. Chemical Engineering Transactions, V. 60, pp. 70-84.
6. Gambinossi F., Mylon S.E., Ferri J.K. Aggregation kinetics and colloidal stability of functionalized nanoparticles. Advances in Colloid and Interface Science, 2015, V. 222, pp. 332-349.
7. Meakin P. Formation of fractal clusters and networks by irreversible diffusion-limited aggregation. Physical Review Letters, 1983, V. 51, no. 13, pp. 1119-1122.
8. Zhou X.H., Huang B.C., Zhou T., Liu Y.C., Shi H.C. Aggregation behavior of engineered nanoparticles and their impact on activated sludge in wastewater treatment. Chemosphere, 2015, V. 119, pp. 568-576.

Түйін

Бұл жұмыста құбырлы реактор арқылы ағатын дисперсті жүйедегі агрегация процесінің кинетикасын зерттеу үшін жүргізілген сандық тәжірибенің нәтижелері көрсетілген. Модель дискретті оқиғаларды модельдеу (MDS) парадигмасына негізделген. Бұл жұмыстың негізгі нәтижесі ағындық реакторға қолданылатын агрегация торының моделін жасау болып табылады. Бұл тәсіл көп бөлшектердің соқтығысуының әсерін ескеру проблемасын жояды, нәтижесінде диффузиямен шектелген агрегацияны да, әртүрлі сипаттамалық уақытта пайда болатын түрлі кинетикалық механизмдердің бәсекелестігін де сипаттауға мүмкіндік береді. Әзірленген алгоритм негізінде үшөлшемді стохастикалық тор үшін есептеу схемасы жасалды. Реті бестен жоғары кластерлер саны реактор көлеміндегі ең төмен ретті кластерлерге қарағанда едәуір аз екендігі көрсетілді.

Abstract

The results of a numerical experiment conducted to study the kinetics of the aggregation process occurring in a dispersed system flowing through a tubular reactor are shown. The model is based on the discrete event modeling (DEM) paradigm. The main result of this work is the development of a lattice aggregation model applicable to a flow reactor. This approach eliminates the problem of taking into account the influence of multiparticle collisions, and as a result makes it possible to describe both diffusion-limited aggregation and the competition of various kinetic mechanisms that occur at different characteristic times. Based on the developed algorithm, a calculation scheme was developed for the case of a three-dimensional stochastic lattice. It was shown that the number of clusters of orders higher than five is significantly less than the clusters with the lowest orders in the reactor volume

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
PEDAGOGICAL SCIENCES, HUMANITIES

ӘОЖ: 371.333

А.М. Абдухалыков[1], Э.Ж. Искандирова[1], Г.А. Шагиева[1], Б.О. Сахова[1], Ж.Б. Жақсыбаева[2]

[1]м.ғ.д., профессор м.а, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]м.ғ.к., доцент м.а, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]м.ғ.к.,доцент м.а, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]медицина магистрі, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

[2] оқытушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

«ТЕРАПИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДӘРІГЕР ИНТЕРНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮШІН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Түйін

Бұл мақалада болашақ дәрігерлерді дайындау барысында қолданылатын білім берудің белсенді тәсілдері, соның ішінде мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану мүмкіндіктері жайлы мағлұмат берілген. Жоғары медициналық оқу орнында интерндерді дайындауда пәннің ғылыми білімдерінің жүйелік негізін құрайтын, ғылым мен техниканың сәйкес саласының жағдайы мен даму болашағын ашатын, студенттерді аса күрделі, маңызды мәселелерге шоғырландыратын, олардың белсенді танымдық белсенділігін ынталандыратын дәрістер өте маңызды. Соның ішінде мультимедиалық құралдардың белсенділігі жоғары және шығармашылық ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге, бұл тәсіл визуализациялық әсер бере отырып, дәрігер – интернге материалды, өзекті клиникалық жағдайларды жақсы игеруге көмектеседі және оқылған тақырыптар бойынша қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді, материалды шығармашылық тұрғыда игеруге ықпал етеді.

Кілттік сөздер: мультимедия, диагностика, емдеу, құралдар, инновация.

Кіріспе

Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі - мультимедиалық технологияларды оқыту процесінде пайдалану.

Білім беру жүйесінің жаңа талаптарын ескере отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиалық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан да, оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, онан әрі зерттеу маңызды болып табылады [1, 2].

Жалпы алғанда, мультимедиалық технологияларды білім беру саласында дер кезінде игеру және тиімді пайдалану бүгінгі күндегі маңызды қажеттіліктердің қатарынан саналады.

Қазіргі таңда электрондық оқулықтарды, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, дыбыстық және бейнелік оқу материалдарын пайдалануда қолданылатын мультимедиалық технологиялар оқыту процесіндегі инновациялық әдістерді жүзеге асыратын бірден бір жаңа ақпараттық технология болып саналады [1, 3].

Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық процесте мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалана алатын дәрігерлерде даярлау; 2) оқу орындарының ақпараттық технологиялар базасын үнемі

жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім беруді дамытуға бағытталған бағдарламалар негізінде жаңаша сипатта жүргізу.

Оқытудың жаңа технологияларын қолдану интерндерге стандартты емес клиникалық жағдайларды және науқастарды диагностикалау мен емдеуде кездесетін мәселелерді талдауға көмектеседі. Жоғары кәсіби білімнің дамуы инновациялық үрдіс арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Дұрыс туындаған мәселелерді шешу қабілеті терапевтік науқастарды диагностикалау және емдеу процесінде маңызды құзыреттілік болып табылады. Дәрігер-интерндерге болашақ жұмысында процестің мәселелерін дұрыс шеше білу дағдыларын дамыту үлкен маңызға ие және жұмысты ұйымдастыруда өте маңызды.

Жоғары медициналық оқу орнында интерндерді дайындауда пәннің ғылыми білімдерінің жүйелік негізін құрайтын, ғылым мен техниканың сәйкес саласының жағдайы мен даму болашағын ашатын, студенттерді аса күрделі, маңызды мәселелерге шоғырландыратын, олардың белсенді танымдық белсенділігін ынталандыратын дәрістер өте маңызды. Соның ішінде мультимедиалық құралдардың белсенділігі жоғары және шығармашылық ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді [4, 5].

Мамандар дайындау жүйесінде ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану оқу орнының педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметінің келесі мазмұны:

- білім мазмұнын іріктеу мен қалыптастыру әдістері мен технологияларын жетілдіру;
- информатика мен ақпараттық технологияларға байланысты оқытудың жаңа арнайы оқу пәндері мен бағыттарын ендіріп дамыту;
- информатикаға тікелей байланысты емес дәстүрлі пәндердің көбісін оқытуға өзгеріс енгізу;
- оқыту тиімділігін оның дараландырылуы мен сараландырылуы деңгейін өсіру, қосымша мотивациялық (қызығушылық) тетіктерін пайдалану арқылы арттыру;
- оқу үдерісінде әрекеттістіктің жаңа түрлерін ұйымдастырып, оқытушы мен оқушы қызметінің мазмұны мен сипатын өзгерту;
- білім жүйесін басқарудың механизмдерін жетілдірудің елеулі мүмкіндіктерімен байытылуына әкеп тірейді.

Интернатурадағы оқытудың тиімді әдістерінің бірі - лекциялық материалдар мен практикалық сабақтарға мультимедиялық технологияны қолдану. Олар презентация кезінде иллюстрациялар, сипаттамаларды қолдануға, егжей-тегжейлі түсіндірулер жасауға және құбылысты жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпаратты қабылдауы жақсара түседі, білімі тереңдейді, шығармашылық ойлау қабілеті дамиды, оқу эффектісі артады, зияткерлік дамиды.

Қазіргі таңда білім беру саласында қолданылатын бейнематериалдар мультимедиалық құралдар арқасында сапа жағынан алға жылжығаны анық. «Мультимедиа» сөзі әртүрлі мағыналарға ие екенін түбегейлі түсіну керек. Мультимедиа - бұл:

- зерттеме, функциялау, әртүрлі ақпаратты өңдеуге өңдеу құралдарын пайдалану тәртібін түсіндіретін технология;
- әртүрлі типтегі ақпаратты өңдеу және тарату технологиясының негізінде пайда болған ақпараттық жүйе;
- әртүрлі типтегі ақпаратты тарату және өңдеуге байланысты компьютерлік бағдарлама;
- әртүрлі типтегі ақпараттармен жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін компьютерлік-аппараттық жүйе;
- өз алдына визуалды (мәтін, графика) және динамикалық (сөз, әуен, бейнефрагмент) ақпараттарды біріктіретін ақпараттың бір түрі.

Мультимедиа жүйесінің пайда болуы адамның көптеген қызметтік арнасында революция жасады. Мультимедиа технологиясының ең кең қолданылған саласы – білім беру орталығы. Себебі, мультимедиа саласында жасалған ақпараттық құралдар білім беру жүйесінде білімнің тиімділігін арттырады. Мультимедиа өзінің интербелсенділігі, тереңдігі,

әртүрлі оқыту ақпараттарын интеграциялау сияқты сапасына және қасиетіне, сонымен бірге дербес ерекшелігін бағалауына, мотивацияны көтеруіне байланысты ең тиімді оқыту технологиясы болып табылады. Мультимедиалық технологиялар және Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдары өте тез дамып келуде [7,8]. Мультимедиалық технология мен құралдардың төмендегі әдістері аудиовизуалды ақпараттарды өңдеуде, мотивацияны жоғарылауда қолданылады:

- визуалды ақпаратты «манипуляциялау» (қабаттасу, ауыстыру) - әртүрлі аудиовизуалды ақпараттарды араластыру;
- анимациялы эффекттерді нақтылау;
- визуалды ақпараттарды деформациялау (суреттерді қысу, қысқарту, үлкейту);
- аудиовизуалды ақпаратты тарату;
- суреттерді бояу;
- өз алдына алмастырылуына керекті ақпараттың бөлігін белгілеп алу;
- бір экранда аудилвизуалды ақпаратты көбейтіп көрсету мысалы: бір терезеде бейнефильм, біреуінде – мәтін);
- нақты уақытта өтіп жатқан үрдістерді деформациялау.

Мультимедиа құралдарын медициналық білім беруде қолдануға қатысты артықшылықтар қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- оқыту үрдісінде интерндердің бірнеше қабылдау каналдарын қолдану, яғни әртүрлі сезім мүшелері арқылы қабылданатын ақпараттарды интеграциялау негізінде қол жеткізіледі;
- күрделі, қымбат немесе қауіпті нақты эксперименттерді (мысалы, коронарография, стентілеу, микрооперацияларды) модельдеу мүмкіндігі;
- үрдістерді динамикалық түсіндіру негізінде ақпаратты көрсету (науқастың анамнезіндегі және зерттеу кезіндегі обьективті мәліметтерін, лабораторлық және аспаптық зерттеу нәтижелерінің емге дейінгі, ем барысындағы динамикасын салыстыру);
- микро және макроәлемдегі нысандар мен үрдістерді көрсету;
- интерндердің когнитивтік құрылымдары мен лабораторлық-аспаптық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау қабылетін дамыту мүмкіндігі.

Таңдалған проблемалық дәрісте мультимедиялық әдістерді қолдану, эпидемиология, этиология, патогенез, клиникалық белгілері, диагностиканың семиотикасы толық сипатталады. Бұл мазмұнға қызығушылықты арттырады және интерн – дәрігердің болашақ қызметіне кәсіби дайындықты арттырады. Ішкі аурулар клиникасындағы негізгі патологиялар туралы бейне материалдарды қолдану материалдарды ұсыну сапасын жақсартады [6, 8].

Практикалық сабақтарда мультимедиялық құралдарды қолдану зерттелетін материалды жақсы қабылдауға және оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді. Практикалық сабақтың тақырыбында оқу фильмдерінен алынған үзінділер оқылған материалдың жақсаруына және жинақталуына ықпал етеді.

Мультимедиялық құралдар визуализацияның әсерін тигізеді, дәрігер – интернге материалды жақсы игеруге көмектеседі және оқылған тақырыптар бойынша қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді, материалды шығармашылық тұрғыда игеруге ықпал етеді.
Мультимедиялық технология синкретикалық дайындыққа, яғни материалды визуалдық және есту арқылы қабылдауға, оны басқаруға белсенді қатысуға, қайта талдауды қажет ететін бөлімдерге оралуға мүмкіндік береді [7, 9, 10].

Қорытынды

Осылайша, практикада терапевтік пәндерді оқыту саласында оқу процесінде мультимедиялық технологияны қолдану артады, өйткені кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білім әрқашан тез өзгеріп отырады. Сонымен, қазіргі заманға сай мультимедиалық құралдар өзінің мүмкіндігімен көптеген технологиялық білімді жаңаша жетілдіруге, оны қолдану мақсатында ең сенімді технологиялық құралдарды, әртүрлі

ақпараттарды жақсы пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ушакова В.А., Симонян Е.В.. «Фармация» мамандығы бойынша оқитын жоғары сынып оқушыларында практикалық дағдыларды қалыптастыру процесінде іскерлік ойынның рөлі. «Жоғары медициналық және фармацевтикалық білім беруді оңтайландыру: сапа менеджменті және инновациялар», «Жоғары медициналық және фармацевтикалық білім беруді оңтайландыру: сапа менеджменті және инновациялар» II ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, Екатеринбург, 2012, Б. 108-109.
2. Абдухалықов А.М., Шагиева Г.А., Искандирова Э.Д., Сартаева Қ.А., Сахова Б.О. Медициналық білім берудегі инновациялық бағыттар. // Сенбіде «Болон процесі және Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі реформалар» халықаралық семинар материалдары. Түркістан, 2011, Б. 103-106.
3. Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации. М.: ВЛАДОС, 2010, 334 с.
4. Красильникова В.А. Информатизация образования: понятийный аппарат //Информатика и образования, 2009, №4, С.21-27.
5. Есжанов А. Электрондық мультимедиа: ресурстары мен құралдары. //Қазақстан мұғалімі, 2008, №7-8, Б.45-48.
6. Егорова Ю.Н. Теоретические и практические аспекты мультимедиа технологии: монография. Чебоксары: НАНИ ЧР, 2008, 189 с.
7. Каптеров А.И. Мультимедиа как социокультурный феномен. Москва: ИПО Профиздат, 2002, 224с.
8. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н., Бостанов Б.Ғ. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Алматы: Дәуір, 2014, Б. 40-49.
9. Little D. Interactive video and the control of learning. Educational technology, 1991, no. 1, pp. 7-15.
10. Jonassen D.H. Computer in the classroom. Englewood cliffs: Prentice Hall. 1996. no. 3, pp. 8-12.

Аннотация

В данной статье изложены сведения о возможностях широкого использования активных методов преподавания, в частности мультимедийных технологий в подготовке врачей. Лекции в высших учебных заведениях, составляющие системную научную основу предмета, раскрывающие состояние и перспективы развития соответствующей области науки и техники, концентрирующие внимание студентов на наиболее сложные и важные вопросы, стимулирующие их активную познавательную деятельность, очень важны в подготовке врачей-интернов. Мультимедийные инструменты способствуют высокой творческой активности и креативному мышлению. Между тем, данный метод влияя на визуализацию помогает лучшему усвоению материала и дает возмжность получения допонительной информации по пройденным темам, способствует усвоению материала с творческой точки зрения. Метод также способствует синкретической подготовке, следовательно восприятию визуально и на слух и активному участию в управлении материалом, возврату в те разделы, которые требуют повторного разбора.

Abstract

This article provides information on the possibilities for the widespread use of active teaching methods, in particular multimedia technologies in the training of doctors. Lectures in higher education institutions that make up the systemic scientific basis of the subject, reveal the state and prospects of development of the corresponding field of science and technology, concentrate students' attention on the most complex and important issues, stimulate their active cognitive activity, are very important in the preparation of interns. Multimedia tools contribute to high creative activity and creative thinking. Meanwhile, this method, influencing visualization, helps to better assimilate the material and gives the possibility of obtaining additional information on the topics covered, and helps to assimilate the material from a creative point of view. The method also promotes syncretic preparation, therefore visual and auditory

perception and active participation in material management, return to those sections that require re-analysis.

УДК: 371.388

А.М. Абдухалыков, Э.Ж. Искандирова, Г.А. Шагиева, Б.О. Сахова, Г.И.Абралиева
д.м.н., и.о. профессора, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Шымкент, Казахстан
к.м.н., и.о. доцента, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Шымкент, Казахстан
к.м.н., и.о. доцента, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Шымкент, Казахстан
магистр медицины, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Шымкент, Казахстан
старший преподователь, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Шымкент, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СЕМИНАРОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ У ВРАЧЕЙ-ИНТЕРНОВ НА КАФЕДРЕ ТЕРАПИИ

Аннотация

Семинары являются одним из действенным, эффективных форм обучения в общей системе организации преподавания всех медицинских дисциплин. Следует отметить, что каждый из трех основных компонентов учебного процесса (тематические лекции, семинары, самостоятельная работа) выполняет свои специфические функции, поэтому они дополняют друг друга в едином процессе подготовки врачей-интернов терапевтов. Структурными элементами семинара становятся учебная проблема, проблемная ситуация, проблемный вопрос. Выделяя узловые вопросы темы семинара, преподаватель последовательно объединяет их так, чтобы активизировать внимание аудитории, обеспечить совместный поиск решения. Проблемность вопросов, рассматриваемых на семинаре у врачей-интернов, может быть обеспечена игровым началом семинара, в основе которого используются реальные ситуации, клинические случаи редких заболеваний жизненно важных для будущей деятельности специалиста.

Ключевые слова: семинар, обучение, инновация, врач-интерн, последипломное образование.

Введение

Современная технология обучения сегодня не способна подготовить специалистов с конкурентоспособным уровнем квалификации, поэтому «технологическая» реформа вузовского образования является составляющей частью процесса модернизации высшей школы.

Идеи отечественной педагогики сотрудничества, личностно-ориентированного образования, деятельностный подход к обучению, идеи «опытного учения», диалога как основы человеческого сознания и общения, а также технологии опережающего обучения, развития критического мышления, проектного обучения, группового взаимодействия, технологии тестирования, информационные и коммуникационные, технологии модульно-рейтингового обучения наиболее приемлемы сегодня. В состав модулей включены, кроме лекционных занятий, индивидуальные задания студентам, которые должны быть выполнены к семинарскому занятию этого модуля. Семинарские занятия предполагаются в каждом модуле, выполняя функцию рубежного контроля знаний, а также позволяя в дискуссиях выявить вопросы, которые не получили должного внимания студентов [1, 2].

Формирование навыков самостоятельного, критического мышления студентов - одна из главных задач, которая продиктована общими целями современного образования.

Одной из форм практической деятельности, в рамках которой решается поставленная задача, является семинарское занятие. Сама по себе семинарская форма занятий (с лат. semmarium означает «рассадник, посев знаний») известна очень давно, с древнегреческих и римских времен. Как активная форма обучения, семинар выполняет особую функцию - способствует формированию постоянно-привычного состояния размышления, поиска, сосредоточенности [2, 3].

Немаловажное значение в процессе обучения в ходе учебных занятий за ним семинарские (практические) занятия. Образовательная цель предполагает усвоение научных знаний, формирование специальных умений и навыков. В ходе семинарских занятий оценивается знания студентов и поэтому важное значение имеет мотивация обучения. Для того чтобы получить положительные результаты надо мотивировать, то есть пробудить интерес к тем или иным знаниям и к процессу их получения.

Семинар – это одна из форм обучения, в которой теория обязательно опирается на практику, то есть приложение теорий к практике. Это обучающие занятия, построенные таким образом, чтобы быть максимально эффективным и запоминающимся. Слово семинар происходит от латинского seminarium – рассадник.

Цель проведения семинарских занятий – систематизация, углубление и закрепления теоретических знаний, а также расширение знаний по организации и управлению финансами, а также развитие навыков самостоятельной работы и овладения методикой исследования.

В процессе проведения семинарских занятий студенты углублено изучают специальную и периодическую литературу, статистические данные, учатся применять теоретический материал и всесторонне его анализировать.

Для того, чтобы семинар был эффективной формой обучения, необходимо выполнить ряд условий и правильно организовать занятие. В начале необходима разработка семинара, то есть концепцию проведения, которая включает в себя постановку целей семинара, определение тематики, форму, продолжительность, а также определение общей информационной и содержательной направленности.

Организация и проведение семинарских занятий оценивается на конкретных принципах к которым относится:

- доступность – обучение должно строиться на уровне возможности студентов, чтобы они не испытывали физических, интеллектуальных и моральных перегрузок; систематичность, последовательность – логическая связь учебного материала, опора на предыдущий материал;
- связь с жизнью – единство теорий и практики пути применения знаний в будущей работе, жизни;
- наглядность – привлечение средств, воспринимаемые студентами (зрительно, слуховые и т.д.).

Проведение семинарских занятий предусматривает использование разнообразных методов обучения:

- словесные: рассказ, беседа, объяснения, сообщения, доклад, эссе, рефераты.
- наглядные: иллюстрация, демонстрация, презентации;
- письменные: глоссарий, кроссворды, блок-схемы, составление таблиц, анализ данных;
- практические: письменный и устный опрос, свободный опрос, стандартный опрос тестирование;
- игровые: деловые и ролевые игры, тренинги, блиц-опрос;
- самостоятельная исследовательская работа: работа с учебником, дополнительной и справочной литературой и электронными ресурсами.
- организационные: круглый стол, викторины, конференции.

В состав модулей включены, кроме лекционных занятий, индивидуальные задания студентам, которые должны быть выполнены к семинарскому занятию этого модуля. Семинарские занятия предполагаются в каждом модуле, выполняя функцию рубежного контроля знаний, а также позволяя в дискуссиях выявить вопросы, которые не получили должного внимания студентов.

При выборе формы семинарского занятия, прежде всего, определяется его цель: конкретно-учебная в пределах одного занятия и более отдаленная, стратегическая - в смысле формирования необходимых личностных качеств будущего специалиста, среди них, несомненно, способность к критическому мышлению. К настоящему времени методика проведения семинарских занятий достаточно разработана. По методике проведения семинарское занятие представляет собой обсуждение, дискуссию, ориентированные как на творческий характер студента с четкой и убедительной аргументацией, так и на приобретение более совершенных знаний. Они помогают проникнуть в суть изучаемых проблем, выработать методологию, овладеть методами анализа социально-экономических процессов [4, 5].

В настоящее время новые технологии преподавания развиваются достаточно интенсивно, в том числе и в сфере последипломного образования. За последние годы на нашей кафедре терапии Шымкентского медицинского института МКТУ имени Х.А. Ясауи активно внедряются новые инновационные методы обучения врачей-интернов по терапевтической дисциплине [1, 2].

В процессе обучения раскрываются такие понятия, как методика обучения дисциплине, эффективность технологии обучения, уровень подготовленности будущего специалиста. Несомненно, эти основные элементы преподавания необходимы для развития и улучшения качества процесса обучения врачей-интернов.

Семинары – одна из самых действенных, эффективных форм обучения в общей системе организации преподавания всех медицинских дисциплин. Следует отметить, что каждый из трех основных компонентов учебного процесса (тематические лекции, семинары, самостоятельная работа) выполняет свои специфические функции, поэтому они дополняют друг друга в едином процессе подготовки врачей-интернов терапевтов.

На семинарах врачи-интерны расширяют и совершенствуют знания, полученные в период обучения в высшем медицинском учебном заведении. Опыт показывает, что семинары по внутренним болезням при соблюдении требований методики их подготовки и проведения стимулируют врачей-интернов к изучению медицинской литературы, монографий, усиливают внимательное отношение семинарским занятиям. В процессе самостоятельной подготовки к семинару, а также в результате выступлений своих коллег с реферативной формой доклада по данной тематике интерны расширяют круг знаний, получают навыки самостоятельного мышления и публичного выступления [6, 7].

Семинары повышают эффективность обучения врачей-интернов терапевтов, так как:
– позволяют куратору систематически проверять и направлять работу интернов;
– помогают выяснить исходный уровень знаний интернов, изучить их мнения, сформировать логический и научный подход к оказанию терапевтической помощи пациенту.

Для семинарских занятий необходимо выделить такие понятия, как:
– объект изучения: внутренние болезни;
– предмет изучения: этиология, патогенез заболевания и алгоритм диагностики и лечения терапевтической помощи при данной патологии;
– методы исследования: клинические и лабораторные, наблюдение;
– создание ориентировочной основы действия, или алгоритм действия при данном заболевании [8].

На нашей кафедре семинар состоит из двух частей: разбор теоретического материала и работа с пациентом. Изначально проводится определение исходного уровня знаний путем

опроса, что позволяет преподавателю составить представление о том, на какие моменты ему следует сделать акцент при изложении теоретического материала по теме. Далее следует реферативный доклад обучающихся, который они заранее подготовили. Врачи-интерны терапевты используют для созданий презентаций компьютерные технологии, рентгенограммы, ЭКГ, фотографии и др. Для проведения теоретической части преподаватель делит материал на блоки, составляются схемы и таблицы для лучшего восприятия и наглядности информационной части. Затем проводится обследование и разбор тематического больного, рассматривается клинический случай. Особое внимание уделяется сравнительным характеристикам сходных по клиническим проявлениям заболеваний, обоснованию действий врача и их цели (профилактика, диагностика, лечение, реабилитация). Врач-интерн терапевт должен освоить алгоритм составления плана лечения пациента. Это способствует формированию логического мышления и клинического восприятия при данном терапевтическом заболевании, активизирует усвоение прослушанного теоретического материала. В конце семинарского занятия преподаватель отвечает на вопросы интернов, возникшие в ходе семинарского занятия, проводит итоговый контроль знаний путем опроса либо тестирования интернов, что позволяет определить уровень усвоения ими данной темы.

Заключение

Наш опыт свидетельствует, что такая форма проведения семинаров у врачей-интернов терапевтов значительно повышает их уровень как клиницистов, позволяет сформировать логическое и клиническое мышление, а также дает стимул к повышению самообразования будущих врачей.

Список литературы

1. Абдухалыков А.М., Шагиева Г.А., Искандирова Э.Д., Сартаева К.А., Сахова Б.О. Инновационные направления в медицинском образовании. - В сб. материалов международного семинара «Болонский процесс в и реформы в системе высшего образования Казахстана». Туркестан, 2011, С.103-106.
2. Латюшина Л.С., Павлиенко Ю.В., Финадеев А.П. Опыт применения семинарских занятий у врачей-интернов на кафедре хирургической стоматологии ГОУ ВПО ЧелГМА Росздрава. Материалы II научно-практической конференции «Оптимизация высшего медицинского и фармацевтического образования: менеджмент качества и инновации», Челябинск, 2008, С. 100-101
3. Педагогика и психология высшей школы : учебное пособие / под. ред. М. В. Булановой-Топорковой. Ростов н/Д : Феникс, 2002, 544 с.
4. Зеленков М.Ю. Особенности организации учебных занятий на кафедре «Общественные науки» Учебно-методическое пособие. М.: Юридический институт МИИТа, 2011, 102 с.
5. Сластенин В.А. Педагогика: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – 3-е изд., стереотип. М.: Изд. Центр «Академия», 2004, 576 с.
6. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года № 1118. Доступно на: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30906915#pos=1;-119 (от 18 января 2020 года).
7. Портер М. Конкурентное преимущество: Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость / пер. с англ. Е. Калининой. М.: Альпина Бизнес Букс, 2008, 715 с.
8. Fred M. Hayward, Daniel J. Ncayiyana. A Guide to Strategic Planning for African Higher Education Institutions Sunnyside. Pretoria, Centre for Higher Education Transformation (CHET), 2003. 67 p.

Түйін

Мақалада қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін жаңашаландыру әдістері мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген семинарлық сабақ туралы жазылған. Семинарлар - барлық медициналық

пәндерді оқытатын ұйымдарда қолданылатын тиімді, қол жетімді тәсілдің бірі болып табылады. Оқу үрдісінің негізгі үш компонентінің өзіндік ерешеліктері бар және олар бір-бірін толықтырып отырады. Соның ішіндегі семинарлық сабақтардың құрылымдық элементін белгілі бір өзекті мәселе, өзекті сұрақ немесе жағдай құрайды. Семинар тақырыбының түйіндік сұрақтарын бөле отырып оқытушы аудиторияның назарын белсендіруге тырысады және мәселенің шешімін бірге табуға ықпал етеді. Семинар барысында талданатын сұрақтың өзектілігін болашақ маманның жұмысымен байланыстыра отырып рольдік ойын түрінде жеткізуге болады.

Abstract

Seminars are one of the most effective, effective forms of training in the general system of organization of teaching all medical disciplines. It should be noted that each of the three main components of the educational process (thematic lectures, seminars, independent work) performs its specific functions, therefore they complement each other in a single training process for interns of general practitioners. The structural elements of the seminar are a training problem, a problem situation, a problem question. Highlighting the key issues of the seminar topics, the teacher sequentially combines them in such a way as to enhance the audience's attention and provide a joint search for a solution. The problematic nature of the issues addressed at the seminar can be provided by the game beginning of the seminar, which is based on a real situation that is vital for the future work of a specialist.

ӘОЖ 82-1

Н.Б. Ағалиева, Ф. Е. Нанай, А. Рысбек

ф.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар Қазақстан

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ЛИРИКАСЫ

Түйін

Адамзаттың дамуымен әдебиетте те, лирикада өсуін тоқтатпайды. Қазіргі кезде лирикаға байланысты зерттеулер көп. Алайда, өзінің жалынды жырларымен жүректен орын алып жүрген біртуар ақынымыз Ұлықбек Есдәулет шығармашылығы жайлы мәліметтер жоқтың қасы. Мақалада ақын туындылары, оның лирикасы, тақырыптық және идеялық негіздері, көркемдік ерекшелігі сөз етілді. Ақын шығармалары тақырыптық жағынан әртүрлі. Атап айтқанда, балаларға арналған өлеңдер, махаббат, табиғат, достық, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайлы туындыларымен қоса әңгімелері де бар. Соның ішінде мақалада табиғат және махаббат лирикасы, еліміздегі экологиялық мәселелері кеңінен қарастырылды. Ұ. Есдәулет өз өлеңдерінде бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін ұтымды жеткізе отырып, оқырманға салмақты ой сала біледі. Жалпы, лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, ақын өлеңдерінде соның бәрі бар. Ұ. Есдәулет өлеңдері әр қазақ оқуы тиіс, кең көлемді мол қазына, тереңі таусылмас асыл мұра десек қателеспейміз.

Кілттік сөздер: әдебиет, поэзия, лирика, тақырып, идея, сюжет.

Қазақ әдебиетінде лирика жанрын зерттеу қай дәуірде болмасын өзекті және қажет. Адам жасаған сайын, әдебиет те жасай бермек, әдебиет зерттелгенде, лирика да зерттелуін тоқтатпайды. Бүгінде лирикаға байланысты әртүрлі ғылыми еңбектер жарық көруде. Соның ішінде жеке ақын шығармашылығына байланысты еңбектер де аз емес. Әйтседе, шындық пен шынайылықты ту етіп жүрген ақынымыз Ұлықбек Есдәулет лирикасы жайлы мәліметтердің аз екендігін айта аламыз. Мақсатымыз –ақындығына батылдығын серік еткен қаламгеріміздің шығармашылығымен аз да болса таныс болу, лириканы сөз ете отырып, қоғамның өзекті мәселелерін оқырманға жеткізу. Осы тұрғыдан келгенде, мақала әдебиеттану ғылымы үшін қоғамның рухани-дамуы үшін өзекті болуымен ерекшеленеді.

Әр заман поэзиясының өзіңе лайық үні, өзіне лайық күйі бар. Поэзия – қашанда жаңарып, өзгеріп отыратын заман ағымымен ылғи даму үстінде болатын әдебиеттің ерекше саласы. Әр кезеңдегі ақындардың өз жаңалықтары бар. Сондықтан лириканы зерттеу қай кезеңде де болсын қажет етеді. Ақиық ақын Ұ. Есдәулет поэзиясының көркі, лирикасының сезімшілдігі мен сыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы оқырманын талай рет тамсандырып, өзіне тәнті етуде. Ұ. Есдәулетті бүгінде қазақ поэзиясында өзіндік қолтанбасын танытып үлгерген ақын десек қателеспейміз. Ол XX-XXI ғасырдағы қазақ поэзиясында өзінің ерекше стилімен оқырман жүрегінен жол таба білді.

Ә. Кекілбаев ақын жайлы: «Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабы» ескі ауылдың төсек қабы сияқты. Іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Бәрінен де жиырма ғасыр бойы талай қапысы кетіп, жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгірте аласыз [1].

Т. Медетбековше айтсақ: «ақын өлеңдері бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, тереңдей түсті. Қазіргі қазақ поэзиясының принципті сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз. Оның образды ойлау жүйесі бүгінде кең ауқымдағы, кейде бүкіл адамзаттық, кейде тұрмыстық характерлердегі ассоцияларды қамти алатын қабілетке ие. Бұл сөз жоқ, ақын масштабының кеңдігін, оның толысып өскендігін көрсетеді» [2, 22]. Иә, ақын жайлы қай пікірді алып қарасақта оның заманымыздың нағыз жыршысы екенін көреміз. Ақын шығармашылығының тереңдігі, кеңдігі ерекше. Идеялық мазмұны, көркемдік болмысы алуан әрі күрделі. Көркем бейнені бір арнаға тоғыстыра білген. Өлеңдерінің тақырыптары сан алуан: экология, махаббат, әлеуметтік мәселелер, адамдар мен тағдырлар, уақыт пен кеңістік, табиғат жайлы т.б. Әр шығармасының өзіндік зілдей салмағы бар десек артық болмас.

Лирика жайлы сөз қозғағанда ұлы ақынымыз Абайдан бастамау мүмкін емес. Қазақ жазба поэзиясының негізін қалаған Абай шығармалары әлемдік жауһарлар қатарында өзінің көркемдігімен ерекшеленеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп жырлаған Абай өлеңдеріндегі қоғамның өзекті мәселелері Ұ. Есдәулет шығармаларында жалғасын тапқандай. Мысалы Абай шығармасындағы ойды ақынның мына бір туындысынан байқаймыз:

Қазақия-азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан,
Сөз саптаған сүйлейім;
- Қанға-қан! – деп,
- Жанға-жан! – деп,
Атам қазақ үйреткен,
Өтті ғасыр сандаған көп,
Ақ сойылын сүйреткен [3].

Ұ. Есдәулет шығармашылығының ең биік шыңы бұл оның табиғат лирикасы. Айталық ақынның 1999 жылы жазылған «Қара ертіс» өлеңі ерекше бір философиялық толғанысты шертеді. Ертісті бақсыға теңеген ақын «Қара Ертіс – қара қайғымсың» деп қазақтың ортақ қайғысын айтып отырғандай. Осы өлеңінен бірер шумақ келтірсек:

Қара Ертіс, маған ай-күнсің,
Қарқара толқын айбынсың,
қазаққа қызыр айдынсың,
қай күні бізден айнырсың,
қай күні теріс ағар деп,
қан жұтқан менің қайғымсың!?
Қара Ертіс – қара қайғымсың!...[3]

Ақын бұл шумақтарда басын Қытайдан алатын Қара Ертісті көрші алпауыт мемлекеттің

тасадан бұрып алу қаупі бар екендігін, Іле мен Ертісті олар алып жатса қазаққа нағыз қайғы сол боларын жеткізгісі келді. Ұ. Есдәулет шығармаларының қай-қайсысы болса да оқырманға салмақты ой салмай қоймайды. «Қара Ертіске» ұқсас Арал теңізіне арнаған өлеңінің жөні мүлде бөлек.

Сенеміз бе?
Сенбейміз бе?
Қайтеміз?
Бүгін алшы неше түскен тәйкеміз.
- Аралым! – деп айқайлап кеп, күні ертең

деп жүрмейік «Арал деген қай теңіз?» [3] бұл шумақтардан ақынның күйініші мен жан айқайы сезілгендей күй кешесің. Зілді сарказммен жайбарақат жүрген қазақты бір нұқып алғандай. Тек бұнымен шектелмей дүниежүзін алаңдатқан Арал теңізінің әлі де қаупі бар екенін, өлең жолдарымен ашықтан-ашық, әрі көркем етіп жеткізеді. Сонымен қатар табиғат заңында болып тұратын, Жер-Ананың еркеліктерін де сөз етеді. Оңтүстік Алтай мен Сауыр, Тарбағатай жоталарының арасында жатқан мекенді ғажайып көркемдікпен суреттейді. Яғни туып өскен мекені Зайсанда болған жер сілкінісі жайлы сыр шертеді. Шумақтардан лирикалық қаһарманның ашынған сезімін зерделедік.

Ізде мені бұйрат құмның буынан,
ізде мені әбжыланның уынан,
мен –Аралмын,
һәм Ажалмын,
біліңдер,
білмегеннің кеңірдегін суырам![4]

Мен отырмын көк аспандай жыртылып,
жанарыма жас кеп қалды іркіліп,
сонау-сонау...
ақша бұлттар астында
жатыр менің туған жерім сілкініп...[4]

Ақынның елордамыздағы жыл мезгілдерін құбылта суреттеуі оқырманға ерекше әсер береді.

Астанада түн ауды,
Ақ түтек қар шұбаулы,
Үрлеп тұрмын деміммен
Әйнектегі қырауды.

Ақ құйынның ұршығы,
Көше айналып тыншыды,
Қыз ұзатып жатқандай
Қарлы боран сыңсуы [3].

Астанаға күз келіпті-ау тағы да,
Бір кездегі көрік, сәулет бақшада аз.
Дәурен сүрген бұтағынан – тағынан,
Құлап жатыр жапырақ боп патша – жаз.
Жыпырлаған жаңбыр жерге бас ұрып,
Шытырлаған шығарады саз бөтен.
Қимастықпен Алатауға асылып
Жылап тұрған бұлттар емес, жаз ба екен? [3]

Иә, табиғатты адаммен байланыстырып сүреттеуі, алай-дүлей боран дауысын қыздың

сыңсуына балап, жаз ұғымын бір ғана жапырақтың құлауына сыйғызып жіберуінен ақынның шеберлігін көреміз. Қ. Мырзалиев «Ұлықбектің көзі – суретшінің көзіндей. Қиядан шалады» [3] – демекші, дәл ақынға айтылған сөз.

Тек бұл ғана емес Ұ.Есдәулеттің махаббат лирикасы да азды емес-ті. Махаббат – адам өмірінің мәні мен тірегі, қолдаушысы. Махаббат өзіңді ғана емес, өзгені де жақсы көру. Ең бірінші Алланы сүю, содан кейін Отанға, туған жерге, ата-анаға, жарыңа деген ыстық сезіміңді білдіру. Махаббат – тек сүю емес, қамқорлық көрсету, мейірбанды болу, жақсылық істеу, көмек қол ұшын созу.

Ұ.Есдәулеттің махаббат лирикасы әрбір оқырманға ыстық десек қателеспейміз. Мына бір өлеңінде махаббатты романтикалық суреттеу өзінше көрініс табады. Ақын мөлдір көзді, қыпша белді, қазақ аруына сезімін былайша жеткізеді:

Сыңар аққу іздеп тапты егізін,
Сенсің менің еркелеген теңізім.
Жағадағы жартас тектес жанымды
Жібітеді сенің ғана лебізің.

Сенсің менің шөлім қанбас кәусарым,
Көрген сайын,
сүйген сайын аңсадым.
Неткен сиқыр
менің қара шашымды
Салалап бір сипап өткен саусағың! [4]

Өшірген өртті сөндірем деген,
Қарлығаш құстың ниетін,
Көңілде көлім мөлдіреуменен,
Жан едім жастан сүйетін [4].

Өзің – жартасқа, сүйгенің – аққуға балап, метафораларды шебер қолдана білген. Шығармаларындағы сұлулықты нәзіктікпен үйлестіре ықшам жеткізе білуі және оның ұйқаспен байланысы оқырманды таңқалдырмай қоймайды. Бұл әрине нағыз ақынға тән шеберлік. Ақын туындыларындағы махаббат тақырыбынан орын алатын тағы бір жырлары – ата-анаға арнау. Әр адамның өміріндегі ең орны бөлек, баға жетпес алтын жандары – отбасы. Ұ. Есдәулет анасының үнін, әкесінің мейірімін сағына отырып жырлайды.

Құс болып ұшып келмедім,
шыға алмай қапас қаладан,
шөлдедім қатты, шөлдедім,
мейіріміңе, жан Анам.

Сағындым,
төзім таусылды,
бұлаңдап өскен балаң ем,
«Құлыным» деген даусыңды,
Қайталаса екен бар әлем [4].

Әке, сені ойласам,
Жас толады көзіме.
Өкінемін қай-қашан,
Ет-жүрегім езіле.

Еске түсе бересің,
Қадіріңді сездіріп,

Көз алдымда – елесің,
Кеткендейсің көз қылып [4].

Иә, бұл аяулы жандардың орның ешкім баса алмайды. Ата-ана мейірімі, қамқорлығы, тәрбиесі мен үлгі-өнегесі кім-кімге де болсын қымбат. Ақын әкесі өлім аузында жатқан сәтіндегі жан тебірентерлік толғанысын былайша жеткізеді:

Кірпікті әнтек көтердің,
Көзің қайда өміршең?
«Міне, балам, әкеңнің
Шаруасы бітті...» -дедің сен.

Дәрмені жоқ ұлың –зар,
Асқар тауым, кеше гөр.
Сенбес едім бұрындар
«Тау өледі» десе егер[4].

Өлеңнің әрбір тармағынан ақын мұңы мен өкініші сезіліп тұрғандай. Әке алдындағы борышының өтелмегені ақын жүрегін тыншытар емес. Өз қайғысын жырларымен сәлде болсын жеңілдеткісі келетін секілді. Мұндай жырларынан бөлек ақынның әке мен бала арасындағы трагедияны көркем жеткізе білген атақты поэмасы – «Қара пима». Сюжетіне келер болсақ, қыстың қиын шағында анасынан айырылып, маскүнем әкеден жылулық таппай зар илеген баланы көреміз.

Ішуге сылтау тыбылар,
Ішемін – дейді, күйіктен.
Қызған соң айтар әні бар,

Өмір-ау – неткен сүйікті ең! – деп басталып әкесінің ащы су үшін баласының жалғыз пимасын алып кеткендігімен, баласының ана бейітіне барып, жоқтау айтып, үсіп қалуымен шарықтау шегіне жетеді. Әкесі өз кінәсін түсінгенде, барлығы кеш еді.

Енді әке пиманың
Керегі маған жоқ – деді.
Қараса.. кеште баяғы...
Пиманы сатып ант ұрған..
Үсіген екі аяғы
Кесілген екен балтырдан!.. – деп поэма аянышты трагедиямен аяқталады [4].

Ақын осылайша бүгінгі аға буынның кермек суға әуестігін қоғамның дерті деп жеткізеді. Сондай-ақ шығармадағы көршілердің баланың жағдайын жасап, қол ұшын беруі жүрегіне мейірім ұялатады. Алыстағы ағайыңнан, жақындағы көршің артық – деген мақалды еріксіз еске аласың. Жалпы поэманы ақын шеберлігінің шыңы десек қателеспейміз. Тек бұл ғана емес, Ұ. Есдәулет өзінің әр туындысында өмір шыңдығы мен қоғам қасіретін көрсете білген.

Ұ. Есдәулет жырларынан әдетте, «қарапайым әрекеттегі» лирикалық қаһарман бейнесін танимыз. Өлеңдері романтизмнен гөрі реализмге жақын. Шығармаларының көпшілігі шындыққа құрылып, туындыларында «шынайы» лирикалық қаһарман бейнесі көрініп отырады. Ақын жетістігі сонда, табиғатты өмір құбылыстарымен байланыстырып, өздігінше құбылта біледі. Табиғатты өмірмен тұтас жырлау арқылы қоғамдағы болып жатқан мәселерді оқырманға бүкпесіз жеткізеді. Сұлулық пен махаббат, адалдық пен адамгершілік ақын туындысында, қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Тағы бір айта кететініміз, ақынның қай жыры болмасын тақырыбы, идеясы, сюжеті, жазу шеберлігі жағынан да оқырманға өтімді. Оқуға жеңіл болғанымен мағынасы тереңде. Яғни Ұ. Есдәулет өз заманының уақыт тыныс-тіршілігін сезініп, бейнелей білген. Көркем бейнені бір арнаға тоғыстыра суреттеуде нағыз шебер.

Әдебиеттер тізімі

1. Оразалин Н. 3 томдық таңдамалы туындылар. Т. 1. Алматы: Жазушы, 2006, 368 б.
2. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім. Алматы: Өлке, 2001, 248 б.
3. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Өлеңдер. Астана: Елорда, 2012, 182 б.
4. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Өлеңдер. Астана: Елорда, 2000, 384 б.
5. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. Алматы: Жалын, 1995, 384 б.
6. Есдәулет Ұ. ЫІнтық зар. Лирика. Алматы: Атамұра, 2009, 368 б.
7. Есдәулет Ұ. Ғұмыр жас. Жырлар. Алматы: Раритет, 2012, 336 б.

Аннотация

С развитием человечества не прекращает расти как в литературе, так и в лирике. В настоящее время много исследований, связанных с лирикой. Но не хватает сведений о творчестве Улыкбека Есдаулета, который по своим зажигательным песням от сердца. В статье освещены произведения поэта, его лирика, тематические и идейные основы, художественные особенности. Произведения поэта разнообразны тематически. В частности, есть стихи, посвященные детям, рассказы о любви, природе, дружбе, нравственности, добра и зла. В статье рассмотрены вопросы экологии и экологии в стране. В своих стихах Есдаулет умеет умело выражать в своих стихах актуальные проблемы современного общества,умело мыслить читателю. В стихотворении поэта есть все, что ему присуще, как лирике. Не ошибся, когда стихи Есдаулет должны чтить каждого казахского народа, не ошибаюсь, не ошибаюсь, не ошибаюсь, не ошибаюсь, не ошибаюсь, не ошибаюсь, не ошибаюсь.

Abstract

With the development of humanity, it does not stop growing both in literature and in lyrics. There is currently a lot of research related to lyrics. But there is not enough information about the work of Ulykbek Esdaulet, who, according to his incendiary songs, is from the heart. The article highlights the poet's works, his lyrics, thematic and ideological foundations, and artistic features. The poet's works are varied thematically. In particular, there are poems dedicated to children, stories about love, nature, friendship, morality, good and evil. The article deals with the issues of ecology and ecology in the country. In his poems, Esdaulet is able to skillfully express the actual problems of modern society in his poems, and to think skillfully to the reader. The poet's poem has everything that is inherent in it, as a lyric, was not wrong when poems Esdaulet must honor each of the Kazakh people, and not wrong not wrong not wrong not wrong not wrong not wrong not wrong.

УДК 32

Ш. Әділова, С. Елғонова, Э. Ибрагимова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПОЭЗИЯ ЖАНРЫНЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Түйін

Мақалада музыка сабағында поэзия жанрының мазмұнының эстетикалық талғам мен пәнаралық байланысты қалыптастырудағы маңыздылығы сөз болады. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық музыкасы бар. Оның дамуы ұлттық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа деген көзқарасы, рухани өмір байлығы болып табылатын бай тарихи өмір жолымен тығыз байланысты. Соның ішінде ауыз әдебиеті шығармаларында қазақ халқының экономикалық және қоғамдық

құрылысы, тұрмыс-салты, эстетикалық өз көзқарасы бейнеленген. Музыкалық тәрбие эстетикалық, адамгершілік, еңбек және тәрбиесімен байланыстырыла жүргізілген жағдайда нәтижелі болмақ, баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруда музыка мен өнер, қолөнер қаншалықты қажет болса, әдебиетпен соның ішінде поэзиямен байланыстыра жұмыс жүргізу соншалықты маңызды болып табылады.

Кілттік сөздер: поэзия, музыка, қалыптастыру, мектеп, оқушы, рухани жаңғыру, адамгершілік, эстетикалық талғам, фольклор.

Қазіргі рухани жаңғыру мен жаһанданудың бел ортасында тұрған Қазақстан Республикасының білім беру саласының алдына қойған мақсаты ел тарихы мен мәдениетін меңгерген, білімді, саналы, зерделі, өнерлі және прагматик тұлғаларды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін орта мектептерде білім алатын оқушылардың бойында ұлттық сана қалыптастыру қажет. Ұлттық кодымызды әр баланың бойына сіңіру. Поэзия мен музыка бір-бірімен етене тығыз байланысты. Себебі бұл өнерлерді дамытып, халыққа таратушы тұлғалар өнердің бірнеше түрін меңгерген дарынды адамдар болды. Оқу-білім мен ғылым дамымаған шақтарда балаларды осы ән, күй, жыр, өлең, қисса, дастан т.б. әдеби мұралары арқылы тәрбиеледі. Қазақтың ұлттық поэзиясының өн-бойы бойында ұлттық нақыштарға толы болатын. Сондықтан қазақ халқы ұлт ретінде ана тілі сақталған, салт-дәстүрі бұзылмаған, өнері мен мәдениеті дамыған ел ретінде қалыптасып, XXI ғасырға аяқ басты. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті де өз деңгейінде дамыды.

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларына музыка сабағын оқыту барысында поэзияны пайдаланудың тиімді тұстарын анықтаудың қажеттілігі туындап отыр. Біз өмір сүріп отырған дәуірдің өзіндік ерекшелігінің бірі саналатын кезең, ұлттық рухымызды жаңғыртудың бел ортасында тұрмыз. Бұл кезеңде тәрбиенің атқаратын рөлі өте жоғары болып отыр. Еліміз тәуелсіздік алып егеменді ел болғалы саналы, жан-жақты, халқының салт-дәстүрін сыйлайтын, қайырымды да адамгершілігі мол, зиялы, мәдениеті мен білімі жоғары, заманның талабына сай келетін жаңа заманның адамын тәрбиелеу қажеттілігі туып отыр.

Тәрбие берумен айналысатын отбасы, балабақша, мектеп, орта арнаулы білім беретін, жоғары білім беретін оқу орындары мен мектептен тыс мекемелердің алдына бұл қажеттілік үлкен міндеттер қойып отыр. Музыкалық тәрбие өскелең ұрпаққа жан-жақты әсер етеді. XXI ғасырдың алдымызға қойып отырған талабынан музыкалық білім мен тәрбиені басқа салалармен байланыстыра жүргізу мәселесі туындап отыр.

Музыкалық тәрбие эстетикалық, адамгершілік, еңбек және тәрбиесімен байланыстырыла жүргізілген жағдайда нәтижелі болмақ, баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруда музыка мен өнер, қолөнер қаншалықты қажет болса, әдебиетпен соның ішінде поэзиямен байланыстыра жұмыс жүргізу соншалықты маңызды болып табылады. Оқушылардың көркемдік танымының өсуі жолында эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, дүниетанымы мен эстетикалық өнегесінің дамуына ықпал етеді. Қазақ халқының рухани құндылықтарын және дәстүрлі өнерді меңгереді.

Музыканың халық өнерінің басқа түрлерімен, әдебиетпен және тарихпен байланысын анықтайды. Жастардың сезім мәдениетін, қиялыныңэстетикалық әсерін дамытады. Қазақ халқының музыка өнерімен және қазақ халқының тарихында өткен ақын-жыраулар мен ақын-әншілердің озық шығармаларымен танысады. Көркем шығармашылық, орындаушылық қасиеттері дамиды. Музыка сабағында оқушыларға поэзияны оқытудың әдістерін жетілдіре түскен жағдайда жаңа ғасырда өмір сүретін, жан-жақты білімді, сегіз қырлы, бір сырлы қоғам дамуына өз үлесін қоса алатын тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Қазіргі таңда білім беру саласында ауқымды өзгерістер болып түрлі игі бастамаларға жол ашылуда. Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін артып, тың сапада ұйымдастыру қажет болып отыр. Осы орайда әрбір

сабақ беретін мұғалімнің оқытудың инновациялық іс-әрекетінің негіздерін меңгеруі талап етіліп келеді. Жаңа инновациялық технологияны пайдалану міндеттілігі туып отыр.

Сондықтан музыка сабағындағы оқушыларға сапалы білім беруде түрлі әдістерді қолдану барысында пәнаралық байланыстың рөлі күшейіп келеді. Яғни музыка мен поэзияны байланыстыру арқылы бала бойында сапалы білім мен тағылымды тәрбие берудің өзектілігі артып отыр.

Ғалым Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышында» өлеңді сөздің ерекшелігін қарапайым да ұғынықты етіп былайша баяндайды: «Сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиет сөзді айтқан кезде сағаттың шық-шық жүргені сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ – ырғағы болады. Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты екінші өңді ырғақ болады. Бұл ырғақ сөйлем ішіндегі буын санының бірдейлігімен келетін ырғақ» [1]. Поэзия ұғымы тарихи тұрғыдан ерте қалыптасқан. Қай халықтың әдебиетін алсақ та, поэзиясы ерте заманнан дамып өркендеген. Сөз өнеріндегі ертегі-аңыздар қара сөз түрінде келгенімен, поэзиямен жалғас туындады, ал көркем проза кейін қалыптасты. Сөз өнерін поэзия мен прозаға бөліп қарауданың мәні зор. Орыс әдебиеттанушысы В.Г. Белинский: «Поэзия-тұтас өнер, онда үн де, сурет те, айқын айтылған пайымды түсінік те бар. Ол бар өнердің ерекшелігін бойына жиып, бүкілінің ұйытқысы болады» дей келе поэзияны тегі мен түріне қарай лирикалық, эпикалық, драмалық жанрларға жіктеді. Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында поэзия үлгісін Абай шығармаларынан көретіндігін айтады. Қазақ әдебиеті 19 ғасырға дейін негізінен поэзия үлгісінде дамып өркендеді. Халық поэзиясы түрлі жанрларды қамтыды: өлең, эпостық жырлар, дастандар, т.б. Поэзия тарихи-әдеби процестің дамуына орай өркендеп, жаңа сипат-қасиеттерімен толығып отырды.

Тәуелсіз елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілесу саясатты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени - рухани мұраның жетістіктерін келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізі халықтық тәрбиеде. Күнделікті өмір мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, пайдалану үшін балалардың сезім-түйсігі ұшқыр, ақыл-ойы алғыр, терең білімді азамат болуы керек. Осындай ұрпақтың өмірге деген эстетикалық көзқарасы оның қызметінің барлық саласында көрініп тұрады.

«Мектеп музыка пәнінің музыкалық біліктілігіне лайықты яғни қандай аспаптарда ойнай алады, немесе үйірменің қай түрін жүргізгені мектеп тәрбие жұмыстарының деңгейін көтеру мақсатында жүргізіледі. Қазіргі мектептердегі негізінен жүргізілетін музыкалық үйірмелік жұмыстарға хор, оркестр, жеке аспаптар және вокал жатады. Мектепте музыкалық үйірмелік жұмыстары оқушының музыкалық тәжірибесін, шеберлігін, ұжымдағы өз жауапкершілігі мен белсенділігі, музыка өнеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізіледі. Үйірмеге қатысу арқылы оқушының болашақтағы өнер жолына деген кәсіптік бағдарды да, мамандық таңдауына да септігін тигізеді» [2]. Музыка пәні арқылы тәрбие беру тек қана жекеленген нысандарды елестете ұғыну ғана емес, ол мәдениетті сезіну мен түсінудің негізі. Бұл өмірге деген эстетикалық қатынасқа тығысатын барлық үйреншікті заттарға, дағдылы әлемге жаңа қатынас орнатады. Мұғалім үшін бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ оқыту процесіне мынадай міндет қойылады: оқушылардың музыка ұлттық қазына арқылы қызығушылығын ояту, шығармашылық қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра-орындаушылықты насихаттау.

Музыкадағы оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі басты мақсат - әрбір жас адамды қоғамның тірегі, рухани бай, мәдениетті, эстетикалық талғамы зор, өз Отанының елжанды азаматы етіп тәрбиелеу болып табылады.

Музыка өнері тек эстетикалық құрал ғана емес, оның өзге сипаттары да бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Бұл турасында, орта мектеп бағдарламаларында осы тұрғыдан да зер салып, әдістемелік тәсілдеріміздің мазмұнын байыта түсуіміз керек-ақ. Сондықтан да жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек сияқты. Бастауыш сынып

оқушыларының әсемдікті көре, түсіне, жасай білуі мен рухани өмірін байыту, туған еліне, жеріне, табиғатына деген сүйіспеншілігін және ұлтымыздың бай қазынасы - қазақ фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу - бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

«Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», - деп А. Жұбанов айтқандай, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы, музыка пәні мұғалімдерінің шеберлігіне тікелей қатысты [3].

Тәуелсіз елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілесу саясатты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени - рухани мұраның жетістіктерін келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізі халықтық тәрбиеде. Күнделікті өмір мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, пайдалану үшін балалардың сезім-түйсігі ұшқыр, ақыл-ойы алғыр, терең білімді азамат болуы керек. Осындай ұрпақтың өмірге деген эстетикалық көзқарасы оның қызметінің барлық саласында көрініп тұрады. «Адам өмірінің алтын бесігі – мектеп есігін ашқан ұрпаққа адам бойындағы адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір талабына сай заңдылықтардытүсіндіреміз» [4].

Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық музыкасы бар. Оның дамуы ұлттық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа деген көзқарасы, рухани өмір байлығы болып табылатын бай тарихи өмір жолымен тығыз байланысты. «Адам тәрбиесінің нәтижесі яғни адамдықтың негізгі белгісі көптеген ғұлама ойшылдар еңбектерінде кеңінен қарастырылған» [5].

Соның ішінде ауыз әдебиеті шығармаларында қазақ халқының экономикалық және қоғамдық құрылысы, тұрмыс-салты, эстетикалық өз көзқарасы бейнеленген. Яғни, қазақ халқының көшпелі өмірі оның көркем шығармасы дамуына әртүрлі ықпал жасады. Осы кезеңдегі өнердің көптеген түрлерінің - ауызша поэзияның, халық музыкасының, тағы басқа да тұрмыстық өнердің қарқынды дамуы болды. Қазіргі таңда Елбасының қолдауымен 100 кітап бағдарламасы жүзеге асып жатқандығы белгілі. Осы орайда Дж. Ривкин, М.Райан [6], Э.Аронсон [7] еңбектерінде жарияланған мақалалар да біз қозғап отырған мәселелерді кеңінен қарастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. А.: Санат, 1991, 295 б.
2. Құлмамбетов Б.Қ. Музыка эстетикалық төл тәрбие. // Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. Ғылыми-педагогикалық журнал, 2016, №25, 202 б.
3. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. Алматы: Өнер, 2001. 439 б.
4. Сүлейменова Р., Жұмалиева Г. Музыка пәнін оқыту әдістемесі. Астана: Фолиант, 2008, 232 б.
5. Әтемова Қ.Т. Педагогика негіздері. Астана: Университет, 2006. – 116 б.
6. Асанов Ж. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері: оқу құралы. Астана: Фолиант, 2015, 120 б.
7. Бабаев, С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: оқу қуралы. Алматы : NURPRESS, 2013, 416 б.

Аннотация

В статье изучено значение жанра поэзии на уроках музыки в формировании эстетического вкуса и межпредметных связей учащихся. Для формирования эстетического вкуса, пробуждения интереса школьников, использования национальной музыки, сформированной на протяжении веков, определяются эффективные стороны обучения в увязке с поэзией урока. В настоящее время на уроках

музыки особое место занимает казахская поэзия в воспитании образованной, художественной и красочной личности. В том числе в произведениях устной литературы отражено экономическое и общественное устройство казахского народа, образ жизни, эстетическое мировоззрение. В связи с тем, что устная литература и музыка являются древними ценностями, она имеет место в воспитании ребенка. В данной статье в процессе изучения музыкального урока раскрывается значимость художественного жанра поэзии в усвоении национальной специфики, предусмотренной в рамках духовной модернизации.

Abstract

In the article the content of the poetry genre in the music lesson is important in the formation of aesthetic taste and the interdisciplinary connection. The purpose of the education system of the Republic of Kazakhstan in the midst of modern spiritual modernization and globalization is to educate educated, intelligent, intelligent, talented and pragmatic people who know the history and culture of the country. To achieve this, a national consciousness of high school students is needed. Soak up our national code for every kid. Poetry and music are inextricably linked. Because those people who developed and distributed the arts were gifted people who mastered several types of art. Currently, there is a need for primary school students to identify the best ways to use poetry in teaching music. One of the epochs of the epoch we are living in is the moment of revival of our national spirit. At this stage the role of education is very high. Since the independence of our country, there is a need to bring up a new generation of people who is conscious, comprehensive, respecting the customs and traditions of the people, kind, kind, intellectual, with high culture and education.

ӘОЖ 37.013.28

А.С. Исабаева, А.А. Садыкова

п.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Түйін

Бүгінгі таңда XXI ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі; үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асы-рылады. Білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байқалып келеді. Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Кілттік сөздер: Қазіргі жаһандану процесі, рухани жаңғыру, инновациялық білімді қалыптастыру,“ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттықмүдде”, “ұлттық тәрбие” интеллектуалды ұлт.

Кіріспе

«Рухани жаңғыру» - еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жоғары мектеп үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуда. Бұл маңызды құжат жоғары

мектептің тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады. Осы мақсатта біз рухани білім беру бағдарламасын дайындау және жетілдіріп отыру негізгі міндеті болып табылатын «Мәңгілік ел» қоғамдық-гуманитарлық кафедрасын аштық. Жаңашылдықты ескі әдістермен оқытуға болмайтыны аян. Сондықтан да бағдарламаны жүзеге асыру аясында жобаның әдістерін оқу-тәрбие үрдістеріне кеңінен енгізуге бағыт алынды. Біздің таңдауымыздың негізінде прагматизм қағидасы тұр. Жобаның қызметі сөзден іске көшіп, қажетті қолданбалы икемділіктерге ие болуға мүмкіндіктер туғызу.

Теориялық талдау

Қазіргі таңда елімізде әлемдік 100 үздік оқулықты қазақ тіліне аудару жұмыстары басталып та кетті. Отандық университеттердің тұлғаны дамытуға қажетті әлемдік үздік оқулықтарды қазақ тіліне аудару бастамасын өздеріне алуға толық мүмкіндіктері бар. Бүгіндері біздің университет аталған бағыт бойынша 5 кітапты аудару жұмыстарына кірісті. Ұлы Абайдың философиясындағы танымдық-ағартушылық ойлардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көтерілген мәселелермен үндесіп жатқанын байқауға болады.

Абай философиясы еш уақытта ескірмейтін, замана сұраныстарына лайықты жауап табуға болатын жауһарлардың қатарында. Сондықтанда гуманитарлық саладағы білім беру және тәрбие ісінде Абайдай ойшылдарымыздың еңбектері де қолға алған тағдырлық маңызы үлкен осы ұлы іске септігін тигізері анық. Осы мәселелерді іске асыру үшін ең бірінші қажеттілік - жастарды Елбасының еңбектерімен кең ауқымды танысуға мүмкіндіктер туғызу. Бұл үшін біздің университет «Планшетті білім беру» жобасын әзірледі.

Мысалы, ақпараттық технология саласындағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңару үстінде. Бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніміз ізбе-із өкшелеп келе жатқан бәсекелесімізге орын беріп, жолдан ығысып, шығыпқалу деген сөз. Ал, сол жаңарған технологияны өз уақытында тілін тауып, жұмыстың мүддесінен шығудың өзі тым таппай ізденуді, білмегенімізді күні-түні үйренуді талап етеді. Жоғарғы технология саласын айтпағанның өзінде, қарапайым өмірде осыдан оншақты жыл бұрын компьютерді игеру дәл бүгінгідей жалпыхалықтық сипатқа ие болуы мүмкін еместей көрінуші еді. Өзіміз куә болып отырғандай, жағдай жылдам өзгерді. Бүгін кез келген жұмысты компьютерсіз елестете алмаймыз. Бұған итермелеп отырған да заман талабы. Бұдан былай білім берудің өзінің жаңа технологиясын игеру керектігін аңғартады. Яғни, білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға, тың қалыпқа негіздеу керек. Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр. Білім бәсекесі демекші, алған біліміміз басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса, онда уақыттың босқа шығын болғаны. Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты. Оның маңыздылығы да осында жатыр. Өйткені, білімді игеру – айтуға оңай болғанмен, жай шаруа емес, аса күрделі құбылыс. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады. Әйтпесе, төгілген тер де, кеткен шығын да, бәрі бекер. Бейімнің тасасында табандылық пен құш-тарлық, батылдық пен өз құнын білетін алғырлықтың жасырынып тұратыны белгілі. Ойымыз жұртшылыққа түсінікті болу үшін, оны үлкен кеңістікке алып шығып дамытуымыз қажет[1].

Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына,

психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [2].

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, яғни ұлттық мемлекет. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады. Сондай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгүрт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады [3].

Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері:

- Оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді шешуге даярлау;
- Өз халқының ғасырлар бойы қолжеткізген табыстарын бағалау;
- Ата-баба салтын, дәстүрліәдет-ғұрпымен қайта табыстыру;
- Мектептің тәрбие жүйесін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға негіздеу;

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару тәрбиешінің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа,

шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласының өзі мектепке дейінгі тәрбиеден бастау алатынын ескерсек, балабақша қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда тәрбиешілер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында пайдалана отырып, оның сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде [4].

Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез-келген педагогикалық ұжым, кез- келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн. Инновацияны ұйымдастыру барысында алға қойылған міндеттердің жүйелі және бірізді болуы маңызды. Оң нәтиже алу үшін келесі шарттарды ұстанған жөн. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері жоғары: - ақпараттық қорды құру (сыртқы қор: нормативтік- құқықтық құжаттар, оқу- әдістемелік, педагогикалық орта туралы мәліметтер, ғылыми- әдістемелік материалдар; ішкі қор: білім беру қызметінің нәтижелері, бала денсаулығын медициналық –сауықтыру іс-шаралары, ата-аналармен жұмыс, мамандармен қамтамасыз ету т.б.) - жұмыс нәтижесін мекеме, аудан, облыс, ел деңгейінде көрсету (озық тәжірибені білім беру мекемесінен тыс тарату); - әртүрлі деңгейдегі байқауларға қатысу; - кәсіби педагогикалық байланыстарды кеңейту (инретнет желісі арқылы хабар алмасу, біліктілікті арттыру курсында қашықтықтан оқу).

Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші – педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғарғы нәтижелерге жете алады.

Білім берудегі инновациялық процесстердің мәні педагогиканың маңызы екі проблема олар озық педагогикалық тәжербиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық – психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инновация пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір- біріне оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процесстің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни процесстің нәтижесі теориямен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдануға болуы тиіс [5].

Білім берудегі инновациялық үрдістің нәтижесі жаңашылдықтарды теориялық әрі тәжірибелік жұмыста қолдануда көрінеді.Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі инновация бідім беру, жаңалық енгізу мақсатын да білдіреді: жаңа мазмұн өңдеу, оқту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері мен формаларын, мектепті басқарудың жаңа технологияларын құру, оны дамыту, мектепте эксперимент алаңы ретінде дамыту, мектептегі білім беру ісі жаңа бағыт алып, оқыту мен тәрбиелеудің де жаңалау кезіндегі оқиғаларды,жағдайларды т.б. қамтиды.

Осылардың даму негізінде екі топ факторлар бар:

- объективті факторлар, инновациялық іс- әрекеттердің дамытуына түрткі болатун және оның нәтижелерін қолдануды қамтамасыз ететін жағдай жасау:
- субъективті факторлар инновациялық үрдістегі субъектпен, оның инновациялық іс-әрекетке дайындық деңгейімен байланысты. Инновациялық үрдістің субъектісіне ғылым-педагогтар, мұғалімдер мен басқа да білім беру саласындағы қызметкерлерді жатқызуға болады.

Мұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе алады. Өйткені мұғалім жаңа педагогикалық

технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдау жасаушы, зерттеуші тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процессті мұғалімнің өз қызметінде әріптестердің тәжербиесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалы және қолдануына қамтамасыз етеді, ал пеагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамды және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бір қатар жағдайлармен айқындалады [6].

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік – экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процесстерін ұйымдастырыудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметін инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуда.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің ензізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде, осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолдануға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Оқу – тәрбие процессінің мазмұнының қатаң тәртіпке бағынидырып қойылған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыдан ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру орган басшылыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің негізгі инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасауы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының натқы қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарынң құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Мақсатқа жетудің мазмұны мен құралын сұрыптап, атқарылуға тиісті істі жоспарлау.

Мұғалім мен оқушының атқаратын жұмыстарын тиімді ұйымдастырып,білімдендіруге байланысты оқыту ісін жүзеге асыру.

Оқу жұмысының барысын бақылап, қате - кемшілік болса оңан өзгертулер мен толықтыру жасап отыру.

Оқу нәтижесін талдап, бағалау.

Бұл жүйені басшылыққа алғанда мұғалім алдымен шәкіртке атқарылатын іс- әрекет жауапкершілікті талап ететіндігіне иландырып,оның тәжірибеде нақты орындалуына ерекше мән беру керектігін ұғындырады. Ал оқушы іс-әрекет атқару барысында қойылған мақсат,мазмұны, құралы мен әдісін игеріп, нәтижесін бақылап бағалауға саналы түрде үйренеді, соған машықтанды [7].

Мектеп өміріндегі мұғалімнің ең басты әрекетін оқу үрдісін басқарып, шәкірті еңбектене білуге бағдарлау екені айқын. Алайда, көп жағдайда мұғалім оқушыға білікті таным-түсінікті ұғындырып, оны жан- жақты тәптіштей баяндап, бәрін өзі айтып беруге ұмытылады да шәкірт тек жайбарақат тыңдаушы ретінде қалып қояды да, оларды самарқаулық меңдейді. Ал ондай жолға жібермей оқушының белсенділігін көтеріп, жайбарақаттықтан айыру үшін қазіргі дидактиканың ұсынатын жолдары бар. Сол жолдарды тиімді пайдаланып, шәкіртті жайбарақат тыңдаушы етіп қалдырмай іс- әрекетке белсенді түрде араластырып, оқылуға тиісті мәселені талдап, талқылауға ынталандырып, оған бағдар беріп, мүмкіндік жасау мұғалімнің парызы деген ұстаным басшылыққа алынады. Мәселен тиісті оқу материалын мұғалімнің түсіндіріп айтып беруімен шектелуге емес, қайта оқушыны ойландырып, әрекеттендіріп, іздену барысында туатын кедергілер мен тосқауларды жеңуі оларды еңбектене білуге дағдыландырады. Қиындықты жеңу барысында қалыптасқан түсінік

негізінде білім тианақты да сенімді болумен қатар оқушының саналы түрде ойлана білуінің арнасын кеңейтеді. Осы тұрғыдан келгенде мұалімнің ұйымдастыруш, бағдарлаушы,жол нұсқаусылық қызметі оқушының іздене білуіне басшылық жасау табысты, білім нәтижелі болатындығы ғылыми жағынан да, практикалық тәжірибеде де дәлелденгені ақиқат.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсар болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді.

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде. Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғн тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы [8].

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорытынды

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Осы орайда“Саусақ бірікпей, ине ілікпейді” деген аталы сөздің де алар орны ерекше. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды.Бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселеге көңіл аударуымыз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасы, шын мәнінде қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпіліс. Алайда кез-келген ашылулардың ғылымилығы оның методологиялық дайындығымен анықталады. Сондықтан да бүгінгі таңдағы жоғары мектептің, гуманитарлық ғылымдардың алдыңдағы маңызды міндет - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиясын негіздеу болып табылады. Методологияның өзін, күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы деп, кең мағынада түсінуіміз керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиялық негізінде Елбасының еңбектері тұруы тиіс. Ол үшін түрлі салалардағы ғылыми ойлардың кең ауқымдағы интеграциясы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Назарбев Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі, 2007, № 1, Б. 69-70.
4. Байғазиева Г. “Жаңа педтехнология”. // Қазақстан мектебі, 2005, № 8, Б. 53-54.
5. Бұзаубақова К. “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру - міндет”. // Қазақстан мектебі, 2005, № 9-10, Б. 25-26.
6. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
7. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторнигі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
8. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140 с.

Аннотация

Сегодня можно отметить, что образование XXI века состоит из трех основных черт. Они являются: во-первых, улучшить знания, полученные на протяжении всей жизни, будет развиваться; Во-вторых, студент воспитывается в соответствии с возрастом, идеей, особенностями ученика; В-третьих, все образовательные мероприятия осуществляются на международном уровне наряду с другими уровнями. Образование направлено на работу в гармонии с современными требованиями. Эти функции уже видны нам. Недавние изменения во всех сферах общественной жизни, прогресс в науке и культуре, а также педагогическая деятельность привели к реорганизации системы образования. Одним из возможных путей дальнейшего развития этих отраслей является инновация, которая управляет развитием и использованием педагогических инноваций. Это зависит от содержания образования, методов обучения и воспитания, организации и управления образовательными учреждениями. В процессе модернизации глобализации также необходимо создавать инновационные знания на основе духовного обновления и впитывать национальное образование в будущих поколениях.

Abstract

Today it can be noted that the formation of the 21st century consists of three main features. They are: firstly, to improve the knowledge gained throughout life, will develop; Secondly, the student is brought up in accordance with the age, idea, characteristics of the student; Thirdly, all educational activities are carried out at the international level along with other levels. Education aims to work in harmony with modern requirements. These features are already visible to us. Recent changes in all areas of public life, progress in science and culture, as well as pedagogical activities have led to a reorganization of the education system. One of the possible ways for the further development of these industries is innovation, which controls the development and use of pedagogical innovations. It depends on the content of education, training and education methods, organization and management of educational institutions. In the process of modernization of globalization, it is also necessary to create innovative knowledge on the basis of spiritual renewal and absorb national education in future generations.

ӘОЖ 004.771

С.Ә. Исаев, С.К. Аманбаева
ф.-м.ғ.к., профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін

Осы мақалада қашықтықтан оқыту технологиясының даму болашағы және оны білім беруде пайдаланудың тиімділігі қарастырылады. Оқытудың қашықтықтан формасын ұйымдастыру саласында анықталған мәселелері мен қарама-қайшылықтары байқалады. Әрине, білім берудің цифрландыру – көпфакторлы және күрделі үрдіс. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, мемлекет экономикасын және халық өмірінің сапасын арттыру басты мақсат болғандықтан, білім беру жүйесі үлкен роль атқарады. Себебі цифрлық технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлауда білім беру жүйесінің алатын орны ерекше.Цифрлық технологияларды пайдалану оқыту деңгейін арттыруға көмектеседі, көрнекілікті, аудио қолдауды, білімді бақылауды қамтамасыз етеді және де білім алушының қызығушылығын арттырады. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар жетік дамыған қоғамда цифрлық құзіреттілікті, яғни күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Кілттік сөздер: цифрландыру, қашықтықтан оқыту технологиялары, электрондық оқыту құралдары, оқыту әдістері, оқыту түрі.

XXI ғасыр – жаңа техниканың озық дамыған ғасыры. Қазіргі таңда технологиялар күннен-күнге даму барысында. Еліміз дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі үшін заман талабына сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, жаңа технологияларды меңгерген білімді жастар қажет. Яғни, болашақ ол – жастардың қолында. Соған байланысты еліміздің көптеген алпауыт мемлекеттердің қатарына қосылуға, әл-ауқатын арттыруға арналған іс-шаралар мен бағдарламалар жұмыс атқаруда. Солардың бірі - Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы. Бұл бағдарламаның еліміз үшін алатын орны ерекше. Себебі ақпараттық технологиялар қарыштап дамып, ақпарат алмасу күннен-күнге түрленіп отырған қазіргідей заманда цифрлық технологияларды дамытпасақ, әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарынан көріне алмаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жолдауында «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат»- деді [1].

Қазіргі таңда бағдарлама 5 бағытта жүзеге асуда. Олар:

- Экономика саласында (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны белсенді түрде енгізу;
- Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және сапасын арттыру;
- Ел бойынша жоғары жылдамдықпен жұмыс істейтін интернет қосу және еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру.
- Тұрғындар мен бизнеске цифрлық дағдыларды үйрету;

• Стартаптар мен кәсіпкерлікті қолдай отырып, инновацияны дамыту жағдайын жасау.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалана отырып, мемлекет экономикасын және халық өмірінің сапасын арттыру басты мақсат болғандықтан, білім беру жүйесі үлкен роль атқарады. Себебі цифрлық технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлауда білім беру жүйесінің алатын орны ерекше. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар жетік дамыған қоғамда цифрлық құзіреттілікті, яғни күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру басты міндет болып табылады.

III мыңжылдықтың басында қоғам дамуының қазіргі кезеңі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың адам қызметінің барлық салаларына енуімен сүйемелденетін жаңа ақпараттық дәуірге енумен сипатталады. Егер өткен ғасырда негізгі міндет ақпараттық технологияларды іздеу және әзірлеу болып табылса, қазіргі уақыттағы ең маңызды мәселелердің бірі – осы ұсынылған технологиялардың мүмкіндіктерін, білім беру мақсаттарында - тиімді пайдалану болып табылады. Біз жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде республиканың әлемдік білім беру кеңістігіне кіруінің объективті қажеттілігі алдында тұрмыз [4].

Қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялар мен сандық трансформация барлық экономикалық және өндірістік процестерді қайта құруға, өнімділікті түбегейлі арттыруға, тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыруға және өзіндік құнын төмендетуге алып келетін технологиялық өзгерістердің басты факторларының бірі және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету шарты [2].

Қазіргі Қазақстанның Даму стратегиясы ел экономикасын цифрландыруға бағытталған. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы негізгі стратегиялық құжат болды. "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасының мақсаты-халықтың өмір сүру сапасын және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Әрине, бұл барлық білім беру жүйесіне де қатысты, өйткені экономиканы сандық технологияларға ие кадрлармен қамтамасыз ету міндеттерін шешуде білім беру жүйесіне ерекше рөл атқарады. Қазіргі ақпараттық қоғамда сандық экономикаға барабар тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі сандық құзыреттілік болып табылады, яғни сандық технологияларды меңгерген және оны өзінің күнделікті және кәсіби қызметінде пайдалана алатын тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі уақытта елдегі және білім беру жүйесіндегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай білім алудың дәстүрлі нысандары мен оқыту модельдері кәсіптік құзыреттілікті үнемі жетілдіруді, өз мамандығы шегінде де, басқа мамандық бойынша білім алу мүмкіндігін де кеңейтуді және жаңартуды көздейтін ұтқыр кәсіптік білім берудің маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Қазіргі білім беру қағидасын "өмір бойы" емес (дәстүрлі "кеңестік" білім беру жүйесінде болғандай) "өмір бойы арқылы" іске асыру қажет. Демек, білім берудің жаңа түрлерін іздеу қажет, олардың бірі қашықтықтан оқыту (ҚО) болып табылады.

Білім беру саласын дамытудың перспективалық бағыттарының бірі ретінде Қашықтықтан оқытуға шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың зерттеулері арналғаны сөзсіз, ҚО идеяларын насихаттауға және педагогикалық практикаға енгізуге белгілі бір үлес қосқан тұлғалар. ҚО -дың мәні мен ерекшеліктерін анықтау, ҚО -ды ұйымдастыру, оның оқыту құралдарына және оқу қатысушыларының өзара іс-қимыл сипатына қойылатын талаптарды қалыптастыру саласындағы шетелдік педагогикалық ойдың тәжірибесі [Б. Холмберг, Дж.Даниель, Д. Киган, А. Борк, Б. Хантер және т.б.] отандық педагогикалық практикада ҚО технологияларын қолдану заңдылықтары мен жолдарын іздестіру, жалпылау, ойлау үшін кең материал ұсынады [5].

Ресей ғалымдары зерттейді: - қашықтықтан оқыту процесін дидактикалық қамтамасыз ету [А. А. Андреев, Э. Г. Скибицкий, И. А. Тавгень]; - қашықтықтан оқыту қызметтеріне сұраныс [В. В. Вержбицкий, Ю. Ю. Власова, В. В. Попов]; - жүйелерді жобалаудың жаңа

технологиялары - қашықтықтан білім берудің психологиялық - педагогикалық аспектілері [М. Б. Моисеева, В. А. Каймин, В. И. Ребиков, В. А. Якусевич, Л. П. Коренев, Т. А. Сергеева, м. Б. Тихонов, В. Д. Сапунцов, Д. А. Богданова, А. А. Федосеев, С. А. Христочевский];-қашықтықтан білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері [М. Б. Моисеева, В. А. Каймин, В. И. Ребиков, В. А. Якусевич, Л. П. Коренев, Т. А. Сергеева]; -Қашықтықтан оқытудың ұйымдастырушылық, әдістемелік және технологиялық аспектілері [Ю. Н. Демин, М. П. Карпенко, А. О. Кривошеев, В. Г. Кинелев, В. П. Тихомиров, А. Д. Иванников, Е. С. Полат, В. А. Самойлов, Ю. Б. Рубин, И. В. Роберт, С. Л. Лобачев, В. И. Солдаткин, В. П. Меркулов, Г. В. Тараканов, С. А. Щенников, Н. Ю. Волова, Д. А. Богданова] [6].

Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту мәселелері, оқытудың жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын қолданудың дидактикалық және әдістемелік аспектілері әр жылдары Г. К. Нұрғалиева, Д. М. Джусубалиева, Е. Ы. Бидайбекова, Е. Балафанова, М. Ж. Жұринова, Ж. А. Караева, Ж. А. Макатова, К. С. Мусина, Т. К. Нұрғалиев, Р. М. Дүзбаева, М. Б. Есбосынов, Г. К. Ізтлеуова, С. К. Кунаков, Г. Б. Ахметова, Е. В. Артыкбаева, Д. Е. Сағымбаева, А. И. Тәжіғұлова, Ж. А. Түселбаева, М. А. Винницкая, В. В. Гриншкуна, Д. Ә. Әубәкір. жұмыстарында кездеседі.

Шетелдік және отандық зерттеулердің аталған бағыттарынан көрініп тұрғандай, қашықтықтан оқытуды дамытуда біраз тәжірибелер жасалып, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта біздің республикамызда қашықтықтан оқыту технологияларын дамытудың мол тәжірибесін жинақтай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ең соңғы деңгейіне сүйене отырып және басқа елдердің белгілі бір "өсу ауруларын" қайталамай, өз дамуында өзіндік серпіліс жасау мүмкіндігі бар бірегей жағдай қалыптасты [3].

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің басшылығы ТМД-дағы алғашқылардың бірі болып ЕҰ технологияларын дамытудың перспективалылығын мойындады.

Қазақстан өзінің дала кеңдігімен және қала мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы күрт айырмашылықтарымен, сапалы білім алғысы келетіндер үшін нақты кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық кедергілерге ие бола отырып, білім беру саласын ақпараттандыру жолында осы кедергілерді азайтудың нақты мүмкіндіктерін ашады.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту нысанын ұйымдастыру саласында белгілі бір проблемалар мен қайшылықтар бар. Бұл таңқаларлық емес, себебі білімді цифрландыру-көпфакторлы және күрделі процесс. Бұл жағдайда, бір жағынан, Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту заңды түрде дербес оқыту нысаны ретінде қабылданған, екінші жағынан-қашықтықтан білім беру жүйесі стихиялы, терең ғылыми пайымдаусыз қалыптасады, қашықтықтан оқыту нысанын ұйымдастыру өздігінен жүреді, оқытудың мазмұнын қалыптастыру эмпирикалық жолмен жүзеге асырылады. Бір жағынан, республикада оқу мақсатындағы отандық бағдарламалық құралдарды әзірлеу толық жүруде, екінші жағынан олар өздерінің көпшілігінде және олардың дидактикалық мүмкіндіктері қашықтықтан білім беру жүйесінде пайдаланылмайды. Келесі қарама қайшылықтарды анықтауға болады: қашықтықтан білім беруді қарқынды дамыту үшін алғышарттар болған жағдайда қашықтықтан оқыту нысанын жүзеге асырудың ғылыми негізделген әдістемесі жоқ.

Осылайша, білім берудің қашықтықтан оқыту нысанын ғылыми ұғыну міндетін бірінші кезекке қою уақыты келді, ол өсіп келе жатқан білім беру желілерін толықтыруды және кәсіптік білім беру саласындағы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту үшін тиісті әдістемелік база құру қажет,ал бұл өз кезегінде қашықтықтан оқыту нысанын ұйымдастыру әдістемесін ғылыми– педагогикалық әзірлеумен байланысты.

Қашықтықтан оқыту заманауи білім беру жүйесі үшін жаңалық емес. Білім алудың

мұндай түрі Еуропада XVIII ғасырда пайда болды, оны XIX ғасырда Германия мен АҚШ белсенді енгізді. Кеңес Одағында бұл нұсқа сырттай оқыту түрінде жүзеге асты.

2000 жылдан бастап білім беруде АКТ бағдарламасы белсенді іске асырылуда, яғни жоғары білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу. Компьютер мен интернет қарым-қатынастың қолжетімді және танымал құралдарына айналғандықтан, университеттер мұны пайдаланды. Жоғары оқу орындары бағдарламаны әзірлеп, ұсынды, оларды қашықтықтан орындап, студент жоғары білім ала алады [7].

Қазақстанда қашықтықтан білім беру қазір қалыптасу кезеңінен өтуде — оқытудың, кеңес берудің және оқу міндеттерінің орындалуын бақылаудың жаңа әдістері әзірленуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа Цифровой Казахстан (2018). Доступно на: https://zerde.gov.kz/ pdf/ (от 25.12.2018).
2. Джусубалиева Д.М. Электронное и дистанционное обучение его реализация в языковом вузе. Матер. межд. научн. - практ. конф. «Достижения и перспективы экономической науки нового столетия: практикоориентированный аспект», Астрахань, 2015, С. 130-145
3. Нургалиева Г.К., Тусубаева Ж.М. Дистанционное обучение в ведущих университетах Республики Казахстан // Высшая школа Казахстана, 2003, №4, С. 39-43.
4. Трайнев В.А., Трайнев О.В., Гуркин В.Ф. Дистанционное обучение и его развитие. Москва. Издательско-торговая корпорация "Дашков и К". 2009. 293 с.
5. Гурьев С. В. Современное дистанционное обучение. Москва. Издательство – Русайнс. 2018, 118 с.
6. Боуэн У.Г. Высшее образование в цифровую эпоху. Москва. Изд. дом Высшей школы экономики. 2013, 224 с.
7. Ефимова М., Сысоева В. Методика дистанционного обучения. Учебное пособие для вузов. Москва. Издательство: Юрайт. 2017, 103 с.

Аннотация

В данной статье рассматриваются перспективы развития дистанционной технологии обучения и эффективность ее использования в образовании. В области организации дистанционной формы обучения наблюдаются определенные проблемы и противоречия. Конечно, цифровизация образования-это многофакторная и сложная тенденция. Большую роль играет система образования, так как повышение экономики государства и качества жизни населения с использованием цифровых технологий является главной целью. Потому что система образования имеет особое место в подготовке специалистов, владеющих в совершенстве цифровыми технологиями. Использование цифровых технологий способствует повышению уровня обучения, обеспечивает наглядность, аудио-поддержку, контроль знаний и повышает заинтересованность обучающихся. Главной задачей является формирование цифровой компетенции в обществе с развитым искусственным интеллектом, цифровыми технологиями, то есть личности, владеющей в совершенстве информационными технологиями в повседневной жизни.

Abstract

The article presents issues of the prospects for the development of distance learning technologies and the effectiveness of its use in education. There are certain problems and conflicts in the field of organization of distance learning. Digital education is a multifactorial and complex process. An important role is played by the education system, since improving the state's economy and the quality of life of the population using digital technologies is the main goal. Because the education system has a special place in training specialists who are fluent in digital technologies. The use of digital technologies helps to increase the level of learning, provides visibility, audio support, control of knowledge and increases the interest of students . The main task is to form a digital competence in a society with developed artificial intelligence, digital technologies, that is, a person who is fluent in information technologies in everyday life.

ӘОЖ37.013.28

З.Б. Кабылбекова, А.А. Садыкова, Ұ. Есиркепова
п.ғ.д, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Мақалада бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі қарастырылады.Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап береді. Олар мыналар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқұлығы, әрбір адамзаттың интелектуалдық дамуы, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген. Қызын инабатты, ұлын намысшыл етіп өсіруді көксеген атам қазақ тәртіп бұзар тентегін тез тыйып, ақылмен жөнге сала білген. «Ел боламын десең тағылымыңды, бесігінді түзе» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай немересін жөргектен тәрбиеге байлап, ғибратты сөзді, бесік жырын құлағына сіңіріп, қызықты ертегілер, өнегелі әңгімелермен адамшылық қаситтерге баулитын ата - әжелеріміздің бүгінгі ұрпақ болашағы үшін орны ерекше.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, “Патриотизм”, “ұлттық тәрбие” интеллектуалды ұлт.

Кіріспе

Ата - бабаларымыз балаға болашағым деп қараған, игі де зор үміт артқан, ата-ананың, халқының арманын ұрпағына аманат еткен. Сол аманатқа біз салауат ету, тәуба жасап, шүкіршілік ету әрбір тұлғаның халқыалдындағы міндеті. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл қазына. Халық тағылымы – ескірмей, заман ағымымен өзгеріп, өсіп-өніп отырады. Әрине, оны өшіретін де өсіретін де - тіршілік иесі Адамзат. Сенімді, сергек санаңа сапалы да саналы ой ұялататын, ар-ұятыңның аражігін айқындайтын игі істерді шашпай-төкпей көненің көзіндей сақтап, келер келешекке, ұрпақ бойына күре қан тамырындай білім нәрін тарататын да сіздер мен біздер. Өз ұлтын қадірлеп - қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж. Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - деген. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Қалың елім Қазағым” атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазады: ”Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылыдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзентті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды” [1].

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері,

перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйренуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиетерін қалыптастырып, кісілік сана сапасын арттырады [2]. Ал ұлттық салт – дәстүрлер игі әдеттердің әдеп-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүр (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсетіп жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады. Мысалы, қазақ халқының меймандостық дәстүрі әуелі игі әдет болған, одан көп қолданысқа әдет-ғұрыпқа айналған, әдет-ғұрып ұлттық қолданыста әдепке (ұлттық мәдени көрніске) айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол салт болады. Салттың ұлттық санадағы көрнісі салт-сана деп аталады. Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайрымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиетерін қалыптастырады.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып, сараптап өтсек.

Отандық ғалымдарымыздың бірі Қ.Б. Жарықбаев “Еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері-қазіргі қазақтардың психологиясында осы этноска ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын. Өйткені, қазақ этносының бүкіл тыныс-тіршілігінде, от басындағы әдеп-ғұрып пен салт-санасында кең байтақ өлкемізде мекендеген басқа халықтар мінездерінің нышандары көрніс беріп жүр. Бірақ, кейбіреулер айтып жүргендей, бұрын жылқы мінезді болып, енді қой мінезді болған жуас, намыссыз халық емеспіз” – тұжырымдайды[3].

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгүрт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” –деген екен [4].

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Қазақта «Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» демекші ойыма тоқығаным: халқыңның адал азаматы болсаң, қанатыңды қарлығаштай қағасың, қиялың ғаламға шарықтайды, білім-біліктілігіңнің көкжиегі кеңіп, өз еліңе шапағатың күн нұрындай төгіледі. Бүгінгінің

болашағын ғана болбыр болжамайсың, шолақ шолмайсың, келер келешекті де ойлайсың [5].

Қазақ халқының мұраты: еркін халық болу! Өзгелермен терезесі тең мемлекет болу! Ел болашағы – білімдіұрпақта. Ғылым мен техника аршындап алға басқан, қарыштап қадам басқан XXI ғасырда бүкіл әлемді шарпып келе жатқан жаһандану процесі, ғылым мен білімді игерудегі бәсекелестіктер және дүние өзгерістері бізді де толғандырады. Болашақта тек білімді ел ғана қандай да болмасын бәсекелестікке төтеп бере алып, өзін-өзі сақтап қалатыны сөзсіз.

«Жеке тұлға» ұғымы психологтардың көзқарасы бойынша, жеке организм-жеке адам тұлғасы. Бұл саналы іс-әрекет обьектісі. Тұрақты және әлеуметтік маңызды қасиеттерге байланысты, жеке адам-қоғам мен ұлттың бірлескен мүшесі, жеке тұлға өзіндік сана мен қоғамдық сананың пайда болуына байланысты қалыптасады. Жеке тұлға ретінде жеке адам немесе организмнің барлық психологиялық ерекшеліктері қарастырылады .

Жеке тұлға-бір жағынан интеграциялық ұйым. Оның бойында танымдық, аффектілік, тұлғалық сипатын көрсететін қасиеттер сақталған. Оның басқа адамдардан айырмашылығы да сонда. Күнделікті тіршілікте жеке тұлғаның әртүрлі қасиеттері ашыла түседі. Психалогияда жеке тұлға туралы көптеген психологтардың пікірлері бар. Олардың әрқайсысы жеке тұлға туралы әртүрлі анықтама береді. Адамның жеке тұлға диагностикасын қолайлы жағдай туғызу мен қалыптастыруға ең тиімді жолдар іздеуде, оның құрылысын зерттеуде, пайда болу заңдылықтарын білуді қажет етеді.

Жеке тұлға теориясы-адам бойында қалыптасқан ойлар мен гипотезалар жиынтығы. Жеке тұлға теориясын зерттеу көптеген жаңа ойларға қол жеткізеді. Бізге қызығушылық туғызатын бастапқы: адам табиғаты. Біздің мақсатымыз-адам бойындағы қалыптасқан қасиеттерді зерттеу. Жеке тұлға теориясы-негізгі екі функцияны атқарады: олар мінез-құлықты түсіндіреді және алдын ала болжайды. Жеке тұлға теориясы адамның жеке басындағы мінез-құлықты зерттеп, қалыптасқан жүйесіне түсініктеме береді. Ол адамның мінезінің сан қырлы ерекшеліктерін түсіндіреді [6].

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Жеке адам туралы сөз болғанда, жеке адам — көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да, мазмұны жағынан да бір-бірінен қарама-қарсы болып табылады. Жеке адам ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады, бірақ өте көлемді, өйткені әрбір адам-индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке адамның айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — оның өзіне тән мінез-құлқында, іс-әрекетінде, көзқарасындағы ерекшеліктерімен дараланууы. Жеке адам болу дегеніміз — азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында жетілдіріп отыруы керек. Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М. Х. Дулати [7].

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері — оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Осы орайда «адам», «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық" деген ұғымымен толықтырылуы қажет. Жеке тұлғаның, яғни құндылықтар дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. «Жеке тұлғаның дара ерекшеліктері оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның жас

ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән оның мінез құлқындағы, ақыл ойындағы, қабілетіндегі, тағы басқа басты қасиеттерін басқа адамдардан елеулі айырмашылығын айтуға болады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі — балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру» [3]. Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі және шығармашылық қызмет — әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді.

Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық мен қайталанбас қасиеттерден тұрады. Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады. Адам дүниедегі ең басты құндылық. Құндылықтар оның қоршаған дүниеге қатысты ұстанымдары мен қатынасын қалыптастыру, күрделі әрі өзгермелі әлемде бағыт-бағдарын айқындауға әсер етеді. Тек тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде адами әрекет құндылықтар арқылы реттеліп отырады. Аксиология құндылықтар табиғаты оларды реалдылықтағы орны және құндылық әлемінің құрлысы, өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрлысымен байланысы туралы философиялық ілім. Кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершіліктік санасын білдіреді. Құндылықтар қоғам мен адамға жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды, ақиқат пен жалғанды, сұлулықпен ұсқынсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, тиым салынған мен рұқсат етілмегенді, маңыздылық пен мәнсіздіктің ара жігін ашуға көмектеседі. Яғни құндылықтар табиғатында адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игерудің тәжірибесі жинақталған. Осы тұрғыдан мәдение пен құндылық ажырамас бірлікте болады, құндылық мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі- мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе обьектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Алайда құндылықты сананың танымдық санадан ерекшелігі, ол зат немесе құбылыс не болып табылады деген сұраққа жауап іздейді. Сондықтан құндылықтар адамның рухани әрекет саласы, оның санасының (өзіндік санасының) жетілгендігінің, тұлғалық қалыптасу-деңгейінің, рухани байлығының көрсеткіші болып табылады. Адамның еркін таңдауына байланысты құндылық адами қажеттіліктердің қанағаттануын да білдіреді. Бірақ қанағаттану құндылықтардың табиғатын бұрмалап қабылдауға алып келуі-де мүмкін. «Мақсатыңа жету үшін құралдың бәрі жақсы» деген ұстаным адамды құндылық емес, мақсаттың құралы ретінде қарастыруға жол ашады. Бұл ұстанымда тұлғалық құндылықтар мен қасиеттерге қарағанда функционалдық тиімділік, пайдалылық алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан шынайы құндылықтар мен жалған құндылықтардың аражігін аша білу, тани білу маңызды болып табылады. Шынай құндылықтар деп — адамға игілік әкелетін, оның бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыратын, бақытқа бастайтын, қоғам мен жеке

адамның ілгерлей дамуына ықпал ететін құндылықтарды айтамыз. Алдамшы жалған құдылықтар, уақытша жылтырап көрінгенімен, қоғам мен жеке индивидтің дамуына пайдасын тигізбейді. Шынай құндылықтар уақыт өткен сайын жарқырай береді, сан ғасырлар өтседе өзінің мәні мен мағынасын жоғалтпайды. Шынай құндылықтар өмір мектебінің дәрістері тәрізді, онда бізге дейінгі адамзаттың маңдай алды өкілдерінің рухани ізденістері, ой-толғамдары, аңсаған армандары мен күңіренген күрсіністері көрініс табады. Адам өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың қылықтарымен салыстыра отырып, өзінің кім екенін түсінеді, өзін-өзі тану қабілетіне жетеді.

Қорытынды

Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуіміздің, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова жәнет.б. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Жарқынбеков С. Ерлік –ел мұраты //Бастауыш мектеп, 1996, №3, Б. 42-43.
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
4. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
5. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті //Қазақстан орта мектебі, 2005, №9, Б. 7-9.
6. Нұрмұхамбетова, Т.Р. Тәжірибелік психология : Оқулык. I бөлім. Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Нұрлы бейне, 2006, 188 б.
7. Детская практическая психология: Учебник для студ. вузов, обучающихся по педагогическим специальностям / Т. Д. Марцинковская [и др.]; под ред. Т.Д. Марцинковской. М.: Гардарики, 2007, 253 с.

Аннотация

В статье рассматривается необходимость жизни, необходимость общества, воспитание подрастающего поколения как творческой личности с глубоким пониманием истории, фамилии, обычаев, языковых знаний, человеческой культуры, человеческих качеств и человеческих качеств. Закон Республики Казахстан «Об образовании» определяет основные принципы государственной политики всестороннего образования и воспитания подрастающего поколения. Это: равный доступ к образованию для всего человечества Республики Казахстан, интеллектуальное развитие каждого человечества, широкий доступ для всех уровней образования для населения. Казахский народ уделял большое внимание воспитанию потомства. Мой дедушка, который хотел воспитать дочь и воспитать сына с уважением, поспешил остановить и дисциплинировать казахских царей. Как сказал великий писатель М. Ауэзов: «Даже если я хочу стать страной, настройте свое обучение, колыбель», наши прабабушки и дедушки играют особую роль для будущего нашего поколения, связывая своих внуков подгузниками, впитывая слова, колыбельные и обучая гуманитарных наук смешными сказками.

Abstract

The article discusses the need for life, the need for society, the upbringing of the younger generation as a creative person with a deep understanding of history, surname, customs, language knowledge, human culture, human qualities and human qualities. The Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” defines the basic principles of the state policy of comprehensive education and upbringing of the younger generation. These are: equal access to education for all humanity of the Republic of Kazakhstan, the intellectual development of each humanity, wide access for all levels of education for the population. The Kazakh people paid great attention to the education of offspring. My grandfather, who wanted to raise a daughter and raise a son with respect, hastened to stop and discipline the Kazakh kings. As the great writer M. Auezov said: “Even if I want to become a country, set up your education, cradle”, our great-grandparents play a special role for our future generation, linking their grandchildren with diapers, absorbing words, lullabies and teaching the humanities with funny fairy tales and fairy tales.

ӘОЖ37.013.28

Ж.У. Керимбекова, Ж.Т. Досжанова, А.А. Садыкова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін

Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Ақпараттық- коммуникациялық технологияны бәсекеге ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлімдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру казақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Кілттік сөздер: «Цифрлы Қазақстан», рухани жаңғыру, инновациялық білім, коммуникациялық технологиялар.

Кіріспе

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Білім беру жүйесінде дүниежүзінде баламасы жоқ бағдарлама іске асырылатын болады. Әлемдегі ең жақсы әр түрлі тілдердегі 100 оқулық қазақ тіліне аударылады. Бұл халқымыздың білімін әлемдік кеңістікке, ғаламдық деңгейге алып шығуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елбасы атап көрсеткендей, ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы дәуір болды. Бұл ақиқат. Мысалы, ашаршылық кезеңінде қазақ халқының жартысынан астамын жоғалтып алдық. Бұл, бүкіл адамзат тарихындағы ең ауқымды қасіреттің бірі және сол кездегі биліктің бүкіл адамзатқа қарсы жан түршігерлік қылмысы. «Дегенмен, Президент айтқандай, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. ХХ ғасырда Қазақстан бірқатар жетістіктерге де қол жеткізді, олардың ішінде индустрияландыру және әлеуметтік инфрақұрылымның негізі қалыптасты [1].

Бүгінгі таңда XXI ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі; үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асы-рылады. Білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байқалып келеді.

Мысалы, ақпараттық технология саласындағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңару үстінде. Бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніміз ізбе-із өкшелеп келе жатқан бәсекелесімізге орын беріп, жолдан ығысып, шығып қалу деген сөз. Ал, сол жаңарған технологияны өз уақытында тілін тауып, жұмыстың мүддесінен шығудың өзі тыным таппай ізденуді, білмегенімізді күні-түні үйренуді талап етеді. Жоғарғы технология саласын айтпағанның өзінде, қарапайым өмірде осыдан оншақты жыл бұрын компьютерді игеру дәл бүгінгідей жалпыхалықтық сипатқа ие болуы мүмкін еместей көрінуші еді. Өзіміз куә болып отырғандай, жағдай жылдам өзгерді. Бүгін кез келген жұмысты компьютерсіз елестете алмаймыз. Бұған итермелеп отырған да заман талабы. Бұдан былай білім берудің өзінің жаңа технологиясын игеру керектігін аңғартады. Яғни, білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға, тың қалыпқа негіздеу керек. Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр. Білім бәсекесі демекші, алған біліміміз басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса, онда уақыттың босқа шығын болғаны. Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты. Оның маңыздылығы да осында жатыр. Өйткені, білімді игеру – айтуға оңай болғанмен, жай шаруа емес, аса күрделі құбылыс. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады. Әйтпесе, төгілген тер де, кеткен шығын да, бәрі бекер. Бейімнің тасасында табандылық пен құш-тарлық, батылдық пен өз құнын білетін алғырлықтың жасырынып тұратыны белгілі. Ойымыз жұртшылыққа түсінікті болу үшін, оны үлкен кеңістікке алып шығып дамытуымыз қажет.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [2].

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, яғни ұлттық мемлекет. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады. Сондай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгүрт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады [3].

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне опат әкеледі»,-деді әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби. Оның аса көрегенділікпен айтқан пікірі өз құндылығын қазірдің өзінде де сақтап келеді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан озық әдет-ғұрып, дәстүрлері мен ізгі қасиеттерін сіңіре отырып, дені сау, рухани бай, парасатты, қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай білімді, жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбиенің өзекті мақсаты болып табылады.

Данышпандық, көрегендік қасиеттердің дамуына жол ашады. Ұлттың мүддесі мен мақсатын, алдымен қазақ жеткіншектерінің сана-сезіміне басты нәрсе етіп орнықтырған жағдайда ұлттың тәрбиесі ықпалды болмақ. Бұл құбылысқа бастамашылық өз ұрпағымыздан қолдау тапқаны орынды. Осы тұста, ойымызғахалқымыздың ардақты азаматы М.Жұмабаевтың мынадай пікірі оралады: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы көп» [4].

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – оқу орындарында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет [5].

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Өзіндік "менін" сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді [6].

Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық кейіп, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады [7].

Біздің қазақы болмыс, салт-санамыз, тұрмыс-тіршілігіміз қазіргі заманға сай айқындалғанымен, ғасырлар тереңіне үнілген дініміз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз, ерлікке толы тарихымыз батыстанбақ түгілі, оңдай ұғымды да мойындай қоймайды. Өйткені ұлттық рухтың түп-тамыр қазығы ұлттық тәрбие діңгектеріне негізделген. Ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері – ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. Сол себепті «кімде-кім өткеніне терең үңілсе, болашағын көреді» деп Шығыс ойшылы М. Руми айтқандай, бізді болашаққа апарар жол ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектерінде жатыр. Осы тұрғыда, бізге керегі – қоғамда болып жатқан жаһанданудың пайда-зиянын саралап, ұлттық құндылықтарымызға жат мәдениеттен арылу.

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсар болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы

керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді [8].

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде.

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғн тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорытынды

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Осы орайда “Саусақ бірікпей, ине ілікпейді” деген аталы сөздің де алар орны ерекше. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбев Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
2. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
3. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
4. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
5. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторнигі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.
6. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: Ұлағат, 2015, 336 б.
7. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.
8. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001, 248 б.

Аннотация

В нынешнем процессе глобализации важно не только генерировать инновационные знания на основе духовной модернизации, но и интегрировать национальное образование с будущими поколениями. Исходя из права каждого гражданина на образование, необходим комплексный подход к процессу образования, воспитания, развития и формирования, при котором учащийся развивает и уважает национальные ценности. Использование информационных и коммуникационных технологий в развитии национальной образовательной системы конкурентоспособности и использование ее возможностей для обеспечения непрерывного доступа к глобальной образовательной среде имеют первостепенное значение. Информатизация образования, внедрение информационных технологий во все виды деятельности образования и формирование национальной модели являются предпосылками повышения качества казахстанского образования.

Abstract

In the current process of globalization, it is important not only to generate innovative knowledge through spiritual modernization, but also to integrate national education with future generations. Based on the right of every citizen to education, an integrated approach to the process of education, training, development and formation is necessary, in which the student develops and respects national values. The use of information and communication technologies in the development of the national educational system of competitiveness and the use of its capabilities to ensure continuous access to the global educational environment are of paramount importance. Informatization of education, the introduction of information technology in all types of educational activities and the formation of a national model are prerequisites for improving the quality of Kazakhstani education.

ӘОЖ 37.091.33:581

Г. Махмут

Магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮЙІНДЕРДІ ҮЙРЕНУДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

Түйін

Бұл мақалада қазақ тілді студенттердің қытай тілін жаңадан үйрене бастаған кезінде болатын қиындықтар туралы сөз болады. Негізгі мақсат: алғашқы сабақтардан кейін, грамматикаға өткен кезде барлығында бірдей және жиі қайталана беретін қателіктерді жинақтау арқылы студенттер қателесетін сөйлемдерді көрсету және қателікті болдырмау жолдарын көрсету. Мақала күнделікті сабақ барысында студенттер құрастыратын сөйлемдер бойынша жинақталған материалдар негізінде дайындалды. Әр сабақ, әр апта, соңында бір семестр көлемінде қандай жетістіктер болды және қандай кемшіліктерге жол берілді, әр сабақ, апта, семестр бойынша жасалған қорытындылар жалпы жіберілген кемшіліктердің түрлерін және жалпыға ортақ ерекшеліктерін айқындау мақсатында студенттердің нақты тіл үйрену жағдайын нақты мысалдармен көрсету басты міндет етіп алынды. Сондай –ақ, қытай тілінің маңызды грамматикалық түйіндеріне, өзіндік ерекшеліктеріне түсінік беріледі және бір семестр мөлшерінде білім алғанда тіл үйренуші негізінен нені ескеруі тиіс, кемшіліктер жібермеу үшін қандай тәсілдерді басшылыққа алады деген сұраққа жауап беріледі.

Кілттік сөздер: қытай тілі, зат есім, тілашар, дыбыс, иероглиф, диалог, аударма, көптік мағына, екінші шет тілі.

Қытай тілі мен қазақ тілінің грамматикалық жүйесі бір-бірінен мүлдем алшақ, себебі де өте анық – екеуі гениологиялық жағынан да, типологиялық жағынан да түрлі топтарға

жатады. Біздің күнделікті сабақ өткізетін үйренушілеріміз қазақ тілді студенттер болып келетіндіктен, білім берудің алғашқы сатысында сабаққа аралық тіл ретінде қазақ тілін пайдаланамыз, сондықтан да қытай тілін үйрену барысында қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігіне ұқсап кететін қателер жиі кездеседі. Ал мүлде аралық тілсіз сабақ өтуге де болады, алайда қытай тілі ортасы мүлдем жоқ, студенттерге күнделікті бір-екі ауыз сөйлеу немесе қытайша сөйлесуді есту мүмкіндігі жоқ ортада аралық тілсіз өту үлкен нәтиже бермейді. Аларлық тілсіз сабақ өту қытай оқу орындарында жүзеге аса алады, себебі үйренуші бүгін үйренгенін сабақтан шыққан соң өзі жүрген ортада міндетті түрде сол тілді сөйлеушінің аузынан ести алады [1]. Естіп ойға сақталған ақпарат келе-келе қолданысқа ие болады да, тіл үйнеушінің сөйлеу дәрежесіне оңай жетуіне мүмкіндік тудырады. Ал бізде яғни Қазақстанда оның үстіне оңтүстік өңірінде қытайша сөйлеу мүмкіндігі мүлде жоқ десек те болады. Аптасына екі рет, төрт кредиттік сабақпен қытай тілін үйрену үдерісінде уақыт аздығы өз алдына, материал тапшылығы өз қиындығын көрсетіп жатады. Соған қарамастан, бейтаныс қытай тілін қазақ тілі арқылы салыстырып, қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігіне сәйкес келетін жерлерін көрсетіп берсек, студенттің оңай қабылдауына жеңілдік жасаймыз. Ал сәйкес келмейтін, үйренуші бұрын-соңды мүлде естіп көрмеген ақпараттарды игертуде түрлі тәсілдерді басшылыққа аламыз. Ең бастысы, берілген ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындауда жіберілетін қателерді қалт жібермей қадағалап отыру [2]. Жалпы сабақ барысында жеке студент қай жерде қателесті және жалпы барлығына ортақ кемшілік қай тұстан, осыған жіті назар аударылады. Әр сабақ, әр апта, соңында бір семестр көлемінде қандай жетістіктер болды және қандай кемшіліктерге жол берілді. Әр сабақ, апта, семестр бойынша жасалған қорытындылар жалпы жіберілген кемшіліктердің түрлерін және жалпыға ортақ ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түзетудің қандай жолдары нәтижелі болды және нәтижесіз тұстары қайсы? деген сұрақтардың жауабын іздеуде де осы әдістемелік қадамдардың тиімділігі белгілі бола бастайды. Енді алғашқы сатыда қытай тілінің маңызды грамматикалық түйіндеріне талдау жасайлық [3].

Олар негізінен мыналар:

1. Зат есімді үйрену барысында жиі кездесетін қателіктерге талдау жасалынады. оның ішінде:
   (1) 们-men көптік жалғау көрсеткіші
   (2) “时间” мен “时候”Шатастырып қолдану
   (3) “里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)” шатастырып талғамай қолдану
2. Етістікті үйрену барысында кездесетін қателіктер
   (1)“有” мен “是” шатастыру
3. Есімдікті үйрену барысында кездесетін қателіктер

Сұраулық демеулікті дұрыс қолданбау

Жіктеу есімдігінің екінші жақ жекеше сыпайы, анайы түрін талғамай қолдану яғни

(1) “你” мен “您”

(2) “几” мен “多少”

(3) “怎么” мен “怎么样”

4. Сан есім мен мөлшер сөзді үйрену барысында кездесетін қателіктер

(1) “二” мен “两”

(2) “分” мен “分钟”

Алғашқы тіл ашар сабақ яғни қытай тілінің фонетика бөлімін аяқтаған соң, нақты иероглиперді, яғни жеке сөздерді үйренген соң қысқа-қысқа жай сөйлемдер басталады. Осы барыста студенттердің қателіктері бірден көріне бастайды. Жоғарыда келтірілген бес түрлі үлкен қателік алғашқы кезеңде үйреніп жатқан студенттерден өте жиі кездесетіндіктен осылай жіктеп алып отырмыз. Алғашқы сабақтардағы кемшіліктер осы етістік, есімдік, зат

есім, мөлшер сөз, сан есімдерге байланысты болып келетіндіктен де, осы мөлшерде қарастырып отырмыз. Ендеше бір-бірден жіліктеп көрсетеміз:

1. Зат есімді үйрену барысында жиі кездесетін қателіктер

оның ішінде [4]:

(1) 们-men көптік жалғау көрсеткіші

(2) “时间” мен “时候” шатастырып қолдану

(3) “里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)” шатастырып талғамай қолдану

Зет есім студенттер үшін ең тез қабылданатын, тез үйренетін грамматикалық ұғым. Заттық ұғымға ие сөздер үйренушіге өте таныс. Сондықтан да көп уақыт жұмсалмастан сабақты зат есімді үйретуден бастай беруге болады. Алайда сөйлем тек қана зат есімдер тізбегінен тұрмайтыны анық, сол себепті де оның алды-артына тіркесіп, жалғанып келетін жалғау-жұрнақтары болады. Біздің алғашқы сабағымызда ең алдымен *мұғалім, студент* сияқты зат есім сөздерін үйреткен кезде студент жазылуы мен оқылуын оңай үйреніп алады. Ең қарапайым сөйлемдерді құрауға да қол жеткізе алады. Бұл жерде ең маңызды грамматикалық түйін – ағылшын тіліндегі «to be» қытай тіліндегі “是-shì” мен сөйлемдегі орны бірдей. Қазақ тілді студенттерге бұл түйін тың жаңа мазмұн екендігі. Қазақ тілінің сөйлемдегі орынмен салыстырғанда мүлдем өзгеше екені бірінші сағаттан бастап-ақ нықтап үйретіледі, өйтпегенде тура осы жерден қателесе берген жағдайда, алдағы сабақтар қиындай түсетін болады. Нақтырақ айтқанда, мысалы, «мен студентпін», «мен мұғаліммін» деген сөйлемді жекеше түрден көпше түрге айналдырғанда студент шатаса бастайды – қиындық осында. Неге? Себебі қазақ тілінде жіктеу есімдігі жекеше болғанда зат есімге көптік жалғау жалғанбайды, ал жіктеу есімдігі көпше түрде келегенде зат есімге көптік жалғау сөздің дыбысы жуан-жіңішкелігіне қарай (-лар, -лер, -дар, -тер, -тар, -тер) түрінде жалғанатыны түсінікті жағдай. Осы форманы студенттер айна-қатесіз қытай тіліне әкеліп қате сөйлемдер құрап шығады [5]. Бұл екінші шет тілін үйренетін барлық тіл үйренушілерге ортақ қателік түрі. Бірінші кезеңде екі тілдің грамактикасының мүлде бөлек екенін, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің ұқсамайтынын ескермейді де ойда бұрыннан қалыптасып кеткен, өзгертуге келмейтін ана тілінің сөйлем формасына қоя қояды. Алғашқы кезең әлі де болса екінші бөтен тілдің табиғатына бой үйренісе қоймаған студенттердің бәрінде бұл ортақ жағдай. Сөзіміздің түсінікті болуы үшін нақты мысалдармен көрсетейік.

1. Зат есімді үйрену барысында жиі кездесетін қателіктер талдау жасалынады. оның ішінде:

(1) 们-men көптік жалғау көрсеткіші

(2) #很多学生们住在宿舍。

(3) #我们学校学习汉语的学生们不多。

Осы мысалға келтірілген екі қате сөйлемді алып қарасақ зат есімге көптік жалғау көрсеткіші 们-men-ді қосып құрап тұр, қазақша сөйлемнің ерекшелігімен қарайтын болсақ сөйлемде қателік жоқ, зат есімге көптік жалғау жалғану керек, алайда қытай тілінің граммаатикалық ерекшелігіне сүйенсек екі сөйлем қате. Қателігі зат есімге “们-men” қосылып айтылмайды. Себебі қытай тілінде адамды білдіретін зат есімдерге көптік мағына тудыратын “们-men” қосылады, алайда ескеретін жайт 们-men қосылып келгенде сөйлемде сандық мағына білдіретін ұғыммен қатар келмеуі шарт. жоғарыдағы екі қате сөйлемдегі “学生们” деген көптік мағынадағы зат есімнің алдына сандық мағынаға ие анықтауыш келіп отыр, бұл қытай тілі грамматикасына сәйкеспей тұр. Сондықтан да дұрыс сөйлем мындай болады.

(4) 很多学生住在宿舍。

(5) 我们学校学习汉语的学生不多。

Бұдан шығатын қорытынды, қазақ тіліндегі алты түрлі көптік жалғау баламасы болған қытай тіліндегі “们-men” сөйлемде сандық мағына беретін сөздермен бірге бір сөйлем құрай алмайды. Бұл жерде студенттің қателескен себебі көптік мағынада болу керек. “们-men”-ді қосты да сөйлемдегі сандық мағынадағы сөздің бар-жоғына назар аудармастан құрап шықты. Көптік мағына беретін осы “们-men”-ді үйреткенде сабақ барысында бірден оның дұрысытығына мән беріліп, өзіндік ерекшеліктеріне жіті назар аударылып отыру қажет [6].

(2) “时间” мен “时候” Шатастырып қолдану

“时间-shí jiān” сөзінің сөздіктегі қазақша мағынасы мынадай: зат.① уақыт. ② уақыт кезеңі ③ мезгіл; мерзім; пұрсат.

“时候-shí hòu” сөзінің сөздіктегі қазақша мағынасы мынадай: зат.уақыт ① 你写这篇文章用了多少～? Бұл мақаланы жазу үшін сізге қанша уақыт керек? ② мезгіл, кез: 现在是什么～了? Қазір қанша уақыт болды?; | 到～请叫我一声Уақыт болғанда, сен шақыр мені.

Сөздіктегі қазақша мағынасына қарасақ екеуіне де ортақ мезгіл, уақыт деген сөз. Демек студентке екі сөз бірдей мағынада деген түсінік тудырады да сөйлемде бірінің орнына бірін талғамастан ажыратпастан қолдана береді. Мысалы:

(1) #上课的时间，同学们不许说话。

(2) #我睡觉的时间，喜欢听民歌。

бірінші сөйлемдегі “同学们不许说话” іс-әрекеттің уақыты “上课的时间” сондықтан да сөйлемде “时候”дың орнына “时间” болғанда сөйлем дұрыс құрылады. Екінші сөйлемді алып қарасақ та, “喜欢听民歌” деген іс-әрекеттің жүз беретін уақытын айтып тұрғандықтан, сөйлемде“时候”қолданылуы керек. Онда сөйлем мынадай болып құрылады.

(3) 上课的时候，同学们不许说话。

(4) 我睡觉的时候，喜欢听民歌。

Жоғарыдағы сөздікте екеуіне ортақ мағына мезгіл, уақыт болғанымен, олардың сөйлемде қолданылуы жағынан айырмашылықтар бар. Ендеше осы екі сөздің қандай ерекшеліктер бар:

“时候” мен “时间” екеуі де бірдей уақыт, мезгілді білдіреді, дегенмен олардың бір-бірінен айырмашылығы бар:

“时间” әдетте көбінесе сөйлемде бастауыш, баяндауыш қызыметтерінде жұмсала береді. Ал “时候” сөйлемде “时间”-ның қызметінде көп жұмсала бермейді. Мысалы :

(5) 今天下午我没有时间。#今天下午我没有时候。

(6) 你不要浪费你的时间。#你不要浪费你的时候。

Тағы бір айырмашлықтары екеуі де сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалады, алайда олардың формасы ұқсас болмайды. Сөйлемде “时候” үнемі “(当/在)……的时候” формасында келеді де, ал “时间” үнемі “在……时间+上/中/里/内” формасында келеді.

(7) 当我在中国留学的时候，每天都很想妈妈。

(8) 他在国外的时候，总是给我写信。

(9) 在很短的时间里，他学会了很多汉字。

“时候” мен “时间”-нің бірге келетін зат есімдерінде айырмашылықтар бар. Мысалға:

(10) 我们要学会不要浪费别人的时间。#我们要学会不要浪费别人的时候。

(11) 结婚的时候再说吧.

Қортындыласақ осы екі сөзде сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалғанымен олардың бірге тіркесетін сөздерінде парықтар бар, маңызды бір айырмашылығы “时候” сөйлемде жеке дара бастауыш немене толықтауыш қызметінде көп жұмсала бермейді.

Көбінесе “时候”-дың сөйлемдегі басқа сөздермен бірігіп, тұрақты формада келуі шатастырмай қолдануға мүмкіндік береді.

(3) “里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)” шатастырып талғамай қолдану алдымен осы сөздердің сөздіктергі мағынасына қарайық:

里1lǐ зат.①(～儿) астар; ұлтанша; іштік (киімнің) : 绸～儿жібек астар; |黄～儿 сары іштік. ②ішкі : ～屋 бөлменің іші|～圈 дөңгелек іші.

里lǐ①→里弄.②ата-мекен; ел; ел-жұрт; туған ел; туған жер : 故～отан;.③(Lǐ)зат. Фамилияға қолданылады.

里3 lǐмөл. «ли» (ұзындық өлшемі 0,5 километрге тең).

后 1(後) hòu зат. ① артқысы; артынын, арт жақта, ар жағы: 后轮 - артқы доңғалақ: 山后 тауды 4 аржағында; 后排 артқы қатар

后 2 hòu кейінгі уақытты бейнелейді;吃午饭后 түстен кейін. (Hòu) фамилияға қолданылады.

边 (邊)biān ① зат қабырға(математика): 角之～ бұрыштың қабырғасы; ②(～儿)затшек, шет, жақ : 海～ теңіз бойындағы; 村～ ауылжақтағы; 田～ дала жақ; ③ шек, шет, шекара : ～疆 шекара; ～防 шекаралыққүзет; 戍～ шекараны қорғау; ④шек, шеңбер : ～际 шама, шек; 一望无～ көзжеткісіз, ұшан-теңіз; ⑤ шектесі, шендесу, шекараласу : 旁～маңында;身～ қасында, жанында; ⑥зат жақ, жөн, аспект, сала : 双～会谈这～那～都说好了 екі жақты келіссөздер ана-мына аспектінің бәрімен келісті; ⑦бір уақыттағы іс-қимылды қайталап жазу арқылы көрсетеді : (一) ～走,(一) ～说 әрі жүріп, әрі сөйлеп келеді; 边(邊)·biɑn (～儿)жақ, бөлшек : 前～алдыңғы жақ; 里～ ішңі жақ; 东～шығыс жақ; 左～ сол жақ.

“里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)” бұл сөздерді нақты мсалдар арқылы түсіндірейік [7]:

(1) #宝宝睡在我里。

(2) #他后是我的同学。

Қытай тілі грамматикасының ерекшелігіне сүйенсек, әдетте жалаң түрде келетін “里”мен “后”-дың алдынан жіктеу есімдігі немесе адамды білдіретін зат есімді тіркестер келмейді. (1), (2) мысалдағы “我” “他” лар болса жіктеу есімдігі. Сондықтан грамматикалық ережеге сәйкеспейтін сөйлем құрылып тұр. Дұрыс сөйлем былайша құрылалды.

(3) 宝宝谁在我里边（面）。

(4) 他后面（面）是我的同学。

Біздің күнделікті сөйлеу кезінде қолданатын іші-сырты (里外-里面(边)-外面(边)), алды арты(前后-前面(边)-后面(边)), жоғары-төмен(上下-上面(边), 后面(边)) мағыналары (өзара) бір-бірімен мағынасы жақын сөздер. Дегенмен оладың сөйлемдегі қолданысында айырымашылықтар бар.

“里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)”-ның айырмашылықтары:

Жалаң түрде келген “里”мен “后” сөйлемде жеке дара тұрып сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды, ал “里边(面)” “后边(面)”формасында келіп сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметтерін атқара алады.

(5) 里边（面）/后边（面）没有学生了。

(6) #里/后没有学生了。

(7) 教室的里边（面）学习着一个学生。

(8) #教室的里边（面）学习着一个学生。

Қытай тілінде “名词+的+里边（面）”мен “名词+里边（面）” формада келген сөйлемнің мағынасы ұқсас емес.

Тағы бір маңызды түйін “里”мен “后”ды “里边(面)” “后边(面)” бірге тіркесіп келетін сөйлемдегі тұрақты формасында үлкен айырмашылық бар. сөйлем формсы мындай болып келеді:

“人称代词/指认的名词（短语）+里边（面）/后边（面）”осы формада сөйлем дұрыс құрылады ал “人称代词/指认的名词（短语）+里/后”түрінде қате сөйлем құрылады. Мысалы :

(9) 你站班长里边（面）/后边（面）。

(10) #你站班长里/后。

Диалогпен келетін сөйлемде әдетте “里边(面)” “后边(面)” жеке түрде келе берсе, ал “里”мен “后” жеке дара келе алмайды. Мысалы :

(11)-咱们老师在哪儿？

-里边(面)/后边(面)

-#里/后

2. Етістікті үйрену барысында кезедсетін қателіктер

(1) “有” мен “是” шатастыру

Қытай тіліндегі “有字句” - “有” қамтылған сөйлем мен “是字句” “是” қамтылған сөйлем өте маңызды грамматикалық сабақ деуге болады. Алғашқы сатыдағы студенттер бірден осы екі грамматикалық сабақтан үйрене бастайды, әрі ең көп қатетлесетін жері осы тұс деуге болады. Екеуінің орнын ауыстырып, талғамай қолданып кететін жайттар да кездеседі. Енді осы екі грамматикалық көрсеткіштерге тоқталып өтсек, алдымен студенттердің қате құраған сөйлеміне назар аударайық:

(1) #在教室我后面有Arman.

(2) #他前面有Arman.

(3) 在教室我后面是Arman.

(4) 他前面是Arman.

Алдыңғы (1),(2) сөйлемдер қате құрылған, ал (3)(4) сөйлемдер – дұрысы. Енді бұл жердегі басты қателік “有” мен “是”-ны шатастырып, олардың мағына жақтағы өзгешеліктеріне қарамастан сөйлемде қолдана салғаны көрініп тұр. Жалпы осы екі сөйлемді қолданғанда қытай тілінің грамматикалық ерекшелігін анықтап түсіндірген абзал. Студенттің түсінігінде “有”-ды қоладануы яғни айтпақшы болған ойына сәйкес келіп тұр, нақтырыақ айтқанда бір заттың алды артында нақты тұрған заттың бар екенін айтып тұр. Ал “是”да сол мағынаны білдіре береді, екеуінің меңзейтін мағынасы ұқсас, бірақ сөйлемде бірінің орнына бірін қолдануға болмайды. Сөйлем қателігі осыдан келіп шығады.

Ал онда бұл жерде “有” мен “是”екеуі де бірдей “бар болу ” мағынасын білдіріп тұрған жағдайда қандай айырмашылықтары бар:

5. “是” әдетте “бар болу ” мағынасынмен келген кезде тек жалғыз, жеке тұрған затты меңзейді, оның алды артында, жанында қосымша ештеңені білідіре алмайды. Ал “有” болса “бар болу ”мағынасында келген кезде, меңзеп тұрған заттан басқа оның жанында тұрған затты да меңзейді. Мысал арқылы түсіндірейік:

(5) 桌子上是米饭。(бұл сөйлем дастарқанда тек қана мифан ғана тұр, басқа ештеңе жоқ деген мағынада жұмсалып тұр);

(6) 我们家后面是田地。(бұл сөйлемде үйдің артында тек қана атыз бар, басқа ештеңе жоқ деген мағынада);

(7) 桌子上有米饭。(бұл сөйлемнің мағынасы дастарқанда тек қана мифан ғана емес, басқада тамақтар бар екенін білдіреді);

(8) 我们家后面有田地。(бұл сөйлемде үйдің артында тек қана атыз ғана емес, басқа да, мысалы, ағаш не болмаса басқа да бір нәрсенің бар екені білдіріліп тұр)

Демек “有” мен “是”екеуі де бірдей “бар болу ” мағынасында келегенмен, бір-бірінен айырмашылықтары бар екенін көруге болады, демек талғап қолдануды талап етеді. Студентке осы екеуінің сөйлемдегі орнын білу маңызды, сонымен қатар, екі сөздің мағынасына өте ықтиат болуы шарт.

6. “有”-дың артынан келетін толықтауыш әдетте жеке дара зат есім болып келмеуі керек, ал “是”-ның артындағы толықтауышқа мұндай шектемелік жоқ. Мысалы :

(9) 东边是日本。

Бұдан шығатын қортынды “有” мен “是”екеуі де бірдей “бар болу ” мағынасын білдіріп келген жағдайда сөйлемде білдіретін мағынасы да ұқсамайтынын, әрі соңынан келетін толықтауышқа қойылатын шектемелікке де баса назар аудару керек екенін түсіну керек.

3. Есімдікті үйрену барысында кездесетін қателіктер

Сұраулық демеулікті дұрыс қолданбау

Жіктеу есімдігінің екінші жақ жекеше сыпйы, анайы түрін талғамай қолдану яғни

(1) “你” мен “您”

(2) “几” мен “多少”

(3) “怎么” мен “怎么样”

Есімдік сөз таптарының ішінде маңызды орынға ие сөздер, негізігі грамматикалық бөлім болып табылады. қытай тіліндегі есімдіктерді үйренген кезде тағыда қателіктер кездесіп отырады. Енді осы жөнінде талқылып көрейік.

Сұраулық демеулікті дұрыс қолданбау

Қытай тіліндегі сұраулық демеуліктер мыналар:
谁、哪、什么、怎么、怎么样、哪里、几、多少、如何、为什么、吗、吧、呢сияқты көптеген сұраулық есімдіктер бар. енді осының ішінде бірнешеуіне тоқталып өтеміз, басты кездесетін қателіктеің ерекшелігі осылардың сөйлемдегі орны дұрыс болмауында.

#你们想哪儿去，就哪儿去。

#今天晚上你想什么吃，就什么吃。

你们想去哪儿，就去哪儿。

今天晚上你想吃什么，就吃什么。

Алдыңғы екі сөйлем қате, артқы екі сөйлем дұрысы. Басты қателіктің келіп шығуы сұраулық есімдіктің сөйлемдегі орны дұрыс емес. Қате сөйлемге қарап бірден аңғаруға болады, студенттің қазақ тілілен тіке қытай тілілен аударма жасағаны, қазақ тіліндегі сөйлем құрылыса миға туа бітті қалыптасып кеткендіктен, екінші бөтен шет тілінің грамматикалық ерекшелігін сақтап сөйлеу, сөйлем құрау үзақ уақытты қажет етеді. Мысалға қазақ тілінде не жегің келсе, соны же, қайда барғың келсе сонда бар деген сөйлемдерде етістік сұраулық есімдіктерден кейін келеді. Студент тура осы қалыптасып қалған қазақ тілінің грамматикалық үлгісін қытай тіліне аудырмай әкеліп қолдана салды. Міне осыдан қате құралған қазақ тілінің сөйлем құрылысы бар сөйлем келіп шығып отыр.

Жіктеу есімдігінің екінші жақ жекеше сыпйы, анайы түрін талғамай қолдану яғни “你” мен “您”

Қытай тіліндегі жіктеу есімдіктерді де қиындық тудырып отырады. Жіктеу есімдігінің екінші жақ жекеше сыпайы, анайы түрін қалай қолдануды түсіндірген жөн. Әдетте қытай тілі болсын, қазақ тілі болсын жасы үлкен адамдарға сіз деп қолданылатынын білеміз. Жіктеу есімдіктерін үйреткен кезде көбінесе мен,сен, ол сияқты үш жақта тұратын жіктеу есімдігін көпше, жекеше түрге айналдырып сөйлемді құбылтып үреткендіктен сіз түрінде келетін түрі

ескерусіз қалады да студенттер үнемі жалаң “你”-ды қолданып сөйлем құрай береді. Мысалы :

#老师，你是哪国人？

老师，您是哪国人？

бұл жерде студенттердің қателесу себебі үлкен адмаға сен деп сөйлеуге болмайтыны білмегендіктен емес, қайта үнемі қолданатын жіктеу есімдігін мидың бірінші сегиналымен қолданып кете бергенінен деп түсінуге болады.

“几” мен “多少”

“几” мен “多少”-дың сөздіктегі мағынасына назар аударайық:

几(幾)jǐ 数①қанша, неше; қайсы; қай;қайсысы; нешінші ：来了～个人？

Неше адам келді? ② азын-аулақ;бірқатар; бірнеше; азғана; азғантай;аздап; сәл; біраз; бірсыпыра;біршама：～本书 бірнеше кітап.

多少duōshǎo①зат.мөлшерментең емес ～不等 . ② үс. бұл сөйлемде біраз мағына бар 这句话～有点道理.③үс. азғантай суығырақ болды天气～有点凉意了.多少duo·shɑo 代疑问代词.①осыжылы қанша астық жинады? 今年收了～粮食?② ол соншалықты айтты.

Екеуіне де ортақ мағына қанша деген?. Енді мағына бірдей деп түсінік қалыптасқан кезде сөйлемде екеуін бірінің орнына бірін қолантантын жайттер өте көп. Тіпті сөйлемде қайсысын қолданам деген сұрақ туындайды. Сонымен сабақ барысында мынадай қате сөйлемдер кездесіп отырды.

#你的运动鞋几块钱？

-三百六十块。

#这张中国地图几块钱？

-一百块。

你的运动鞋多少钱？

这张中国地图多少钱？

Қазақ тіліндегі санын сұрағанда қанша?неше? деген сөздер қолданылады, екі сөзде санның мөлшерін сұрауға арналған, сөйлемде екеуінің қайссын қолдансақ та ұғым шатастығы туындамайды, ал қытай тіліде олай емес. Қытай тіліндегі “几” қосылып келетін тұрақты сөйлем құрылысы мынадй болады: “几(қанша)+量词(мөлшерсөз)+名词(зат есім)” форасында келіп бұл әдетте “1-10”-ға дейінгі сандардың санын сұрауға қолданылады. (7)-мысалда үлкен сома айтылып тұр, бұл жағдайда негізі он юанға дейінгі сан айтылғанда сөйлем дұрыс болады. сондықтан сөйлемдегі “几”-дың орнына “多少”қолдансақ дұрыс болады. дұрыс сөйлем (9)- сөйлем. Ал (8)-сөйлемнің қателігі де алдыңғы сөйлеммен бірдей болып тұр.

Қытай тіліндегі “几” мен “多少”-дың қазақ тіліндегі баламасы неше, қанша деген сөз, жоғарыда айтқанымыздай екеуінің орнын ауыстырып үйреніп кеткен студенттер қытай тілінде осы екі сөзді ауыстырып қолдана береді, екеуі де заттың санын, мөлшерін сұрап тұрғандықтан қытай тілі ережесі назардан тыс қалады да қателік шығады.

Ендеше осы “几” мен “多少”-дың қандай ұқсатықтары мсен ұқсамастықтары бар?

“几(қанша)+量词(мөлшерсөз)+名词(зат есім)” форасында келеді де әдетте 1 ден 10ға дейінгі санның мөлшеріне жауап береді. Ал “多少” реттік сан есімнен басқа барлық санның мөлшеріне, санына жауап береді.

Қытай тілінде сан мен зат есімнің арасында келетін мөлшер сөз өте маңызды, әр зат есімнің өзіне тән мөлшер сөзі болады. сан мен зат есім қатар келіп тіркеспейді, ал бұл жағдай қазақ тілінде керісінше бола береді, мысалға:

Қазақ тілінде: бір адам, он қой, екі кітап.

Қытай тілінде: 一个人、十只羊、两本书

жоғарыда біз “几”мен “多少”-дың сөйлемдегі тұрақты формасы “几(қанша)+量词(мөлшерсөз)+名词(зат есім)” екенін айттық, әдетте мөлшер сөз түсіп қалса сөйлем мүлде қате болады, ал осы формада “几”келеген кезде міндетті түрде мөлшер сөз айтылады, ал “多少”мен келген кезде мөлшер сөз түсіп қалсада сөйлем қате болмайды. Мысалға:

几个人？

多少学生？

“怎么” мен “怎么样”

Осы екі сөздің сөздіктегі мағынасына қарайық:

怎么zěn·me Қалай?ес.这是～回事? Бұл қалай болғаны?｜这个问题该～解决？Бұл мәселені қалайшешеміз? ｜他～还不回来？Ол қалайша әлі қайтып келмеген?②你愿意～办就～办.Сен қалай істегің келсе, солай істе.③不知道～一来就滑倒了.Қалайша шалынып қалғанын өзі де білмейді.

怎么样zěn·meyàng Қандай, қалай?他画得也并不～(=并不好) Оның сурет салғаны онша емес.｜也不好～他 Олтуралы айту біртүрлі ыңғайсыз сөздіктеде көрсетілгендей екі сөзге ортақ қалай деген мағынасы бар. демек бұл қазақ тіліндегі қалай, қалайша дегенмен бірдей болып сөйлемде екеуі бірінің орнына бір жұмсала береді. Алайда қытай тілінде мүлде басқаша. Мысалы:

#你你们那边天气怎么？

#北京大学怎么样去？

你们那边天气怎么样？

北京大学怎么去？

Не үшін қате сөйлемдер орын алды деген сұраққа жауап іздейтін болсақ ол қытай тілінің басқа тілдерге ұқсамайтын өзіндік грамматикалық ерекшелігімен түсіндіреміз. Қытай тілінде “怎么” сөйлемде жеке дара тұрып өз алдына баяндауыш бола алмайды, яғни сөйлемнің соңында тұрып баяндауыш қызметінде жұмсалмайды. Сондықтан “怎么”-ның орнына “怎么样”-ды қолданған дұрыс болады, дұрыс сөйлем (3).

Ал (2)-сөйлемнің қателігінің себебі сөйлемде “怎么样” іс-әрекеттің қайтып қалай орындалғанна жұмсалмайды, қайта оның орнына “怎么”-ны қолданса дұрыс сөйлем шығады. Демек бұл грамматикалық мазмұнға саятын сабақ. Сабақ барысында ең бір ескеретін түйін “怎么”сөйлем соңында жеке дара баяндауыш бола алмайтынын ескерту керек, сонда үйренушы екі сөзді қолданғанда оның сөйлемдегі орын ескеріп-ақ қателеспеуіне болады.

4. Сан есім мен мөлшер сөзді үйрену барысында кездесетін қателіктер

(3) “二” мен “两”

(4) “分” мен “分钟”

Сан есім тарауын үйренгенде ең алыдмен студент 1-100-ге дейін еркін санай алу керек. Жаңадан бастап үйренушілер болсада оларға бірден 1-100-ге дейінгі санды оңай әдіспен үйретуге болады. Жаңадан қытай тілін бастаған студенттерге қытай тілдіндегі сандарды яғни 1-100-ге дейінгі сандарды өте тез иегрудің анығырақ айтсақ жаттамай-ақ үйреніп алудың ең оңай әдісінің бірі мынадай:

一(yī)、二(èr)、三(sān)、四(sì)、五(wǔ)、

六(liù)、七(qī)、八(bā)、九(jiǔ)、十(shí)

бұл бірден онға дайінгі сан, енді он бірден он тоғызға дейін айту үшін біз十(shí)-ны 1-9-ға дейінгі сандардың алдына қоя беремеіз, сонымен 11-19ға дейінгі сандар келіп шығады. Ал 20 санын айту үшін十(shí)-ды сол二(èr)санының артына тіркей береміз, осы әдіспен 2-9 ға

дейінгі сандардың артына十(shí)-ны қоя берсек 20(二十), 30(三十), 40(四十), 50(五十), 60(六十), 70(七十), 80(八十), 90(九十) сияқты сандар шығады, бұл бір енді 10 нан үлкен сандарды қалай жазуға болады, бұндағы қолданатын тәсілде жоғарыдай айтқандай енді十(shí)-ның артына 1-9ға дейінгі сандарыд жалғаймыз, демек онда 11(十一),12(十二),13(十三),14(十四)...болып кете береді. 20 (二十) санынан жеткенде 21(二十一), 22(二十二), 23(二十三) санын да осы әдіспен жалғап алып кетуге болады. ең сонңында қалған 100 санын 一百（yī bǎi）, 百(bǎi).

(1) “二” мен “两”

Міне осыдай кейінгі жерде санмен қатысты ұғымнан қатты атаса қоймайды, тек бұл жерде тездік рол ойнайды. Ал бұл жерде бір ғана маңызды түйін қытай тілінде 2 сан есім екі түрлі айтылады әрі екі түрлі жазылады.

二(èr) және两(liǎng) болып айтылады, екеуі де екі деген санды білдіреді, алайда сөйлемде екеуін бір – бірінің орнына мүлдем жұмсай алмайдымыз. Ендеше сөйлемде не болмаса қолданста қай кезде二(èr), қай кезде两(liǎng) айтылады?

#我们学校有二个外国老师。

#我明天下午二点去学校。

#这件皮草二千九百九十九。

Осы үш сөйлемде二(èr) және两(liǎng)-ның сөйлемдегі қолданысын дұрыс түсінбегендіктен осындай қате сөйлем келіп шыққан.

Бұл жерде二(èr) болып айтылған кезде сөйлемде бұнымен бірге мөлшер сөз қатар келмейді, яғни (1) сөйлемдегідей. Сағатты айтқанда да二(èr) айтылмйды, дұрысы екі сөйлемде де两(liǎng) мен келеді. Онда дұрыс сөйлем мынадай болмақ:

我们学校有两个外国老师。

我明天下午两点去学校。

Енді бұл жерде қателіктің түп себебі қытай тіліндегі二(èr) және 两(liǎng)-ның қазақ тіліндегі баламасы біреу ған, ол – екі деген сөз. Демек студент үшін二(èr) да екі, 两(liǎng)-да екі деген сан, бірдей деген түсінік қалаптасады да осындай қате сөйлемдер келіп шығатыны содан. Ал біз оның ара-жігін айқындап үйретуіміз керек.

Әдетте телефон нөмір, реттік нөмір, ондық бөлшек сияқты сандарды айтқан кезде二(èr) мен аламыз, ал两(liǎng) келген жерде мөлшер сөз бірге жүреді.

(1) “分” мен “分钟”

Осы екі сөз қазақ тілінде минут деген мағынада, мәселе осы жерден шығады. Баламасы бір сөз болғандықтан олардың ара-жігін ашып көрсетіп нақтылап үйртілмеген жағдайда қате сөйлем шыға береді. Мысалы:

#他三十分写不完10个汉字。

他三十分钟写不完10个汉字。

Осы жерде “分” болса нақты уақыттың минутын көрсетеді, яғни сағат, минут, секундпен айтқанда, ал “分钟” болса уақыттың мәлім бір бөлігін көрсетеді. Қазақ тілінде екеуі де минут деген сөзбен келгендіктен қателік келіп шығады. Енді қытай тілінде сөйлемде бұл екеуін қолданғанда мынадай түйіндерге назар аудаған дұрыс.

Жоғарыда айтып өткендей біреуі нақты уақытты, ал біреуі уақыт бөлігін көрсетеді. Мысалы:

我每天六点二十分起床。

写汉字三十分钟不够。

Жоғарыдағы төрт түрлі грамматикалық мазмұндар студенттерге қытай тілінің алғашық сатыдағы білімдерін үйрету барысында үнемі қайталана беретін қателіктерін жинап, топтастырып, оларға анализ жасай отырып осындай талдауларға ие болдық. Қазақ тілі мен

қытай тілі мүлде ұқсамайтын екі түрлі тілдер тобына жататындықтан, олардың грамматикалық ерекшеліктері де бір-бірінен алшақ келеді. Біздің студенттердің миында қалыптасып, өзгермейтін қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтары үнемі екінші бөтен тілді меңгеру барысында өзінің әсерін міндетті түрде тигізіп отырады. Оны жоғарыдағы бірнеше грамматикалық талдаулардан көріп білдік. Енді осындай қателіктердің алдын алуда ең бірінші үлкен міндет мұғалімге артылады. Екінші шет тілін үйренткенде мейлі ол ағылшын тілі болсын, мейлі ол француз, неміс тілі болсын, үйренушінің ана тілін жеттік білген дұрыс, бұл бірінші қойылатын талап. Мысалы қазақ тілді студенттерге қытай елінене келген ағышын немесе орыс тілін орташа меңгеріп келеген маман берген жағдайда нәтиже айтақалсын болмай жатады, себебі алдындағы оқушы сөйлем аударғанда, қытай тілі грамматикасын үйренгенде міндетті түрде қазақша ойлайды, ал қазақша білмеген мұғалім оның қателігінің қайдан келгенін бірден аңғара алмайды. Сондықтан да бізде маманның тіл біліуі мен біліктілігі аса маңызды. Ал қазақ тіліді аудиторияға қазақ тіліне, қытай тіліне жеттік маман сабақ жүргізгенде тек үйртіп қана қалмастан үйренушінің ішкі-жан дүниесімен бірге меңгере алады да сабақтың қызғындылығы арта түседі, бұл нақты сабақтар практикасымен алынған қортынды.Ал сабақ дұрыс түсіндірілседе студент тағы сол жоғарыдағы сияқты қателіктерді қайталап жатады. Ондайда студентке дұрыс, грамматикалық түзілісінен ешқандай ақаусыз сөйлемдерді күнде жаттата беру керек. Жаттала берген сайын, тереңдеп үйреніп белігілі бір дәрежеге жеткенде жаттаған сөйлем үнемі алдынан шығып отырады да оның мағынасын сол кезде терең ұғынып ондай сөйлемдер адам жадысында ұзақ уақытқа қалып қояды. Бұл да оқу-оқытудың тәжірибесінен шыққан қортынды. Жоғара көрсеткен грамматикалық талдаулар, граммтикалық қателіктер алғашық сатыдағы студенттердің қытай тілін үйрену барысында кезтесетін қиындықтарының бір парасы ғана.

Әдебиеттер тізімі

1. С. Найман. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2006, 2265 б.
2. Д. Мәсімханұлы. А. Әбиденқызы. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Алматы: Эксклюзив КА, 2017, 1022 б.
3. Масимханулы, Д. Основные знания фонетики китайского языка : учебное пособие / Д. Масимханулы, А. Абиденкызы, Д. Кульмаганбетова. Алматы: CyberSmith, 2017, 140 б.
4. Мәсімханұлы, Д. Қытай туралы қырық сөз : ғылыми зерттеулер, очерктер, сұхбаттар. Астана: Фолиант, 2014, 559 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі Қазақ тілі. Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010, 457 б.
6. **戴**庆夏、成燕燕.维吾尔族、哈萨克族汉语语法教学难点释疑，北京：北京:**商**务印书2009,22-bet [Dai Qing Xia, Cheng Yan Yan,Qytai tilining grammatikasy. Beijing:Beijing,Bissinese baspasy, 2009, 22b.]
7. 李德津、程美珍.外国人实用汉语语法，北京：北京语言大学，2008, 35p.[Li De Feng,Cheng Mei Zhen:Sheteldikterding qyai tili grammatikasyn uirenui. Beijing:Beijing tilder universiteti baspasy, 2008, 35b.]

Аннотация

В данной статье речь идет о трудностях, которые возникают у студентов казахского языка в начале изучения китайского языка. Основная цель: после первых занятий, при переходе на грамматическую часть, показать предложения, в которых студенты ошибаются, путем суммирования одинаковых и часто повторяющихся ошибок и предотвратить их возникновения. Статья была подготовлен на основе собранных материалов по предложениям, которые составляются в ходе ежедневных занятий. Дается объяснение особенностям свойсвенным китайкому языку и в течение

одного семестра, во время получения знаний, отвечает на вопрос что должен обучающийся учитывать, какие способы берет во внимание учащийся чтобы не допускать ошибок.

Abstract

The article is about the difficulties that arise for students of Kazakh language at the begging of learning Chinese language. The main goal: after the first lessons, at the beginning of grammatical part, to show sentences in which students make mistakes, by summing up the same and often repeated errors and prevent them from occurring. The article was prepared on the basis of collected materials on sentences that are complied during daily classes. There is explained the peculiar features of Chinese language and during one semester, while getting knowledge, answers to the questions about what should students consider, what methods take into account learners to avoid errors.

ӘОЖ 004.77

Н. Құрманбекқызы, Т.С. Досымбет

ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒІЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

Түйін

Бұл мақалада бастауыш сынып мұғілімдерінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзіреттілігі туралы қарастырылады. Қазіргі уақытта мұғалімдерге түрлі жаңа технологиялардың көмегімен цифрлық білім беру ресурсын өз бетінше жасауға мүмкіндік туды. Бүгінгі таңда сапалы заманауи білім беру қажетті шарты озық технологияларды пайдаланумен дәстүрлі оқытуды дамыту болып табылады. Оқу үдерісінде бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану шарттары қозғалады және практикада біліктілікті арттыру барысында алған дағдыларды көрсете отырып, мұғалімдер бастауыш білім берудің негізгі мақсаттарын іске асыруға қабілетті болады. Сондай - ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кіші мектеп оқушыларын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың оң жақтары туралы артықшылықтары және мүмкіндіктерін зерттейді. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына қызықты болуы мүмкін.

Кілттік сөздер: бастауыш сынып мұғалімі, цифрлық білім беру ресурстары, құзіреттілік, оқыту әдістері,бастауыш сынып оқушылары.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев "Болашаққа көзқарас – қоғамдық сананы жаңғырту" мақаласында былай дейді: "бәсекеге қабілеттілік – бұл ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта баға немесе сапа әлемін ұсыну қабілеті. Бұл тек материалдық өнім ғана емес, сонымен қатар білімге, сервистерге, зияткерлік немесе сапалы адами ресурстарға байланысты болуы мүмкін. Болашақта елдің табысы оның табиғи байлығымен емес, бәсекеге қабілеттілігімен және өз халқының күшімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, демек, тұтас ұлт болуы тиіс XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу және мәдени ашықтық алға жылжудың негізгі алғышарттары болып табылады. Сондықтан "Цифрлық Қазақстан", "Үш тілде білім беру", "Мәдени және конфессияаралық келісім" сияқты бағдарламалар біздің ұлтымызға XXI ғасыр талаптарына оқытудың негізгі құралдары болып табылады [1].

Қазіргі дамыған заман талабында оқушылардың білім беру стандарттарын іске асыруда бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби цифрлық білім беру ресурстарының құзыреттілігін

барлық үш деңгейде: жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және кәсіптік деңгейде қалыптастыру болжанады. Осылайша, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, қоғам мен мектеп білімінің заманауи қажеттіліктеріне сәйкес бастауыш сынып мұғалімінің цифрлық білім беру ресурстарының - құзыреттілігін қалыптастырудың жаңа моделін құрудың принципті мүмкіндіктерін ашады. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану саласындағы бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің әрбір компонентінің сипаттамасына толығырақ тоқталайық.

Цифрлық білім ресурсында құзыреттіліктің қалыптасуы ақпараттық дайындық нәтижесінде болады. Сондай-ақ, ақпаратты тиімді іздестіруді, құрылымдауды, оқу проблемасын әртүрлі цифрлық ресурс тәсілдермен тұжырымдауды, педагогикалық проблемалар мен практикалық міндеттерді шешуді жобалауға мүмкіндік беретін түрлі ақпараттық ресурстармен, кәсіби құралдармен, дайын бағдарламалық-әдістемелік кешендермен білікті жұмысты, білім беру үдерісінде мұғалімнің автоматтандырылған жұмыс орындарын пайдалануды қамтамасыз ететін қызметкердің іс-әрекетінің сапасы; тұрақты дербес танымдық іс-әрекет, қашықтықтан білім беру қызметін жүргізуге дайындық, білім беру процесінде компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, сандық білім беру ресурстарын пайдалану, электрондық тасығыштарда мектеп құжаттарын жүргізу [2].

Қазіргі уақытта білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасу уақыты деп сеніммен айтуға болады,оның негізінде оқушылардың оқу процесін цифрландыру жағдайында белсенді дербес оқу қызметі жатыр. Білім беру сапасын жақсартуға ықпал ететін мүмкін бағыттардың бірі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану негізінде оқыту процесін ұйымдастыру болып табылады. Бұл цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен енгізу дамыта оқыту идеяларын іске асыруға, фактологиялық білімді механикалық меңгеруден жаңа білімді өз бетінше игере білуді меңгеруге көшуді қамтамасыз ететін оқу процесін ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған [3].

Көпфункционалды цифрлық білім беру ресурстары мәліметті жылдам іздеу есебінен оқу үдерісінің мотивациялық саласына оң әсер етеді; оқушылардың білімі мен іскерлігін объективті тексеруді қамтамасыз етеді; түрлі құбылыстар мен процестерді көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді; оқушылардың жеке өзіндік танымдық қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушыларды цифрлық ресурстар көмегімен танымдық іс-әрекеттің әр түріне қосу пәндік біліктілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Оқу процесінде мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану бірқатар факторларға байланысты: қолданылатын техника мен бағдарламалық құралдардың сенімділігі; оқушылардың қызығушылығы; компьютермен жұмыс істей білу; жаңа технологияларды пайдалана білу.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісінде цифрлық ресурстарды қолданудың негізгі мақсаттары:

• оқушылардың бастауыш мектеп курсының негізгі мәселелерін терең, сапалы өнімді игеруіне, зияткерлік және танымдық қызметті дамытуға жағдай жасау;

• тиісті біліктерді қалыптастыруға бағытталған оқушылардың оқу-тәжірибелік қызметін дамытуды қамтамасыз ету:

• логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапсырмаларды орындауға назар аудара білуді қалыптастыру;

• білімді пайдалана отырып, қорыту, тыңдау, ойлау, жауап табу қабілетін дамыту [4].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық ресурстарды пайдаланудың негізгі құзіреттілік мүмкіндіктеріне:

• оқушының ойлау қызметінің негізгі тәсілдерін меңгерудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру (талдау, синтез, жіктеу, ұғымдарды, заттарды, құбылыстарды және т .б.);

• бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту;

• оқушының жеке қасиеттерін дамыту, қабылдау,

• назар аударыңыз, көру жады, шығармашылық және логикалық ойлау, іс-әрекеттердің рационалдығы мен жоспарлануы және т. б.);

• ақпараттық сауаттылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

• кеңейту құралы ретінде компьютер туралы көрініс;

• адам мүмкіндіктерін дамыту.

Қазіргі жаңа технологиялар бастауыш мектепте оқу-танымдық іс-әрекетті жандандыруға үлкен мүмкіндік береді, осылайша информатиканы дамытып оқытуды жүзеге асыру үшін қолайлы психологиялық жағдайлар жасайды. Оның ішінде негізгілері мыналар болып табылады:

Әсіресе мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезеңінде сабақтың ойын түрлерін қолдану. 5-10 жастағы балалар үшін ойын басқа әрекеттерден басым болады. Оқушылар ойнай отырып, күрделі ұғымдарды, іскерліктер мен дағдыларды еркін меңгереді және бекітеді. Қарапайым сабақта мұғалім тәртіпті сақтауға және оқушылардың назарын аударуға көп күш жұмсайды.

Практикалық тапсырмаларды орындаудың бәсекеге қабілетті және бәсекелестік сипаты. Осы жастағы балаларға тән ұжымда көшбасшылық үшін белсенді күресті, көтермелеу қажеттілігін оқу жұмысын қосымша ынталандыру үшін пайдалану қажет. Бұл міндетті шешуге сабақты бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету оңай бейімделеді [5].

Оқушылардың компьютерде тапсырмаларды орындау дербестігінің жоғары дәрежесі. Дербес қызмет баланың жеке жауапкершілігін арттырады, ал шешім қабылдаудың дербестігі олардың оң нәтижелерімен үйлескенде оң эмоциялар береді, өзіне деген сенімділік пен жұмысты қайта жандандыруға, бірте-бірте тапсырмалардың неғұрлым күрделі деңгейіне көшуге деген тұрақты ықыласты тудырады.

Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін барынша пайдалану. Мультимедиа құралдары басқа техникалық оқыту құралдарымен салыстырғанда, бастауыш мектептің білім беру технологияларында жетекші орын алатын көрнекілік қағидатын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мектеп пәндерінің білімін жан-жақты пайдалану. Информатика сабағында оқыту және дамыту бағдарламаларының алуан түрлілігін қолдану басқа мектеп пәндерінің білімін тиімді бекітуге және оларды оқуға қосымша қызығушылықты оятуға, пәнаралық байланысты нығайтуға, балаларда алған білімдерді жүйелі қабылдауды, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып мұғілімдерінің цифрлық білім беру ресурстарының құзіреттілік қабілеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

- ЦБР – ды қолдана отырып тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету (проекторды пайдалана отырып сыныппен сөз сөйлеу және жұмыс істеу, ақпараттық ортада материалдарды орналастыру, оқушылар орналастырған материалдарды қарастыру, ата-аналарға және т. б. ақпаратты қалыптастыру және тарату);
- оқушылардың жұмысында қиындықтар мен жетістіктердің, күшті және әлсіз жақтардың диагностикасын жүргізу (АЖ-да орналастырылған оқушылардың жұмыстарын талдау, мүмкін, басқа педагогтарды тарта отырып, ескі жұмыстарды бір уақытта қарастыру, оқушының сөз сөйлеуін бейне-аудиофиксациялау және оның басқа оқушылармен қарым-қатынасы, оқушылардың портфолиосын қалыптастыру және қарастыру, акт және т. б. қолдану арқылы аралық аттестаттауды өткізу);
- өз білім беру мекемесінің ақпараттық көздерін, сандық білім беру ресурстарының федералды электрондық қоймасын және барлық Интернет желісін, өз сөз сөйлеуіне қажетті ақпарат көздерін, оқушылардың мүмкін болатын сұрақтарына жауап беруді, сондай-ақ оқушыларға өз бетінше жұмыс істеу үшін ұсынылатын және т. б. қамтитын жаһандық ақпараттық кеңістікте табу.;

- диаграммалар мен карталар түрінде ұғымдар, объектілер, құбылыстар мен оқиғалар арасында байланыс ұсыну; сабақ элементінен бастап көп жылдық курсқа дейін және барлық білім беру процесі мен т. б. түрлі ауқымда цифрлық ресурстарды қолдана отырып, өз жұмысын жоспарлау [6].

Әрбір мектепте және тіпті әрбір сыныпта жоғарыда аталған компоненттердің болуына қарамастан, олар әлі де мұғалімнің жақсы игерілген аспабына айналып кеткен жоқ. Сондықтан, бастауыш сынып мұғалімі қазіргі уақытта компьютерлік техниканы сабақта жұмыс істеу үшін авторучка немесе бор пайдалануды, ақпараттық технологияларды меңгеруді және алған білім мен дағдыларды сабақ әдістемесін жетілдіру үшін шебер қолдануды үйренуі қажет. Оқушылармен тікелей қарым-қатынас барысында бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың дайындық деңгейін, олардың өмірлік тәжірибесі мен жас ерекшеліктерін ескеруі қажет: көрнекіліктің әр түрлі құралдарын қолдана отырып, оқу материалын қисынды дұрыс баяндау; сұрақтарды кіші мектеп оқушылары үшін қол жетімді, қысқа және нақты формада қалыптастыру керек; қажет болған жағдайда материалды баяндаудың жоспары мен барысын қайта құру қажет және т. б. [7]. ЦБР түрлі түрлерін кәсіби қызметте пайдалану барысында мұғалім оқытудың тиімділігін арттыру үшін оқушылардың оқу қызметін басқару дағдыларын меңгеруі қажет: ЦБР қолдана отырып, оқу қызметінің мәні мен мақсатын сауатты түсіндіру, кіші оқушыларға компьютермен қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету, оқушылардың назарын сауатты бөлу және оның орнықтылығын қолдау, оқушыларға жеке көзқарасты жүзеге асыру және т. б. Цифрлық ресурстарды пайдалану материалды ашық, көрнекі көрсету арқылы балаларды қызықтыруға; жобаларды орындау кезінде оқушыларды жеке ЦБР құруға тартуға; оқушылардың үлгерім деңгейін объективті бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні анық. Мұғалім өзінің жеке цифрлық білім ресурсын жасай алады немесе дайынын пайдалана алады. Бұл ретте ол қазіргі уақытта өте тез дамып келе жатқан ақпараттық мәдениетке қосылады және одан артта қалу – ақпараттық қоғамда жоғалу дегенді білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа Цифровой Казахстан (2018). Доступно на: https://zerde.gov.kz/images/%D0%93%D0%9F%20%D0%A6%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B9%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%20%D0%BD%D0%B0%202017-2020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D1%8B.pdf (от 25 декабря 2018 года).
2. Информационные технологии в деятельности учителя-предметника. Часть I. Пособие для системы дополнительного профессионального образования. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2007, 182 с.
3. А.В. Горячев, Т.О. Волкова, К.И. Горина, Информатика в играх и задачах». 1-4 классы. Методические рекомендации для учителя. Москва: Баласс, 2012, 176 с.
4. Григорьев С.Г., Кузнецов А.А., Гриншкун В.В. Образовательные и электронные издания и ресурсы. Методическое пособие. М.: Дрофа, 2009, 156 с.
5. Гурьев С.В. Необходимые условия для проведения занятий детей дошкольного возраста (2019). Доступно на: https://256.ru/pedagogics/guriev/article-neobhodimye-uslovia/ (от 12 января 2020 года).
6. Федеральный государственный образовательный стандарт начального общего образования: Утвержден Приказом Минобрнауки России 06.10.2009, зарегистрирован в Минюсте России 22.12.2009, рег. № 17785. М.: Просвещение, 2010, 31 с.
7. Зеленев В. М., Шабанов М. Ф. Новый предметно-методический курс с использованием цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) в преподавании астрономии в пед. вузе // Новые технологии в образовании, 2008, №1, С. 48-52 с.

Аннотация

В данной статье рассматриваются компетенции учителей начальных классов по использованию цифровых образовательных ресурсов. В настоящее время учителям удалось самостоятельно создать цифровые образовательные ресурсы с помощью различных новых технологий. На сегодняшний день необходимым условием качественного современного образования является развитие традиционного обучения с использованием передовых технологий. В учебном процессе затрагиваются условия эффективного использования цифровых образовательных ресурсов в учебно-воспитательном процессе начальной школы и учителя будут способны реализовать основные цели образования, демонстрируя навыки, полученные на практике в ходе повышения квалификации. Также изучает преимущества и возможности учителей начальных классов о положительных сторонах использования цифровых образовательных ресурсов в обучении младших школьников. Статья может быть интересной для учителей начальных классов, преподавателей педагогических вузов.

Abstract

This article examines the competence of primary school teachers to use digital educational resources. Currently, the teachers were able to create their own digital educational resources through a variety of new technologies. Today, the development of traditional education using advanced technologies is a necessary condition for high-quality modern education. The educational process addresses the conditions for the effective use of digital educational resources in the educational process of primary schools and teachers will be able to implement the main goals of education, demonstrating the skills acquired in practice during professional development. It also studies the advantages and opportunities of primary school teachers about the positive aspects of using digital educational resources in teaching younger students. The article may be interesting for primary school teachers, teachers of pedagogical universities.

ӘОЖ 374.3.16

А.М. Нұрбекова, И.А. Корнилко

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ МАҚСАТТАРЫ

Түйін

Мақалада тіршілік әрекетін оқыту, тәрбиелеу және ұйымдастырудың теориялық тәсілдері қарастырылады. Бұл міндет мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қорғауға, оларды оқытуға, тәрбиелеуге, оңалтуға және әлеуметтік ортаға бейімдеуге қатысты медициналық, педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік, әлеуметтік - психологиялық мәселелердің барлық кешенін ескере отырып шешілуі тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу даярлаудың аталған құрамдас бөліктері кешенінде оларды әлеуметтік бейімдеу мәселелері маңызды орын алады. Әлеуметтік бейімдеу - бұл әр түрлі әлеуметтік құралдардың көмегімен адамның өзгерген ортаға белсенді бейімделу үдерісі. Соңғы жылдары бейімделу бойынша білім, әлеуметтік бейімделу мәселесі болып табылатын мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше назар аударудың арқасында алға жылжыды. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар.

Кілттік сөздер: әлеуметтік бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі балалар, даму кемістігі бар балаларды әлеуметтік бейімдеу, инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдерді кәсіби даярлау.

Кіріспе. Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі

балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру [1]. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек. Екінші жолы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы.

Теориялық талдау. Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналы-әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен, протездермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ, кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар. Лев Семенович Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» - деп атап көрсетеді [2]. Сондай-ақ, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады деді, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген.

Әлеуметтік - экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде мүмкіндіктері шектелген балалардың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам дамуында мүмкін емес. Дегенмен, «ерекше» балаларды оқыту мен тәрбиелеу және әлеуметтендіру күрделі мәселе болып отыр. Аталған балалар категориясын қоғамға интеграциялауға дайындаудағы жағымды бет алыстардың алдын-алу үшін оларды оқыту, тәрбиелеу және барлық өмірлік әрекеттерін ұйымдастыруда арнаулы (түзетім) білім берудің қазіргі проблемаларын талдаудан шығатын жаңа теориялық ықпал жасауды талап етеді және де бұл мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауға қатысты медициналық, педагогикалық, әлеуметтік, әлеуметтік - психологиялық және өзге де проблемалар комплексін ескере отырып шешілу қажеттігін туындатады [3].

Мүмкіндігі шектелген бала ерекше қарауды қажет етеді. Осындай тұлғаны қалыптастыруды нәтижелі басқару үшін, түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы терең білу керек. Егер адамды тарих пен табиғаттың бір бөлігінің өнімі ретінде биоәлеуметтік нәрсе деп қарастырар болсақ, мұнан дамуға әсер ететін биологиялық (табиғи) және әлеуметтік (әлеуметтік орта) фактор шығады. «Психологиялық ой түйіндісі бойынша физиологиялық кемшілік әлеуметтік тәртібі нормаларының бұзылуын туындатады. Осындай кемшіліктері бар балалардың барлық психологиялық ерекшеліктері биологиялық емес, әлеуметті құбылыс болып табылады». (Л.С.Выготский) Психиканың тарихи-мәдени қалыптасу теориясында Л.С.Выготский кез-келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірбиесін игеруге кедергі келтіретініне баса назар аударады [4].

Нәтижелер мен талқылау. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға өзгелермен бірдей білім алуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б. яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен, бұны шынайы түрде іске асыру оңай еместігі белгілі. Білім алу, қоғамдық өмірге араласу, түрлі мүмкіндіктерді игеру, мемлекет, жергілікті әкімшілік білім беру жүйесінен қолдау таппаған жағдайда тек қағаз жүзінде ғана қалып қояды. Арнаулы білім беру мәселелерін қайта қараудың нақты бағыттары білім беру жүйесінде мүмкіндіктері

шектеулі балаларды интеграциялау туралы ұсыныстар және интеграциялық оқыту практика барысында қолға алынып, практикаға енгізіліп, жақсы нәтижелерге қол жетіп жүрген инклюзивтік оқыту барысы және жалпы білім беру мекемелерінің жанынан ашылып жатқан арнаулы (түзетім) топтар мен логопункттер.

Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық-педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен, осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен, оқу сабақтарының балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады [5]. Сонымен қатар, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында балаларда болашақ әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді [6]. Ол үшін сабақтан тыс уақыттарда «Дүкенде», «Шаштаразда», «Автобуста» т.б. сияқты сюжетті-рольді ойындар өткізіледі. Балаларға белгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсету керек. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал, танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне сай балалар еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса жолдасына, тәрбиешісіне көрсетіп, мадақтауды ұнатады. Балалар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі балалардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып, олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді [7].

Қорытынды. Тәрбиеленушілерді әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Бұл жерде көрнекілік шынайылық деген мағынаны білдіреді. Педагог мүмкіндіктері шектелген балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді.

Ерекше балалардың қоғамдық өмірге араласулары үшін әлеуметтік- тұрмыстық білім мен икемдерін қалыптастыру екенін назарда ұстай отырып, педагог арнайы сабақтарда балалардың қоғамдық орындарда өздерін ұстай алу, қажетті хабарламалар мен жарнамалық ақпараттарды түсіне бастауға үйрету керектігін де басты назарда ұстайды. Мысалы, жаяу жүргіншіге арналған белгілер, ойнауға тиым салынатын белгілер, жақын жердегі асхана, емхана бар екені туралы айтатын белгілерді көріп, керегіне жарата алу, кез-келген жағдаяттан шығатын жол болатынын түсіндіру әрине білім беру барысында алатын біліммен байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54 с.
2. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва. Знание, 1996, 312 с.
4. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015, 48 б.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264 б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнай білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру. 2006, №7, Б.7-12.

Аннотация

В статье рассматривается проблема распространения процесса социализации и инклюзии детей с особыми возможностями здоровья в образовательном учреждении .Этот факт является не только отражением времени, но и представляет собой реализацию прав детей на образование в соответствии с Законом об образовании РК. В педагогической сфере подчеркивается важнейшая роль педагога, его место, функции в обществе и повышаются предъявляемые к нему требования и формируемые по отношению к нему социальные ожидания. Обучение, воспитание и развитие детей с отклонениями в психофизиологическом развитии и поведении - сложная социально-педагогическая проблема. Основной целью специальной педагогики является раннее выявление и преодоление недостатков в развитии личности ребенка, помощь ему в успешном освоении картины мира и адекватной интеграции в социум.

Abstract

The article deals with the problem of spreading the process of socialization and inclusion of children with special health opportunities in an educational institution .This fact is not only a reflection of the time, but also represents the realization of children's rights to education in accordance with the law on education of the Republic of Kazakhstan. In the pedagogical sphere, the most important role of the teacher, his place and functions in society are emphasized, and the demands placed on him and the social expectations formed in relation to him are increased. Training, education and development of children with disabilities in psychophysiological development and behavior is a complex socio-pedagogical problem. The main goal of special pedagogy is early identification and overcoming of shortcomings in the development of the child's personality, helping him to successfully master the picture of the world and adequate integration into society.

ӘОЖ 374.3.16

А.М. Нұрбекова, И.А. Корнилко

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

Түйін

Мақалада инклюзивтік білім беретін мектепте оқушыларды бағалаудың жетістіктерін өзекті мәселесі ашылады. Инклюзивті білім беру тәжірибеде балалрдың оқу жетістік нәтижелерін бағалау

жүйесінде қалыптасқан қайшылықтарды сипаттайды. Осы мониторингтік зерттеулер мен инклюзивті білім беру саласындағы мамандардың жарияланымдары негізінде денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың жиі қолданылатын құралдары белгіленген. Зерттеу нәтижесі ретінде инклюзивті білім беру процесінің әртүрлі субъектілерінің қызметін бағалаудың мүмкін параметрлері жүйесі ұсынылған. Инклюзивті білім беруді дамыту инклюзивті саясат пен тәжірибені жетілдірусіз және инклюзивті құндылықтарды жүйе деңгейіне толық, сондай - ақ олардың жеке институттары деңгейіне ендірусіз мүмкін емес. Инклюзивті білім беру әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірілген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру процесіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді.

Кілттік сөздер: инклюзия, бағалау, белгілер, мүмкіндіктері шектулі балалар, бағалау параметрлері мен көрсеткіштері.

Кіріспе. Жалпы орта білімді жетілдіру оқытуды қайта бағдарлауға, оқушыныңжеке басын дамытуға, оны өздігінен жаңа білімді меңгеруге үйретуге бағытталған. Заманауи жас адам тым ұтқыр, хабардар, шығармашылықпен және сыни тұрғыда ойлайтын, демек өздігінен дамуға және өз бетімен оқуға тым ынталы тұлға болуға шындығында мәжбүр. Заманауи қоғам жаһандану жағдайында дами отырып көп дағдарыстарды өткеруде. Бұл мемлекеттерде жаңа әлеуметтік моделдер іздеуге, адам ресурсына қатты назар салуға алып келеді. Барлық әлемдегі заманауи білім беру жүйесі алдында, уақыт талабына лайықты төтеп беруі үшін XXI ғасыр адамы қандай болуы керек деген маңызды сұрақ тұр.

Бір жағынан заманауи адам – ол, еңбек нарығында табысты бәсекелесе алатын жоғары білікті кәсіпқой, екінші жағынан – ол, әлемнің әртүрлілігіне бейімделуге икемді, басқалармен араласа алатын, сабырлы, іскер, еңбекқор, өз бетімен ойлайтын және бірге күйзеле алатын адам. Дәстүрлі білім беру жүйесі осы сияқты міндеттерді орындай алмағандықтан жаңа өркениетті сын-қатерлерге жауап беретін едәуір түрлендірулерге мұқтаж. Осы сияқты өзгерістер алдымен, көпшілігі арнаулы білім беру жағдайы жасалуын қажет ететін, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға білім беру саласында болуы керек. Білім беру мекемесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру моделін құру, барлық оқушыларға соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға да білім беру мекемесі ұжымының өміріне толық көлемде араласуына көмектеседі [1].

Теориялық талдау. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу нәтижелері мектептік білім берудің барлық кезеңдерінде білім, білік және дағдылармен шектеле алмайды, оқыту мақсаты тұлғаның білімі, тәжірибесі мен құндылығына негізделген жалпы қабілет сияқты құзыреттіліктің қалыптасуы болуы тиіс.

Құзыреттіліктер білім, білік, дағдыларға қайшы келмейді, құзыреттіліктер бұларды саналы пайдалануды көздейді. Құзыреттілік тәсілін ескере отырып білім беру процесін жетілдіру, оқушыларды алған білімдері мен біліктерін нақты оқу және өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету. Құзыреттілік оқушының жеке оқуының кіріктірілген нәтижесі ретінде олардың мағыналық, іс жүргізу және дәлелдемелік компоненттерді меңгеруі негізінде қалыптасады, оның деңгейі бағалау процесінде көрсетіледі [2].

Оқушылардың білімдерін бағалаудың негізгі функциялары болып табылатындар:

бақылаушылық – мұғалімге оқу материалын сәйкесінше жоспарлауға және баяндауға мүмкіндік береді, оқушының жаңа материалды игеруге дайындығын, әрбір оқушының жетістіктері даңгейін анықтайды;

оқу – білімдерін қайталау, нақтылау және тереңдетуге, оларды жүйелеуге, біліктері мен дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

диагностикалық-түзетушілік – оқушыда оқыту процесінде туындайтын қиндықтардың себептерін анықтайды; игерілгеннің кемшіліктерін анықтаса оларды жоюға бағытталған түзетулерді енгізеді;

ынталандырушы-себепшілік – оқытудың оң себептерін қалыптастырады;

тәрбиелеушілік – жауапкершілікпен және жұмыла жұмыс істей білуді қалыптастыруға, бақылау мен өзін-өзі бақылау тәсілдерін, оқу рефлексиясын қолдануға ықпал етеді [3].

Қазіргі бағалау жүйесінің кемшіліктері де бар:

- оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға түсінікті болатындай оқытудың жоспарланған нәтижелері жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлері жоқ;
- педагог бірыңғай критерийлерге әрбір оқушының жетістігімен емес, тұтастай алғандағы сыныптың орташа білім деңгейіне сүйене отырып баға қояды;
- оқушыларға қойылған бағалар оқу бағдарламасының жеке бөлімдері бойынша білім, білік, дағдыларының нақты элементтерін меңгергендігі туралы түсінік бермейді, бұл әрбір оқушының жеке оқыту траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;
- оқыту процесінде оқушы мен мұғалім арасында жедел байланыс жоқ, бұл оқушыларды оқуға барынша ынталандыруға мүмкіндік бермейді;
- түзету-дамытушылық жұмысты және балаларды қоғамдағы дербес, тәуелсіз өмірге дайындау сапасын қоса алғандағы оқушыларды оқыту сапасы туралы пайымдай алмайды;
- жұмысшы мамандықтары түрлерінің бірі бойынша мамандық алу үшін арнайы мектептің түлегі өз білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы әділ пайымдай алмайды;
- бір бөлігінің мүгедектігі бар балалардың өмір сапасын, оқу үдерісі сапасын жетілдіруге мүмкіндік бермейді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мақсаты:

- қысқа мерзімді мақсаттарға және оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелеріне оқушылардың қол жеткізулерін талдау;
- оқу материалын меңгеру және оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктерді анықтау үшін мұғалім мен оқушы арасында жедел өзара байланысты орнату;
- оқу үдерісін ұйымдастыруға түзету енгізу;
- жалпы білім беру мекемесі жағдайында мүмкіндіктері әртүрлі балаларға инклюзивті білім беруді әзірлеу және енгізу.

Осы мақсаттардан барып келесі міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды:

- оқу бағдарламасын меңгерудегі бар кемшіліктерді жоюға оқушыларды ынталандыру;
- оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқушының жеке ілгерілеушілігін бақылау және дамуының өзіне тән траекториясын түзету;
- оқу үдерісінің әрбір кезеңіндегі әрбір оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- әртүрлі атқарған қызметтері үшін алған бағаларының маңыздылығын саралау;
- оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау;
- мұғалім, оқушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету;
- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуға кедергісіз орта жасау және оқушыларды теңгерме құралдармен қамтамасыз ету;
- бастау мүмкіндіктері әртүрлі балаларға бірыңғай білім беру ортасын құру;
- мәселе бойынша нормативтік-құқықтық база әзірлеу;
- іс-әрекеттің диагностика-консультациялық, емдеу-сақтандырушылық, әлеуметтік-еңбекшіл бағыттары арқылы инклюзивті сыныптарда балалардың дамуына психологиялық-педагогикалық бағыттау жүйесін ұйымдастыру;
- ата-аналармен және қауыммен өзара әрекеттесу, балалардың қауымда табысты әлеуметтену моделін әзірлеу;
- инклюзивті білім беру мәселесі бойынша педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз ету;
- сыни тұрғыда ойлау және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту [4].

Нәтижелер мен талқылау. Шағын міндеттер: Ата-аналармен жұмыста:

- ата-аналардың педагогикалық және дефектологиялық білімдері мен түсініктері аясын

кеңейту арқылы олардың тәрбиелеу біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ету;

- ата-аналарды балалармен өзара әрекеттесу тәсілдеріне, іс жүзінде бірлесіп әрекеттер ұйымдастыруға үйрету арқылы оларды белсенді қатысушылар ретінде білім беру үдерісіне тарту;

- ата-аналарға көзқарастарын өзгертулеріне және оларды қатынастың оң тәсілдерімен қаруланулarына көмектесу;

- дамуының проблемалары бар балаларды тәрбиелейтін отбасыларының әлеуметтік кеңістігін кеңейту, ата-аналардың қоғамдастыққа бірігуіне жағдай жасау.

Педагогтармен жұмыста:

- сыни тұрғыда бағалаудың, пәндік жоспарланған нәтижелерді психологиялық-педагогикалық сипаттаудың, бағалауды қалыптастыратын әдістер мен тәсілдердің негізгі теориялық ережелерін меңгеру;

- диагностикалық аспапты әзірлеу және оны білім беру үдерісінде пайдалану тәсілдерін меңгеру;

- инклюзивті білім беру мәселесі бойынша педагогтардың біліктіліктерін арттыруға жағдай жасау;

- педагогикалық қызметтің ынтасын арттыруға ықпал ету;

- проблема бойынша өз бетінше білім алуға және инновациялық іс- әрекеттерге педагогтарды ынталандыру [5-7].

Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде бағалаудың әр түрлі жақтары атап көрсетілген: рөлі, бағалаудың функциясы, мұғалімнің бағалау әрекетінің құрылымы және басқалар. Бірақ бұл проблеманың мына сияқты аспектілері түпкілікті шешімін тапқан жоқ: оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерінің бірыңғай жүйесін жасау, бағаның әділетсіздігі, бағаны алуға және қоюға оқушылар мен мұғалімдердің жеке басының ерекшеліктерінің әсері. Оларды шешіп алмай тұлғаны дамыту міндетін табысты жүзеге асыру қиын деп ойлаймыз [8].

Қорытынды. Педагогикалық бағалаудың функциялары: Нормативтік функция бір жағынан, оқушының оқып және оның оқу орнын табысты аяқтауына сәйкес барлық құқықтық салдарлар оқушы үшін туындайтындай, бекітілген эталонға қатысты нақты оқушының жетістіктерін тіркеуді, екінші жағынан, жеке оқушылардың, мектеп сыныптарының үлгірімін, мұғалімнің дайындығы деңгейі мен жұмысы сапасын (тәжірибеге сәйкес бірнеше он жыл бұрын қалыптасқан) қадағалауды қамтиды; ақпараттық-диагностикалық функция, білім беру үдерісіне барлық қатысушылар арасындағы мазмұнды байланыстарының, оқушылардың мазмұндық және эмоционалдық рефлексиясының, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық рефлексиясының негіз боларлық кезеңдерін қамтиды. Дәл бағалау ғана алдымен жекелеген оқушылардың мектептегі амандығы себебі сияқты нақты сыныптағы оқу үдерісінде барлығы дұрыс па деген тақырыпта толғануға азық болады;

Ерекше білім беруде қажеттілігі бар оқушыларды оқытудағы саралап, деңгейлеп оқыту тәсілі, педагогикалық саралауға сәйкес, оқушылардың жетістіктерін бағалау кезеңін қоса алғанда, тұтас білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылуы тиіс. Қарастырылып отырған санаттағы балалардың даму деңгейіне барабар, баланың дағдылары мен біліктілігі саласындағы табыстарына қатысты педагогикалық есепті білдіретін сипаттаушы баға болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54 с.
2. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва: Знание, 1996, 312 с.

4. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015, 48 б.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264 с.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнай білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру, 2006, №7, Б.7-12.
8. Малофеев Н.Н. Инклюзивтік білім беру мәселелері және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтарын қорғау. Москва: Знание, 2011, 43 с.

Аннотация

В статье рассматривается актуальная проблема критериального оценивания детей с особыми образовательными потребностями. В настоящее время результатом образования считается не просто получение знаний, умений и навыков, но познавательное и личностное развитие обучающихся в рамках образовательного процесса и за его пределами. Обучение детей с ограниченными возможностями здоровья основывается на системно-деятельностном подходе, обеспечивающем построение образовательного процесса с учетом индивидуальных, возрастных, психологических, физиологических особенностей и здоровья обучающихся. Происходит всестороннее развитие личности обучающихся в начальной школе. Сегодня неотъемлемой частью образовательного процесса является формирование оценочной деятельности, так как это способствует развитию адекватной самооценки младшего школьника. Теперь перед учителем возникает главная задача - научить детей адекватно оценивать свою учебную деятельность.

Abstract

The article deals with the actual problem of criteria-based assessment of children with special educational needs .Currently, the result of education is not just the acquisition of knowledge, skills and abilities, but the cognitive and personal development of students within the educational process and beyond. Education of children with disabilities is based on a system-activity approach that ensures the construction of the educational process taking into account the individual, age, psychological, physiological characteristics and health of students. There is a comprehensive development of the personality of students in primary school. Today, an integral part of the educational process is the formation of evaluation activities, as this contributes to the development of adequate self-esteem of the younger student. Now the main task for the teacher is to teach children to adequately evaluate their educational activities.

ӘОЖ 374.3.16

А.М. Нұрбекова[1], Г.Д. Сейдулла[1], Г. Мықтыбекқызы[2]

[1]п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

[2]магистр, оқытушы, Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАҒАЛАУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Түйін

Мақалада инклюзивті білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде жоғарыда көрсетілген мәселелердің ішіндегі инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады. Әрине, оқушылардың дайындық деңгейі туралы ақпараттар алу мүмкіншілігі оқыту мүмкіндігі және жеке оқу

қорытындылары болу мүмкіндігін ұсыну бойынша сынып оқушылары құрамының біртексіздігін ескеретін критерилерді қолданумен іске асырылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білімділік жетістіктерін анықтауда бағалау жүйесі олардың оқудағы жетістіктерін ғана объективті көрсетіп қоймай, оларды білім беру процесінде қолдау бойынша келесі әрекеттердің жоспарын құру үшін негіз болуы тиіс. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеудің қажеттілігін негіздейді. Осы объектілерге қатысты білім алушылардың тиісті білім әрекеті ұйымдастырылады, яғни кілтті құзырлылықтардың минималды тізімінде жүйелендірілген жалпы пәндік білімдер, ептіліктер, дағдылар мен тәсілдер әрекетінің қалыптасуына әкеледі.

Кілттік сөздер: Мүмкіндігі шектеулі балалар, оқу жетістіктерін бағалау, бағалау критерийлері, инклюзивті білім беру.

Кіріспе. Ерекше қажеттілігі бар білім алушылар үшін жаңа бағалау жүйесін қолданудың ерекшелігі, ерекше қажеттілігі бар балаларда тоқсанда және оқу жылы ішінде сол және басқа да өлшемшарттарға қол жеткізу үшін жеткілікті уақыттың болуы болып табылады. Сонымен, критериалды бағалау жүйесі ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың жетістіктерін өлшеу құралы және осындай категориядағы білім алушылар үшін білім беру қызметі сапасын анықтауға мүмкіндік беретін білім беру процесінің диагностикасы және ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларды оқыту стратегиясы, мазмұны мен әдістемесі бойынша түбегейлі шешім қабылдау болып табылады.

Инклюзивті оқытуда бақылау, тексеру және оқыту нәтижелерін бағалау – оқыту-тәрбиелеу үдерісінің ажырамас құраушысы болып табылады, оларсыз мұғалім мен оқушы арасында толыққанды өзара әрекет ету мүмкін емес. Бағалау – бұл қолданыстағы бағдарламалардың талаптарымен салыстырғанда пән мазмұнын меңгерудегі оқушының білім деңгейін анықтау үдерісі [1].

Теориялық талдау. Бағалау келесі көрсеткіштермен сипатталуы керек:

- адекваттылықпен, яғни орындалып жатқан әрекет (дидактикалық және оқу мәселелерін шешу) бойынша (оқушы, мұғалім) пайымдауларының өзін-өзі бағалау сәйкестігімен (сәйкессіздігі) анықталынады;
- сенімділікпен, яғни бағалау тәсілі ретінде қолданылатын көрсеткіштермен байланысты.

Оқу жоспарының инвариантты бөлімінің пәндері бойынша бастауыш мектептің 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау – вербалды түрде, ал 2- сыныптан бастап бағалау баллдармен жүргізіледі. Бағалау үдерісінде өз әрекетін бағалай алу маңызды болып табылады.

Жұмысты бағалау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

- жұмысты орындау;
- бағалау критерийлерін жасау;
- белгіленген критерийлер бойынша оқушының өз жұмысын бағалауы;
- сол критерийлер бойынша мұғалімнің оқушы жұмысын бағалауы және тексеруі;
- мұғалім бағасы мен оқушы бағасын салыстыру;
- бағадағы келіспеушіліктерді анықтау.

Өзін-өзі бағалау тиімді болуы үшін оқушының мұғаліммен бағалануы қажет, жұмыс бөлігін өзі таңдай алуы керек. Ол бағалау критерийлерін өзі анықтай алады. Мұндай тәсіл бағалау әрекетінде оқушының жауапкершілігін қалыптастырады. Ең алдымен, басқа балалардан ерекше, оқушының жеке бас жетістіктері бағаланады [2].

Оқушы бақылауға алынған тапсырманың күрделілігін, үй жұмысының көлемі мен күрделілігін өзі таңдай алу құқығына ие. Мұндай тәсіл кезінде талаптану деңгейі мен жетістікке жету деңгейінің ара қатынасы мұғалім жұмысының арнайы пәніне айналады. Сөйлеу тілінің бұзылыстары (моторлық алалия, дизартрия), психикалық дамуының тежелуі бар бастауыш мектеп оқушыларының талаптану деңгейі, соның ішіндегі жетістікке жетпеу

реакциясы қалыптыға сәйкес болмайды [3]. Жаттығуларды сәтті орындағаннан кейін оқушылар күрделі емес, қарапайым тапсырмаларды орындауға кіріседі.

Нәтижелер мен талқылау. Балаларда қорғаныс реакциясы – төмендетілген деңгейде болса да жетістікті қолдауға ұмтылуы іске қосылады, яғни оларға талаптанудың төмендетілген деңгейі тән. Оқушының өзін-өзі бағалауы біртіндеп дифференциалдануы керек. Басқаша айтқанда, оқудың алғашқы күндерінен-ақ бала әр қайсының өз бағалау критерийлері бар көптеген дағдалардың жиынтығы ретінде өз жұмысын көре алуға үйрену керек. Мысалы, математика пәнінің тапсырмасы қателер саны, тазалығы, ынталылығы, күрделілігі бойынша бағаланады [4]. Жазбаша жұмысты (мысалы, үй жұмысы) бағалау кезінде орындалудың тек кемшіліктері мен қателіктерін ғана белгілемей, сондай-ақ сәтті орындалған барлық жерлерін белгілеп, ынталандыру жазбаларын жасау керек. Оқушы мен мұғалім оқыту әрекетінің өнімдерін портфолиоға орналастырады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, мектепте баллдармен берілген баға көрсеткішімен де бағаланатын білім деңгейіне, икемділігіне және дағдыларға деген талаптар арасында нақты ара қатынасты орнататын және баға нормаларында іске асатын оқушыларды бағалау критерийлері жұмыс істейді.

Бағалау объектілері – бұл оқушының оқу әрекетінің құрамдас бөліктері: мазмұнды, операциялық, мотивациялық. Алайда, оқушылардың оқу әрекетін бағалау тек білім деңгейін, икемділігін және дағдыларын бағалаумен шектелмеу керек. Оқушылардың танымдық үдерістеріне, эмоционалды-еріктік саласына, сөйлеу әрекетіне мақсатты түрде бағытталған коррекциондық әсері нәтижесінде қалыптасатын тұлғалық өзгерістерді қадағалау және бағалау маңызды [5].

Бұл салада тұлғалық дамуды кешенді түрде анықтайтын сипаттамаларды, яғни жалпы оқыту және негізгі ұғымдардың қалыптасу деңгейі, практикалық және шығармашылық әрекеттердің тәжірибесі, эмоционалды-құндылықтық қатынастары, кәсіби бағытталуы және т.б. сипаттамларды бағалау маңызды болып табылады.

Алайда, белгіленген көрсеткіштердің сандық бағалары мәселесін тек практикалық қана емес, сондай-ақ, теориялық жағынан шешу өте күрделі. Өйткені тіпті білімді, оған қоса тұлғаның дамуын сипаттайтын құзыреттілік, сонымен қатар потенциалды мүмкіндіктер және т.б. бағалау үшін сенімді технологиялар жоқ.

Портфолио – бұл оқытудың белгіленген кезеңінде тұрақты, жинақталынған оқушының басты жұмыстары және жеке бас жетістіктерінің бағалары. Портфолио бағалау үдерісіне ғана емес, сондай-ақ, өзін-өзі бағалауға, жеке тұлғаға бағытталған бағаға, шынайы бағалауға жуықталған. Дәстүрлі бағалау әдістерінен портфолионың айырмашылығы бұл оқушының өзіндік жұмыс режиміндегі әрекеттерінің үдерісі мен нәтижелері туралы негізделген ақпаратпен мұғалімді қамтамасыз етуі, оның өз әрекетінің нәтижелері туралы өзіндік бағалық пайымдарын іске асырудың шығармашылық мүмкіндіктері мен дағдыларын жетілдіру.

Портфолионың ең басты артықшылығы оның оқыту сапасын әр түрлі позициялар бойынша жан-жақты және сан қырлы сипаттайтындығында: оқушының ойлау әрекетін, оның салааралық дағдыларын, мәселені анықтай алуын, ерекше міндеттерді шеше білуін, оқу пәндерін білуі және дағдыларды меңгеруін, нәтижеге қол жеткізуге деген табандылығын және т.б. бағалау [6].

Оқыту портфолиясының педагогикалық идеясы бағалау формасы ретінде келесі жағдайларды қарастырады:

- екпінді оқушының білмейтіні мен істей алмайтынынан, бұл тақырып, бөлім, пән бойынша оның білетіні мен істей алатынына ауыстыруды;
- сандық және сапалық бағалардың интеграциясын;
- сыртқы бағалауға қатысты өзін-өзі бағалаудың басымдылығын.

Инклюзивті сыныпта портфолио оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау

критерийлерін жете толықтыратын бақылау мен бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

Қорытынды. Мұғалім әзірлейтін портфолио процессуалды, яғни оқу әрекетінің белгілі бір мерзімін қамтуы және визуалды (оқушының әрекет өнімдерінің материалдарын мұғалім папкаға, қағазға арналған қорапқа және т.с.с. салады) болуы тиіс.

Портфолиоға оқушының оқу әрекетіндегі қиындықтары мен оны түзету процесін көрсететін ғана емес, сонымен қоса баланың мықты жақтарын айқындайтын материалдар да салыну керек. Жалпы алғанда, мұғалім портфолиосы псифизикалық дамуында ерекшеліктері бар оқушының белгілі бір оқыту мерзімі барысында жеке жетістіктерін тіркеу, жинақтау және бағалау әдісі ретінде қарастырылады [7]. Порфолио әзірлеу мұғалімге:

- баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға;
- белгілі бір уақыт кезеңінде оқушының оқу жетістіктері динамикасын қадағалауға;
- жеке оқу жоспарының бала мүмкіндіктеріне сәйкестігі мен нәтижелігін анықтау, соған сай түзетулер енгізуге;
- оқушы тұлғасының қалыптасуы мен әлеуметтенуінің дамуын қадағалауға;
- бала, ата-ана, мұғалім арасындағы кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі.

Инклюзивті сыныпта оқушы өз бетімен жасайтындай портфолио енгізген жөн. Бұл мұғалімге бірқатар түзету міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша портфолио бойынша жұмыс әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін барынша ашуға көмектеседі.

Оқушы портфолиосының мақсаты келесіде:

- оқушыда оқуға деген жауапкершілікті және дербестікті қалыптастыру;
- өзінің оқуы мен әрекетінің нәтижелеріне сапалы баға бере алуын дамыту;
- өзіндік қызығушылықтары, бейімдері, қажеттіліктерін талдау және оларды өз мүмкіндіктерімен сәйкестендіре алуын дамыту. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балада өзінің дене жағдайын, зерде мүмкіндіктерін адекватты бағалау қабілетінің нашарлығын, қалыптылармен салыстырғанда біршама жоғары немесе төмен өзін-өзі бағалауын ескерсек, бұл фактор тұлғаның жағымды қасиеттерін дамытуға көмектеседі;
- танымдық қызығушылықтар мен өздігінен біліп тануға дайындығын қалыптастыру;
- портфолионың материалдарын өздігінен іріктеу табыс жағдайын туындатып, өзін-өзі бағалауды және өз мүмкіндіктеріне сенімділікті арттыруға әкеледі.

Оқушылардың портфолиосын іріктеуді бастауыш сыныптарда бастауға және бұл жұмысқа сыныптың барлық оқушыларын тартуға болады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар немесе қалыпты дамыған баланың портфолиосы бойынша жұмыс ата-аналар тарапынан белсенді көмекті талап етеді. Мұғалім ата-анаға оның пайдалылығын көрсетуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
2. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54 с.
3. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва. Знание, 1996, 312 с.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264 б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнай білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру. 2006, №7, Б.7-12.

Аннотация

В статье рассматривается проблема инклюзивного образования как инновационного процесса, позволяющего осуществить обучение, воспитание и развитие всех без исключения детей независимо от их индивидуальных особенностей, учебных достижений, родного языка, культуры, психических и физических возможностей. Разработка методов и форм оценки результатов обучения конкретного ребенка в инклюзивном классе является одним из ключевых вопросов в области реализации адаптированной учебной программы. Наиболее важные показатели эффективности работы преподавателей и специалистов психолого-педагогической поддержки отражаются в положительной динамике развития ребенка. Оценка содержания «движения» ребенка в определенный период времени непосредственно связано с задачами, которые установлены учителем, родителями и специалистами по поддержке в разработке индивидуальной образовательной программы.

Abstract

The article deals with the problem of inclusive education as an innovative process that allows for the training, education and development of all children without exception, regardless of their individual characteristics, educational achievements, native language, culture, mental and physical capabilities. Developing methods and forms for evaluating the learning outcomes of a particular child in an inclusive classroom is one of the key issues in implementing an adapted curriculum. The most important indicators of the effectiveness of teachers and specialists of psychological and pedagogical support are reflected in the positive dynamics of the child's development. Evaluating the content of a child's "movement" during a certain period of time is directly related to the tasks set by the teacher, parents, and support specialists in developing an individual educational program.

ӘОЖ 372.3.16

А.М. Нұрбекова[1], Г.Д. Сейдулла[1], Д.С. Досаева[2]

[1]п.ғ.к.,доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

[3]магистрант, Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ - ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Түйін

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы қарастырылады. Адам кәсіпқойлығының қажетті құрамдас бөлігі Кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттілігі зерттеушілермен маманды дайындау сапасының сипаттамасы және еңбек қызметінің тиімділік потенциалы ретінде қарастырылады. Инклюзивті білім берудің маңызды қағидаттарының бірі ведомствоаралық Интеграция және әлеуметтік әріптестік қағидаты болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім беру интеграциясының стратегиялық мақсаттарына тек әлеуметтік серіктестік және жалпы білім беретін педагогтар мен медициналық, психологиялық және дефектологиялық бейіндегі мамандардың тұрақты өзара іс-қимылы процесінде ғана қол жеткізуге болады. Интеграциялау бағдарламаларының басты мақсаты - түрлі мүмкіндіктері бар балаларды қалыптасып қалған мектеп өмірі мен мектеп құрылымына енгізу. Яғни, интеграциялау бағдарламаларының мақсаты - дамыған оқу моделіне қосылуда «қалыптандыру» немесе көмек беру. Барлық балалардың жалпыға білім беру жүйесінің бөлігі деп қарастырылуы инклюзивті білім берудің интеграцияланудан айырмашылығы. Сонымен, ерекше білімді қажет ететінбалаларды арнайы бейімдеудің қажеті жоқ, өйткені олар бастапқы кезеңнен мектеп жүйесінің бөлігі болып табылады.

Кілттік сөздер: әлеуметтік кәсіби құзыреттілік, тұлғалық кәсіби құзыреттілік, жеке және кәсіби құзыреттілік, педагогтың инклюзивті білім беруге кәсіби дайындығы.

Кіріспе. Инклюзивті білім беру жағдайындағы адам мен қоғамның (өзінің немесе басқаның) тіпті жағымсыз тәжірибесі де талданып, қабылданған жағдайда өмірлік іс-әрекет процестерін тұрақтандыратын шектеу бола алады. Бұл мәселе бойынша түрлі мемлекеттердің психологиялық-педагогикалық және нормативтік-құқықтық әдебиеттерінде әртүрлі терминдер қолданылады. «Интеграция» мен «Инклюзивті білім беру» терминдерін жиі алмастырып қолданады, өйткені мұғалімдердің көпшілігі оларды синонимдер деп түсінеді. Кейбір мұғалімдер интеграциялау бағдарламаларын инклюзивті деп қарастырады, ал басқалары инклюзивті бағыттағы жұмыстарын интеграциялау деп анықтайды. Бірақ, бұл терминдер арасындағы айырмашылық өте маңызды. Ең басты айырмашылық - интеграцияның «сыртқы» көздерінің болуында. Интеграциялау бағдарламаларының басты мақсаты - түрлі мүмкіндіктері бар балаларды қалыптасып қалған мектеп өмірі мен мектеп құрылымына енгізу. Яғни, интеграциялау бағдарламаларының мақсаты - дамыған оқу моделіне қосылуда «қалыптандыру» немесе көмек беру. Барлық балалардың жалпыға білім беру жүйесінің бөлігі деп қарастырылуы инклюзивті білім берудің интеграцияланудан айырмашылығы. Сонымен, ерекше білімді қажет ететін балаларды арнайы бейімдеудің қажеті жоқ, өйткені олар бастапқы кезеңнен мектеп жүйесінің бөлігі болып табылады. Инклюзивті білім берудің мақсаттарының бірі - келешекте барлық мектептердің ерекше білімді қажет ететін балаларды қабылдауға дайын болуы. Ал бұл жағдай мектептің құрылымы мен жұмысына ғана өзгерістер енгізбейді, сонымен бірге өз жұмыстарын нақты топқа жататын балаларды оқыту деп қарастыратын жалпы және арнайы білім беретін мекемелер мұғалімдерінің көзқарастарын да әсер етеді. Көптеген мектептер өз іс-әрекеттерінің басты бағыты ретінде бала мен оның қажеттіліктерін санайды, ал мұғалімдер балалардың қажеттіліктеріне сай болуы керек. Инклюзивті білім беруде адамдардың бойындағы түрлілік пен ерекшеліктер «қалыптылық» деп түсіндіріледі [1].

Теориялық талдау. «Инклюзивті білім беру» терминін анықтауда маңызды халықаралық құжаттарда ұсынылған анықтамалар талданған: БҰҰ мүгедектердің тең мүмкіндіктеріне байланысты Стандартты ережелер, баланың құқытары туралы Конвенция, мүгедектерге қатысты іс-әрекеттердің әлемдік бағдарламасы және де отандық құжаттар. Инклюзивті білім беруді бірдей қабылдау үшін Саламанка декларациясында және білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға байланысты іс-әрекеттер бағдарламасында берілген анықтамаға сүйенген дұрыс.

Инклюзивті оқыту – балалардың мекен-жайы бойынша оқу құқығы мен білім алуға негіз қалаушы құқықтарын қамту принципіне сүйенетін жалпыға білім беретін мекеме жағдайындағы білім беру қызметтерінің жүйесі. Сапалы білім беруге қол жеткізу мақсатымен жалпыға білім беру ұйымдары оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқыту түрлері мен әдістерін бейімдеп, қалыптасқан ресурстарды пайдаланып, қоғаммен байланыста ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруде жеке білім беру қажеттіліктері мен түрлі оқыту тәсілдерін қолдану керек [2].

ЮНЕСКО инклюзивті білім беруді мектепке барудан бас тарту немесе мектепке қабылданбауды қысқарту арқылы білім алу, мәдениет пен ұжым өміріне қатысуды арттыру арқылы барлық білім алушылардың түрлі қажеттіліктеріне назар аудару, көмек беру процесі деп анықтайды. «Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды ерте жастан оқыту мәселелері жөнінде Халықаралық кеңестер» атты құжатта интеграция - балаларды білім беру кеңістігіне үздіксіз енгізуге бағытталған шаралар, деп анықталады. Инклюзивті білім беру – барлық балалардың барлық бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін саясат пен процесс. Бағыттардағы айырмашылықтар арқылы келесі дәлелді мойындауымыз тиіс: адамдардың индивидуалды қажеттіліктерін ескеріп, оларға, бейімделуі үшін, біз қоғамды өзгертеміз, бірақ керісінше емес.

Нәтижелер мен талқылау. Интеграциялық білім беру – ерекше білімді қажет ететін баланы құрдастарының ұжымында оқыту: инклюзивті – inclusive – қосылған, біріктірілген, inclusion – қосу, біріктіру; инклюзивті білім беру – барлық балаларды жалпыға білім беру

процесіне толық қосуға, балалардың жасына, жынысына, діні мен этникалық ұстанымдарына, даму тежелуіне қарамастан, отбасының белсенді қатысуы мен баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік және түзету–педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік саясат [3].

Ерекше білімді қажет ететінбалаларды жалпыға білім беру кеңістігіне жай ғана физикалық қосу инклюзивті білім беру болып табылмайды. ҚР-ң инклюзивті білім беру концепциясы білім беру мекемесінің түрі мен мүмкіндіктеріне байланысты интеграциялаудың әр түрлі модельдері мен түрлерін қолдануды қарастырады. Бұл жағдай түрлі топтардағы балаларды біріктіріп оқытудың жағымды жақтарын іске асыруға жол ашады. Инклюзивті бағыттың интегративтіден айырмашылығы - инклюзивті білім беруде жалпыға білім беру мектептерінде ерекше білімді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарына қарым-қатынас өзгереді. Білім беру идеологиясы оқу процесі мен білім берудің тәрбиелік мәнін күшейтіп, ізгілендіру бағытында өзгереді. Интеграциялық оқытудың бірнеше түрлері мен қалыптары бар.

Толық интеграция – қандай да бұзылыс түрі бар балыны қалыпты деңгейде дамып келе жатқан балалармен бірге мектепке дейінгі топтарда, сыныптарда оқыту. Толық интеграция психофизикалық және тілдік дамуы жасерекшелік деңгейіне сәйкес немесе жақын, және де балалардың қалыпты құрбыларымен бірге оқуға психологиялық тұрғыдан дайын жағдайында іске асырылуы мүмкін [4].

Тұрақты, бірақ толық емес интеграция – ерекше білімді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушыларға да пайдалы бола алады. Ол, психофизикалық дамуы жас ерекшелік деңгейі қалыптыдан сәл төмен, жүйелі және түзету көмегін қажет ететін, бірақ бірқатар пәндер аймағында қалыпты дамыған құрбыларымен бірге оқи алатын, олармен сыныптан тыс уақыттың көп мөлшерін өткізетін балалар үшін нәтижелі болады.

«Жартылай» интеграция – қалыпты дамудағы құрбыларымен қажетті іскерліктер мен дағдылардың аз ғана мөлшерін меңгере алатын, сыныптан тыс уақыттың аз ғана мөлшерін балалармен өткізе алатын балалармен нәтижелі жүргізіледі.

Тұрақты, толық емес интеграцияның маңыздылығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты деңгейдегі құрбыларымен қарым-қатынасын кеңейтумен анықталады. Жартылай интеграция қалыпты және арнайы топтары бар аралас типті мектепке дейінгі мекемелерде, сонымен қатар даму ауытқушылықтары бар балаларға ашылған арнайы сыныптары бар жалпыға білім беру мектептерінде жүргізіле алады.

Уақытша интеграцияда арнайы топтың немесе сыныптың тәрбиеленушілері жеткен жетістік деңгейлеріне қарамастан қалыпты деңгейде дамитын құрбыларымен айына 2 реттен кем емес тәрбиелік мәнді іс-шараларды бірге өткізуге кездеседі.

Уақытша интеграцияның мағыналылығы мүмкіндігі шектеулі балаларға қалыпты деңгейлі құрбыларымен қарым-қатынасқа түсудің алғашқы тәжірибесін меңгеруге жағдай жасаумен анықталады.

Эпизодтық интеграция моделі -ерекше білімді қажет ететін балалармен қалыпты деңгейлі балаларды біріктіріп оқыту мен тәрбиелеу жұмысын жүйелі жүргізуге жағдайы жасалмаған арнайы мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарына арналған. Эпизодтық интеграцияның мағынасы болып анық күрделі даму бұзылыстары бар балалардың құрдастарымен аз ғана мөлшерде болса да өзара байланысқа түсуін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі балалар оқытылатын арнайы (түзету) мекеме жағдайында қалыптасатын әлеуметтік қарым-қатынастағы объективті шектеулерден асу табылады. Сонымен бірге, бұл жағдайды инклюзивті білім беру деп атауға болмайды [5].

Сонымен, интеграция модельдерін қарастыру арқылы ерекше білімді қажет ететінбалаларды интеграциялық оқытудың түрлері анықталады:

1) аралас түрлі интеграциялық оқыту – даму бұзылысы бар оқушы қалыпты деңгейлі құрбыларымен бір сыныпта оқиды, және де дефектолог–мұғалімнің, логопедтің, психологтың жүйелендірілген көмегін алады.

2) Жартылай – даму бұзылыстары бар оқушылар қалыпты деңгейлі құрбыларымен қатар білім беру бағдарламасын меңгере алмайды; бұл жағдайда олар жарты күнді арнайы сыныпта, басқа жыртысын қалыпты сыныпта өткізеді.

3) Уақытша – арнайы сыныптарда оқитын балалар қалыпты сыныптардағы оқушылармен айына 2 реттен кем емес бірге серуендеуде, мерекелерде, жарыстарда, тәрбиелік мәнді іс-шаралар өткізуде кездеседі.

4) Толық түрдегі интеграциялық оқыту – даму бұзылыстары бар 1-2 бала балабақшаның қалыпты топтарына немесе сыныптарға қосылады (тілдік бұзылыстары бар балалар, нашар көретіндер немесе кохлеарлы имплантанттары бар балалар); бұл балалар психофизикалық, тілдік даму деңгейлері бойынша жасерекшелік көрсеткіштеріне сай және де қалыпты деңгейлі құрдастарымен бірге оқуға психологиялық тұрғыдан дайын; түзету көмегімен олар оқытылатын орындарында қамтылады.

Инклюзивті білім берудің маңызды қағидаларының бірі ведомствоаралық интеграция және әлеуметтік серіктестік қағидасы болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру интеграциясының стратегиялық мақсаттары тек әлеуметтік серіктестік және жалпы білім беретін педагог пен медициналық, психологиялық, дефектологиялық сала мамандары арасындағы тұрақты әрекеттестік барысында ғана орындалатыны түсінікті болып отыр.

Педагогтар мен мамандардың өзара әрекеттестігі - бұл баланың проблемаларын шешуде кешенді ыңғай жасауды қамтамасыз ететін, балалар мен жасөспірімдерді дамыту, оқыту, тәрбилеу мен әлеуметтендіру міндеттерін шешуге бағытталған, білім беру үдерісінің субъектісін (бала, сынып, топ) қолдау бойынша педагогтар мен мамандардың біріккен әр түрлі әрекеті дегенді білдіреді. Осылайша, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жалпы білім беру үдерісінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық қолдауда мамандардың өзара әрекеттестігі, бұл пәнаралық ыңғай жасау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың стратегиясын, тактикасын, мазмұны мен динамикасын жасауға, даму мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасының проблемаларын нәтижелі және кешенді шешуге қабілетті әр түрлі саладағы мамандардың (педагогтар, дефектологтар, психологтар, логопедтер) біріккен күшімен жасалған жүйелі түрдегі ықпал ретінде қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асыру үшін жұмысы мүмкіндігі шектеулі және басқа балаларға бағытталған педагогтар мен мамандардың міндеттерін бөлісуде белгілі бір теңгерім (баланс) сақтау қажет. Осы жерде атақты ресейлік ғалым Н.Н. Малофеевтың сөзін еске алуға болады: «инклюзивті мектепте мұғалім ешқашан проблемамен жалғыз қалмайды, себебі, арнайы көмек пен қолдаудың көлемі мен сипаты баланың барлық ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, құрамына мектеп әкімшілігі, жалпы білім беру мұғалімдері, педагог ассистенттері, арнайы педагогтар, психологтар мен оқушы ата-анасы кіретін ұжыммен – барлық командамен анықталады». Ресейлік ғалымның пікірінше, бұл анықтама жақсы естілгенмен, шынайы өмірдегі жағдайды емес, идеалды модельді сипаттайды. Малофеев Н.Н. маман-дефектологтың орнын «команда» ауыстыра алады деген «шынайы сенім» өткен ғасырдың 60-жылдардағы халық театры кәсіби театрды ығыстырады деген ұстаным сияқты екендігін ескертеді. Сол сияқты, керемет санаторийлер мен демалыс үйлерінің көбеюіне байланысты ауруханаларды қысқарту ешкімнің ойына келмейтіні анық. «Құрамына мектеп әкімшілігі, жалпы білім беру мұғалімдері, педагог ассистенттері, арнайы педагогтар, психологтар мен оқушы ата-анасы кіретін команда» оларға білікті көмек көрсете алады. Сонымен қоса, ЕБА бар балаға арнайы дайындықсыз мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналар, тіпті дефектологтар мен психологтардың ұжымдық әрекеті еш пайда әкелмейді» [6].

Ресейлік ғалымның кейбір пайымдауының кесімділігіне қарамастан, оның дұрыстығын мойындау керек. Педагогтар мен мамандар баланың қамы үшін өзара келісіп жұмыс істеу керектігі түсінікті. Алайда, инклюзивті білім беруде басымдылық даму мүмкіндігі шектеулі балалармен нәтижелі жұмыс тәжірибесі бар мамандарға, яғни мұғалім-дефектологтарға беріледі. Инклюзивті білім беруді нәтижелі ұйымдастыруда мектеп мұғалімдері өз жұмыстарында мұғалім-дефектологтар берген ұсыныстар мен ұстанымдарды бағдар ретінде, жетекшілікке алуға үйренуі керек [7].

Қорытынды. Инклюзияның мақсатын жүзеге асыру үшін жалпы білім беретін ұйымда әр түрлі саладағы мамандар – психологтар, дефектологтар, логопедтер, медициналық қызметкерлер, т.б. жұмыс істейді. Инклюзивті топта нәтижелі жұмыс істеу үшін мамандардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру үшін түрлі сызбаларын жасау қажет. Әр түрлі санаттағы мамандардың (мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар, педагог-психологтар және т.б.) жұмыс тәжірибелерін көрсету арқылы жиналыстарды, семинар-практикумдерді, әдістемелік бірлестіктерді жоспарлы және тұрақты түрде өткізу, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру сұрақтары бойынша авторлық әдістемелік құралдарды басып шығару білім беру үдерісіне барлық қатысушыларының өзара байланыс орнатуына, ақпарат алмасуына әсерін тигізеді.

Осындай арнайы ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде даму мүмкіндігі шектеулі баланың білім алу қажеттіліктерін түсінуге көмектесетін, оның жеке даму бағдарламасын жоспарлауға мүмкіндік беретін барлық мамандармен бала дамуының толық көрінісі жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
2. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54 с.
3. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44 с.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва: Знание, 1996, 312 б.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015, 48 б.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264 б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнай білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазырғы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру, 2006, №7, Б. 7-12.

Аннотация

В статье рассматривается вопрос о внедрении идей инклюзивного и интегрированного образования в практику общеобразовательных школ, позволяющих предоставлять равные возможности получения образования детям с нарушениями в развитии наряду с нормально развивающимися сверстниками при создании в учреждении специализированных условий обучения. Инклюзия - это наиболее современный термин, который толкуется как «включение» детей с ограниченными возможностями здоровья в образовательный процесс, который выражается в реформировании школ и перепланировке учебных помещений таким образом, чтобы они отвечали нуждам и потребностям всех без исключения детей. Таким образом, речь идет о понятии, касающемся принципа организации обучения, при котором все воспитанники учатся совместно со своими сверстниками в образовательном учреждении по месту жительства. Принцип инклюзивного образования состоит в том, что разнообразию потребностей учащихся с ограниченными возможностями здоровья должна соответствовать такая образовательная среда, которая является

наименее ограничивающей и наиболее включающей. Это понятие обозначает следующий шаг по сравнению с интеграцией и мейнстримингом.

Abstract

The article considers the issue of introducing the ideas of inclusive and integrated education into the practice of secondary schools, which allow providing equal educational opportunities for children with developmental disabilities along with normally developing peers when creating specialized educational conditions in the institution. Inclusion is the most modern term, which is interpreted as “inclusion” of children with disabilities in the educational process, which is expressed in the reform of schools and re-planning of educational facilities in such a way that they meet the needs and requirements of all children without exception. Thus, we are talking about a concept regarding the principle of the organization of training, in which all pupils study together with their peers in an educational institution at the place of residence. The principle of inclusive education is that the diversity of the needs of students with disabilities should correspond to an educational environment that is the least restrictive and the most inclusive. This concept marks the next step compared to integration and mainstreaming.

ӘОЖ 32

А.Б. Нұрлыбекова, Ұ. Айту

п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Түйін

Мақалада инновациялық технологиялардың болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғадімдерінің шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі айқындалады. Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика жетістіктеріне, жеке тұлғаны қалыптастыруға және кәсіби дамуға қажетті жағдайлар жасау, білім беруде жаңа технологияларды енгізу, білім беру ақпараты, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу - білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін қарастыру. Осы мәселелерді шешуде әр білім беру мекемесі, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі барлық инновациялар мен түрлендірулерді ашық және тиімді түрде өзгертетін жаңа тәжірибелер мен жаңа қатынастарға көшуі керек. Қазіргі жоғары білім қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірнеше жүйелерді ұсынады: ғылым, білім және өндіріс интеграциясы, оқытушылық және студенттік жұмысты жекелендіру, білім беруді ізгілендіру сияқты ғылыми, білім беру және өндірістік кешендер құру; мұғалімдерді даярлауға, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауға және олардың кәсіби деңгейіне деген жоғары сұраныс жаңа педагогикалық технологияларға негізделуі керек.

Кілттік сөздер: инновационная технология, болашақ оқытушылар, білім беру, студенттер педагогикалық технология, кәсіби даярлық.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика жетістіктеріне, жеке тұлғаны қалыптастыруға және кәсіби дамуға қажетті жағдайлар жасау, білім беруде жаңа технологияларды енгізу, білім беру ақпараты, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу - білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін қарастыру [1].

Осы мәселелерді шешуде әр білім беру мекемесі, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі барлық инновациялар мен түрлендірулерді ашық және тиімді түрде өзгертетін жаңа

тәжірибелер мен жаңа қатынастарға көшуі керек. Қазіргі жоғары білім қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірнеше жүйелерді ұсынады: ғылым, білім және өндіріс интеграциясы, оқытушылық және студенттік жұмысты жекелендіру, білім беруді ізгілендіру сияқты ғылыми, білім беру және өндірістік кешендер құру; мұғалімдерді даярлауға, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауға және олардың кәсіби деңгейіне деген жоғары сұраныс жаңа педагогикалық технологияларға негізделуі керек. Бұл процесс ұлттық дәстүрлерге және әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім беру жүйесінің экономикалық жағдайына байланысты әр түрлі деңгейде көрінеді.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы жағдайындағы білімнің мақсаты мен маңызының өзгеруі білім беру технологиясы деп аталатын жаңа тұжырымдаманың пайда болуына ықпал етті. Бұл тұжырымдаманың мәнін білім беру процесін дамытатын жүйе деп түсінуге болады, мұнда студенттердің мінез-құлқы жетекші фактор болып табылады және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексивті басқаруды көрсетеді.

Білім берудегі инновациялар кездейсоқ ашылулар, арнайы жасалған, дамыған немесе педагогикалық бастамалар ретінде қарастырылады. Инновация ұғымы жаңалық, қабылдау, бағалау және пайдалану ретінде анықталады. Мұндағы түйінді сөз – «жаңа» сөзі болып табылады. Сөздікте С.И.Ожегов келесідей анықтаманы береді: «Инновация» - жақында пайда болған, бұрын табылған, бұрын белгісіз болып келген алғашқы жаңа өнім. Ғалым А.И.Кочетов инновацияны келесідей анықтайды: бұл педагогикалық қызметті ұсынылған деңгейге жеткізетін біртұтас теориялық, технологиялық әдіснамалық тұжырымдама. Ал ғалымдар В.Латкин мен В.Кваша бұған келіспей, келесі анықтама береді: кәсіптік қызметті сапаның жаңа деңгейіне шығаратын, нормадан асатын, іс-әрекеттің түбегейлі жаңа модельдерін құру. Ғылыми әдебиеттерде жаңалық пен жаңа дүниенің, жаңалық пен инновацияның арасында айырмашылықтар бар. Жаңарту - бұл әдіс (жаңа тәсіл, бағдарлама, әдістеме және т.б.) және осы жаңарту әдісіндегі жаңашылдық процесі. Инновациялық процестің негізі - жаңалықты қалыптастыру, қолдану және іске асырудың тұтастығы. Кез-келген жаңа әдіс жеке және уақытша болып табылады. Бұл мұғалім үшін жаңа әдіс, ал жаңалық басқа мұғалім үшін материал. Инновация ұғымын біз жаңадан енгізу ретінде түсіндіреміз. Ғылыми әдебиеттерде сөздің бір жүйеден екінші жүйеге орысша аудармасы жаңа ортаға енгізілетін жаңа элементтерді енгізеді. Әрине, жаңарту жаңа енгізіліммен тығыз байланысты. Дегенмен, барлық жаңа нәрселер әрқашан оң нәтиже бере бермейді.

Біріншіден, жаңалық әрқашан өзекті мәселелерді шешудің құралы бола бермейді. Шындығында, мұғалімдер көбінесе оқу орны жасауы қажет проблемаларды зерттемейді, кейде бұл біржақты қарастырылады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал өте нақты жағдайларда туындайтын белгілі бір педагогикалық проблемаларды шешуге бағытталған. Алайда, көптеген мұғалімдер белгілі бір жағдайды талдап қана қоймай, өздеріне ұнайтын нәрсеге көңіл аударады.

Үшіншіден, ғалымдар жаңа пайдаланушылар санының көбеюі, оларды дамытудың жаңа тәжірибесінің пайда болуы соңғы нәтижелердің тиімділігін арттыратындығын бұрыннан анықтады.

Ғылыми әдебиеттерде жаңалық немесе жаңа құрал ұғымы бір-бірімен синоним болып табылады және жаңашылдық, жаңаны енгізу ұғымымен ажыратылады.

Инновация - бұл нақты құрал (жаңа әдіс, тәсіл, технология, бағдарламалық жасақтама және т.б.), ал инновация - бұл құралды игеру процесі. Дұрыс таңдалған жаңашылдық жаңа енгізілімнің сәттілікке бастайтынына көз жеткізуі керек. Жаңа құралды енгізу жаңа болып табылады және ол білім мекемелерінің дамуына мүмкіндік берсе, табысты болып табылады. Жаңашылдықтың болмауы теріс тәжірибені, соның ішінде жаңа іске асырудың жақсы және жаман жақтарын көрсетеді. Кез-келген құралдың жаңалығы жеке және уақытша (тарихи) жағынан салыстырмалы болып, инновация үнемі тарихи маңызды болады.

Белгілі бір сәтте туылған және белгілі бір тарихи кезеңнің мәселелерін шеше отырып, инновациялар көпшіліктің жетістігі болуы мүмкін немесе дамымай қалуы мүмкін. Мысалы, 16 ғасырдағы Я.А. Коменский әзірлеген сыныптық-сабақтық оқыту жүйесінің тәжірибесі, А.С. Макаренко немесе В.А. Сухомлинский, Ростовтың оқу жетістіктерін болдырмауға қатысты тәжірибесі, Липецкінің әртүрлі сабақтардағы тәжірибесі, оқу процесінің тиімділігіне негізделген В.Ф. Шаталов және басқалардың жаңалықтары - өз дәуірінің көрнекті идеялары. Оларды тарихтан тыс қарастыруға және бағалауға болмайды. Инновациямен айналысатын бірқатар ғалымдардың еңбектерін қарастырып, талдағанда, біз белгілі бір уақыт аралығында осы тұжырымдаманың идеясын қайта қарауымыз керек деп айтқымыз келеді. Егер белгілі идеялардың кейбіреуі жаңа бағытта болса, ол инновациялық деп аталды. Осыған сүйене отырып, инновация - бұл жаңа әдіс, өзгеріс, әдіснама, жаңалық және инновациялық процесс деп түсінеміз.

Инновация жоғары білім алуға жағдай жасайды. Авторлардың көпшілігі жаңашылдықтың жіктелуі педагогикалық жаңашылдықтың басты міндеті деп санайды. Олар үшін бастысы - оқу орындарының даму бағытын қарастыру. Жаңа әдістеменің ерекшелігін түсініп, басқа әдістермен байланыстыра білу керек [2].

Батыстағы педагогикалық инновациялық тенденциялар өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғынан бастап ғалымдар үшін арнайы зерттеу нысаны болды. Соңғы онжылдықта еліміздің ғалымдары осы саланы зерттей бастады. Соңғы бірнеше жылдың талабы бойынша болашақ мұғалімдерді өздерінің білім беру орталарында оқытудың жаңа технологияларын қабылдау қажет. Бүгінгі таңда білім берудегі инновациялық процестер әлеуметтік дамудың бөлігі ретінде уақыттың маңызды бөлігі болып табылады.

Инновациялық процесс дегеніміз - жаңалықтарды құру (құру, дамыту), алу, пайдалану және таратудың кешенді әрекеті. Оқу процесінде орталық орынды алатын оқу процесін инновациялық деп санауға болады. Себебі оның мақсаты жастарға жаңа жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда жаңа білім беру. Тұлғаның дамуына, оның ішінде жаңашылдыққа қатысты жағдайларды зерттеуге деген қызығушылық жақында әлеуметтанушылардың назарында болды.

Болашақта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі шығармашылық деңгейін, еркін және белсенді ойлау қабілетін, оқу процесін модельдейтін, оқыту мен оқудың жаңа идеялары мен технологияларына дербес бейімделетіні маңызды. Біріншіден, кәсіби мұғалім мектептегі білім беру процесінде шығармашылық оқушылардың қалыптасуына оң әсер етеді, екіншіден, ол өзінің кәсіби мансабында жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады, үшіншіден, өзінің кәсіби қабілетін жүзеге асырады. Оқу орындарының барлық жаңа типтері тереңдетілген оқу пәндері оқытылатын лицейлердің, гимназиялардың, мектептер қызметінің дәлелі болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларын қамтамасыз ететін «Технологияландырылған оқыту және оқу циклі» [3] деген бөлімде қарастырылады. Сонымен қатар, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің сөйлеу ерекшелігі [4] де назарға алынып отырады.

Шығармашылық адам - шығармашылықтың тұрақты және жоғары қызығушылығы бар, шығармашылықтың органикалық бірлігінде көрінетін, оған бір немесе бірнеше іс-әрекетте прогрессивті, дараланған шығармашылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мотивациялық және шығармашылық қабілеттердің сипаты. Шығармашылық ұмтылыс жеке тұлғаны қалыптастырушы танымдық мотиватор ретінде шығармашылық процестің қосымша тетігі ретінде қарастырылады.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі еңбек жолын бастаған кезде, ол өзінің кәсіби мансабын толығымен игеріп, өзін педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптастыруға мәжбүр болады. Қазір бір-біріне ұқсас жағдайдың шығармашылық шешімі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін өз кәсібін бастауға итермелейді. Қазіргі уақытта педагогикалық іс-әрекет табиғатта шығармашылық ретінде қалыптасады. Мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру адамның ой-өрісін, көңіл-күйін, көзқарасын ояту үшін нақты жағдай жасайды. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің

шығармашылық қабілеттерін дамыту процесі адамның жеке басының қасиеттері мен сапасын қамтитын педагогикалық шығармашылықты қалыптастырады. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеттерінің болашағы әр түрлі және күнделікті педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асырылады.

Қазіргі әлемде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеттерін дамыту болашақ кәсіптік қызметтің ғылыми негіздерін түсіну, кәсіби білім, машықтар мен қабілеттерге ие болу үшін ерекше маңызға ие. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шығармашылық қабілеттері өз университеттерінің оқу процесінде қалыптаса бастайды. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мен даму кезеңдері [5] жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзекті мәселе болып табылады.

Заманауи талаптарға сәйкес жоғары оқу орындарында мамандар даярлау көп қырлы және көптеген мәселелерді қамтиды. Білім беру саласында қоғамның әр мүшесі қолы жетпейтін мәселелерге түбегейлі өзгерістер енгізілуде. Қазіргі қоғам бірінші кезекте білімді дамытуы керек. «Білегіңе сенбе біліміңе сен» деп халық даналығы айтқандай, XXI ғасырдағы білім адам мүдделерін дамытуға негізделген [6]. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қоғамдағы қарқынды өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістер жағдайында жаңа ойлау жүйесінің тез өзгеретін жүйесін шығармашылықпен, кәсіби түрде жұмыс істей білуі керек. Білімнің арқасында адамның зияткерлік және рухани күші артады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін оқыту - оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Атап айтқанда, біздің басты міндетіміз - болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін шығармашылық жұмысқа бағыттау, оларға жеке білімнің нарықтық экономикасын құрайтын күрделі ғылыми білім беру. Бұл талаптар әсіресе жаңа педагогикалық технологияларды қолдану кезінде маңызды. Себебі, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі теориялық білім мен машықтарды практикада қолдануда оқыту практикасына жүгінеді. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі жаңа технологияларды қолдана отырып, әр технология бойынша терең білім алады. Педагогикалық мамандықтар даярлайтын ЖОО білім беру бағдарламаларына оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін меңгертуге арналған пәндер енгізу де, бүгінгі қоғам сұранысынан туындап отыр [7].

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің материалды түсінуге деген қызығушылығы - олардың шығармашылығын дамытуға көмектесетін абстракциялық қиялдардың қисынды бірізділігі. Болашақ мұғалім өзін-өзі тануға және өзін-өзі тануға, өмірде өз орнын және мамандық бойынша мансапты табуға, сонымен қатар әр пәнді олардың талаптарына сәйкес оқытуда тікелей қатысады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне бейімделген, жаңа идеялар, студенттермен және шығармашылыққа бейімделген мұғалімдерге кәсіби дайындық қажет. Шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту Қазақстан Республикасының орта білімін дамыту тұжырымдамасында білім беру ұйымдарының басты мақсаты - дүниетанымды, шығармашылық құзіреттілігін анықтау. Бұл «шығармашылық» түсінігі нақты әлемде өзін-өзі тануға деген ұмтылыс ретінде сипатталады. Біздің елімізде білім беру жүйесінде оң өзгерістер орын алуда. Сіз адамның қабілетін дамыта аласыз, оның шығармашылық жұмысын ұйымдастыра аласыз, дарындылықтың тәрбие процесін ұйымдастыра аласыз, озық білім беру технологияларын қолдана аласыз. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында шығармашыл тұлғаның қажеттілігі ғылым мен техниканың дамуымен, технологиялар саласындағы озық технологияларды енгізумен байланысты. Шығармашылық дегеніміз жаңа жаратылыс ретінде жинақталатын ойлау формасы және ол ойлау формасы. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі әлеуметтік-экономикалық жаңару процесінде қол жеткен жетістіктерді игерумен қатар, олардың қызметіндегі жаңа жағдайларға бейімделумен қатар, барлық салада сәтті жетістіктерге жетеді [8].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана; Ақорда, 2007. -№3,19-III ҚРЗ.
2. Нұрлыбекова А.Б. Инновациялық білім: теориялық және әдістемелік негіздері. Шымкент: Жебе, 2019. 133 б.
3. Бахишева, С. М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: оқулық. Алматы: Дәуір, 2011, 336 б.
4. Борибеков, К. К. Профессиональное образование Казахстана: опыт и перспективы/ К.К. Борибеков, А. К. Кусаинов, Н. А. Шамельханова. Алматы: Rond&A, 2011, 240 с.
5. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі оқулық. Алматы: Дәуір, 2011, 328 б.
6. Гуслова, М.Н. Инновационн
7. ые педагогические технологии: учебное пособие для студентов средне профессиональных учебных заведений. М.: Академия, 2010, 288 с.
8. Джонсон, Д. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве / Д. Джонсон, Р. Джонсон, Э. Джонсон-Холубек. СПб: Экономическая школа, 2001, 256 с.

Аннотация

В статье раскрывается роль инновационных технологий в развитии творческих способностей будущих учителей казахского языка и литературы. Главная задача системы образования - создание необходимых условий для национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики, формирования личности и профессионального развития, внедрение новых технологий в образовании, образовательная информация, выход на международные глобальные коммуникационные сети-рассмотрение задач дальнейшего развития системы образования. В решении этих проблем каждое образовательное учреждение, каждый учитель должен перейти к новым опытам и новым отношениям, которые открыто и эффективно изменяют все инновации и преобразования. Современное высшее образование предлагает несколько систем для удовлетворения потребностей общества: создание научных, образовательных и производственных комплексов, таких как интеграция науки, образования и производства, индивидуализация преподавательской и студенческой работы, гуманизация образования; высокий спрос на подготовку учителей, подготовку будущих учителей в высших учебных заведениях и их профессиональный уровень должен основываться на новых педагогических технологиях.

Abstract

The article reveals the role of innovative technologies in the development of creative abilities of future teachers of the Kazakh language and literature. The main task of the education system is to create the necessary conditions for national and universal values, achievements of science and practice, formation of personality and professional development, introduction of new technologies in education, educational information, access to international global communication networks-consideration of the problems of further development of the education system.

In solving these problems, every educational institution, every teacher must move to new experiences and new relationships that openly and effectively change all innovations and transformations. Modern higher education offers several systems to meet the needs of society: the creation of scientific, educational and industrial complexes, such as the integration of science, education and production, the individualization of teaching and student work, and the humanization of education; high demand for teacher training, training of future teachers in higher education institutions and their professional level should be based on new pedagogical technologies.

ӘОЖ 37.013.28

А.А. Садыкова, Н.А. Турекулова
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Түйін

Ұлт көшбасшысы өзінің бағдарламалық мақаласында халқымыздың тағылымы мол тарихы мен сан ғасырдан жалғасып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ету қажеттігін алға тартты. Яғни, стратегиялық мақалада ел болашағына қатысты күрделі мәселелер қамтылып отыр. Өткен күнге сараптама жасалып, келешектегі бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстар жайында нақтылы шешімдер мен жүйелі жоспарлар жасалған. Елбасының халқын рухани жаңғыруға бастаған бұл идеясын шетелдік сарапшылар ұлт көшбасшысының үлкен көрегенділігі деп бағалап отыр. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр.

Кілттік сөздер: Қазіргі жаһандану процесі, рухани жаңғыру, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” интеллектуалды ұлт.

Кіріспе

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында аталмыш жанғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудын маңыздылығына тоқталды: Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірбие мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудын маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адаса бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1].

Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», -дейді Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу - Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз. Қазіргі таңдағы қаламыздағы сот жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жұмыс жасауда [2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық

мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр… Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады [3].

Саяси экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға мағыз беруі - үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Өйткені рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үрдіс. Ұлт болашағының тарихи маңызға ие болатын бағдарламасын жасап, бағытын айқындап өте орынды қорғады. Қазақстан дүниежүзінде дамушы ел ретінде танылып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қарай қадам басуымыз керектігін өте орынды айтты деп ойлаймын. Бүгініміз бен болашағымыз жарқын, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы жайлы да тереңнен сөз толғады. Тәуелсіз еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі азамат, ол бүгінгі бүлдіршіндер.Бала білім мен тәрбиенің негізін балабақшадан алады, сондықтан жүргізілетін жұмыс жоспарымыз мемлекеттік стандартқа сай дұрыс болса, Қазақстанның болашағына сенімді боламыз. Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, көргенін ой-қимылын тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан баланың өз ана тілінде дамуы, сөйлеуі, ойлауы басты мәселе. Адам ағзасының тіршілік ету үшін ауа мен тамақ қаншалықты қажет болса, санасының жетілуіне өз ана тілі мен тарихы соншалықты қажет. Әр ұлттың тұтастығы, тәуелсіздігі, мемлекеттің өркендеуі үшін де ана тілі қажет екені белгілі [4].

Ұлттық тарихымыздың рухани жаңғыруы туралы еліміздің әрбір азаматы санасын жаңғыртып отырса, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдап, бірнеше тілді меңгеріп отырсақ, біз ешнәрседен ұмытылмайтын ұрпақ тәрбиелеп шығаратын едік. Қазіргі таңда өзім басқарып отырған 70-тен астам бүлдіршіні бар «Шолпан» балабақшасының болашағы жарқын. Алар асуы алда. Рухани жаңғыру аясында жылдық жоспар түзіліп, сол жоспар бойынша әр түрлі іс-шаралар, ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинар кеңестер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Сапалы білім мен өнегелі тәрбиені әрбір бүлдіршіннің бойына сіңіру мекеме қызметкерлерінің басты мақсаты. Бүгінге нақты бағдарлама жасай отырып, болашаққа ұмтылу, жетістікке жету жолында қызмет етіп келе жатқан балабақша қызметкерлерінің жаңа педогогикалық технологияны меңгеруге деген талпыныстары нәтижесінде зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік және басқа да қабілеттерінің қалыптасуы нәтижесінде оқу-тәрбие үрдісі алға жылжиды. Тәрбиешінің иновациялық іс-әрекетін қалыптастыру – нақты міндет. Жаңа педогогикалық әдіс-тәсілді меңгерген әрбір тәрбиеші баланың жан-жақты дамуына игі әсер етеді. Бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру балабақшадан басталатынын ескерсек, балабақша үшін келер күннің игілігіндегі атқаратын жұмыстары көп екендігінде дау жоқ [5].

Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тідің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру 2025 жылға дейін әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде

біз мұндай қадамды жасағанбыз. Менің ойымша Елбасымыздың бұл Жолдауы, еліміздің ертеңі, ұлт болашағы бүлдіршіндерімізге балабақша жасынан санасына сіңіру деп қабылдап, балабақшада бүлдіршіндер арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліміздің құрметте» деген қағидасын ұстанып түрлі іс-шаралар өткізілуде. Ұлттық мәдениетіміз деп болашақ ұрпақ бүлдіршіндеріміз тәртіпке бағынған құл болмас дегендей мәдениетке тіл мен білімді сауатты болса, біз Елбасымыздың қадап айтқан қатаң қағидаларын қолданып отырсақ, рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас еді деп ойлаймын. Қазір бәсекелестікрухани жаңғыру үшін маңызы зор, мына бәсекелестік заманда қазір балабақшамызда заман талабына сай оқу тәрбие жұмыстарын атқарыпкелеміз. Біздің әрқайысымыздың басты тілегіміз бүлдіршіндеріміздің бақытты балалық шағы, лайықты білім алуы және сүйікті Отанымыздың толыққанды азаматына айналуы. Тек қана, білімді және тәрбиелі ұрпақ Қазақстан халқының мақтанышы болмақ. Үш тілде білім алып, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік деп Абылай хан айтқандай тек қана бүлдіршіндерімізді алға деп тәрбиелейік [6]!

Олай болса, Сократ заманынан негіз алған «құндылық» мәселесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылым ретінде дараланып келеді. Мәселен, Әл-Фараби өз заманында “Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында жетіліп, өз қабілетін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың өмір сүру мәні қалыптасады”. Ғұлама адам өмірі сан астарлы құндылықтармен тығыз байланысты екенін көрсеткен. Өйткені құндылық – адам өмірінің бағыт – бағдарын айқындайтын рухани күш. Енді осы “құндылық” ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылылық, қымбаттылық, бағалылық деген ұғымды білдіреді. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Мәселен, есептегіш машинаның құндылығы адамның оны дұрыс пайдалана білуіне байланысты (Қ.Жарықбаев). Орысша - қазақша аударма сөздікте: “құндылық”– құнды зат, мәнділік, ғылымда құндылық қазына, байлық деген ұғымдарды көрсетеді. Қазақ совет энциклопедиясында: “құндылық” – обьектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – социологиялық ұғым. Құндылық обьектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын анықтайды – деп көрсетілген. Әрі қарай құндылық ұғымын тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берді. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылық – оған заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық обьектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылыққа қоғамдық ой, баға беру, мақсат, оған жетудің жолдары, түрлі нормалар жатады. Пәндік және субъективтік құндалықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық – баға берудің объектісі. Субъективтік құндылық – олардың өлшемі мен әдісі:

Философиялық сөздікте: “Ценности” – специфическое социальное определение обьектов окружающего мира, выявляющие их положительное или отрицательное значение для «человека и общества благо, добро и зло прекрасное и безобразное». Внешние ценности выступают как свойства предмета или явления однако они присущи ему не от природы, не просто силу внутренней структуры, обьекта самого себя, а потому что он вовлечен в сферу общественного бытия человека и стал носителем определенных социальных отношении” делінсе, психологиялық сөздікте: “құндылық” түсінігі қоғам үшін әлеуметтік – тарихи маңызы бар, “жеке адам” өмірініңболмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан психологияда құндылық - қоғамдағы моральдық қарым – қатынас. Осы айтылғандарға сүйене отырып біз, құндылық біріншіден – жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның абыройы, әділділігі, бақыты болса, екіншіден - моральдық сана, норма, мүдде, принцип, мұрат пен мақсат – деп білеміз. Өйткені, қай кезде де адам өмір сүретін ортада қызмет етіп,

іс- әрекет жасаса, өз қажеттілігін өтеу үшін алдына мүдде мен мақсат қойып мұратына жетуге ұмтылыс жасайды. Ал, мұратқа жету де білім, ақыл – ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылық, яғни рухани құндылық негіздері ерекше орын алады. Адам мақсат-мұратсыз өмір сүре алмайды. Ал, мақсат пен мұрат өмір сүрудегі ең алдымен керекті құндылық. Мұрат дегеніміз- күш пен еңбек. Адам үшін өмірдегі ең басты мақсат – қажеттілік. Ол адам өмірінің өзегі, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Ал, адамшылыққа жеткізетін қасиеттер ар-ұят, ізгілік, мейірімділік, қанағат, әділдік, қарапайымдылық. Сондықтан, педагогикалық сөздікте: "құндылық" – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым – қатынасы, іс- әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі" – делінген. Себебі, педагогикада "құндылық" тәрбие құндылығы арқылы жүзеге асады [7].

Олай болса, адам құндылғының өмірдегі сапасы: біліктілік, білімділік, имандылық, адамгершілік (моральдық) эстетикалық, психологиялық, өнерлілік, шығармашылық сатыларынан тұрады.

Адам құндылығының біліктілік сапасы - адамның өмір жолында көргені мен естігеніннің тиімдісін, құндысын, пайдалысын көңіліне тоқу, ал білімділік - тікелей ғылым негіздерімен қаруланды, яғни оқудан құралады, - дейді профессор Ж.Наурызбай. Сонда біліктілік сапасы - рухани құндылық (өнер, тіл, мәдениеті салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б.), ал білімділік сапасы – дүниетанымнан: білімдер жүйесі сезім, қабілет, мұрат, мақсат, қызығушылық және т.б. тұрады [8].

Білімділік сапа - зердені байытып, ойлауды белгілі бір дәрежеге көтеру үшін керек, Сократ «Менің білетінім еш нәрсені де білмейтіндігім» – дегені адамның әлі де ғалам құпиясынан бейхабар екенін көрсетеді. Қазіргі ақпарат ағыны заманында адам баласы күнде естіген, көрген білгендерін қорытуға, соған білімдері арқылы үлес қосуға мәжбүр болып отыр. Сондықтан алған білімді жинақтаудағы сандық нәтижеден гөрі, оның сапалық жағына көп мән берілсе, адам өмірде өз пайдасын тигізері сөзсіз. Сонда ғана білімділік негізі руханилықтың баспалдағы бола алады.

Адам құндылығының имандылық сапасы - болашаққа деген үміт, адамды, табиғатпен бүкіл әлемді жан – тәнімен сүйе білуді қолдайтын сенім. Сонау орта ғасырда өмір сүрген әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің заманында қайта - қайта «нәпсіңді тізгінде, жаның мен діліңді тазарт» – деген өсиеттерінің түпкі тамырында, имандылық жатыр. Ол «өмірді қызық көру үшін сүрмеу керек, нағыз жетілген адамша өмір сүру керек, яғни өмірде жіберген қателерді жөндеп, күнәға батпай өмір сүруге тырысу қажет» , - дейді. Қателесу бұл адам білместігінің кесірі. Бірақ сол қатені өзінің іс-қимылында барынша «жоюға» тырысып қатесін түзету, әр адамның өз қолында екенін көбі біле бермейді, күнделікті тіршілікте «заман өзгеріп, өмір өз дегенін істеп, басқаларда мен сияқты жүр ғой» деген дәлелдер басымырақ болып жатқан кездер әлі де көп. Осыдан келіп, «өзің білме – білгеннің тілін алма» деген кереғар ұғым пайда болып отыр [9].

Адам құндылығының эстетикалық сапасы – бұл адамның жан сұлулығы ой тазалығы, іс- қимыл мен ниетінің үйлесімділігі. Мәселен, өте қас шебердің туындысы өз жүрек әмірімен жасалған өнер қашанда адам жанына әсер етеді. Руханилық әсемдіктің өзара байланысы да адам үшін құндылық болып есептеледі.

Адам құндылығының психологиялық сапасы – бұл адам бойындағы сезім мен эмоция, «жан дүниесі» арқылы мейірімділікке, жылылыққа, сұлулыққа әкелетін қажеттілік. Бұл физиологиялық қажеттілік емес, бұл психологиялық ерекшеліктерден туындайтын адами қасиет. Бірақ бұл қасиеттердің теріс доминатты роль атқаратын кезеңі де болады. Олар қызғаныш, қорқу, ызалану, жек көру, және көре алмау т.б. Міне, осылардан алыс болу үшін, адам өз зердесі мен білгірлігі, тапқырлығы өзін - өзі тәрбиелеу арқылы жетілдіріп отырса ғана салауаттылыққа жетеді.

Адам құндылығының өнерлілік сапасы - руханилықтың әлеуметтік саладағы ең өрелісі. Өнер арқылы адам баласы әлемге танылады. Бұл барлық ұлттық мәдениетке тән құбылыс.

Қазір өнер деген атты желеу етіп, коммерциялық мүдделерді ғана көздеген іс- әрекеттер адам санасын лайлайтында өнерді жиіркеніште тудыруы. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі өнер - бұл адам бойындағы дарындылықтың табалдырығы деп түсіндірген абзал. Өйткені адам өз қолымен жаңа дүние жасап үйренбей өзін жетілдіре алмайды.

Адам құндылығының шығармашылық сапасы - бұл адамның бүкіл әлемді тануға ұмтылысы, оны тек бейнелеп қана қоймай, әрі қарай жетілдіріп, дамытуға тырысуы. Жалпы қандай да болмасын адам кішкентай кезінен өмірдің заңдылықтарына үлес қоссам, өзгертсем десе, барлық өмірін соған сарп етер сөзсіз. Себебі, адам белсенділігі, еркіндігі, қажеттілігі, қызығушылығы арқылы шығармашылыққа енгенде ғана өмір сүру мәнін аша алады. Олай болса, білім беруді дамыту процесінің әлемдік үрдіс дағдарысының кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктер туындатуда. Бүгінгі өмір талабы сапалы, әрі терең білім беру жолдарын әлемдік дәрежеде ұйымдастыруды қажет ететіні баршаға белгілі. Бұл қажеттілікке жетудегі басты стратегиялық мақсат - адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қана қою жеткіліксіз, соған сәйкес ақпарат негізінің артуы мен оның өсу модернизациясына ілесудегі адами құндылығы болып табылады. Еліміздің болшақтағы келбетін анықтайтын – бәсекеге қабілеттілік қоғамның білім деңгейі мен интелектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптантыс жағдайларда әрекет ете білуі қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004, 206 б.
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. // Қазақстан мектебі, 2003, № 8, Б. 40-41.
4. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. // Қазақстан мектебі, 2003, № 5, Б. 53-59.
5. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. // Қазақстан мектебі, 1996, №12, Б. 34-38.
6. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 1994, №8, Б. 9-10.
7. Жарқынбекв С. Ерлік –ел мұраты // Бастауыш мектеп, 1996, №3, Б. 42-43.
8. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140 с.
9. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторнигі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.

Аннотация

В своей программной статье «Лидер нации» подчеркнул богатую историю нашего народа и многовековые национальные обычаи, необходимые для того, чтобы стать прочной опорой будущего процветания. То есть стратегическая статья охватывает сложные вопросы, касающиеся будущего страны. Прошедший день был проанализирован и конкретные решения и систематические планы на будущее крупнейшей и наиболее фундаментальной работы, которая будет предпринята. Зарубежные эксперты сочли идею главы государства духовным возрождением нации. Глава государства подчеркнул важность возрождения и подчеркнул основные функции и особенности этого возрождения: «Как и в прошлом, возрождение не должно разделять исторические практики или национальные традиции. Напротив, мы должны быть в состоянии преобразовать успешные традиции, которые не прошли испытание временем, в важные предпосылки для успешного возрождения. Если пробуждение не укоренится в духовных корнях нации, оно начнет теряться. В то же время духовное возрождение важно в том смысле, что оно способно трудно пересекать и пересекать различные полюсы национального сознания ». Хорошо известно, что наша суверенная страна добилась хороших

результатов в политических и экономических реформах. Он подчеркивает необходимость уделять приоритетное внимание духовным ценностям в работе человеческих ценностей, духовных ценностей, воспитания молодежи и воспитания в них патриотического духа.

Abstract

In his program article, “The Leader of the Nation” emphasized the rich history of our people and centuries-old national customs necessary to become a solid pillar of future prosperity. That is, the strategic article covers complex issues regarding the future of the country. The past day has been analyzed and specific decisions and systematic plans for the future of the largest and most fundamental work to be undertaken. Foreign experts considered the idea of the head of state to be a spiritual revival of the nation. The head of state emphasized the importance of the revival and emphasized the main functions and features of this revival: “As in the past, the revival should not share historical practices or national traditions. On the contrary, we must be able to transform successful traditions that have not passed the test of time into important prerequisites for a successful rebirth. If revival does not take root in the spiritual roots of the nation, it will begin to be lost. At the same time, spiritual rebirth is important in the sense that it is difficult to cross and cross the various poles of national consciousness. ” It is well known that our sovereign country has achieved good results in political and economic reforms. He emphasizes the need to give priority to spiritual values in the work of human values, spiritual values, the education of young people and the education of a patriotic spirit in them.

УДК 32

Г.Д. Сейдулла, Д.Ж. Жумабаева, Г.А. Құлжабаева

магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін

Мақалада Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері сөз болады. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектеп жағдайында рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру білім беру мазмұнының, сыныптан тыс жұмыстың, қосымша білім беру жүйесінің гуманистік құндылықтарының негізінде ғана мүмкін болады. Сол себепті де негізгі міндеттер: оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, адалдық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, рухани және адамгершілік принциптерінде оқушылар ұжымын ұйымдастыру және дамыту, сабақтан тыс уақыттарда танымдық әрекеттерді ұйымдастыру, оқушылардың қызығушылықтар мен бейімділіктерін зерттеу. Бүгінгі күні патриоттық тәрбие үдерісінде жеке тұлға бойында ұлттық-идеялық сенімділік пен Отанына, туған жеріне және ана тіліне, өнері мен мәдениеті, салт-дәстүріне деген құрмет, ұлттық мақтаныш боларлық құндылықтар, туған халқының келешегіне үлкен жауапкершілік, Отанының экономикалық және саяси, ғылыми-зерттеу, саяси-адамгершілік, әскерилік қасиеттердің қалыптасуына деген ынта, тәрбиені саяси-идеологиялық тұрғыдан қорғай алуға деген дайындығы қалыптасады.

Кілттік сөздер: оқушылар, рухани жаңғыру, адамгершілік, эстетикалық талғам, тәрбие, басымдылық, қоғамдық, болашақ, бәсекеге қабілетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы қазақстандық қоғамды рухани жаңарту бағдарламасы болып табылады, мемлекеттің дамуына

жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз үшін Елбасының мақаласы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында айтқан Қазақстандықтардың экономикасын, саясаты мен әлеуметтік өмірін жаңғырту жөніндегі шаралар жүйесін қисынды жалғастыратын стратегиялық құжат болып табылады. Ол қазақстандық ұлттың алға жылжу бағытын көрсетеді, өйткені аталған жаңғырту, ең алдымен, біздің ұлтымыздың негізін құрайтын сана мен ойлаудың жаңа моделін қалыптастырумен байланысты мәселелерді қозғайды. Ұсынылған басымдыққа сүйене отырып, Қазақстанның өткен, қазіргі және болашақтың көкжиегін онжылдықтағы алға біріктіруге мүмкіндігі бар. Қоғамның, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бөлінген негізгі элементтері: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм ұлттық бірегейлікке, мәдениетке, білімге сүйенеді, олар ұлт табысының факторы болуға және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіруін жақындатуға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламада Н. Ә. Назарбаев: «Әрбір қазақстандық білім – болашақ жетістіктің ең іргелі факторы екенін түсінуі тиіс», - деп атап өтті [1]. Білім беру жүйесін жаңғырту мен реформалаудың объективті және субъективті факторларын тежейтін қиындықтарға қарамастан, Қазақстанда білім беру инвестицияларын ұлғайту, білім сапасын жақсарту үшін оның халықаралық деңгейге шығуы үшін жағдай жасалған. Бұған дәлел – 12 жылдық орта білім беруге көшу, білім берудің халықаралық деңгейінің үрдістерін ескере отырып, барлық сатыда білім беру мазмұнын жаңарту, мұғалім бұл үшін жағдай жасаған кезде әрбір баланың тұлғасын, жеке тұлғасын көре алады.

Халқымыз қашанда болмасын өз ұлтының мақтанышы болуға талаптанған ұрпаққа кенде болған емес. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Болашаққа жол: рухани жаңғыру" мақаласында «Туған жер» бағдарламасында туған жерге, яғни туған өлкенің сақталуы мен мәдениеті, дәстүрлеріне ерекше назар аударды. Өйткені бүгінгі таңда болашақ ұлт азаматының жалпыадамзаттық және жалпы мемлекеттік құндылықтарына жауапты қарым-қатынасты, адам парасатын, өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп отыру қажет [2]. Шындығында әрбір ұлттың өзіндік сүйенер рухани алтын қазығы болуы тиіс. Халқымыз «Білегің сенбе, біліміңе сен» деп айтып кеткен даналығын естен шығармауымыз қажет [3]. Атап айтқанда, ол қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша, оның ішінде мемлекеттік қызмет саласында белсенді жұмыстар атқарылуда.

Бұл ретте ең бастысы адам капиталының сапасын арттыру және жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып қала береді. Көптеген экономистердің пікірінше, адам капиталын қалыптастыруда шешуші рөл білім алуға жатады. Бүгінде білім беру компанияның нарықтағы табысының, елдің экономикалық өсуінің және оның ғылыми-техникалық әлеуетін арттырудың басты факторына айналып отыр. Қазіргі уақытта бәсекелестік күрестегі басымдықтар елдің өлшемімен де, табиғи ресурстармен де, қаржылық капиталдың қуатымен де айқындалмайды. Енді барлығы білім деңгейін және қоғам жинаған білім көлемін шешеді. Сондықтан да білім беру сапасы адам капиталы бағаланатын басты критерий болып табылады.

Бұған дейін Қазақстанда 2020 жылға дейін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен адами капиталды дамыту. Қазақстанның адами әлеуетін одан әрі табысты дамытудың кепілі оның дамуы әрқайсымыздың адами әлеуетіне тікелей байланысты екенін ұғыну болып табылады. Сондықтан біздің өз әлеуетімізді дамыту тек жеке табысқа ғана емес, еліміздің адами әлеуетін дамытудың жоғары мәндеріне де әкеледі. Оқушылар арасында тәрбие жұмыстарының алуан түрлері қарастырылады [4]. Сонымен қатар адамгершілік сабақтарын үйретететін тәрбие сағаттары да баланың рухани өсуіне ықпал етеді [5].

Руханилық жеке тұлғаның таңдаған мақсаттарына, сананың құндылық сипаттамасына ұмтылуымен анықталады. Имандылық бір-біріне және қоғамға қатысты адамдардың мінез-

құлқының жалпы қағидаттарының жиынтығымен анықталады. Олар бірге жеке тұлғаның негізін құрайды, онда руханилық-оның қозғалысының негізгі ұстанымы - өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, ол адамгершілік негізі болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбие педагогтың ішкі дүниесінің жүйе құраушы тұлға болып табылатын тұлғаның рухани-адамгершілік саласына сыртқы және ішкі ықпалының ұйымдасқан, мақсатты процесі болып табылады. Бұл әсер жеке тұлғаның сезімдеріне, ниеттеріне, пікірлеріне қатысты кешенді, интеграцияланған сипатқа ие. Ол білім беру мазмұнында салынған және педагогтың белгілі бір ұстанымымен өзектілендіретін белгілі бір құндылықтар жүйесіне сүйенеді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектеп жағдайында рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру білім беру мазмұнының, сыныптан тыс жұмыстың, қосымша білім беру жүйесінің гуманистік құндылықтарының негізінде ғана мүмкін болады. Сол себепті де негізгі міндеттер: оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, адалдық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, рухани және адамгершілік принциптерінде оқушылар ұжымын ұйымдастыру және дамыту, сабақтан тыс уақыттарда танымдық әрекеттерді ұйымдастыру, оқушылардың қызығушылықтар мен бейімділіктерін зерттеу, білім алушыларда рухани-адамгершілік тәрбиенің кепілі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін мүмкіндік жасау, бірлескен іс-шаралар, жеке кездесулер және ата-аналар жиналысы жүйесі арқылы отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесінің шарты ретінде нығайту. Бұл жөнінде Абай Құнанбаев еңбектерінің тағылымы зор [6].

Біздің елімізде көптеген жылдар бойы экономика мен әлеуметтік-саяси жаңғырту алға қойылды, яғни қоғамды базистік, материалдық жаңғырту мәселелері басым сипатқа ие болды. Аталмыш мақалаға сәйкес Рухани жаңғыру болашақтың негізгі құндылықтарының бірі ретінде маңызды орын алып отыр. Жаһандану дәуірінің бір аспектілерінің бірі елдер мен ұлттардың өзіне-өзі қызмет көрсетуге, қазіргі заманғы өркениеттерден кем түспеуге деген талпынысы болып табылады. Жиырмасыншы ғасыр басында білім мен тәрбие беру саласының алдында тұрған мақсат барлық жағынан жаңғырту болып табылады.

Қазіргі елдегі әлеуметтік және экономикалық жағдай ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды түгендеуді жүргізуге мәжбүр етеді. Сондықтан жаһандық бәсекелестікте әрбір халық өзінің рухани құндылықтарын сақтап және дамытып отыруы тиіс.

Қазіргі таңда егемендік таңы атқан кезде тәуелсіз отанымызды гүлдендіру мен оны жат көздің қиянатынан қорғаудың қажеттілігі міндеттеліп, оның қажеттілігі тамырын терең жайып келе жатқандықтан оқушыларға патриоттық тәрбие беру проблемаларына баса көңіл бөлу керек болып отыр.

Жалпы патриоттық тәрбиенің басты мақсаты оқушыларға халық педагогикасын басшылыққа ала отырып, жеке адамның немесе қандай да бір әлеуметтік ұжымның патриоттық қимылға ерікті түрде атсалысуын айқындайтын саяси-адамгершілік, кәсіптік, психологиялық және дене тәрбиесін сіңіру деп қарауға болады.

Ұрпақ тәрбиесін сөз еткенде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен халықтық педагогиканың артықшылықтарына мән бере келе тәрбие үрдісінің біртұтас жүйесін қалыптастыруда XIX-XX ғасырлардың тұсында өткен белгілі ағартушы – педагогтардың еңбегі зор. Олардың арасында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев сияқты тарландардың құнды ойлары, отансүйгіштік және патриоттық сезім жайындағы тұжырымдары бүгінгі таңда жалғасын тауып келеді.

Бүгінгі күні патриоттық тәрбие үдерісінде жеке тұлға бойында ұлттық-идеялық сенімділік пен Отанына, туған жеріне және ана тіліне, өнері мен мәдениеті, салт-дәстүріне деген құрмет, ұлттық мақтаныш боларлық құндылықтар, туған халқының келешегіне үлкен жауапкершілік, Отанының экономикалық және саяси, ғылыми-зерттеу, саяси-адамгершілік, әскерилік қасиеттердің қалыптасуына деген ынта, тәрбиені саяси-идеологиялық тұрғыдан қорғай алуға деген дайындығы қалыптасып, тәуелсіз елдің тегеурінді өндірістік күштері,

қуатты өндірістік қатынастарын жетілдіру патриоттық тәрбиенің экономикалық негізін сипаттайды.

Жалпы әлеуметтік – саяси құбылыс мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың, қоғамның идеялық және әлеуметтік – саяси тұтастығы мен дүние жүзіндегі халықтармен достық әрі интернационалистік қатынас орнатады. Негізінен педагогика және этнопедагогика, психология және этнопсихология, әскери ғылымдарымен терең байланысып, ғылыми теориясына арқа сүйейтін рухани-адамгершілік тәрбие жеке тұлғаның патриоттық тәрбиелі болуының кіршіксіз формасын, сондай-ақ мұндай жақсы қасиеттерді сіңірудің басты ұстанымдары, объектілер мен тәсілдерді айқындауға жол ашады. Отансүйгіштік тәрбие құралдарына белгілі бір ұлт пен халықтың қарулы күштері, еңбек қуаты мен ұлттық салт-дәстүрлері болып есептеледі. Жеке тұлға бойында ұлтжандылық сана сіңіру кезінде сұхбаттасу және түрлі әлеуметтік ізденістер мен керектіліктерді зерделеу мен оның жетілуіне ықпалдасудың басты себептері, бұл да отансүйгіштік тәрбие проблемаларын ұтымды ықпал жасайды. Сонымен қатар жеке тұлғаның бүгінгі цифрлық дәуірдің талаптарына сай келетіндей білім алуы тиіс [7].

Отансүйгіштік тәрбие негізінен өз туған халқының рухани және мәдени құндылықтарын танып-білуден бастау алады. Тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде қазақ халқының және ұлтының ұлықтығын мен қазақ халқының тіршілігіндегі салт-санасының ерешеліктері мен жетістіктерін, елдегі саясат пен жауынгерлер еңбегінің ілгерілеушілігін тыңғылықты таныту, жалпы студенттер мен жастарға ерлік пен патриоттыққа тәрбие беруде ұлттық салт-дәстүрлері мен қазақ халқының Отан қорғау жайындағы қалыптасқан қағидасын үлгі ету, қоғамда болатын қажетсіз, ескіріп өз құндылығын жойған салтдәстүрлер мен шовинизм, вигилизм сынды келеңсіз жайттарды нақтылай сындар айтып, қоғамның қолданысынан ысыру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жағңыру: болашаққа бағдар // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017, 1 б.
2. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018, 408 б.
3. Ергөбек Қ. Мақал мәтелдер. Түркістан: Университет, 2004, 411 б.
4. Есқалиева, С. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру эдістемесі: оқулық. Астана: Фолиант, 2014, 192 б.
5. Әбенбаев, С. Педагогика: оқулық - 2-басылым. Астана: Фолиант, 2015, 284 б.
6. Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы: оқулық. Алматы: Экономика, 2014, 312 б.
7. Кусаинов, А. Качество образования в мире и в Казахстане. М.: Мультипринт, 2014, 204 с.

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые проблемы духовно-нравственного воспитания в рамках программы духовного возрождения. Реализация духовно-нравственного воспитания в условиях общеобразовательной школы в рамках программы духовного возрождения возможно только на основе гуманистических ценностей содержания образования, внеклассной работы, системы дополнительного образования. Поэтому основными задачами являются: укрепление духовно-нравственного воспитания учащихся, воспитание патриотизма, воспитание честности и трудолюбия, организация и развитие ученических коллективов на принципах нравственности и духовности, организация познавательной деятельности во внеурочное время, изучение интересов и склонностей учащихся. Исходя из этих задач, целью данного исследования является демонстрация предпосылок и эффектов духовно-нравственного воспитания учащихся. Будут всесторонне рассмотрены пути достижения поставленных целей.

Abstract

The article deals with some problems of spiritual and moral education in the framework of the spiritual revival program. The implementation of moral education in secondary schools through the programme of spiritual revival is possible only on the basis of humanistic values of education, extracurricular activities, additional education. Therefore, the main tasks are: strengthening the spiritual and moral education of students, education of patriotism, education of honesty and hard work, organization and development of student groups on the principles of morality and spirituality, organization of educational activities outside of school hours, study of students ' interests and inclinations. Today, in the process of Patriotic education, a person develops national and ideological confidence and respect for the Motherland, the native land and the native language, art and culture, traditions.

ӘОЖ 82:801.6

М.А. Умирзакова, А.М. Ахметова, Д.Н. Хужаахмедова, Ж.А. Рискельдиева

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Т. ИМАНБЕКҰЛЫНЫҢ «ҮШ АЙДЫҢ, ҮШ КҮНІ» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Түйін

Мақалада жазушы Т.Иманбекұлының жазушылық шеберлігі мен повесіндегі кейіпкерлер әлемі, кейіпкерлер арасындағы өзара тартыс мәселесі сөз болады. Жалпы повестің басты қаһарманы Қарабай өзінің ішкі жан байлығымен, адами болмысының, мөлдір тазалығымен оқырманын баурайды. Оның әлсіз ғана қарсылығының өзі дүниедегі небір әділетсіздіктің күл талқанын шығарады. Жазушы қалам құдыретімен алғашқы сезімнің нәзік дірілін осылай сөйлетеді. Жаңадан қар кетісімен көктемде шыққан бәйшешектей шешек атып келе жатқан сол жастың әдепті, ұяң сезімі шынайы көрініс табады. Балаң кейіпкерлердің жанындағы мөлдір тазалық, лайланбаған тұнық жан сезімі суреттеледі. Шығарманың өн бойында Сәруар жеңгесінің Жорабай тұрғысындағы қайнысына неше алуан күйге түсіп, сырғып ақтарыла айтатын әңгімелері арқылы жарына деген сағыныш отын басатындай.

Кілттік сөздер: повесть, жазушы, характер, кейіпкер, образ, пейзаж, лирика, тағдыр, қаралы күндер, соғыс жылдары.

«Үш айдың, үш күні» повесі бастан аяқ бірінші жақпен баяндалады. Бүкіл повест сюжеті басты кейіпкер Қарабай көзімен беріледі. 1941 – 1945 жылдар фашистік Германиямен болған Ұлы Отан соғысы сол кезеңдегі Кеңестік Одақ құрамына кірген елдердің қай қайсысына да жеңіл тиген жоқ. Әрине бұл тақырыпта ұлттық әдебиетімізде бір шоғыр шығармалар жазылған. Сұрапыл соғыстың қасіретті күндерін еске алғанда, ең алдымен алапат қырғында құрбан болған жандар тағдыры сол соғыс салған жан жарасы еске түседі. Тұтқабай Иманбекұлы да балалығы соғыс жылдарына сәйкес келген ұрпақтың өкілі.

«Үш айдың, үш күні» повестінде сол соғыс салған қасірет, жан жарасы баласынан, айырылған ана, жарынан айрылған әйел, балалық бақытынан ажыраған бала тағдыры суреттеледі. Лирикалық «Мен» үлгісімен: «Ентелеп жеттім – ау. Жым – жырт. Алдымнан апам да қарсы алған жоқ. Ақтөсті үйшігіне қамап тастапты. Тар қапастың ішінде қыңсылап жатыр. Үйшіктің жаман есігін теуіп кеп жібергенде, Ақтөс атып шықты. Тұқыл төбел ақ ескі

есік алдына байланыпты әлдеңе сезгендей, без – без етеді. Жарты құлаш шылбырын тартқалақтап шыр көбелек айналып жүр», - Сөйтсе бұл тыныштықтың себебі бар екен. Ол Қарабайдың жанындай жақсы көретін жеңгесі Сәруарды Кембашқа айттыра келген жағдаймен байланысты. Алғаш үйге кіріп келгенде ештеңені түсінбей аңтарылып қалған Қарабайістің мән жайын білгенде Кембашқа атылып оның алқымынан алады. Егер әкесі ара түспегенде, Кембашты буындырып өлтіруге бар еді. Міне осы оқиғадан кейін Қарабайдың ішкі ар намысы, ішкі күйдегі тартысы басталады. Ішіне от түсірген бұл жағдай қарабайды ой сергелеңіне салады. Жан дүниесіндегі дүлей күй Қамқа әжесінің алдында жас болып төгіледі. Бәрінен де жанына қатты батқаны әке – шешесінің бұл іске жол бергені. Қарабай жан жарасына дауаны Қамқа әжесінің үйінен іздегендей. Ол да жалғыз ұлы Ақназардан қаралы хабар алып қайғыдан қан жұтып қара жамылып отырған ана. Секемшіл ана жүрегі Қарабай келісінен бір сұмдықты сезгендей еді. Дәл осы сәтті автор: «Жүзіне қарап едім, шошып кеттім. Қатпар – қатпар беті бұршақ ұрғандай бүрісіп қалған. Шодырайған шағы деп сүреттейді. Бұл портреттің штрих көз бояуын қалтқысыз бедерлеген суреткерлік шеберлік. Лирикалық меннің баяндауында тарихи шындық желісі тартылған. Сол тарихи шындық жазушының көркем шындығына суғарылады. Шығарма сәтті, болып шығуының ендігі бір жолы – ол қарапайымдылық. Қаламгерді өз иіріміне тартқан ол қарапайым адам бақыты, тағдыры... Мәселе осының өзіндік көркем шешім табуында. Бұл тұрғыда шығарманың поэтикалық құнары артып, бейнелік қабаттары қалыңдай түсіп таным тереңіне тамыр тартады. Аталмыш повесте тұтас өмір бар. Тағдыр, адам бар сондықтан уақыт әкелген зіл батпан трагизм бір адамның ғана басына түспейді. Ана, бауыр бала – бәрі өз үлестерін алады. Әр тағдыр өз тауқыметін тартады.

Қарабайды бей–жай күйге салып, суық ұрғандай қалтыратқан, жанындай, жақсы көретін аяулы жеңгесі Сәруардың ендігі тағдыры. Майданға кеткен ағасы Жорабайдан қаралы хабар келген. Соғыстың да аяқталғанына үш жыл. Алайда «Жорабай келеді» деген сенім жетегінде өмір сүріп жатқан Сәруар жеңгесінің алғы күнге деген үмітін таптағандары қорлық, емей немене «Не жазып ем, Кенжетай – ау? Жорабайдың өліміне сенбеп ем. Бүгін жерлеп отыр ғой мыналар. Көз алдымда көмбекші» [1] деген зарлы монологы амалсыздың шарасына тұншыққан әлсіз қарсылығы.

Сәруарлар соғыс зардабынан өмір гүлі жапырақтарын көктей солдырған тағдыры бар, алайда жастыққа тән құпиялы алып күшімен повесте ерекше бейне болып суреттеледі. Соғыс Жорабайға деген асыл айнымас махаббатының қанатын қырыққанмен, оның рухын өлтіре алған жоқ. Асыл сезім оның адамшылық болмысына айналды.

Шығарманың өн бойында Сәруар жеңгесінің Жорабай тұрғысындағы қайнысына неше алуан күйге түсіп, сырғып ақтарыла айтатын әңгімелері арқылы жарына деген сағыныш отын басатындай.

«Ай тонға туған екен. Сәулеге шашылған жоталар бозамықтанып көрінеді. Айнала түгел шымылдықтың ар жағынан сығалағандай торғын тартып тұр. Сонау аңғар жақтан бұлақтың сыбдыры келеді. Биікте, қалқып тұрған таң сырын шерткен бозторғайдың арғы бетінен талып жеткен қоңырқай әуен бір сәтке бұлақ үнімен үйлесетін сияқты. Сол сәт дүние түгел ән құшағында тербелгендей болады». Бұл табиғат суреті [1].

Кештетіп бірге үйге қайтқан Жорабай мен Сәруардің әдемі сезімдерін, табиғаттың өзі де қостап, мақұлдап тұрғандай. Бұл сюжет Дулат Исабековтың «Гауһартас» повесін еске түсіреді. «Гауһартас» - әннің аты. Екі қаламгер де кейіпкердің ішкі жан нәзіктігін, шерлі, көңіл сазын ән арқылы жеткізеді. «Гауһар таста» оқиға Қайыркен ойы арқылы беріліп отырса, «Үш айдың, үш күнінде» Қарабайдың сөзімен таразыланады. «Гауһар таста» Салтанат күйеуі Ыбыштың тоңмойындығына қарамастан аттап түскен босағасының беріктігін ойласа, Сәруардің да өз босағасына адалдығы оның характерін одан әрі шыңдайды. Сезімді еріксіз тұтқындап ұстаудың жеңіл еместігі оғанда ерлікпен пара–пар қажыр–қайрат керектігін жазушы баса көрсетеді.

«....Тартыншақтап ішке кірдім. Жеңешемдер сезбепті. Төренін алдына алып, Өренді тебіреткен күйі бесік ырғағымен теңселіп отыр екен. Қою қара шашы бесік үстіне жайылып қалған. Күрсінген сайын бөрен шашып жатыр. Жеңешем қолын көзіне апарды. Шамасы жылап отыр-ау. Бесікке сүйеніпті» [1]. Жорабайдан қаралы хабар келгеннен кейінгі Сәруардың ішкі жан қиналысының суреті бұл. Әсіресе: «Осылар енді ермегім, Көкесі–ау неге келмедің?..» деген мұңлы әуен, Қарабайдың бүкіл тамыр жүйесін босатып жібергендей. «.... Мен шыдай алмадым. Денеме селкілдеп, өз–өзімнен қорсылдап барып өксіп жіберіппін. Жеңешем селк ете қалды. Орнынан атып тұрды да, бас салып, мені аймалай берді» [1]. Сәруар жеңгесі бұл ауыр сыннан да өзін жоғалтпай алып шықты. Оның әйел ретіндегі рухани күші де осында. Осы ретте Шыңғыс Айтматовтың «Жәмилә» повесін атап өтуге болады. Сол туындының да тақырыбы бір соғыс кезіндегі ел басындағы қиындық, соғыстың адам жанын сергелдеңге салған тағдырлар Шыңғыс Айтматов уақыт шындығын типтендіріп жекелеген белгілі бір кейіпкер арқылы танытса, Тұтқабай Иманбекұлы сол ауыр замана шындығын әр дәрежедегі кейіпкерлерге бөледі. Сәруар, Әсия, Қамқа әже, Серімбек жездесі. Және кейіпкерлердің өзіндей күрделі, қат–қабат болмысы табиғи шығады. Ол сурет Қарабайдың ішкі нәзік жан–дүниесімен қабысып сүзгіден өтіп, шығармадағы психологиялық өріспен өте оқтасады. Повестегі Сәруар бейнесі соғыстан соңғы жылдардағы қазақ әйелдеріне тән жақсы қасиеттерді ақылдылықты, мейірімділікті, өз шаңырағы түтінін бойына жинаған жан. Сондай–ақ сол қиын кезеңдегі қазақ әйелдерінің көбіне тән трагедиялық тағдырдың да иесі. «Тағдыр тәлкегіне амалсыз көндігесің – ау, Кенжетай, адам тәлкегіне қайтып шыдарсың?! Тағдыр тәлкегі ауырпалықты арқаңа артса, адам тәлкегі арыңа артқысы келетінін қайтерсің?!» [1]. Сәруар монологы суреткердің авторлық позициясымен ұштасып жатқандай. Ар тазалығы Сәруар үшін де өмірлік ұстанымы. Ол әйел табиғатына тән өзіне алуға тиісті құшақ пен сезім бақытын, ала алмай жастық ғұмырын өксік пен күрсініске айырбастаған жан мұны жабыққан жанын түсінер Кенжетай қайнысы мен арадағы диологтарынан көруге болады.

Алайда Сәруар өз бақыты үшін күресе алар ертеңге деген сенімін жоғалтпаған оптимист жан. Повесте қаламгер характер жасауға өте шебер. «Характер әдеби характерлер – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез – бітімі, ой – сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат, ерекшеліктері әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл, әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сандап бейнелеу арқылы жасалады» [2]. Жазушы жасаған кейіпкерлер мінезінен таза қазақылықтың иісі аңқып тұрады. Бұл суреткерлікпен сомдалған ұлттық мінез. Мәселен, Сәруар жеңгесін айттырып келген кісілерді сипаттағанының өзі қызық: «Төрге көзім түсіп еді, бөккен ботқадай іркілдеген біреу жатыр». Бұл ауыл молдасы Үсіппектің бейнесі. Сондай – ақ суреткер тілінде юмор да жүреді: «Тәкей ақсақал, мәслихатыңызды бөліп жібердік–ау. Жалғай беріңіз. Қарабай да естісін, деп молда қасындағы атама моңғаз бұрылды. «Осы топтың төбелдісі өзім» дегендей ырғалып отыр. Кембаштың иығынан қолын алды. Баптап тақиясын сыпырды. Тақыр басын сипады» [1].

Осындай қазақи өткір әжуа повесте Мырзабай қария образында да жүреді. «Мырзабай атам ышқырын бір көтеріп, ентелеп келеді екен. Қолындағы қалағы қылдаңдап қояды. Біреуімізді салып қалуға әзір сияқты» [1]. Повесте жасы өзімен қарайлас келетін, қулығы мен іштарлығы бар Тезекбай образы бар. «Деталь - тек жеке құбылыстар бейнесі емес, кейде ол тікелей автор характерін ашатын, оның өзін танытатын жан-сезім айнасы тәрізді» [3]. Сол Тезекбай характерін бір – ақ деталь «көз» арқылы шебер суреттейді. «Осының көзі – ақ жаман. Бір қулықты бастарда сығырайып ойнақшып, кетуші еді. Немесе оқыс бағжаң етіп, түзбай жанары тіке қадалды дегенше, оның жанжал аңсап тұрғаны дей бер. Сол қабалған жанарға ілігіп қалғанның, соры бар. Әйтеуір жалғаспай тынбайды» [1].

Повесте тағы бір трагедиялы тағдыр иесі бейнесінде Әсия образы бар. Қамқа әженің келіні болған. Алайда Ақназардан қаралы хабар келгеннен кейін ұлы Әскербегін алып біржола кетіп қалады. Суреткердің «Қайран Әсия.....» сөз тіркесін қайта – қайта Қарабайға

қайталатқызуы арқылы оның бейнесі даралана түскендей. Бұл да бір көркемдік тәсіл... Жеңгесіне деген мұңға оранған сағынышын, оған деген қимастық асыл сезім, тіпті оның шаңырағын тастап, жат–жұрттық болып кеткеніне кімді кінәларын білмей дал болған ішкі күйдің де хабарын бергендей.

Тағдырдың құбылма желімен Қарабай, Әсия жеңгесімен кездейсоқ кездеседі. Бірақ Әсия қайнына тым кеш жолықты. Себебі, бұл кезде Қамқа енесі ұлы Ақназарын бір көруге зар болған күйінде о дүниелік болып кете барған еді.

- Ендігісін айтпа, Кенжетай. Түріңнен оқып тұрмын Ақназарды айырбастаған адамың осы ма демексің? Бар болса, кімге айырбастар ем? Амалым қанша?! [1]. Бұл тосын кездесуден, құбылма күйдің иіріміне түсіп барып есін жиған Әсия мен Қарабайдың арасында болған диалог. Иә, бұл да соғыстың басқа салған қасіреті. Әсия өзін кінәлай қараған қайнысына берген жауабы бұл. Жаны сезімтал бір кездегі асыл жеңгесі болған Әсияны қисықтау әрі қырсықтау сөздеріммен жанын жараладым–ау» деген ой жүрегінде кеткен Қарабай қоштасқаннан кейінде ауыр мұңнан арыла алмайды.

Ұлттық характер ретінде, Әсияның іс–әрекеті әдеп алаңынан аспай, жүрегінің бір бөлшегі – ұлы Әскербекті иесіз қалған қара шаңыраққа қалдырып кетуі, Қамқа әженің жаққан шырағын өшірмеу мақсатында істелген саналы, ерлікпен пара – пар әрекеті. Яғни ұлтымыздың қанында бар қасиет. Қаламгер Сәруар, Әсия бейнелері арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді.

Әсияның осы бір адамгершілікті шешімі кім–кімнің де болса жүрегін жылытқандай еді. Қарабайдың да оған берік тон боп қатқан өкпе–ренжішінің мұзын ерітіп, бірте–бірте Әсия жеңгесіне деген жылы сезім жүрегін сәулелендіргендей, деп баяндайды автор. Себебі, бір кездері Әсияның Кембашпен арадағы байланысына куә болуы оның жеңгесіне деген көңілін мүлдем суытып жіберген еді. Енді ойланып қараса, оның арын жаралаған сұм соғыс екен, - деген түйінге келуі. Иә, адам мына өмірде өз бақытын іздеуге тиіс. Сол бақытын іздей адасуға да құқылы. Повестегі Әсия образы оқырман жүрегіне осындай ой ұялатады. Повесте майданға кеткен ер азаматтардың, шырақшысындай, бір үйде жалғыз өзі тұратын Қамқа әже бейнесі типтік образ деуге де болады. «...Ал іште сықсима шамды серік етіп Қамқа әжем отырады. Кеудесінде бір үміт, көз алдында білтелі жарық. Тірлігі – күту, тілегені күдік. Екі ортада қаңбақша қылтылдап, күн кешкелі қашан? Ендігі бар қуаты жалғыз үмітке жармасып қатып қалған сияқты. Кеш бата сол үмітті қараңғы үйге қамап алып, амалдап таңды атырады. Таң атқан соң кездескен адамына Ақназар ағамның әр қылығын еске алумен күн кешеді. Бұған ауылдағылар үйреніп болған» [1], - деп таныстырады оқырманға автор.

Жалпы повесте бала және бозбала Қарабай бейнесі бар. Әдебиет үнемі адам бойындағы өзгерістерді, адамның жан–дүниесін, психологиялық, адамның қоршаған ортаға, қоғамға, уақытқа деген қарым– қатынасын зерттеп келе жатқаны белгілі... Кей қаламгерлер әдебиет үшін осы бір көкейкесті мәселелерді беру үшін де балаларды әдейі кейіпкер етіп алатын сияқты. Себебі, балалық шақ – ең бір қиялға, арманға толы кез. Періштелік тазалықта осы кезге тән. Оған қоса шыншыл, турашыл, қызбалық қасиеттер тағы бар... Бұл повестің басты қаһарманы Қарабайға тән мінезді қасиеттер Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме», Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», Мархабат Байғұттың «Интернаттың баласы» повестерінде оқиғалар бала көзімен баяндалады.

Жалпы повесте кейіпкерлері бір–біріне ұқсамайды. Сөйлеген сөздерімен, іс–әрекеттерімен жадыңда бірден қалып қояды. Тұтқабай Иманбекұлының шығармаларын оқып отырып автордың ауыл адамдарының психологиясын, ауыл өмірін жетік білетінін байқаймыз. Әрі диалог құруға шебер. Қаламында жеңіл әзіл жылы юмор, өткір әжуа да бар. Қаламгердің повест соңында Қарабай оқуға аттанар сапарының алдында шешесінің ұлына «ертеректе бір тайпаның қартайған кісілері «масыл болмас үшін» бірін қалдырмай өлтіруге бұйрық беру» аңызын айтқызуы осы авторлық мақсаттан туса керек. Аңыз соңы «тайпа кәрілерді» өмір бойы қастерлейтін болыпты. Өйткені ғайыптан тірі қалған бір кәрі ана хабаршы болып жетіп

сол елді жаудан аман алып қалған екен.

Туындыда жастық шаққа тән жаңа бүршік жара бастаған Қарабай мен Гүлнар арасындағы махаббат сезімі де әдемі суреттелген. Ақсу мен Жабағылы қойнауына география пәні бойынша экскурсияға жоғары сынып оқушылары болып екі күнге шығуы екеуінің де жан дүниесіндегі нәзік толқындары тоғысқандай. Және бір – бірінің жанын ұғысып, серттескендей күйде қайтқан еді. Жездесінің шақыртуымен «Келте машатқа» келген Қарабай сол жерде Гүлнарды кездейсоқ кездестіреді.

Міне жазушы қалам құдыретімен алғашқы сезімнің нәзік дірілін осылай сөйлетеді. Жаңадан қар кетісімен көктемде шыққан бәйшешектей шешек атып келе жатқан сол жастың әдепті, ұяң сезімі шынайы көрініс табады. Нәзік нақыш, нәзік иірім. Балаң кейіпкерлердің жанындағы мөлдір тазалық, лайланбаған тұнық жан сезімі.

Жалпы повестің басты қаһарманы Қарабай өзінің ішкі жан байлығымен, адами болмысының, мөлдір тазалығымен оқырманын баурайды. Оның әлсіз ғана қарсылығының өзі дүниедегі небір әділетсіздіктің күл талқанын шығарардай. Ерлік тек айқаймен атқарылмайды. Жүрек сөзінің жетегіне еріп, үнсіз жүріп–ақ жалғандықпен күресуге болатынын Қарабай бейнесінен көргендей боламыз.

«Қазір әдебиет біршама тыңғылықты тексерілген, Ұлы Отан соғысы дәуіріне қатысты тақырыптарға да адамгершілік биік талаптар тұрғысынан қарайды. Бұл тарапта соңғы кезде жазылған шығармалар ішінен мен Тұтқабай Иманбековтың «Үш айдың үш күні» повесін атап көрсетер едім. Үстірт қарағанда повестің бізге ұсынар ешқандай жаңалығы жоқ тәрізді, бірақ повесті қызыға сүйсіне отырып оқисыз. Повесть кейіпкері Қарабай өзінің соғыс жылдары мен соғыстан соңғы кезеңде өткен балалық жастық шағын еске алады. Қорабай бейнесі өзінің сыршылдығымен, жастық пәктігімен көңіл баурайды. Автор жас адамның адамгершілік іс атаулыны үлгі тұтатынын, асқақ мінез, ер көңіл атаулыға еліктеуге беціміділігін, ал сұлу өмір сәнін келтірер, таза жанға дық түсірер келеңсіз көрініс атаулыға үркектей жирене қарайтынын жақсы бейнелеген», - деп ертеректе бұл туындыны ғалым Ш.Елеукенов осындай бағалап, өз пікірін білдірген екен. Бүкіл шығарма бойында Қарабайдың ішкі күйін дауылды, күндей алай – дүлейліктен жағдай, бір қалыпқа түсіп, өзінің арнасын тапқандай. Ол жеңгесі Сәруардың өз шаңырағында қалуы.... Повесте бір назар аударар жайт туындыдағы бүкіл сюжеттік оқиға «лирикалық мен» арқылы баяндалады. Баяндаудың бұл тәсілінің қаламгерге оңай еместігі жөнінде теоретик ғалым Т.Есембеков былай дейді. «Әдеби амал ретінде бірінші жақтан баяндаудың жетістіктерімен бірге олқылықтары да баршылық. Әрине, ол алдымен оқырманға көбінесе сыршылдығымен, сенімділігімен, шынайылығымен жақын. Бірақ уақыты мен кеңістігінің ауқымы мол оқиғаларды жіті бейнелеуге, күрделі әлеуметтік-саяси мәселелерді бұл мәтінде жан-жақты талдауға кез келген жеке адамның қабілеті жете бермейтіні белгілі ғой, сондықтан көлемі үлкен, оқиғасы көп, қою эпопеяларда баяндаушы өзінің бет-бейнесін бірінші жақтан ашық көрсете бермейді, мұндайда автордың оқиғалар мен адамдарға, қоғам мен заманға атаусыз адамның атынан баға беріп отыратыны жайдан-жай болмаса керек» [4]. Осы тұрғыдан алғанда повест жанрына апарған автор баяндауы сәтті шыққан деуге болады.

«Шығармашылық тұлғаның ойы мен сезімінің қуаты тек ұлттық-әлеуметтік болмысты өзекті тақырып етіп талдауында ғана емес, сонымен қатар өзі жазатын проблемасына толық қанығу, оны адалдық рухани-эстетикалық мөлшер аумағында қарастыру, сананы сапырылыстыру, көңіл-күйді серпілтуде де шешуші маңызға ие болатыны айтылған, айтыла береді де» [4], - деген теоретик ғалым Т. Есембеков сөз зергерінің суреткерлік табиғатын ашып көрсеткендей.

Талантты жазушы туындыларындағы ар, адамгершілік мәселелерінен туындаған биік адамдық мақсат, мұраттарды шығарма өзегіне айналдыра білуі, өмір атты тұңғиықтың түрлі сырларынан хабардар етіп қана қоймай, адал сезімнің шынайылығын аялап, оның болмысының тылсым, нәзік иірімдерін терең бойлау арқылы оқырманын өзіне еріксіз баурап алады. Адамгершілік ар мәселесін қазақтың ұлы ақыны Абайдай ешкім нақышына келтіріп

айтқан болмас сірә [5].

Қазақ әдебиетіндегі Т.Иманбекұлының қайбір еңбегін алып қарасақ та, адамгершілік мәселесін басты орынға қойып отырады. Әрбір кейіпкер бойынан көрініс табады. «Мінез-адамның адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын іс-әрекеттер жиынтығы», олай болса, жазушы іс-әрекет, ишара арқылы да кейіпкер мінезін шебер сипаттайды [6].

Жазушы Мархабат Байғұт «Жайдарманның жанасымы» атты мақаласында Тұтқабай Иманбекұлының оқырманға белгісіздеу талант қырларынан естелік айтады. «...Бауыржаннан бастап, өзге де ақын-жазушылардың афоризмдерімен айшықтап, бұрынғы өтіп кеткен билер мен шешендердің асыл мұраларын талмай насихаттауға көшкен. Қаз дауысты Қазыбек бидің: «Жазылмаса дерт қиын; Іске аспаған серт қиын. Ақылыңнан адасып; Өзіңе түскен өрт қиын» дегенін қырағаттағанда неше алуан тағдырды бастан кешкен қариялар жағы «ah» десер еді. Бірте-бірте Тұқаңның өзі де «Өнеге сөз – өрісің», «Ағайынға – ақ бата» атты қосы кітапшасын бірінен соң бірін ұсынған. Баяғыда, жас кезінде, әлі ақындық албырттығы бәсейе қоймаған жылдарында «Бұлақ күліп ағады» деген жыр жинағы жарық көрген. Сол кітабында: «Халқымыз жақсылықтан өрнек салып; Өссін депті өмірде ер мақтанып. Жайдақ жерге жанары тояттанбай; Дүниеге көз салған өрлеп барып», деуші еді ғой. Сол шумақты «Ағайынға – ақ бата» кітабына эпиграф ертіп алған», - деп біраз бата сөздерінен келтіреді де, «Жанасып, жұғысып, ұғысып...» деген сөздерді жиірек қолданатын Иманбекұлының өзі жайдарман жаратылысымен жақсыларға жақындап, жанасып жүрер жан еді» деп түйіндейді ойын [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Иманбекұлы Т. Жетім қыран. Шымкент: Жебе, 2013, 386 б.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: Ғылым, 2001, 240 б.
3. Серікқалиұлы З. Сын кітабы. Алматы: Раритет, 2004, 215 б.
4. Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2012, 186 б.
5. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы: Жазушы, 1968, 316 б.
6. Әттең, тонның келтесі-ай... Естеліктер. Шымкент: Жебе, 2013, 125 б.
7. Ергөбеков Қ. Баян ғұмыр. Алматы: Жазушы, 1991, 230 б.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы о роли героев в произведении писателя Туткабая Иманбекова, о взаимосвязи между героями. В ходе исследования всесторонне изучая тему, композицию и сюжет повести «три месяца, три дня», приводя конкретные примеры действий героев в ней, определяют характер и внутренний мир, характер и внешний портрет героя. Сочетание персонажей из жизни героя в художественном произведении, своеобразный стиль писателя в написании произведения не оставлялся вне формы исследования. В качестве детали снимаются эпизоды, представленные главным героем Карабаем. Подробно изучена статья о том, что судьба женщин и детей того периода посвящалась сюжету художественного произведения.

Abstract

The article highlights the role of heroes in the work and writing skills of the writer T. Imanbekov, the relationship between the characters. The main character of the story Karabay with his inner spiritual wealth, transparent purity of human existence. His weak opposition destroys the ashes of any injustice in the world. Thus the writer with the pen speaks the subtle vibration of the first feeling. With the new snowmelt and spring, there is suffering and a sense of anger of the same age that shot with the snow. The kids show an opaque purity around the characters, an irreplaceable bright spiritual atmosphere.is conscious, comprehensive, respecting the customs and traditions of the people, kind, kind, intellectual, with high culture and education.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES

ОӘЖ 903/904(574)

А.К. Авизова, Г.Б. Кабланова
т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін

Мақалада Оңтүстік Қазақстанның қалалық мәдениетінің пайда болуы мен дамуы туралы айтылады. Археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар талданады. Урбанизация мәселелері қарастырылады – урбанизацияның басталуы, оның бастапқы кезеңі және ерекшелігі. Археологиялық зерттеулердің нәтижелері қаланың даму динамикасын анықтауға, хронологиялық кезеңдерді ажыратуға мүмкіндік берді. Сақ, Кангюй, содан кейін Батыс Түрік қағанаты дәуірлерінде урбанизация үдерістері шұғыл түрде күшейе түсті. Мұның бәрі көптеген қазба бұйымдарда, сарайларда, ғибадатханаларда және қарапайым тұрғындардың тұрғын үйлерінде көрініс тапқан. Ондаған бекіністі елді мекендер мен қалалар ашылды. Қала қабырғалары, тұрғын үй және діни ғимараттар саз кірпіштен салынған. Құрылыста кірпіштен жасалған қорап шатырлар және аркалық есіктер кең қолданылды. Қалаларда отқа, күнге арналған храмдар болды. Олардың құрбандық орындары мен оған шығатын сатылары болды.

Кілттік сөздер: археологиялық мәдениет, керамика, қалажұрттар, қазбалар, Қаңлы дәуірі, қару-жарақ, қала мәдениеті, Оңтүстік Қазақстан, Отырар, урбанизация.

Кіріспе

Қазақстанның ортағасырлық урбанизациялық дамуында бірнеше ірі тарихи-мәдени аймақтар ерекшеленеді. Кенттенудің аймақтық даму ерекшеліктері мен өзіндік сипатына көптеген факторлер ықпал жасаған. Олардың арасында табиғи жағдайлардың өзіндік ерекшелігі басты рөл ойнағаны анық.

Оңтүстікте егін егумен айналысу үшін барынша ыңғайлы болып келетін жерлер өзендердің аңғарларында (Сырдария, Арыс, Бөген және т.б.) және Батыс Тянь-Шань мен Қаратау тау беткейлерінде орналасып, ал далалық кеңістіктер мен биік таулар мал жайылымдары ретінде пайдаланылған. Мұндай жағдай мәдениеттің өңірдің өзіндік мәдени даму ерекшелігін ежелгі уақыттан бастап анықтап берген. Оңтүстік Қазақстанда егіншілік пен мал шаруашылығы, отырықшылық пен көшпенділіктің, қала мен даланың өзара байланысы барынша айқын байқалады. Алуан түрлі болып келетін өзара байланыстар мен ықпалдастықтарды саяси, экономикалық, мәдени, этникалық салаларда анық байқауға болады.

Теориялық талдау. Көпжылдық археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша егіншілік мәдениетінің пайда болуы мен қалалардың қалыптасуы бірінші болып Сырдарияның төменгі ағысында, біршама ерте дәуірде басталғанын көрсетеді. Бұл үдеріс б.з.д. I мыңжылдықтың ортасысында Шығыс Арал маңындағы Жаңадария өзенінің жағалауында Шірікрабат археологиялық мәдениеті түрінде басталады. Қазіргі таңда б.з.д. V-II ғасырға дейінгі аралықта жасаған шірік-рабаттықтардың бірнеше бекіністі қалалары мен 200-ге жуық қоныстарының қирандылары белгілі. Бұл мәдениетті Б.И. Вайнберг б.з.д. IV-II

ғғ. жазба деректерде аттары айтып өтілетін дахтарға (сақ тайпаларының бірі) тиісті деп санайды [1].

Зертеушілер Шірікрабат мәдениетінің монументалды құрылыстары мен бекіністі қоныстары ерте сақ тайпаларының отырықшы және уақытша қоныстары негізінде пайда болды деп санайды [2]. Олардың ең ежелгісі б.з.д. V-IV ғғ. жататын Шірікрабат қалажұрты мен оның төңірегіндегі жерлеу құрылыстары. Ал Бәбішмола кешені б.з.д. IV ғасырмен мерзімделеді. Б.И. Вайнбергтің пікірінше оның «Үлкен үй» деп аталатын құрылысы дахтар Ахемени империясының құрамына оның одақтасы болып кіргеннен соң сатрап резиденциясы ретінде салынған. Археологиялық деректер осы кезде Сырдарияның төменгі ағысындағы аумақта шикі кірпіштен соғылған алып құрылыстар, отырықшы аймақтардың әсеріндегі керамикалық кешендер пайда болғанын көрсетеді. Осы аумақта б.з.д. IV ғ. күмбездік үлгіде тұрғызылған, қам кірпіштен өрілген Баланды-2 кесенесі сәулет өнерінің үздік үлгісі болып табылады. Бұл күмбездік құрылыс сәулетшілердің пікірі бойынша римдіктердің күмбез өнерінен бұрын пайда болған.

Сырдария өзенінің орта ағысындағы урбанизациялық үдерістердің басталуы көшпелі Кангюй империясы дәуіріне (б.з.д. II ғ.-з. V ғ. бірінші жартысы) сәйкес келеді.

Саяси бірлік ретінде Кангюй туралы алғаш рет Сымя Цянның «Шиццы» («Тарихи жазбалар») атты еңбегінде айтылады. Б.з.д. 126 жылғы ақпараттарды қамтитын бұл жазба бойынша Кангюйдің жерлері тікелей Ферғанаға (Даванға) шекаралас болған, ал оның солтүстік-батысындағы көршісі көшпелі Яньцай елі болған [3].

Кангюйге тәуелді көрші иеліктер туралы ақпараттар б.з.д. I ғ. қалған Бань Гудің «Цяньханьшу» жылнамасында (95 тарау) кездеседі. Онда бес көрші аймақ – Сусе, Фумо, Юйни, Цзи және Юйцзянь Кангюйге тәуелді иеліктер ретінде тізімделген [3].

Кангюйдің жаңа вассалдары Яньцай, Янь және Суи туралы мәліметтерді I ғ. тиісті Фань Е құрастырған «Хоуханьшу» хроникасында (118 тарау) кездестіреміз [3].

Заманымыздың III ғ. соңында Кангюйдің тәуелді көршілерінің қатарын Риммен шекаралас көшпенді ел Лю толықтырады. Бұл туралы «Вэйлюэ»жыланамасында жазып қалдырылған [4]. Яғни, жазба деректер Кангюйдің белгілі бір кезеңдерде қуатты мемлекет болғанын білдіреді.

Кангюй мемлекетінің астанасын локализациялау ғылымда қазірге дейін пікір-талас тудырып келеді. «Хоуханьшу» бойынша Битянь айрықша Люэни мекенінде орналасқан. Бүгінгі таңда Битяньнің орны деп Отрартөбені немесе Отырар алқабындағы ірі қалашықтардың бірін қарастыру ең шындыққа жақын жорамал болып табылады [5]. Біріншіден, Отырар жазирасы Кангюй мәдениеті таралған Шығыс Арал аймағы мен Ташкент жазирасының шамамен ортасында орналасқан. Екіншіден, алқап Кангюй дәуірі ескерткіштерінің көптеп шоғырлануымен ерекшеленеді. Алқаптың Арыс пен Сырдарияның қосылар тұсында орналасуы егіншілік және сауда үшін өте ыңғайлы. Мұның бәрі Отырар алқабының Кангюйдің негізгі орталығы болған деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

Р.Х. Сулеймановтың пікірінше, Орта Сырдарияның урбанизациясында Сырдария төңірегінің дах тайпалары басты рөл ойнаған. Сырдария арнасының өзгеруі және дахтардың бұрыннан жасайтын аудандарының құрғап кетуі нәтижесінде б.з.д. III-II ғғ. дахтардың ірі миграциясы басталады. Дахтардың осында қоныстанған бөлігі Сырдарияның оң жағалауына өздерінің ерте кентену мәдениеті дағдыларын таратады [6]. Сығнақ, Сауран, Түркістан, Отырар, Шымкент, Ташкент сияқты қалалардың негіздері дәл осы кезеңда қаланады. Атап айтқанда, Шымкент және Ташкент қалажұрттарында жүргізілген көп жылғы қазбалар, олардың төменгі мәдени қабаттарының б.з.д II ғғ. мерзімделетінін көрсетті.

Дәл осы Арал бойының дахтары Орта Азияның этногенезі мен мәдени генезисінде үлкен рөл ойнады. Олардың бір бөлігі Парфия державасын құрады, басқа бір бөлігі Соғды және Бақтрия арқылы Үнді алқабына дейін жетіп, ол жерде Үнді-сақ династиясының негізін қалайды. Бақтрияға олар кушандардан бұрын келеді. Чжань-Цянь кушандар келгенге дейін

Бақтрия «Дахя» деп аталған деп хабарлайды. Дәл осы кезде олардың бір бөлігі Еуропадағы Римнің шекарасына дейін жетеді, римдік дереккөздерде олар «Дактар» деп аталады.

Қалалар әкімшілік орталықтары, көбінесе билеушілердің резиденциясы болған. Олар сауда мен қолөнер мәдениеті орталықтары болған. Бірте-бірте бекініс жүйесі жақсарады, ғимараттар мен тұрғын үйлер жетіліседі, идеологиялық сипаттағы қоғамдық ғимараттар пайда болды. Қалаларда қолөнер өндірісі және көркем өнер дамиды. Сәулет өнері дамыды. Мұның бәрі қазбалар алынған бұйымдармен, сарайлармен, храмдармен және тұрғын үйлерімен дәлелденеді. Қазақстанның оңтүстік аумағындағы Көк-Мардан, Күйік-Мардан, Ақтөбе және Шардара қала мәдениеттері бойынша маңызды мәліметтер жиналды.

К.М. Байпақовтың пікірінше, III ғасырдың екінші жартысында Соғды мен Оңтүстік Қазақстанның өзара мәдени қатынастары басталады. Сонымен қатар, III ғ. соңы-IV ғ. басында Сырдария қалаларының материалдық мәдениетінде Шығыстан келген көшпенділердің әсерімен елеулі өзгерістер орын алады. Мұны керамика, қару-жарақ, әшекей бұйымдарда байқаса болады. Тува мен Моңғолияның ғұн ескерткіштеріне тән белгілер пайда болады [7].

Өзгерістер антропологиялық материалдарда да байқалады. Егер бұрында антропологиялық материал хорасан және шығыс жерорта теңіздік екі түрдің орын алуымен сипатталса, ендігі уақытта ол еуропалық және моңғолдық түрлердің араласып кеткенін көрсетеді.

Лингвистикалық жағдай да өзгере бастайды. Түркі тілдері иран тілдерін ығыстырады. Сырттан келгендер (ғұндар мен ортаазиялықтар) жергілікті халықтың бір бөлімінің жоғары қарай Орта Азияға жылжуына себеп болады. Тұрғындардың екінші бөлігі Кавказға ығысады.

VI-VIII ғғ. жататын сәулет өнерінің ерекше үлгілері Отырар өңіріндегі Отырар, Кедер, Алтынтөбе, Сидақ, Қаратөбе, Арал маңындағы Сырдария Жанкент, Хувара қалаларын зерттеген кезде белгілі болды. Зерттелген материалдар YI-YIII ғғ. ортағасырлық Оңтүстік Қазақстандағы қала мәдениетінің жоғары қарқында дамығанын көрсетеді. Осы кезде Отырар қаласында ақша сарайлары жұмыс істеді.

К.М. Байпақовтың зерттеулері Сырдария бойындағы ерте ортағасырлық қалалардың қаңлы дәуірінің отырықшы қоныстары мен қалаларының негізінде қалыптасқанын дәлелдеді [7]. Мұндағы жергілікті отырықшы мәдениет дәстүрлері, ғалымның пікірі бойынша, біраз жоғары деңгейдегі Соғды қалалаық мәдениетімен толыға түседі.

Қорытынды

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аймақтағы урбанизациялық үдерістерге көптеген факторлер ықпал етті. Даламен шекаралас болуынан туындаған ерекшеліктер өңірдегі қала мәдениеті дамуының өзіндік сипатын анықтап берді. Мәселен, Орта Азияның қала тұрғындарына қарағанда Оңтүстіктің қала тұрғындары үшін ауыл шаруашылығы үлкен рөл ойнаған, бұл көршілес көшпенділердің астық пен матаға деген үнемі болатын сұранысына байланысты еді. Сондықтан рабатттар мен ауылдар арасында нақты шекара болмаған, ұзын қабырғалар тұрғызылған, қала тұрғындарының бір бөлігі жазда қала сыртына көшкен. Қаңлы дәуіріндегі және ерте ортағасырлық қалалардың осы ерекшеліктері археологиялық материалдарда нақты байқалады.

VIII ғ. екінші жартысы-IX ғ. басынан бастап Оңтүстік Қазақстанның урбанизациясында жаңа кезең басталады. Көрнекті шығыстанушы О.Г. Большаков айтқанындай «Өздерімен бірге жаңа дін мен мемлекеттік тілді алып келген арабтардың жаулап алуы, ұсақ княздіктердің біртұтас мемлекет жүйесіне енуі, жаңа мәдени және экономикалық байланыстардың қалыптасуы рухани және материалдық мәдениеттің бүкіл бет-бейнесіне айтарлықтай өзгеріс әкелді».

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша 2018-2020 жылдарға арналған «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі

және қолданбалы зерттеулер)» басымдық бағыты аясында жүргізіліп жатқан AP05132830 «Отырар алқабы ежелгі Орталық Азияның мәдени дәстүрлерінің қиылысында (Кангюй дәуірі)» жобасының аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 Вайнберг Б.В. Этногеография Турана в древности. VII в. до н.э.-VIII в.н.э. Москва: Восточная литература, 1999, 359 с.

2 *Вайнберг* Б.И., *Левина* Л.М. *Чирикрабатская культура*. Вып. I. Москва: Изд-во Инс-та этнологии и антропологии РАН, 1993, 130 с.

3 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том II. Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1950, 382 с.

4 Зуев Ю.А. Сармато-аланы Приаралья (Яньцай / Абзойя). Материалы международ. науч. конф.: «Культура кочевников на рубеже веков. Проблемы генезиса и трансформации». Алматы: Институт археологии им. А. Маргулана, 1995. С. 38-49.

5 Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы: Баур, 2005, 222 с.

6 Сулейманов Р.Х. Миграция дахов и диффузия их культуры и религии. Материалы международ. науч.-практ. конференции: «Религии Казахстана и центральной Азии на Великом Шелковом пути». Алматы: Service press, 2017. С. 132-143.

7 Байпаков К.М. Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы – раннем средневековье //Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга 1. Алматы: Экожан, 2012, 390 с.

Abstract

The article highlights the issues of the emergence and development of urban culture of South Kazakhstan. Based on archaeological research, various views on the problem are analyzed. The problems of urbanization are considered - the origins of urbanization, the initial stage of its development and specificity. The results of archaeological research allowed researchers to determine the dynamics of urban development, to identify chronological periods. In the era of the states of Saks, Kangyuy, then of the Western Turkic Kaganate, urbanization processes are immeasurably intensified. All this is confirmed by numerous finds, excavations of palaces, temples and dwellings of the ordinary population. Dozens of fortified settlements and cities are open. City walls, residential and religious buildings were built of mud brick. In construction, box floors made of bricks and arched walkways were widely used. In the cities there were temples dedicated to fire, the sun. They had altars and podiums under cult niches.

Аннотация

В статье освещаются вопросы возникновения и развития городской культуры Южного Казахстана. На основе данных археологических исследований анализируются различные взгляды на проблему. Рассматриваются проблемы урбанизации – истоки урбанизации, начальный этап ее развития и специфика. Результаты археологических исследований позволили исследователям определить динамику развития городов, выделить хронологические периоды. В эпоху государств Саков, Кангюй, затем и Западно-Тюркского Каганата урбанизационные процессы неизмеримо усиливаются. Все это подтверждается многочисленными находками, раскопками дворцов, храмов и жилищами рядового населения. Открыты десятки укрепленных поселений и городов. Стены городов, жилые и культовые постройки возводились из сырцового кирпича. В строительстве широко использовались коробовые перекрытия из кирпича, арочные проходы. В городах были храмы, посвященные огню, солнцу. Они имели алтари и подиумы под культовыми нишами.

УДК 373.167.1:514

Н.К. Аширбаев, Д.А. Фахритдинова , Ж.Н. Аширбаева
д.ф.-м.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к.п.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ВЕКТОРНЫЕ РЕШЕНИЯ НЕКОТОРЫХ ГЕОМЕТРИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Аннотация

Владение несколькими методами решения задач с одной стороны увеличивает шансы на решение задачи и с другой стороны позволяет выбрать наиболее рациональное решение. Поэтому хорошо, если учащиеся помимо традиционного школьного способа решения геометрических задач будут владеть еще одним методом. В статье выбран в качестве второго дополнительного способа векторный метод. При этом использование векторов для решения задач в геометрии рассматривается не как наиболее предпочтительный, а как один из возможных, который в некоторых случаях существенно упрощает решение задачи. Векторный метод основан на использовании аппарата векторной алгебры, что обеспечивает его большую общность и универсальность. Векторные решения многих задач не зависят от того, является рассматриваемая фигура плоской или пространственной; в подобных случаях в решении используются одни и те же алгебраические выкладки. Наконец, при использовании этого метода, как правило, отпадает необходимость рассматривать многочисленные частные случаи.

Ключевые слова: вектор, геометрическая задача, треугольник, медиана, биссектриса, высота, скалярное произведение.

В ряде случаев при решении задач на вычисление применение векторов предпочтительнее конструктивных подходов, связанных с использованием дополнительных построений, применения элементарной алгебры и тригонометрии [1].

Чтобы успешно решать геометрические задачи посредством векторов, требуется не только знание законов векторной алгебры, знакомство с понятием разложения вектора в базис, умение переводить геометрический факт на язык векторов, но и определенная методика при составлении плана решения. Отметим несколько важных положений.

1.Если требуется вычислить расстояние или угол, то надо применять скалярное произведение векторов.

2.При введении векторов можно идти двумя путями:

а) выбрать точку от которой откладывается известные векторы;

б) векторы изображать направленными отрезками, связанными с рассматриваемыми в задаче фигурами, не откладывая их от одной точки.

3.Если задача планиметрическая, то целесообразно выделить два неколлинеарных вектора в качестве базисных и остальные векторы выразить через них; если же задача стереометрическая, то в качестве базиса следует выбрать три некомпланарных вектора. При этом введение начальной точки необязательно [6].

В значительной части задач, предлагаемых в учебниках и задачниках по геометрии, изучаются свойства треугольника и комбинаций треугольника с другими фигурами. При решении этих задач достаточно часто может быть полезен результат следующей задачи.

Задача 1 (теорема Стюарта). Точка C_1 делит сторону AB треугольника ABC в отношении λ, считая от вершины A. Выразите вектор $\overrightarrow{CC_1}$ через векторы $\overrightarrow{CA}$, $\overrightarrow{CB}$ и найдите длину отрезка CC_1 если AB = c, BC = a, CA = b [5].

Решение. По формуле деления отрезка в данном отношении $\overrightarrow{CC_1}=\frac{\overrightarrow{CA}+\lambda\overrightarrow{CB}}{1+\lambda}$. Введем обозначения $\overrightarrow{CA}=\vec{b}$, $\overrightarrow{CB}=\vec{a}$, тогда $\overrightarrow{CC_1}=\frac{\vec{b}+\lambda\vec{a}}{1+\lambda}$. Найдем скалярный квадрат вектора $\overrightarrow{CC_1}$:

$$\overrightarrow{CC_1}^2=\frac{\left(\vec{b}+\lambda\vec{a}\right)^2}{\left(1+\lambda\right)^2}=\frac{\vec{b}^2+2\lambda\left(\vec{a}\vec{b}\right)+\lambda^2\vec{a}^2}{\left(1+\lambda\right)^2}.$$

По определению скалярного произведения $\vec{a}\vec{b}=ab\cos C$, а из теоремы косинусов $2ab\cos C=a^2+b^2-c^2$, поэтому

$$\overrightarrow{CC_1}^2=\frac{\vec{b}^2+\lambda\vec{}\left(a^2+b^2-c^2\right)+\lambda^2a^2}{\left(1+\lambda\right)^2}=\frac{b^2+\lambda a^2}{1+\lambda}-\frac{\lambda c^2}{\left(1+\lambda\right)^2}.$$

Следовательно,

$$CC_1=\sqrt{\frac{b^2+\lambda a^2}{1+\lambda}-\frac{\lambda c^2}{\left(1+\lambda\right)^2}}. \qquad (1)$$

Чтобы использовать теорему Стюарта, как видим, нужно знать отношение λ, в котором точка C_1 делит отрезок AB. Сначала обычно проходится вычислять этого отношение. Чаще всего в качестве точки C_1 рассматривается основание медианы, биссектрисы или высоты треугольника. В случае медианы, C_1 - середина отрезка AB, поэтому $\lambda=1$. Рассмотрим, как используя векторы, найти λ в двух других случаях [2].

Задача 2. Дан треугольник ABC, CC_1 - биссектриса внутреннего (внешнего) угла этого треугольника. Найдите отношение, в котором точка C_1 делит сторону AB (рис. 1) [4].

Решение. Будем пользоваться обозначениями предыдущей задачи. Пусть отношение, в котором точка C_1 делит сторону AB, считая от точки A, равно λ. Тогда $\overrightarrow{CC_1}^2=\frac{\overrightarrow{CA}+\lambda\overrightarrow{CB}}{1+\lambda}$ или, с учетом принятых обозначений,

$$\overrightarrow{CC_1}=\frac{\lambda}{1+\lambda}\vec{a}+\frac{1}{1+\lambda}\vec{b}$$

Пусть $\lambda>0$, тогда точка C_1 делит отрезок AB внутренним образом. Найдем единичные векторы $\overrightarrow{a_0},\overrightarrow{b_0}$ сонаправленные с векторами $\vec{a},\vec{b}:\overrightarrow{a_0}=\frac{\vec{a}}{\left|\vec{a}\right|}$, $\overrightarrow{b_0}=\frac{\vec{b}}{\left|\vec{b}\right|}$ (из определения произведения вектора на число, например для вектора $\vec{a}$, имеем: $\left|\overrightarrow{a_0}\right|=\frac{1}{\left|\vec{a}\right|}\left|\vec{a}\right|=1$).

Параллелограмм, построенный на единичных векторах $\overrightarrow{a_0}, \overrightarrow{b_0}$, будет ромбом (рис.1), а диагональ ромба является биссектрисой двух его противоположных углов. Поэтому вектор $\vec{l} = \overrightarrow{a_0} + \overrightarrow{b_0}$ коллинеарен вектору $\overrightarrow{CC_1}$, и значит,

$$\overrightarrow{CC_1} = t\left(\overrightarrow{a_0} + \overrightarrow{b_0}\right) = \frac{t}{a}\vec{a} + \frac{t}{b}\vec{b}.$$

Сравнивая разложения вектора $\overrightarrow{CC_1}$ по неколлинеарным векторам $\vec{a}$ и $\vec{b}$, имеем: $\frac{\lambda}{1+\lambda} = \frac{t}{a}$, $\frac{1}{1+\lambda} = \frac{t}{b}$. Откуда $\lambda = \frac{b}{a}$ и, следовательно,

$$\overrightarrow{CC_1} = \frac{b}{a+b}\vec{a} + \frac{a}{a+b}\vec{b}. \qquad (2)$$




Рис.1 - Треугольник АВС

Заметим, что мы получили векторное доказательство хорошо известного факта: $\frac{AC_1}{C_1B} = \frac{b}{a}$-биссектриса внутреннего угла треугольника делит противоположную сторону на части, пропорциональные прилежащим сторонам.

Биссектриса CC_2 внешнего угла треугольника делит отрезок АВ внешним образом и перпендикулярна биссектрисе CC_1. Поэтому она параллельна вектору $\overrightarrow{a_0} - \overrightarrow{b_0}$. В самом деле,

$$\left(\overrightarrow{a_0} - \overrightarrow{b_0}\right)\left(\overrightarrow{a_0} + \overrightarrow{b_0}\right) = \overrightarrow{a_0}^2 - \overrightarrow{b_0}^2 = 1 - 1 = 0.$$

Аналогично доказывается, что в этом случае $\lambda = -\frac{AC_1}{C_1B} = -\frac{b}{a}$.

Задача 3. Дан треугольник ABC, CC_1-его высота. Найдите отношение, в котором точка C_1 делит сторону АВ [3].

Решение. По условию $CC_1 \perp AB$, поэтому $\overrightarrow{CC_1} \cdot \overrightarrow{AB} = 0$. Выполнив в этом равенстве замену $\overrightarrow{AB} = \overrightarrow{CB} - \overrightarrow{CA} = \vec{a} - \vec{b}$, получим $\overrightarrow{CC_1}\left(\vec{a} - \vec{b}\right) = 0$. Откуда $\overrightarrow{CC_1} \cdot \vec{a} = \overrightarrow{CC_1} \cdot \vec{b}$.

Пусть точка C_1 делит сторону АВ в отношении λ, считая от точки А, тогда

$\overrightarrow{CC_1}=\dfrac{\overrightarrow{CA}+\lambda\overrightarrow{CB}}{1+\lambda}$ или $\overrightarrow{CC_1}=\dfrac{\vec{b}+\lambda\vec{a}}{1+\lambda}$. Если умножить обе части последнего равенства скалярно сначала на вектор $\vec{a}$, а затем на вектор $\vec{b}$, то получим одинаковые результаты; поэтому

$$\vec{a}\vec{b}+\lambda\vec{a}^2=\vec{b}^2+\lambda\left(\vec{a}\vec{b}\right).$$

Отсюда следует, что $\lambda=\dfrac{\vec{b}^2-\vec{a}\vec{b}}{\vec{a}^2-\vec{a}\vec{b}}$. Учитывая, что $\vec{a}\vec{b}=ab\cos C=\dfrac{1}{2}\left(a^2+b^2-c^2\right)$, найденное отношение можно записать в виде

$$\lambda=\frac{b^2+c^2-a^2}{a^2+c^2-b^2}.$$

Полученная формула выражает отношение $\lambda=\left(AB,C_1\right)$ через длины сторон треугольника ABC. При решении некоторых задач гораздо удобней знать выражение этого отношения через меры углов треугольника. Так как

$$\lambda=\frac{\vec{b}^2-\overrightarrow{ab}}{\vec{a}^2-\overrightarrow{ab}}=\frac{\vec{b}\left(\vec{b}-\vec{a}\right)}{\vec{a}\left(\vec{a}-\vec{b}\right)}=\frac{\overrightarrow{CA}\cdot\overrightarrow{BA}}{\overrightarrow{CB}\cdot\overrightarrow{AB}}=\frac{\overrightarrow{AC}\cdot\overrightarrow{AB}}{\overrightarrow{BC}\cdot\overrightarrow{BA}}=\frac{bc\cos A}{ac\cos B}=\frac{b\cos A}{a\cos B},$$

а по теореме синусов $\dfrac{b}{a}=\dfrac{\sin B}{\sin A}$, то

$$\lambda=\frac{tgB}{tgA}.$$

В ходе решения планиметрических задач часто приходится вычислять длины медиан, биссектрис и высот треугольника. Покажем, как находить длины этих отрезков, используя рассмотренные опорные задачи.

Пример 1. Длины сторон BC, CA, AB треугольника ABC равны a, b, c соответственно. Найдите длину: а) медианы CC_1; б) биссектрисы CL угла C; в) биссектрисы CN угла, внешнего к углу C; г) высоты CH (рис. 2) [7].

Решение. а) Основание C_1 медианы CC_1 делит сторону AB в отношении $\lambda=1$. Поэтому из (1) находим:

$$CC_1=\sqrt{\frac{b^2+a^2}{2}-\frac{c^2}{2^2}}=\frac{1}{2}\sqrt{2\left(b^2+a^2\right)-c^2}\ .$$

б) Точка L делит сторону AB в отношении $\lambda=\dfrac{b}{a}$, считая от вершины A. Следовательно,

$$CL=\sqrt{\frac{b^2+\frac{b}{a}a^2}{1+\frac{b}{a}}-\frac{\frac{b}{a}c^2}{\left(1+\frac{b}{a}\right)^2}}=\sqrt{ab-\frac{abc^2}{(a+b)^2}}=\frac{1}{a+b}\sqrt{ab\left((a+b)^2-c^2\right)}.$$

Отсюда $CL=\frac{1}{a+b}\sqrt{ab(a+b+c)(a+b-c)}$ или

$$CL=\frac{2}{a+b}\sqrt{abp(p-c)},$$

где $p=\frac{1}{2}(a+b+c)$.

в) Длина биссектрисы CN внешнего угла находится аналогично. Выполнив соответствующие преобразования, получим:

$$CL=\frac{2}{|a-b|}\sqrt{ab(p-a)(p-b)}.$$

При $a=b$, т.е. в том случае, когда треугольник ABC является равнобедренным с основанием AB, биссектриса внешнего к C угла параллельна AB.

г) Здесь $\lambda=\frac{b^2+c^2-a^2}{a^2+c^2-b^2}$. Вычисления высоты CH с помощью формулы (1) сопряжено с громоздкими вычислениями. Поэтому поступим иначе. Поскольку $\overrightarrow{AH}=\frac{\lambda}{1+\lambda}\overrightarrow{AB}=\frac{b^2+c^2-a^2}{2c^2}\overrightarrow{AB}$, то $AH=\frac{\left|b^2+c^2-a^2\right|}{2c^2}AB$. Будем считать, что $b\geq a$ (рис.2), тогда $AH=\frac{b^2+c^2-a^2}{2c}$.

Из прямоугольного треугольника $AHC: CH=\sqrt{b^2-AH^2}=\sqrt{b^2-\frac{\left(b^2+c^2-a^2\right)^2}{4c^2}}=\frac{1}{2c}\sqrt{4b^2c^2-\left(b^2+c^2-a^2\right)^2}$. Преобразуем подкоренное выражение:

$$\begin{aligned}&4b^2c^2-\left(b^2+c^2-a^2\right)^2=\\&=\left(2bc+b^2+c^2-a^2\right)\left(2bc-b^2-c^2+a^2\right)=\\&=\left((b+c)^2-a^2\right)\left(a^2-(b+c)^2\right)=\\&(b+c+a)(b+c-a)(a+b-c)(a-b+c)=\\&16p(p-a)(p-b)(p-c)\end{aligned}$$

При этом приходим к известной формуле

$$CH=\frac{2}{c}\sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)}.$$




Рис. 2- Треугольник ABC со сторонами BC, CA, AB

Список литературы

1. Прасолов В.В. Задачи по планиметрии. Ч. 2. – 2-е изд., перераб. и доп. М.: Наука. Гл. ред. физ.-мат. лит., 1991, 240 с.
2. Прасолов В.В. Задачи по планиметрии. Ч. 1. – 2-е изд., перераб. и доп. М.: Наука. Гл. ред. физ.-мат. лит., 1991, 320 с.
3. Готман Э.Г., Скопец З.А. Решение геометрических задач аналитическим методом. Пособие для учащихся 9 и 10 классов. М.: Просвещение, 1979, 128 с.
4. Ященко И.В. Математика: интенсивный курс подготовки к экзамену. М.: Айрис-прес, 2003, 432 с.
5. Смоляков А. Н. ЕГЭ по математике: задания группы. Смоляков А. Н., Сидельников В. И. Москва: Препринт, 2013, 205 с.
6. Потоскуев Е.В., Звавич Л.И. Геометрия. 10 кл. Задачник для общеобразовательных учреждений с углубленным и профильным изучением математики. М.: Дрофа, 2013, 128 с.
7. Ажгалиев У.А. Приложение векторов к решению геометрических, алгебрических и физических задач, Астана: Эверо, 2012, 212 С.

Түйін

Математикалық есептерді шешудің бірнеше әдістерінің болуы бір жағынан есептерді шешу мүмкіндігін арттырады, ал екінші жағынан ең ұтымды шешімді таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылар геометриялық есептерді шешудің дәстүрлі шешу әдісімен қатар басқа әдісті меңгергені дұрыс болады. Екінші қосымша әдіс ретінде векторлық әдіс таңдалды. Сонымен қатар, геометриялық есептерді шешу үшін векторларды қолдану ең қолайлы емес, бірақ мүмкін болатындардың бірі ретінде қарастырылады, бұл кейбір жағдайларда есепті шешуді айтарлықтай жеңілдетеді. Векторлық әдіс векторлық алгебра аппаратын қолдануға негізделген, бұл оның жалпылығын және әмбебаптығын қамтамасыз етеді. Көптеген есептердің векторлық шешімі фигураның жазықтықта немесе кеңістікте қарастырылып отырғанына байланысты емес; мұндай жағдайларда шешімде бірдей алгебралық есептеулер қолданылады. Қорытындылай келе, бұл әдісті қолданған кезде, әдетте, көптеген дербес жағдайларды қарастырудың қажеттілігі туындамайды.

Abstract

Possession of several methods for solving problems on the one hand increases the chances of solving a problem and on the other hand allows you to choose the most rational solution. Therefore, it is good if students, in addition to the traditional school method of solving geometric problems, will master another method. The vector method is chosen as the second additional method. Moreover, the use of vectors for solving problems in geometry is considered not as the most preferable, but as one of the possible ones, which in some cases significantly simplifies the solution of the problem. The vector method is based on the use of the apparatus of vector algebra, which ensures its great generality and universality. Vector solutions to many problems do not depend on whether the figure in question is flat or spatial; in such cases, the solution uses

the same algebraic calculations. Finally, when using this method, as a rule, there is no need to consider numerous special cases.

ОӘЖ 472: (578)

Х. Жаббарханов
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

МАТЕМАТИКАДАҒЫ ШАМА ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ФИЗИКАДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Түйін

Пәнаралық байланыс - педагогика ғылымында философиялық және психологиялық, дидактикалық және әдіснамалық күрделі комплексті жағынан және пәнаралық байланыстарды оқыту процесінде қазіргі заманғы гылыми танымның маңызы қарастырылған. Пәнаралық байланыстардың тағы бір пайдалы жағы - ол бүкіл оқыту ісін яғни бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай негізгі талаптар талаптар қоюға және әр түрлі пәндерді ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Бұл дағдылар мен математикалық білім физиканы игеру үшін және қаншалықты қажет екені түсінікті. Оқу- тәрбие міндеттерінің ортақтығы оқытушыларды мақсаты бойынша ұқсастық, мазмұны бойынша пәнаралық сабақтарды ұйымдастыруға тура бағыттайды. Бұл міндеттер оқу бағдарламасының мазмұнын ашуда әр түрлі оқу танымдық нещгі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады.

Кілттік сөздер: Пәнаралық, ақпарлық, ортақ мүдде, модуль, дидактикалық, функция , ассоциация, құбылыс, дербестендіру, теория, байланыс, оқыту.

Қазіргі таңда пәнаралық байланысты жүзеге асыру, жоғары оқу орындарында, сондай-ақ орта білім беру мекемелеріндегі негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Әсіресе бұл міндетті шешу физика және математика пәндерінің оқытушылары үшін өзекті. Пәнаралық байланысты мұғалімдер екі түрге бөліп жүр. Оларды уақыттық сәйкестік және мазмұндық ақпарлық байланыстар деп жіктейді. Өзкезегіндегі уақыттық сәйкестік /хронологиялық/ байланыс: өтіп кеткен, қатарлас және келешекте туатын байланыстарға жіктеледі. Ал мазмұндық ақпарлық байланысты: ұғымдық және теориялық байланыстарға жіктейміз. Бұларды өзара салыстырсақ, ақпарлық байланыстардан ұғымдық және теориялық байланыстардың маңызы анағұрлым зор.

Пәнаралық байланыстардың тағы бір пайдалы жағы - ол бүкіл оқыту ісін яғни бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай талаптар талаптар қоюға және әр түрлі пәндерді ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Пәнаралық байланыс - педагогика ғылымында философиялық, психологиялық, дидактикалық және әдіснамалық жағынан қарастырылатын күрделі комплексті сала. Сонымен бірге, пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың интеграциялану теңденциясы жағдайында мектеп жүйесінің білім беру мазмұнын айқындаудың басты ерекшеліктері болып саналады. Пәнаралық байланыстарды оқыту процесінде қазіргі замангы ғылыми танымның маңызды белгілерін құрайтын ғылымаралық байланыстардың көрініс табуы ретінде қарастыру керек [1].

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары бірнеше топтарға бөлінеді:

- әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;

- әр түрлі пәндерді оқып үйренуде өтілетін материалды уақыт жағынан үйлестіріп отыру;

- оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен, шеберліктерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру;
- жалпы теориялық білім алуды және практикалық шеберліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру;
- оқушыларға /білім алу икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында/ бірдей талап қою;
- оқушыдардың бір пәнді оқып үйрену барысында екінші бір пәннен білім алуға, икемі мен дағдыларын кеңінен пайдалана білуге әдеттендіру;
- әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтығын, ерекшелігін көрсете білу;
- пән сабақтарында оқытылатын құбылыстардың ортақ байланысын ашып, дұрыс диалектикалық дүниетаным қалыптастыру [4].

Математиканың физикамен байланысының айқын мысалының бірі – физикалық шамалар арасындағы функциялық тәуелділікті және функциялар графигін пайдалануды көз алдымызға елестетейік. Координат жазықтығын оқып үйренумен байланысты мектеп оқушылары әр түрлі графиктерді сызып үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың физикадан механикалық қозғалыс қолының, жылдамдығының, сондай-ақ, балқудың, қатаюдың графиктерін салуына өз игілігін тигізеді. Сөйтіп, математикадан алған білімдерін оқушылар физикалық білім игеруге пайдалана бастайды. Олар әр түрлі математикалық шамаларды өлшеу жүргізу барысында /қолдана алады. Сол сияқты, оқушылар екі айнымалысы бар теңдеу туралы алған түсінігін және оны шашу жолындағы игерген тәсілдерін, тура және кері байланыс, т.б. ұғымын физикада жиі пайдаланады. Олар функция ұғымын игеріп, оның берілу тәсілдерін меңгереді. Одан әрі функция түрлерін оқыр үйренеді, олардың графиктерін сызып дағдыланады. Бұл дағдылар мен математикалық білім физиканы игеру үшін қаншалықты қажет екені түсінікті.Оқу - тәрбие міндеттерінің ортақтығы оқытушыларды мақсаты бойынша ұқсастық, мазмұны бойынша пәнаралық сабақтарды ұйымдастыруға бағыттайды. [2] Бұл міндеттер оқу бағдарламасының мазмұнын ашуда әр түрлі оқу танымдық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы мүмкін.

I. Оқылатын құбылыстардағы себеп - салдар байланыстарын басқа пәндерден алған білімінің көмегімен түсіндіру.

II. Жаңа ғылыми түсініктерді әртүрлі пәндерден өткен фактылар мен теорияларға сүйене отырып енгізу.

III. Белгілі түсініктердің нақтылануы, әртүрлі ғылшды қолдануына байланысты олардың белгілерінің кеңейтілуі.

IV. Жаңа жалпы түсінікті (заңды) жекеден қорытып шығару және жалпы түсініктерді (заңдарды) жекенің көмегімен нақтылау.

V. Әртүрлі оқу пәндеріндегі білімдерінің жүйеге келтірілуі, оқу объектісі түрінде бір мәселеге бірігуі.

VI. Жалпы ғылыми идеялар мен ұстанымдарды негізге ала отырып, жалпы теориялық күйді дәлелдеу үшін әртүрлі пән білімдерін қолдану.

VII. Әртүрлі пәндерден алған білімдерін оқушылардың практикалық қызметтерінде қолдану.

Пәнаралық байланысы бар сабақтардың тиімділігін бағалау мен анализдеу барысында табылған критерийлердің қысқаша тізімі [3]:

I. Пәнаралық байланыс деңгейінде сабақ тапсырмаларын нақтылау.

II. Сабақтағы пәнаралық байланыстардың түрлері:

1) аралас курс материалдарын оқыту уақыты бойынша

2) байланыс құрылатын оқу материалының сипаты бойынша - фактылық, түсініктік, теориялық, философиялық, идеологиялық,

3) жалпы пәндік іскерліктер сипаты бойынша - есептік-өлшегіш, графикалық,

экспериментгік-практикалық және т.б.

III. Аралас курстардан көрнекіліктерді қолдану (қандай? қалай?)

IV. Оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерін сабақта пайдаланудың

тәсілдері: алдын ала үйге тапсырма беру, мұғалімнің ауызша түсіндіруі, қайталама әңгімелесу, еске түсіру мақсатында сұрактар қою, оқушыларға жеке және топтық тапсырма беру, ұжымдық әңгімелесулер және т.б.

V. Мұғалімдердің пәнаралық байланысты сабақта тиімді қолдануды

ұйымдастыру: аралас пән мұғалімдерімен келісілген тақырыптық және сабақ жоспарын енгізу, өлшем бірлігі, оқу жұмысының әдісі, бағдарлама және басқа пән оқулықтарын оқу, пәнаралық сабақтар жүйесінің бір түрі және т.б. [4].

Физика математикамен үзіліссіз байланысқан. Математика физикаға эксперимент және теориялық зерттеулер нәтижесінде алынған физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті дәл бейнелеуді және жалпы тәсілдері мен құралдарын береді. Сондықтанда физиканы оқытудың әдістері мен мазмұны окушылардың математикалық дайындығы деңгейімен тікелей байланысты. Физиканың бағдарламасы оқушылардың математикадан білімдерін ескеретіндей құрылған. Физиканың оқытушысына сабактың жалпы «математикалық тілін» көрсетуі үшін, мектеп математика курсының мазмұнымен, ондағы терминологиялар мен оның түсіндірмелерімен танысуына тура келеді. Айталық, VII сыныптың алгебрасында негізгі ұғым функция түсінігі болып табылады, оған арнайы y=f(x) түрінде символикалық белгілеу енгізілген, функцияны кесте, график, формулалар түрінде берудің тәсілдері баяндалады. Осыған байланысты физиканы оқыту әдістемесінде алғашқы сабақтарда әріптік белгілеулерді енгізу туралы ұсыныс калыптастырылады. Оның орнына енді оқушылардың функционалдық тәуелділігі, функцияның графигін тұргызу, векторларды қосу туралы білімі кеңінен колдану қажеттігі туады. Физика сабағында вектор туралы ұғыммен оқушылар алғаш рет VI сыныпта күш және жылдамдықты оқып үйрену кезінде кездеседі. Мұнда вектор ұғымы сандық мәнімен қатар бағыты бар физикалық шама ретінде анықталады. Геометрия курсында VI сыныптағылар аракашықтығы сақталатын, өзіне карағандағы жазықтықтың бейнесі ретінде анықталатын орын ауыстыру ұғымымен танысады, ауысудың жеке бір түрі — параллельді ауысу карастырылады. Алайда ауысуда, параллельді ауысуда оқытушының қосымша жұмыстарынсыз физикаға енгізілген «вектор» ұғымымен оқушының санасына ассоциацияланбайды. Физика-математикалық ұғымдарды қолдануда ортақтастырылған келісімінің болмауына байланысты [5]. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы физика және математика курсында математикалық анализ ұғымдарын оқушыларда бірлесіп калыптастыру пәнаралық байланысты жүзеге асырудың бір шешімі болып табылады. Математикальщ анализ және механика негіздерін параллель оқып үйрену кезінде - бірсәттік жылдамдық, бірсәттік үдеу, ауысу, жұмыс, сияқты физикалық ұғымдармен қатар туынды, алғашқы функция, интеграл тәріздес математикалық ұғымдарды қалыптастыруға зор мүмкіндік туады [7]. Қазіргі заманғы оқу жоспарлары мен бағдарламалары әр ғылымның негізін оқып-үйрену кезінде пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Дегенмен, оқушылардың синтездік ойлау қабілетін қалыптастыратын, оқушыларға табиғаттың және қоғамның құбылыстарын жан-жақты үйренуге мүмкіндік беретін іс жүзіндегі пәнаралық байланыстар оқытушы «өз» пәнін оқыту кезінде және осы пән құралдарымен басқа пәндерде оқытылатын құбылыстардың мәнін ашақанда ғана жүзеге асырылады, оқушылардың білімін кеңейтеді, білімді әртүрлі жағдайларға қолдануға мүмкіндік туады, оқушыларда біртұтас ұғым, дағды және біліктілік қалыптасады [8]. Тәжірибелер көрсеткендей IX сыныпта көп мүшенің туындысы ұғымын талдау жеткілікті.

Әдебиеттер тізімі

1. З. Байжанова, Э. Көшеров Математика курсындағы физикалық мазмұнды есептер және оларды шығару әдістемесі. А.: Атамұра, 1985, 59 б.

2. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в средней школе. Теорет. основы. Учеб. Просвещение 1998, 97 б.
3. Пинский А.А., Самойлова Т.С. и др. Формирование у учащихся общих физико-математических понятий. // Физика в школе, 1986, № 2, Б. 50 -52.
4. С.Е. Шәкілікова, Қ.Ж.Ағанина , М.О. Кенжебаева және т.б. 5-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламалары. А.: Зиат, 2000, 68 б.
5. А.Е. Әбілқасымова, А.Қ. Көбесов, Д. Рахымбек, Ә.С. Кемеш Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. А.: Қорған, 1998, 245 б.
6. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в средней школе: Теорет. основы: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов физ.-мат. спец. М.: Просвещение, 1981, 288 с .
7. Иванов А.И. О взаимосвязи школьных курсов физики и математики при изучении величин. // Физика в школе, 1997, № 7, Б. 48-52.
8. Парфентьева Н.А., Липкин Г.И. Использование элементов математического анализа. // Физика, 2000, № 3. Б. 9-12.

Аннотация

Мақалада кәсіпорынның жарнамалық қызметі туралы айтылады. Жарнама индустриясының мәні - бұл өнімдерді болашақ тұтынушыны қызықтыруы мүмкін идеялармен, бейнелермен байланыстыра отырып, оларды белгілі бір өнімдермен таныстыру. Сонымен бірге тұтынушы жарнамаланатын өнім идеясына белгілі бір оң көзқарас танытады, ал оның артында мінез-құлық стереотипі, өнімге деген адалдық тұр. Кейіннен жарнама өніммен белгілі бір идеяны дамытумен айналысады және уақыт өте келе өнімге қатысты тұтынушылық мінез-құлықты сақтайды. Сонымен қатар, өнімді артта «тартып тұратын» идеялар тек тұтынушыларды қабылдаудың ғана емес, сонымен бірге олардың (тұтынушылардың) болашақ мінез-құлқында басшылыққа алатын сана мен құндылық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жарнама өзінің тұтынушысына ақша мен уақытты жұмсауды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір құндылықтарды, этика мен эстетика нормаларын бере отырып, адамдарды өмір бойына «жетелеуге» бастайды.

Abstract

The article discusses the advertising activities of the enterprise. The meaning of the advertising industry is to introduce citizens to certain products, through linking these products in their minds with ideas, images that may interest the future consumer. At the same time, the consumer has a certain positive attitude towards the idea of the advertised product, and behind it is a stereotype of behavior, loyalty to the product. Subsequently, advertising is engaged in the development of an idea already identified with the product and maintaining proper consumer behavior in relation to the product over time. At the same time, the very ideas that “pull” the product behind themselves become part of not only the perception of consumers, but also their consciousness and value system, which they (consumers) are guided in their future behavior. Advertising not only makes its consumer spend money and time, but also begins to “lead” people through life, giving them certain values, norms of ethics and aesthetics.

ӘОЖ 379.83:911

Р.Н. Кенжебай[1], Д.А. Утеева[1], С.Т. Жорабай[1], А. Бальчикова[2]
[1]п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[1]магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[1]магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]география пәнінің мұғалімі, №1 үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты, Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Түйін

Бұл мақалада қазіргі таңдағы Түркістан қаласы мен Отырар ауданының халықарлық туристік-рекреациялықәлеуеті туралы қарастырылған. Аймақ әсіресе, діни және тәуеп ету орындарына өте бай. Атап айтсақ, бүкіл түркі әлемінің мақтанышы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, оның ұстазы болып саналған Арыстан баб кесенесі, Гаухар ана, Укаш ата т.б. Біздердің алдымызға қойылған үлкен мәселе – Түркістан облысының орталығы болған Түркістан қаласы мен оның маңында туризмді облыс экономикасына оң әсерін тигізетіндей етіп дамыту мен қалыптастыру. Сонымен бірге этнотуризм және экотуризм мәселесін дереу шешудің мүмкіндіктерін айқындау. Түркістан облысы туризмнің қазіргі кезде әлемдік екі базалық компоненті: Жібек жолындағы мәдени туризм (дәстүрлі және сыйынушылық) және сонымен тығыз байланысқан экооқиғалы туризм (сафари, рафтинг, орниталогия, альпинизм, аң аулау, балық аулау) сынды салаларды дамытуға толық мүмкіндігі бар аймақ. Оның дәлелі Отырар ауданындағы ауқатты араб саятшыларының дуадақ фермасын ашуы. Туризмнің сан алуан түрлерін дамыту мақсатында Төлеби, Бәйдібек, Отырар ауданының керемет орындары шетелдік компанияларға жалға берілді. Ал осынымыз дұрыс па? деген заңды сұрақ туындайды.

Кілттік сөздер: Түркістан облысы, халықарлық туристік нысандар, туристік-рекреациялық әлеуеті, киелі жерлер, тарихи-мәдени ескерткіштер.

Түркістан облысының туристік-рекреациялық әлеуеті жоғары. Тек қана осынау керемет дүниелерді халықаралық туристік өнім ретінде жарнамалау, оны ұсыну және қызмет көрсету саласында ақсап тұрмыз. Халықаралық туризмді Кеңес дәуірінен сақтап келе жатқан көрші Өзбекстан және Қырғызстан Республикасынан да үйренуімізге болады. Мысалы, Өзбекстан Республикасы көне қалаларына саяхат (Самарханд, Бұхара, Хиуа т.б.), ал қырғыздар Ыстықкөлмен ақ туризмді жандандырып отыр. Біздің облысымызда да осы сала бойынша туризмді дамытуға болары хақ.

2018 жылы облыс орталығы болған Түркістан терең тарихымен ерекшеленеді. Ол - Қазақстан Республикасындағы тарихи қала (1928 ж.), Сырдарияның оң жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Қаланың іргетасы б.з.б 1-мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Түркістан облысының айналасындағы аймақта тас дәуірінің ескерткіштері – Шоқтас, Қосқорған бұл өңірде ертедегі адамдардың кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Б.з.б. 2-мыңжылдықтан бастап, Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей андрон мәдениетін жасаушылар өмір сүрген.

Түркістанның ежелгі аты – Иасы. Түркістан Есім ханнан бастап, Қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден Иасы қаласы Түркістан деп атала бастады. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы қаланы құлдыратып жіберді. XV ғасырда Орта Азияның билеушісі Әмір-Темір Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі жанынан 1396-98 жылдары мешіт

салдырды. Діни орталық – Хазірет деп аталды. Орта ғасырларда Түркістан қала-бекініс сауда орнына айналды. 1819-64 жж. Түркістан Қоқан хандығының қол астына қарады. Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 70 га жуық болды. Ол балшықтан соғылған қамалмен қоршалды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. XIX ғасырдың 60-жылдары Түркістанда 20-ға жуық мешіт, 2 медресе, базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болды. 1864 жылы 11-маусымда Түркістанды Ресей әскерлері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала аталды. XX ғасырдың басында Түркістан 1400 га-дай жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жылы вокзалы салынды. 1908 ж. 3616 үй, 41 мешіт, 2 сыныптық қалалық училище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 ж. 15236 адамға жетті. Өнеркәсіп және сауда орындарынан 1912 жылы 4 мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8 сабын қайнататын, 5 кірпіш зауыттары, 15 су диірмені жұмыс істеді [1].

1918 ж. 6-9 қаңтар аралығында Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі өтті. Съезде Сырдария облысының Алаш автономиясына қосылу мәселесі қаралды. Онда Сырдария қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда Түркістан қаласы Алаш астанасы болады деген шешім қабылданды. Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан облысының әкімшілік орталығы болды. Қалада жөндеу-механика, мақта тазалау, жем, кірпіш зауыттары, темір-бетон бұйымдарын шығаратын, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар, т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді.

Қазақ хандығы (1470-1847жж) құрамына Түркістан аймағы, яғни Сырдарияның орта сағасы XVI ғ. соңында түпкілікті қарады. Бұл өңір әдетте ұлы дала аумағында үстемдік құрған түркі мемлекеттеріне қараған. Түркістан қаласын алғаш астана еткен қазақ хандарының бірі Есім хан (1598–1614жж; 1627-1628жж) болды. Хиуа хандығының ханы, айтулы тарихшы Әбілғазы өзі хан болмай тұрып, Есім ханның Түркістан қаласындағы ордасын үш ай бойы паналағанын жазып кеткен.

XVIII ғасырда да Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қазақ билеушілерін жерлейтін орын болып қала берді. Түркістанда Тәуке (1680-1715жж), Жолбарыс (1720-1740жж), Әбілмәмбет (1739-1771жж) басқа да хандар жерленді. Есім хан (1598-1614жж) үшін Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қасынан жеке кесене салынды. Кесене ішінен тек атақты Абылай хан (1771-1781жж) қабірі ғана жан-жақты зерттелді. Жетпіс жасында қайтыс болған Абылай хан Қожа Ахмет Йасауи жатқан қабырхананың шығысындағы дәлізде, қабырханаға кіретін шығыс есігі алдына қойылған. Бұл дәліз ескі деректерде осы жерде жерленген ханның атымен «Абылайхана» деп аталған. Бірнеше тәуелсіз деректер оның қабіріне «айнатас» атты құлпытас қойылғанын көрсетеді. Осы тас астындағы қабірді археологиялық тұрғыдан тазалау және табылған қаңқаны антропологиялық тұрғыдан зерттеу барысында алынған нәтижелерді Абылай хан жөніндегі мәліметтермен салыстыру бұл жерде атақты хан жерленгенін айғақтады. Қазақ тарихының ең көрікті тұлғалары Қазыбек би Келдібекұлы, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр Түркістанда жерленген. Кейінгі ортағасырлар дәуірінде де Қожа Ахмет Йасауи кесенесі күллі Орта Азия халықтарының киелі, қастерлі орындарының бірі болып қала берді.

Кеңестік дәуірде кесене көп жағдайда ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде ғана қаралды. Оның қазақ халқының ең атақты тұлғалары жерленген пантеоны екені, онда қазақ даласы үшін маңызды оқиғалар өткен тарихи ескерткіш екені ескерілмеді.

Жөндеу және реставрациялық жұмыстар барысында құлпытастардың басым бөлігі өз орындарынан жылжытылды, олардың астындағы қабірлер зерттелмеді және жермен жексен болды. Осы кезде кесене кітапханасында болған байырғы қолжазбалар, 1959 жылы қабырхана есігіндегі ортағасырлық өнердің тамаша туындысы болып табылатын қола қоңыраушалар ізім-ғайым жоқ болды.

1991 жылы «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ашылды. ЮНЕСКО шешімімен қаланың 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000 ж).

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан ұлттық мәдени мұраны сақтауда үлкен жұмыстар атқаруда. Егемен ел ретінде Қазақстан Республикасы 1994 жылы әлемдік мәдени және табиғи

мұраны қорғау конвенциясына қосылды. Қазақстанның Түркиямен жасаған келісімі бойынша 1993-1995 жылдары түрік мамандары Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің іргесін бекіту жұмыстарын атқарды.

Қазақстан Республикасы тарапынан әлемдік мұраның әуелгі тізіміне алғаш ұсынған ескерткіш – Қожа Ахмет Йасауи кесенесі болды. Әлемдік мұра комитеті өзінің Парижде 2003 жылдың 30 маусым-5 шілде аралығында болған 27-сессиясында Қожа Ахмет Йасауи кесенесін «әлемдік мұра тізіміне» қосты. Қазақстан реставраторлары ескерткіштің жағдайын зерттеу үстінде, онда соңғы реставрация барысында пайда болған мәселелерді сипаттап келеді, кесененің температуралық-ылғалдық жағдайын тұрақтандыру жөнінде ұсыныстарын дайындауда [2].

Осындай игі шаралардан кейін, Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы тарихи оқиға болды десек артық айтпаймыз. Түркістан тек облыс орталығы ғана емес бүкіл түркі жұртының рухани астанасына айналуы да бек мүмкін. Қазіргі таңда облыс орталығын көркейту жұмыстары қызу қолға алынған. Болашақта қалада түрлі нысандар, әсем ғимараттар салынып, туризмді дамытудың әлеуетті арттары сөзсіз.

Түркістан аймағының тарихи-мәдени ескерткіштері. Түркістан облысы (бұл жерде Түркістан облысы мен Кентау қаласының аймағы сөз болып отыр) ежелден-ақ шартарапқа кетіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан жері болған. Шығысында Ұлы Жібек жолынан басталған керуен жолы (Сыр жолы) Сырдарияны жағалап отырып Арал теңізіне, онан әрі Батыс Қазақстан арқылы Шығыс Еуропаға жеткен, ал Сырдарияның бойындағы ежелгі қалалардан шыққан Қарқаралы мен Жетіқоңыр керуен жолдары Қаратаудан асып, Сарыарқа арқылы Ертіске өткен. Бұл аймақ тарихымыздың әр түрлі кезеңдерінен сақталған тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке. Ескерткіштер Сырдарияның жағасынан бастап, Қаратаудың қойнауына дейінгі аралықта кездеседі. 2006-жылға дейін ғылымға белгілі болған археологиялық ескерткіштердің жалпы саны 350, олардың қатарында тас ғасырының тұрақтары, қола, ерте темір ғасыры мен ортағасырлық обалар мен оба қорымдары, ежелгі және орта ғасырлық елді мекендер, қалалар мен бекіністер, қарауыл төбелер, тасқа салынған сурет орындары, кәріздер бар.

Тас ғасырының тұрақтары Қаратау шатқалында, тау алды беткейінде кездеседі. Тастан, тас аралас топырақтан үйілген әр түрлі тарихи кезеңдердің обалары тау шатқалдарында, тау үсті және тау алды жазықтарында орналасқан. Кіші обалардың аумағы 4-5м, биіктігі 0,2-0,3м, ал үлкен обалардың аумағы 40-50м-ге дейін жетеді, биіктігі 5-6м. Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі тау алды жазығы мен шатқалдарда «мұратты» обалар кездеседі.

Түркістан облысында 100-ге жуық ежелгі, орта ғасырлық бекіністер, елді мекендер, қарауыл төбелер, қалашықтар мен қалалар бар, олардың көпшілігі Сырдария мен Қаратаудың аралығындағы жазықта, керуен жолдарының бойында жатыр, үлкен қалалар бір-біріне 10-20 шм жерде орналасқан. Мысалы, Икан, Түркістан, Қарашық, Сидақата, Сауран қалалары. Елді мекендер мен қалашықтардың бір қатары Қаратаудың шатқалдарында, тау алды жазығында кездеседі. Қазақ хандықтары кезіндегі тастан салынған бекіністер мен қалашықтар Біресек, Үшөзен, Қызылата шатқалдарында және Өгізтауда сақталған. Ортағасырлық қарауыл төбелер мен қарауыл мұнаралары Қаратаудың теріскейге өтетін шатқалдарының бойында, асуларда, тау алды жазығында және елді мекендер мен қалалардың арасындағы биік жерде орналасқан [3].

Қола, ерте темір және ортағасырлық тасқа салынған суреттер Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі Қоржайлау, Жыңғылшық, Қарадегерез, Қиынжүрек, Шүкірсаз, Төсбұлақ, Қызылшың, Кеңөзен, Қарақұдық, Майдантал өзендері мен шатқалдарында, Бессаз шыңы төңірегінде сақталған. Тасқа салынған суреттерде тау ешкісі, арқар, жылқы, түйе, қабан, адамдар бейнеленген.

Ортағасырлық қалалардың төңірегінде каналдар, арықтар, егістік алқаптары сақталынған, кәріздердің тізбектеле қазылған құдықтары Қаратаудың тау алды беткейінде

орналасқан Майдантал, Абай, Бабайқорған, Қарашық ауылдары төңірегінде кездеседі.

Түркістан облысы мен оның аймағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер баға жетпес жәдігерлер тарихымыздың куәгерлері болып табылады, оларды әр түрлі туристік бағыттарға енгізуге болады [4].

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» анықталып, оған «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасы аясында 100 нысанының тізімі ұсынылды. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген. Олар түрлі санаттар бойынша жүйеленген. Осы санаттың қатарына Түркістан өңірінен де бірнеше нысандар кірген. Мысалы, «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатына Сауран (XIII-XVIII ғғ.) және Отырар қалашықтары (I-XVIII ғғ.) енсе, «Діни және ғибадат орындарына» Қ.А.Яссауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылует XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі), Арыстан баб кесенесі (XII ғ.), Үкаш ата мазары (IX-X ғғ.) кіргізілген [5]. Осынау нысандарды басшылыққа алып, өңірде туризмді дамытудың бағытын айқындауға болады.

Арыстан баб кесенесі ғасырлар бойы түрлі өндеулер мен жөндеуді басынан кешірген құрылыс. Кейде Арыстан бабтың XI-XII ғасырларда өмір сүргенін тілге тиек ете отырып, оның кесенесі Арыстанбаб дүние салған соң іле-шала тұрғызылған деген жорамал айтылады. Алайда бізге жеткен қазіргі кесенеде XII ғасырдың белгілері жоқ. Бұл арада біз ислам дінінің алғашқы кезде қабыр үстіне төбесі жабық құрылыс тұрғызуға тыйым салғанын есте ұстағанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, XII ғасырда Арыстанбаб ғимаратының болмауы да мүмкін. А.Черкасовтың жазбаларында Арыстанбаб кесенесі әулие және шәкірттері жатқан екі бөлмеден, сондай-ақ алдындағы бастырмадан тұрғызылғаны туралы айтылады. Бұлардың жобасы XIV ғасырдың құрылысына сай келеді. Осымен қатар бастырмадағы ұстындар да XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында жасалған деген тұжырымды мамандарайтқан болатын. Яғни қазіргі Арыстанбаб құрылыс кешеніндегі қабырғаналар бөлігі ең көнесі, әуелгісі болып табылады. Бұған қоса халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар:«Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйілген төбеге айналады. Бұл жайт Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талапорындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды». Арыстанбаб қабірханасының едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Тігінен көтерілген қабырғалары бір биіктікте сәулет өнерінде «желкен» деп аталатын өріммен иіліп барып күмбезге ұласады. Күмбез ауқымы кең, һәм биік етіп тұрғызылған. Қабірхананың есігі күнбатысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылман -дық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Оның ұзындығы 3метр 90см., ені 1метр 30см., биіктігі 1метр 20см. Қабаттас, көлемі 5,4м х 5,4м. Бөлмеде үш қабір бар. Ол да биік күмбезбен жабылған. Алайда күмбездің іші алебастрмен сыланып, геометриялық үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабір орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашынбаб пен Қарғабаб дейді. Олар әулие қабірімен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабырының көлемі 1,63м х 0,92м, Қарғабабтікі 1,70м х 0,90м. Осы қабырханаларға оңтүстік-батыс жақтан бірнеше бөлмелер қосылған. Екі қанаттағы бөлмелерді біріктіріп, байланыстырып тұрған дәліз-бастырма бар. Ол әдеттегі бастырма-айвандардан өзгеше, тұтасымен қыштан өріліп, төбесі иіліп жабылған. Оның көлемі 7,60м х 4,35м. Қабырханалар, дәліз қышпен қаланып күмбезделсе, мешіт бөлігі негізінен қам кесектен тұрғызылып, төбесін жабуда ағаш кең пайдаланылған. Мешіттің

ортасында В.В.Констан -тинова жасаған жоба бойынша алты ағаштіреу болған. Олардың үстіне қары қойылып, ағаштан қырлы күмбез қиыстырылған. Мешіт қабырғасында Мекке бағытынкөрсететін ойық-михраб бар [6].

Қазір бұл кешен заман талабына сай қонақ үй, дүкендер, демалыс орындары және зиярат етушілердің құрбандық шалуына мүмкіндік беретін асханамен толықтырылған. Жол жаңартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген.

Бұл бағыттың мақсаты - Түркістанға зиярат етуге келген сыртқы және ішкі туристер мен жергілікті тұрғындарға Түркістан облысы мен оның аймағында орналасқан киелі орындарды көрсетіп, оларға зиярат еткізу. Бұл бағыт бойынша зиярат етуге келген туристер мен жергілікті тұрғындар келесі киелі орындарға зиярат етуіне болады:

- Укаша ата бейіті мен құдығы;
- Жылаған ата бұлағы.

Укаша ата. Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша ата сахабаның зияраты және қасиетті құдығы бар. Келушілер Укаша сахабаның ұзындығы 20-25 метрдей ұзын қабірінің басына дұға жасаған соң, осы арадан 700-800 метрдей қашықтықта, тау басындағы құдыққа барып, тереңдігі 30 метрге дейін жететін құдыққа қауға тастайды. Ырым бойынша, әулиенің құдіретіне күмән келтірген немесе ой-пікірі теріс адамға құдық бір тамшы су бермейді. Ал ниеті таза, ықыласы күшті адамның шелегі құр қалмайды.

Келешекте бұл екі ғалымның ғибадатханасы тұрғызылып біткенде Һисамиддин бабаның ұрпақтары бабалары жатқан ғибадатханаға тәу ететін болады. Олар екі баба жатқан сағана (гөрхана) мен қаланың шығыстан кіретін қақпасының көрінісі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан құрылған Сығанақ археологиялық экспедициясы (САЭ) қалада жүргізіп жатқан ғылыми жұмыстарының материалдары қаланың экономикалық жағынан дамуы XIV ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамығандығын дәлелдеп отыр. Оның басты дәлелі - екі мешіт пен сағананың ашылуы [7].

XV ғасырдың басындағы жазба деректерде Сығанақ қаласының аты жиі-жиі кездесіп отырады. Бұл кезде қала Әмір Темірдің немересі Ұлықбектің қол астында біраз жылдар болғандығы айтылады. Бірақ, Барақ хан Ұлықбекке жіберілген елшілерінде, оған жазған белгілі хатында «Менің атам Ұрыс хан Сығанақта тұрып, сонда әртүрлі ғимараттар салғызып, қаланы өзіне астана еткен. Сондықтан оның жайылымдықтары заң бойынша да, әдеттік құқық бойынша да маған тиесілі» - дейді.

Бұған қарсы болған Ұлықбек Бараққа қарсы соғысып, жеңіліс табады. Барақ Сыр бойындағы қалаларға ие болады. Оңтүстік Дешті Қыпшақты және Ақ Орданың астанасы Сығанақты біржолата өзінің қарамағына алады. Алайда, Барақ ханның аяқ астынан белгісіз жағдайда қаза болуы Сығанақ қаласы уақытша Шайбани ұрпағы Әбілқайыр (1428-1468 ж.ж.) ханның қол астына өтуге мәжбүр болады. Хан Сығанақтың әкімі етіп Мане оғланды тағайындаған. Енді осы кезден бастап Ұрыс ханның ұрпақтары мен Әбілқайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани (1500-1510 ж.ж.) ханның арасында Ақ Орданың билігі үшін де, Сығанақ үшін де талас-тартыс басталады. Қала бірнеше рет қолдан-қолға өтіп, экономикалық жағынан нашарлай бастайды.

Қала үшін тартыстың бір сәті жазба деректерде сақталған. Мәселен, Қазақ ханы Бұрындық Сығанақты алуға келгенде қаланың әкімі Қазы Садыр әл Ислам, тағы да басқа көрнекті адамдар ақылдасып, бұл қала бұрыннан Бұрындық ханның ата-бабаларының қолында болған, сондықтан қаланы оған берсек тыныштық болады деп, қақпасын ашып, кілтін Бұрындық ханға береді. Міне, осы кезден бастап Сығанақ қаласы қайтадан Қазақ хандығының астанасына біржолата айналады [8].

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан «Сығанақ қаласы қыпшақтардың астанасы болған. Сығанақ базарына базар күндерінде 500 түйе сойылып, кәуап жасалып

кешке дейін бір түйір қалмай сатылып кететін саудасы дамыған үлкен қала» деп жазады. Ал басқа ірі қара мен ұсақ малдың қанша болғандығының есебі болмаған. Бұл соңғы орта ғасырдағы қазақ хандығының дәуірлей бастаған кезіндегі қаланың аты шыққан кезі. Ал Сығанақтың XI-XII ғасырлардағы Қыпшақ хандығының астанасы болғаннан бері есептейтін болсақ, қыпшақ тайпасы қазақ халқының негізгі этникалық құрамының бірі. Олай болса, Сығанақ қаласы халқымыздың халық болып қалыптасуына да, мемлекет болып құрылуына да алғашқы басты бір астанасы болғандығында ешбір дау болуы мүмкін емес. Фазлаллах ибн Рузбиханның Сығанақ қаласына беретін сипаттамасында қала Дешті қыпшақтықтардың солтүстік жағында орналасқан өте жайлы, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы қала еді дейді. Қала орналасқан аймақтың өзі табиғи жағынан да адам баласының тіршілікке қажетті барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, егін шаруашылығына да, мал өсіруге де қолайлылығын жазады. «Қаланың суландыру жүйесін Сейхун (Сырдария) өзенінен Тұман тайпасының адамдары Тұман арығынан оман (канал) тартылып, қала аймағының көкорай бау-бақшаға оралып жатқанын көрсеңіз, бұл жалғандағы бір бейіште жүргендей сезінесіз. Ал қаланың аймағындағы орман-тоғайы халқын отын суынан таршылық көрсетпейді. Оның ішінде жайылып жүрген аң-құстардың молдығы молшылықтың белгісіндей. Сығанақтықтар ет керек болса, мойындарына садақтарын асынып, бір ақбөкенді атып келіп қажеттіліктерін тындырады. Керек болса, қысқы еттерін аңның етінен дайындап сүрлеп алады. Олар үшін аң еті өте арзан».

Ақбөкен дегенде, қалаға қазба жүргізіліп жатқан жерден ақбөкеннің бас сүйектері, асықтары өте көп кездеседі. Әсіресе, мүйіздерін аралап, сыртқы қабығын алып тастап ішіндегі өзегінен дәрі жасағандары да байқалады. Оны «мускус» деп атаған. Мұндай тәсілдер Қаратаудың солтүстігіндегі қалаларды қазғанда да байқалады. Қалаға Дешті Қыпшақтан Ходжа-Тархан жақтан көптеген бұйымдар, мал әкелінеді, әсіресе семіз қой, жылқы, түйелер, құндыздан жасалған ішіктер, керемет сәнді, мықты ақ қайыңнан жасалған садақтар, жібек маталар, т.б. қымбат заттар әкелінді. Түркістан, Мавереннахрдан, шығыстан Қашқар саудагерлері де қалаға қымбат бағалы заттарын әкеліп, қыпшақтармен айырбас сауданы да қызу түрде жүргізген. Сауда кезінде талас-тартыс болмаған. Қала тұрғындары онша көп емес, олардың арасында садақтарын мойындарына асынып алған әскери адамдар, олар тыныштықты сақтап жүргендер. Көпшілігі қазақтар. Жалпы, қалаға жан-жақтан әртүрлі елдерден саудаға байланысты адамдардың көптеп келуіне қарамастан, тыныштық сақталып, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы қала болған.

Рузбиханның деректері бойынша қалада қазақтар туралы алғаш рет баяндалады. Бұдан Жәнібек пен Керейдің Жетісу аймағынан оралып, Ақ Орда билігін өз қолдарына алып, Сығанақта билік жүргізгендерін көреміз. Сондықтан да екі ханның ұрпақтары мен Әбілхайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани ханның арасында шайқастар XVI ғасырдың соңына дейін болып, Сыр бойындағы қалалар қолдан-қолға өтіп, ақыр соңында қазақтардың қолына біржола қарап, Мұхамед Шайбани ұрпақтары Орта Азияға біржола ауып тынады. Бұл кез XVI ғасырдың басы, яғни 1510 жылы Мұхамед Шайбани хан өзін қолдайтын түркі тілдес ру тайпаларымен Самарқанды басып алып, сонда түпкілікті орналасып, Өзбек хандығын құрады. Ал Ақ Орданың ата билігін Барақтың ұрпақтары қазақ хандары Керей мен Жәнібек жалғастырып әкетеді [9].

Қазақ хандығының әлемге әйгілі бола бастағандығын Сығанақ қаласынан шыққан теңгелердің археологиялық зерттеу кезінде дүние жүзінің төрт бұрышынан табылғанын көреміз. Теңгетану ғылымының маманы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері Р.Бурнашеваның зерттеуіне қарағанда, XIV ғасырдың соңғы кезіндегі Сығанақтан шығарылған күміс және мыс теңгелер Сырдария мен Еділ бойындағы қалалардан табылған. Отырар қаласына жүргізіліп жатқан қазба зерттеу жұмысы кезінде Сығанақтың теңгеханасынан 1371-1372 жылдары шыққан 12 дана теңге табылған. Мұндай теңгелер Еділдің орта ағысындағы және Кама бойындағы қалалардан 1380-1400 жылдары да табылған. Ал Қазан уезі Сосновка ауылының жанындағы №197 қоймадан Сығанақта 1375-

1376 жылдары жасалған күміс теңгелер табылған. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласына 1996-2000 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының кезінде табылған теңгелердің ішінде Сығанақта шығарылған күміс теңгелер шыққан. Бірақ, жазуын оқу мүмкін болмаған.

Мұндай дәлелдерді көптеп келтіруге болады. Теңгелердің әр жердегі қалалардан табылуы Сығанақ қаласының дүниенің төрт бұрышымен сауда қарым-қатынасын үзбей жүргізіп отырғанын байқатады. Сондықтан да Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақ қаласы Дешті қыпшақтардың астанасы болды деп бекер айтпаған. Соңғы кездегі Отырар мен Құйрықтөбе қалаларынан табылған мыс теңгелердің XV ғасырдың соңында XVI ғасырдың басында Сығанақта шығарылғанын көрсетеді. Жазуын оқуға мүмкіндік болмағанымен, жасалу жағы мен формасының ұқсастығы ақшаның Сығанақта шығарылғандығына ешбір күмән тұғызбайтындығын Р.Бурнашева дәлелдер келтіре отырып жазған. Ал бұл мезгіл Сығанақтың Қазақ хандығының астанасы болған кезі.

Қорытындылай келе, біз Түркістан өңірінің туристік-рекреациялық әлеуетін дамытуына мұрындық болатын бірнеше нысандарға шолу жасап, туризмнің даму бағытын карастырдық. Облыс орталығына айналған Түркістан қаласының туристік-рекреациялық әлеуеті жыл сайын артатыны хақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Машанов А. «Әл-Фараби». Алматы: Жазушы, 1970, 178б.
2. Абай. Энциклопедия. «Қазақ энциклопедиясы». Алматы: «Атамұра» баспасы, 2015, 250 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010, 576 б.
4. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар (топография, стратиграфия, перспективы). Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1972, 216 с.
5. Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланды. Мына сілтемеде: http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-ki eli-100-nysany-zhariyalandy (10 тамыз 2017 ж.).
6. Ыдырысов Е. Қазақстандық дипломатияның 2020 жылға дейінгі пішімі // Егемен Қазақстан, 2014, № 21, Б. 4.
7. Түркістан қаласы бойынша қысқаша негізгі мәлімет. - Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің ресми сайты. Мына сілтемеде: http://ontustik.gov.kz (2015 жылдың 22-тамызы).
8. Аққошқаров Е. Қазақ тарихынан. Алматы: Жалын, 1997, 544б.
9. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Мына сілтемеде: http://adilet.zan.kz/kaz/docs (2003 жылдың 24-желтоқсаны).

Аннотация

В этой статье настало время разрешить режимы, разрешения, ограничения (включая продление, запрет и сервитут) туристических направлений Туркестанского региона, а также их условия в порядке, установленном законом. Туркестанский регион должен служить образцом для международной индустрии туризма, чтобы служить хорошим примером соседнего Узбекистана и Кыргызской Республики, который обеспечивает международный туризм с советских времен. В Туркестанском регионе сегодня есть два основных компонента туризма: культурный потенциал Шелкового пути (традиционно и духовно), а также экосистемный туризм (сафари, рафтинг, проспекты, альпинизм, охота, рыбалка). Его доказательством является оживленная ферма богатых арабских ястребов в Отрарском районе. Самое главное, мы хотим, чтобы наши дети понимали нашу историю и знали ценность наших священных мест. Наш мудрый народ сказал: «Будущее великой страны - он напишет свою историю».

Abstract

In this article we have settled the time, solved the limitation, the limitation (including the extension,

the seizure and servitude) of tourism in the Turkestan region, as well as in the order established by the law. The Turkestan region has the desire to provide international tourism in order to serve a good example of neighboring Uzbekistan and the Kyrgyz Republic, providing international tourism with the Soviet past. In the Turkestan region, there are two main tourism destinations today: the cultural potential of the Silk Road (traditionally and religiously), as well as ecosystem tourism (safari, rafting, prospectus, mountaineering, hunting, fishing). Ego is proof of the resurgent fertility of the Arab hawks in the Otrar district. The main thing we want to know is that our children have come to understand the history and the value of our priestly places. Our Nation says, "The great future of the great city - writes ten stories".

UDC 338.47

A.S. Tulemetova, E.E. Dosmuratova, A. Nuraly
Cand.Econ.Sc., Professor, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
Master, Senior teacher, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
Master student, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF AN INSTITUTIONAL AND ECONOMIC FRAMEWORK FOR SUSTAINABLE CONDITION IN THE REGION

Abstract

The analysis of the level of socio-economic situation of the regions of Kazakhstan showed that there is a historical heterogeneity of development, which has a significant impact on the functioning of the State, the process and efficiency of the economy, and social and economic policy.

The increase of crisis phenomena in the economy and the transition to the night path of development has further strengthened interregional differentiation. The main reasons for this were:

First, with the inclusion of a mechanism of market competition, which divided the regions by their competitive advantages and wealth, there was a different adaptation to the market of regions with different structure of the economy and different mentality of government and power.

Secondly, the regulatory role of the State has been significantly weakened, public investment in regional development has declined, most regional economies and social compensators have been abolished.

Key words: socio-economic situation, state regional policy, state regulation of activity of subjects, use of grants for subjects of the Republic of Kazakhstan, regional development, territorial planning activity, stabilization of the country’s budget.

The increasing and continuing heterogeneity of regional development is becoming a factor of social instability at the root of various conflicts and reduces the sustainability of socio-economic systems.

Although the existence of territorial imbalances is largely due to objective reasons, the need to mitigate them is beyond doubt. This task is implemented within the framework of regional socio-economic policy.

The management organization study suggests that the modern system of regional development management has a number of significant shortcomings:

1. To manage regional development in general, a limited set of tools is used, mainly in budget transfers and regional target programs. Modern instruments in the system of public administration of regional development are being introduced extremely slowly.

2. Administrative reform and the introduction of results-based budgeting have focused mainly on the State level of government. As a result, it is difficult to determine the quality of regional governance, to highlight indicators of development of Kazakhstan regions, to record their connection with the actions of state authorities.

3. There is no recognized typology of regions, which allows differentiating the named indicators for each type of regions, and on the basis of this to determine parameters of state policy in relation to them.

4. There are no mechanisms for coordination and synchronization of regional development strategies of the entities of the Republic of Kazakhstan, development strategies of regional entities and state sectorial strategies.

5. Different aspects of territorial planning activity are "divided" into different agencies. Reforms of investments (transport, communications, energy, housing and utilities) and in general the consequences of the implementation of the package of reforms at the territorial level are not coordinated and not synchronized [1].

Stabilization of the country's budget system and economic growth gave the state the necessary resources to implement the equalization of social and economic development of the regions. Today it can be stated that administrative and institutional mechanisms of state management of regional development have largely lost their effectiveness, in the context of the instruments used, the limit of efficiency of the equalization policy has been reached [2].

It is strategically important for Kazakhstan to implement a strong State regional policy aimed at improving the quality of economic space through the development of regional infrastructures, smoothing interregional differences in the level of development and, as a result, increasing the efficiency of regional socio-economic systems.

Consequently, territorial management, designed to ensure the effective realization of the social and economic interests of the region, combining regional interests with public interests, thus ensuring the sustainability of both regional and national socio-economic systems, requires the establishment of a system of territorial development management, adequate to new realities, improvement of the forms and methods of State influence on the socio-economic development of the regions [3].

An important characteristic of the regional policy of the state center should be the orientation in forecasting and regulating the spatial development of the country in the territory of optical development, forming the main contribution to the sustainable development of the subjects of the Republic of Kazakhstan. Large city agglomerations, transport and logistics knots, zones of development of the industry and agriculture, a zone of development of territorial and branch clusters, a zone of innovative development and creation of high technologies, tourist, resort and drugs recreational areas, zones of cultural and natural land shaft act as such zones (territories), as a rule. The allocation of zones of advanced development with the definition of the main directions of their development (specializations) will allow to predict most accurately and systemically the main directions of social and economic development of the relevant regions and, on the basis of this, to plan the rational placement of the judicial and local infrastructure and effective regulatory measures aimed at creating favorable conditions for the realization of the potential for development of the Territories [4].

Have basic value:

- Strengthening the management of territorial development at the regional level by radically increasing the coordinating, managing and controlling role of the apparatus of full-fledged representatives of the President of Kazakhstan in the state districts;

Organization of State monitoring of the socio-economic state of the entities of the Republic of Kazakhstan and local entities;

- Introduction of a system of incentives for performance and best practices of state authorities of regional and local self-government bodies with simultaneous tightening of measures of control over the use of grants for the subjects of the Republic of Kazakhstan and sanctions for failure to comply with the requirements related to the expenditure of state resources, and failure to achieve the specified indicators of social and economic development of the region;

- Improvement of taxation of vertically integrated companies in order to minimize dependence of durational budgets on the financial policy of these companies and to prevent the use of "transfer pricing" to minimize fiscal obligations, which will allow to avoid changes in revenues of regional budgets due to the change in the place of payment of taxes by enterprises.

There is a positive experience in using new forms of public regulation of socio-economic processes to adopt a sustainable development model at the regional level.

The region's entry into the trajectory of sustainable social and economic development, according to the authors, is largely determined by such management decisions, which do not depend (or are weakly dependent) on the accuracy of statistics, on possible changes in the external conditions of the region 's development, on the underreporting of some relevant features of its development, etc. Consequently, the set of basic predictive and analytical tools and methodologies should be aimed at the formation of such management decisions, which determine both the strategic guidelines for the development of the region and the selection of the main priorities of its social and economic development, and the mechanisms for the implementation of such priorities [5].

For the resource-type region, the above-mentioned authors propose a model of indicative planning, which means the process of forming a system of indicators that affect the state and development of the economy, and mechanisms of judicial regulation of the activities of regional economy entities, ensuring the achievement of target values of indicators.




Fig.1. Organizational and economic mechanism for sustainable development of the region

Strategic indicative planning is a widely recognized tool for managing the sustainability of social and economic systems of different levels. At the same time, the technology of building strategic indicative plans for the development of regions is based on a spatial two-level representation of the socio-economic sphere of the region and the concept of a vertically integrated system of regional and municipal levels of governance. The basic part of the plans is carried out and coordinated by the regional bodies of the State authority, and the plans of the territorial level are

formalized and implemented by the administrations of municipalities. The role of the region is to develop a strategy for socio-economic development, plan, coordinate and link territorial plans on the basis of harmonization of budgetary flows [6].

One of the main conditions for effective planning of the development of social and economic systems of different levels, in our opinion, is the creation of a system of strategic planning, covering all levels of the economy: macro-, meso- and micro-levels, with priority of the national strategy. The need to form such a planning system has been sufficiently proven in the work.

The so-called "rules of the game" are essential in rationalizing relations between business and the State, designed to stimulate entrepreneurship on the basis of the principles of expediency, which provide for the creation of a most-favored-nation regime in the effective use of the potential of economic entities.

In our view, the development of civil society institutions is an important area of improvement in regional development management methods with a view to enhancing its sustainability. First of all, it is improvement of local self-management and strengthening of its financial and economic self-activity. As foreign and advanced domestic experience shows, the potential of this level of power is very significant. However, it is not used effectively.

The sustainability of regional socio-economic systems, seen as its ability to sustain and develop steadily in the long term in a rapidly changing internal and external environment, was the main condition for the country 's sustainability [7].

The sustainability of the development of regional socio-economic systems is characterized by a number of indicators, the quality of which indicates different actions. Therefore, it is necessary to form an integral element of regional stability, which adequately reflects the economic, social and environmental processes taking place in the region..

Kazakh and foreign experience show that regional state authorities have a wide range of means, the use of which in the practice of regional management can significantly increase the stability of regional socio-economic systems. Among such mechanisms, strategic planning of social and economic development of regions, private-public partnership, development of citizen society, including through strengthening the role of local self-government, should take priority.

References

1. Djankov S., Glaeser E., La Porta R., Lopez de Silanes F. et Shleifer A. “The New Comparative Economics”, Policy Research, Working Paper Series, The World Bank, 2013. 234 p.
2. Florida R. The Rise of Creative Class, Basic Books, New York, 2016. 543 p.
3. Gay D. “Modernism, reflexivity and the Washington Consensus”. Journal of Economic methodology, 2012, 14 (1). 105p.
4. Granovetter M. “The Impact of Social Structure on Economic Outcomes”, Journal of Economic Perspectives, 2010, 19(1). 50p.
5. Kozhuhova T. V. Formation of a global system for sustainable development financing, World economy and international economic relations, Donetsk National University, Vinnycja, Ukraine, 2018. 165 p.
6. Shan, M., Zhu, L. A Global Review of Sustainable Construction Project Financing: Policies, Practices, and Research Efforts. Sustainability, 2018. 233p.
7. Griggs, D., Stafford-Smith, M., Gaffney, O., Rockström, J., Öhman, M. C., Shyamsundar, P., Steffen, W., Glaser, G., Kanie, N. and Policy, I. N. Policy: Sustainable development goals for people and planet. Nature, 2013. 495p.

Аннотация

Анализ уровня социально-экономического положения регионов Казахстана показал наличие исторической неоднородности развития, которая оказывает существенное влияние на функционирование государства, процесс и эффективность экономики, социально-экономическую

политику.

Усиление кризисных явлений в экономике и переход на ночной путь развития ещё больше усилили межрегиональную дифференциацию. Основными причинами этого были:

Во-первых, с включением механизма рыночной конкуренции, разделившего регионы по своим конкурентным преимуществам и богатству, произошла иная адаптация к рынку регионов с разной структурой экономики и разным менталитетом правительства и власти.

Во-вторых, существенно ослаблена регулирующая роль государства, сокращены государственные инвестиции в региональное развитие, упразднено большинство региональных экономик и социальных компенсаторов.

Түйін

Мақалада мемлекеттік инновациялық саясаттың өңірлік аспектісі, өнеркәсіп саясатын қалыптастыру негіздері, инновациялық өндірістер құру ғана емес, жоғары технологиялық өнімдер өндірісіне бағытталған ғылыми-өнеркәсіптік кешендерін құру перспективалары қаралды. Бұл аймақтарда инновациялық қызметті реттеудің институционалдық тетіктерін әзірлеу үшін бірінші кезектегі объектілерін іріктеу өлшемдерін мемлекеттен қолдау тетіктері талап етіледі және оны қолдау қаралады. Осындай әсердің ең тиімді әдістерінің бірі аймақтық индустриалды-инновациялық бағдарламалар болып табылады, бұл жергілікті билік органдарына инновациялық қызметті жеке өнеркәсіптік кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде бақылап қана қоймай, сондай-ақ қолдаудың нақты бағыттарын анықтау және басқару рәсімдерін қамтамасыз ету арқылы оның тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ
JURIDICAL SCIENCES

ӘОЖ – 341

Н.Н. Амангельдиев[1], К.Р. Сартаева[1] , А.М. Амантаев[2]
[1]магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[1]з.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]магистр, нотиариус көмекшісі, Түркістан облысының нотариаттық палатасы, Шымкент, Қазақстан

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АРНАЙЫ БІЛІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Түйін

Бұл мақалада сот ісін жүргізуде арнайы білімді қолданудың құқықтық және ғылыми негіздері қарастырылады. Алдын ала тергеу, сондай-ақ сот талқылауының сапасы көбінесе тергеушілердің, судьялардың дәлелдемелерді табу, алу, зерттеу және бағалау кезінде ғылым мен техникаға қол жеткізудің қазіргі заманғы мүмкіндіктерін қалай пайдаланатындығына байланысты. Арнайы білімсіз көптеген жағдайларда алдын ала тергеу мен сот талқылауын табысты жүргізу, демек, іс бойынша шындықты анықтау мүмкін емес. Қылмыстық істерді тергеу және қарау кезінде арнайы білімді пайдалануды регламенттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ғылыми негізделген жүйе және «арнайы білімнің»ажырамас іс жүргізу институты болып табылады. «Арнайы білімді» нақты анықтауға қылмыстарды ашу және тергеу кезінде мамандарды іріктеумен, дайындаумен және одан тыс қызметпен байланысты теориялық және практикалық мәселелердің тұтас кешенін шешу байланысты. Арнайы білімнің табиғаты және олардың құқықтық ережелермен арақатынасы туралы мәселе ғылымда қарқынды талқылауға ұшырайды.

Кілттік сөздер: криминалистика, арнайы білім, қылмыстық сот ісін жүргізу, қылмыстарды тергеу, мамандар, криминалистер, арнайы білім..

Қылмыстық іс бойынша алдын ала және сот тергеуі - бұл сот талқылауы субъектілерінің (тергеуші, судья, прокурор және т.б.) жан-жақты және терең арнайы дайындықтарынсыз мүмкін емес күрделі заң қызметі.

Жалпы заң білімінің дәлелдемелерін анықтау, алу, зерттеу және бағалау үшін көп жағдайларда жеткіліксіз болады.

Мысалы, кейбір іздерді табу, олардың пайда болуын анықтау, қандай да бір құбылыстың (өлім, өрт, ғимараттың бұзылуы) пайда болу себебін, құрамын анықтау, адамның психикалық жағдайын және т.б. анықтау үшін ғылымның әр түрлі салаларында арнайы білім қажет. Оларды қолдану сот ісін жүргізу алдында кең мүмкіндіктер ашады, фактілерді ғылыми түсіндіруді, себеп байланыстары мен т. б. тікелей қабылдауға қол жетпейтіндерді анықтауды қамтамасыз етеді.

Алдын ала тергеу, сондай-ақ сот талқылауының сапасы көбінесе тергеушілердің, судьялардың дәлелдемелерді табу, алу, зерттеу және бағалау кезінде ғылым мен техникаға қол жеткізудің қазіргі заманғы мүмкіндіктерін қалай пайдаланатындығына байланысты.

Арнайы білімсіз көптеген жағдайларда алдын ала тергеу мен сот талқылауын табысты жүргізу, демек, іс бойынша шындықты анықтау мүмкін емес. Қылмыстық істерді тергеу және қарау кезінде арнайы білімді пайдалануды регламенттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ғылыми негізделген жүйе және «арнайы білімнің»ажырамас іс жүргізу институты

болып табылады. «Арнайы білімді» нақты анықтауға қылмыстарды ашу және тергеу кезінде мамандарды іріктеумен, дайындаумен және одан тыс қызметпен байланысты теориялық және практикалық мәселелердің тұтас кешенін шешу байланысты.

Криминалист-ғалымдар бірнеше рет «арнайы білім» ұғымын нақтылап, оларға ғылыми анықтама беруге тырысты.

Қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау кезінде арнайы білімді пайдалану проблемасы үнемі ғалымдар мен практиктердің назарын өзіне аударды. Арнайы білімнің табиғаты және олардың құқықтық ережелермен арақатынасы туралы мәселе ғылымда қарқынды талқылауға ұшырайды. Қазіргі уақытқа дейін зерттеушілердің бірде-бір ұстанымы көпшілік мойындаған емес, бұл осы проблематиканы одан әрі әзірлеу және талдау қажеттілігінің куәсі.

Р.С. Белкин «криминалистиканың қалыптасу кезеңінде білімді дифференциялау басты рөл атқарды, ол бір жағынан криминалистиканың басқа заң ғылымдарына қатынасын, ал екінші жағынан криминалистикалық білімге қызмет көрсететін біріктірілген ғылымның қылмыстық сот ісін жүргізу: Сот медицинасы, сот психиатриясы, сот химиясы және т.б. қажеттіліктеріне қызмет көрсететін басқа ғылымдардың деректеріне қатынасын білдірді» [1].

Құқықтық санат ретінде арнайы білімнің мәні мен ұғымы қазіргі уақытта олардың жалпыға қол жетімділік және кең танымалдық принципі бойынша басқа білімдермен ара-жігін ажыратуға сүйене отырып немесе оларды қолдану субъектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып айқындалады. А.А. Эйсманның пікірінше, « арнайы білімнің құрамы мен деңгейі қозғалмалы. Біраз уақыт бұрын ғана белгілі болған нәрсе барлығына қол жетімді болады» [2].

А. В. Дулов арнайы білім «тергеушілер мен судьялар жеткілікті дәрежеде білетін білім» деп санайды [3]. Ол арнайы білімді «кәсіби арнайы білім беру нәтижесінде алынған мәліметтер жиынтығы» деп анықтайды [4]. И. Л. Петрухиннің пікірінше, мамандардың тар шеңберінің кәсіби білімі, арнайы білімнің басты элементі [5].

Бірқатар жағдайларда «арнайы білім беру және тәжірибе» нәтижесі ретінде анықталатын арнайы білім «арнайы сараптамалық дайындықтың, осы мамандық бойынша практикалық жұмыс тәжірибесінің, барлық құралдарды, құралдарды және әдістерді қолдана білудің» болуымен байланыстырылады [6].

Кейбір авторлар арнайы білім белгісі ретінде олардың мақсатты мақсатын көрсетеді. Ю. Д. Федоров осыған байланысты арнайы білімді кәсіби білім ретінде қарастырады (мәліметтер, тәжірибе жиынтығы), олар «ғылымның, техниканың, өнердің немесе кәсіби қызметтің нақты салаларын арнайы терең зерттеу процесінде пайда болады және қылмыстарды ашу үшін маңызы бар фактілерді анықтау мақсатында заңмен белгіленген тәртіпте қолданылады» [7].

Ресейлік ғалымдар Т.В. Аверьянова мен Е.Р. Россинская арнайы білімді «нақты ғылым немесе техника, өнер немесе қолөнер саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдылар жүйесі» деп анықтайды [8].

А.А. Закатаев пен Ю.Н. Орапай сот ісін жүргізуде арнайы білім деп «құзыретті тұлғалардың кәсіби білімдері, олардың тергеу әрекеті барысында дәлелдемелерді анықтау, тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдана білуі» түсініледі [9].

Қылмыстық процесте арнайы білімді иелену қажеттілігін П.К. Пошюнас көрсетеді, олар «қылмыстық істі тергеу кезінде туындаған арнайы мәселелерді шешу үшін жетекші адамдарды кәсіби даярлау» екенін атап өтті [10].

